

Л 2009  
19680к

А. ҚАЛЫБАЕВА  
Н. ОРАЛБАЕВА

ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ ТІЛІНІН  
МОРФЕМАЛАР  
ЖҮЙЕСІ





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

А. ҚАЛЫБАЕВА,  
Н. ОРАЛБАЕВА

ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ  
МОРФЕМАЛАР  
ЖҮЙЕСІ



Қазак ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ·1986

**Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1986. — 192 б.**

Морфеманың теориялық негіздері, морфтар жүйесі мен орыс тілі әсерінің осы жүйеге қатысы — бірінші, лексика-грамматикалық сипаты — екінші, құрылым, семантика және функциялық ерекшеліктері, морфтар морфонологиясы — үшінші тарауда баяндалады (авторы — А. Қалыбаева). Грамматикалық нольдік морфема — төртінші, аналітикалық единицалар жасайтын көмекшілер — бесінші тарауда жан-жақты баяндалады (авторы — Н. Оралбаева).

Кітап филология факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге арналады.

### **Жауапты редакторы**

**Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,  
профессор М. Б. БАЛАҚАЕВ**

**К  $\frac{4602000000-065}{407(05)-86}$  148.86**

**© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1986**

## КІРІСПЕ

Морфемалар жүйесіне арналған бұл еңбек сөзформаға негізделіп отырады. Олай етуіміздің бірнеше себебі бар.

1. Күні бүгінге дейін қазақ тілі грамматикаларында, оқулық программаларында, сондай-ақ түсіндірмелердің қай түрінде болса да сөз, морфема, сөздің морфологиялық құрамы т. т. ғылыми атауларға жаңаша қарап, тіл білімі жетістіктерінің қол жеткен соңғы нәтижелері тұрғысынан және жүйелілік танымдағы тіл деңгейлері, олардың диалектикалық ауыс-түйіс, өзара қарым-қатынасына сүйеніп, айтылуы мен қолданылуын, ғылыми сипаттамасын тиянақтау қажеттігі туады.

2. Тіл единицалары, нақтылаңқырап айтсақ, грамматикалық единицалар, сөз бен сөйлемнен ғана тұрады дегенге саятын дәстүрлі таным бүгінгі тіл білімі дәрежесінде қайта қарауды қажет етеді.

Сөз деген — абстракты ұғым. Лексикология, лексикографиялық еңбектер, осы салалар, олардың объектілерінің сөз, сөздік, сөздік қор, сөздік құрам, сөзтізбе, сөздің тура, ауыспалы мағыналары т. т. сөзбен тікелей аталуы мұны бір дәлелдесе, морфологиядағы сансыз сөздер (түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, сөз тұлғалары, сөз таптары, сондай-ақ негізгі түбір, туынды түбір дегендердің «Современный казахский язык» кітабында (124—125-б.) корневые слова, производные слова деп, тағы да «сөз» дегенге келіп тірелуі т. б., синтаксис саласының өзін алғанда қаратпа сөз, қыстырма сөз, төл сөз, төлеу сөз т. т. ұшықшыры жоқ сөз болып, жалғаса беруі бұл терминнің бүкіл тілді, тілдің барлық салаларын, грамматиканы да

тұтас — бәрін қамтып, аса абстракты түрде қолданылып жүргенін дәлелдейді. Сондықтан морфемаларды морфалар жүйесі дейтініміздей, сөзді де сөзформалар жүйесі деп тиянақтау қажет болады.

Міне осы қысқаша санап өткендер мен алда тағы да аталуға тиіс себептерден барып, сөзформадан таратып талданатын морфемалар жүйесі, нақтылығына келгенде, морфтар сөйлемдерден негізделіп алынады. Сөйлем деген ең жоғарғы грамматикалық единица тікелей морфемамен де, морфтармен де байланыспайды. Араларында егер жоғарыдан төменге қарай талдасақ, сөз тіркесі, синтагма, сөйлем мүшесі — осылардың бәріне негіз болатын сөзформа бар. Сөзформаның ең кіші мағыналы құрамды бөлшектері ғана морфтар деп есептеледі. Морфология мен синтаксистің өзара қарым-қатынасы да, айырма ерекшеліктері де осылар арқылы жүзеге асады, сонда ғылыми таным да адекватты болады.

«Грамматикалық единицаларды бөліп танудың әдістері» деп, арнайы мақала жазған С. Е. Яхонтов<sup>1</sup>, оны тереңдете түскен А. С. Мельничук<sup>2</sup>, бұлардың бағыт-бағдарын қуаттап, әрі қарай дамытқан Н. Д. Арутюнова<sup>3</sup> т. б. ғалымдар<sup>4</sup> грамматикалық единицаларды сөйлемнен бастап, төмендегі кестеде көрсеткендей, морфемамен аяқтайды (5-бетте).

Сонда морфема сөзформадан туындайды. «Орыс грамматикасы» да осыған келіп саяды. Сөзформа «мен келдім», «сен кеттің» тәрізділерде *мен*, *сен* болып, түбір морфемамен сай келсе, *кел-ді-м*, *кет-ті-ң* дегендерде үш бөліктен тұратын күрделі элемент, бірақ бұлар да синтетикалық қосылыстардан құралып тұр. «Түске дейін сен, түстен кейін мен осында болайық», — деген сөйлемдегі *түс-ке дейін* және *түс-тен кейін* тәрізді сөзформалар тұ-

---

<sup>1</sup> Яхонтов С. Е. Методы выделения грамматических единиц. — В сб.: Единицы разных уровней грамматического строя языка и их взаимодействие. (Бұдан былай ЕРУГСЯ и ИВ дейміз). М., 1969, с. 132.

<sup>2</sup> Мельничук А. С. О взаимодействиях грамматических единиц разных уровней в рамках предложения. — Сонда, 168-б.

<sup>3</sup> Арутюнова Н. Д. Об иерархии лингвистических единиц. — Сонда, 291—299-б.

<sup>4</sup> Біздің 1975 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулердегі» «Сөз тудырушы аффикстердің сөздерді байланыстыру функциялары» атты мақаламызда кеңірек баяндалған (40—64-беттерді қараңыз).



тасымен аналитикалық құрылым да, аралары белгілі септік жалғаулармен (-ке, -тен) байланысады. Бұлардағы аналитикалық тұтастық екі сөздің синтетикалық байланысуынан пайда болған. Сөйтіп, *үйді-үйіне, бірден-бір, үйлі-жайлы, сөйлей-сөйлей* т. т. сияктанып, аналитикалық единицаның синтетикалық амалмен араласа келіп, құрамы күрделі бүтін тілдік элемент жасауы — тіл-тілге, солардың ішінде қазақ тіліне де, тән қасиет.

Сөз деген тілдік единица қалай жалпыламалықты білдіріп, сөзформалар жүйесін қамтитын болса, морфема да солай морфтар жүйесін қамтиды<sup>5</sup>. Бұл соңғы тиянақтау әсіресе морфонологияға байланысты өзінің нақты қолданысын анықтай түседі.


Біз морфемика дегенді нақты алып, зерттеуіміз соған арналғандықтан да морфемаларды төмендегіше таратып, лексика-грамматикалық тұтастық тұрғысынан да, грамматиканың морфология мен синтаксисінің өзара байланыстарын да негіздей отырып, көрнекілеп көрсетеміз (6-бетте).

Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық:

1. Негізгі морфема тіліміздегі түбір сөздерді қамтиды. Олардың ең басты қасиеттері:

а) лексика-семантикалық дербес бүтін болып есептеледі. Сондықтан олар, мысалы, *айт, кел, той, біз* т. т., *өлең айт, айт келді, той басталды, тамаққа той, біз осындамыз, етік тігуге біз керек* т. б. сөйлем, сөйлемшелерде белгілі сөзформа, сөйлем мүшесі, морфологиялық тұрғыдан нақты сөз табы т. т. единицаларға сай келеді.

<sup>5</sup> Русская грамматика, 1980, кн. 1, с. 125.



б) Тап осы мағыналарын бұзбай, оларды қазіргі қазақ тілі тұрғысынан одан әрі кіші бөлшектерге бөліп тануға келмейді.

в) Бұл морфемалар осылардан өрбіп, туындаған сөз негіздерінің бәріне де мағыналық дінгек болып қызмет атқарады. Етістік *айт* морфемасы: *айт-тыр, айт-қыз, айт-ыс, айт-ыл, айтып-айтпай, айт-пақ-шы (айтпақшы, бүгін қайда баратын едік?), айт-қыш* т. т. негіз болса, омоним зат есім *айт*: *айт-та (ауылыңа айттап барамын), айт-тық (айттық беріңіз), айт-ты (айтты күні)* т. т. туынды түбірлер жасайды.

г) Негізгі морфемалар қосымшалар үстеліп, жаңа негіздер, сөзформалар жасалуда да бұл құрылымы күрделенген элементтердің морфонологиялық әуендесуіне ұйытқы болады.

д) Осы жоғарыдағы қасиеттер өзге тілдерден ауысқан мейлі морфтық құрамдары қарапайым (*цех, стол, ток...*) немесе күрделі (*революционер, авиаконструктор, космодром, дезинфекция, астапыралла* т. т.), тіпті аббревиатура (*СССР, КПСС, комсомол, совхоз...*) болсын, оларға да тән болып қалыптасады.

2. Көмекші морфемалардың өзіндік сыр-сипаты бар.

а) Олар түбір морфемалардан соң келеді. Формальдык жағынан соларға сәйкестенеді.

б) Солай болған күннің өзінде бұлар тілдік типология-



лық ерекшелігінің негізін жасайды. Интернационалды ортақ лексикондар көбейе түсіп отырған бүгінгі дамуда бұлар ұлттық өз қалпын сол күйі сақтайды.

в) Ол өзге тілдің ықпалына түспейді, қайта өзге тілден енген элементтерді негізінен түбір морфемаларды, өз заңдылықтарымен тұлғаландырады, конверсияландырады, алуан түрлі сөзформалар жасайды.

г) Түбір морфемалардан соң келуінің:

1) бірінде: *бас-шы, күн-дес, же-м-тік, модель-ші, колхоз-шы-лық* т. т.

2) өзге құбылыстарда: *сен үшін, сен ғана, сенен соң, тіл алды, одан әрі, сол-ақ* т. т. болып, аналитикалық жолмен күрделі бүтін жасайды.

Көмекші морфемаларға тән осы екі үлкен қасиеттен барып, оларды:

1. Қосымшалар, яғни синтетикалық морфемалар.

2. Көмекші сөздер, яғни аналитикалық морфемалар деп бөлеміз.

Қосымшалардың яғни аффикстердің бәрінің басын біріктіретін морфонология болса, оларды жұрнақ, жұрнақша, жалғау деп тануымызда лексикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық мән-мағына, қызметтері шешуші роль атқарады.

Көмекші сөздер болса, негізгі морфемалармен позициялық байланысуына сәйкес демеулік, септеулік морфемалар тобына бөлінеді.

Тілдің түрлі деңгейіне жататын бұл қасиеттер сөзформада тоғысады және әрқайсысы өзінің нақтылығымен объективті танылады. Сондықтан да ендігі талдау, сипаттау, тұжырым, топшылауларымызды сөзформамен байланысты қараймыз.

## **МОРФЕМА — МОРФТАР ЖҮЙЕСІ**

### **1. ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Тіл білімі тарихында әсіресе 50-жылдардан бері қарай морфема деген атау өте жиі қолданылды.

Алғаш И. А. Бодуэн де Куртенэ негізін салған бұл ұғым бертін келе тұтас сөзді де, оның нақты бөлшектерін де, аффикстердің түр-түрлерінің қай-қайсысын болса да морфема деп атай беретіндей жағдайға жетті. Сондықтан да «Жалпы тіл білімінде»<sup>1</sup> «Кейбір мамандар бұл терминді қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі ең шатасып кеткендердің қатарына қосып жүр»,—деп атап көрсетті.

Прагалық лингвистика ағымының өкілі В. Скаличка морфема терминінің қолданылуындағы осындай тиянақтауды керек ететін жақтарына көңіл бөліп: «Грамматика—белгілі тілдік жүйе, сондықтан оның кіші единицасын табу қажет»<sup>2</sup>,—деді. Морфема дегенді тиянақтай отырып, грамматикалық қызметтерін нақты көрсету мақсатымен сема деген термин ұсынды. Л. Блумфильд<sup>3</sup> тап осы атауға балама есепті морф дегенді қосты. Бұл екі ұсынысты тиянақтаған Ч. Хоккеттің пікірі мамандар назарын аударды. Ол<sup>4</sup> морф дегенді қостап, оны өз алдына морфеманың нақты бір функциялық көрінісі есепті, ал тап сол арадағы мағынасын морфосема деп тиянақтады. Осыдан барып, дескриптивтік структурализмнің бұрыннан дәстүрлі сипаттамасына айналған: «Морфема фонемалардан тұрады», — деген қағидасына:

---

<sup>1</sup> *Общее языкознание: Внутренняя структура языка.* М., 1972, с. 236.

<sup>2</sup> *Скаличка В. О грамматике венгерского языка.* — Аталған еңбекте, 236-б.

<sup>3</sup> *Блумфильд Л. Язык.* М., 1960.

<sup>4</sup> *Общее языкознание...*, с. 248—249.

«фонемалардан тұратын морфема емес, морфтар» деп, тиянақтау енгізіледі. Ал, морфема болса, морфтар жүйесін қамтитын<sup>5</sup> жалпылауыш атауға айналды.

Бұл теориялық тиянақтаулардың агглютинативті тілдер, солардың ішінде қазақ тіліне де тікелей қатысы бар. Мысалға кез келген септік жалғауын, немесе түбір сөздерді алайық. Барыс септігі десек, туыс өзбек тілінде *-га* деген бір-ақ жалғауды, ал қазақ тілінде *-ға, -ге; -қа, -ке*, тәуелдеулі септеуде *-а, -е* және *-на, -не* деген 8 түрлі қосымшаны атаймыз. Осы сегізді барыс септігінің морфемасы десек, олардың әрқайсысы сол морфеманың морфтары болып есептеледі. Морфонологиялық ерекшеліктерін нақтылай түскенде, дауыссыз дыбыстары тұрғысынан *-ға* мен *-қа*, сондай-ақ, *-ге* мен *-ке* морфонемальтернат, ал дауыстылары тұрғысынан *а* және *е* дыбысты буындар альтернатты морфонемаларға жатады. Бұлар — формальдық сипаттары. Ал, жалаң барыс септігінің морфемасы мен тәуелдеулі септеудің морфемасының тұлға мен фонетикадан ғана емес, мағынадан да өрбитін айырмашылығы тағы бар. *Аға-ға деген ниет*, сондай-ақ, *аға-м-а деген ниет* дегендерді салыстыру арқылы да мұны анық байқауға болады. Айырмашылықтың (әйтеуір *аға-ға, үлкенге* д. м.) нақты болуынан (*өз-ім-нің аға-м-а; өзінің аға-сы-н-а* т. т.) барыс септік жалғауы тек жуанды-жіңішкелі үндесуден өзгеше де формаланады. Сондықтан, *үй-ге, ай-ға, мектеп-ке, тамақ-қа* дегендерді бір морфема, бірақ 4 морф деп танысақ, *-на, -не, -а, -е* дегендер өз алдына 4 морфтан тұратын бір морфема құрайды.

Мағыналары бір көптік жалғауы өзбек әдеби тілінде жалғыз ғана *-лар*, қазақ тілінде болса, бұл морфеманың *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* деген 6 морфы бар. *Кітап-қа* және *кіта-б-ың-а, аға-ға* және *аға-сы-н-а* тәрізділердегі түбір сөзде де (*кіта-б*), қосымшаларда да (*-қа, -а, -ға, -н -а*) айырмашылықтардың нақты көрінуіне сай бұл сияқты заңдылықтарға морфонологияда арнай талдау жасалады.

Міне осы келтірген нақты екі-ақ морфема, олардың морфтар деп тануға болатын ең кіші бөліктері жалпы тіл білімінде (русистикада да) тиянақталған. Сондықтан ондай қазақ тіліне де үйлестік теориялық тұжырымдарды біз басшылыққа алдық.

<sup>5</sup> Русская грамматика. М., 1980, кн. 1, с. 125.

Агглютинативті тілдер аффикстері бір-бірден ғана мағына беріп, қызмет атқарады деген пікір жалпы тіл білімінде, түркологияда да ертеден бері-ақ қалыптасқан аксиомаға жатады. *Үй-де-гі-лер-ің-із-де-гі* т. т. үстіртпелете қатарынан бірнеше аффикстердің қосылуын кезінде Н. К. Дмитриев<sup>6</sup> те осымен дәлелдеген еді. Қосымшалар жалаң функциялы делінетіндіктен де «Бір жұрнақ орнына қарай сөз тудырады», екінші бір жағдайларда ол тек сөздерді түрлендіреді»,—деген тұрғыдан келіп, Қ. Шаяхметов екі функциялы аффикстер дегенге арнап, 1973 жылы кандидаттық диссертация қорғаған-ды.

Түркологтардың ішінен академик А. Н. Кононов өз еңбектерінде<sup>7</sup> аффикстердің көп мағыналылығына баса көңіл аударады. Біз де осыны құптаймыз<sup>8</sup>. *Дәптер-ім* немесе *бар-ды-қ* т. б. алайық. Алғашқыдағы *-ім* тәуелдік жалғауы. Ол: а) бірінші жақта; б) жекешені білдіреді, ал *бар-ды-қ* дегендегі *-қ* да: а) бірінші жақты; б) көптікті білдіреді. *Дәптер-ің мен дәптер-іңіз* дегендерде болса, иелерінің: а) 2-жақ жекеше екенін көрсетумен бірге б) алдыңғысында *сенің* деген анайы, в) соңғысында *сіздің* деген сыпайы екені жалғауларынан айдан-анық көрініп тұр.

Осындай көп мағыналы болып келу — сөз тудыратын жұрнақтарға да тән қасиет. Олай болса, тіл білімінде<sup>9</sup> русистикада қалыптасып отырған алломорф, алломорфты функция<sup>10</sup> деген терминдер қазақ тіліне де сай келеді. Сондықтан бұл терминдер де тиісті жерлерде тілімізге тиек болады.

## 2. ОРЫС ТІЛІНІҢ (ӨЗГЕ ТІЛДЕРДІҢ ДЕ) МОРФЕМАЛАРҒА ӘСЕРІ

Бұл мәселе өзге тілдер, әсіресе орыс тілінің қазақ тіліне ықпалы мен ұлттар тілдерінің совет дәуірінде даму процестеріне тікелей байланысты.

<sup>6</sup> Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948, с. 43—44.

<sup>7</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956, с. 102.

<sup>8</sup> Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы, 1975, (60, т. б. беттерін қараңыз).

<sup>9</sup> Лешко О. Иерархия ярусом строя языка и их перекрывание. — В сб.: ЕРУГС и ИВ, с. 24.

<sup>10</sup> Русская грамматика. М., 1980, кн. 1, с. 125—126.

Қазақ қауымы үшін қазақ тілі мен орыс тілі бірдей қатынас құралы болып отырған бүгінгі таңда орыс тілінің игі әсері бұрынғыдан да көбірек ықпал етеді. Оның лексикадағы орны — ерекше. Біз бұл жалпы процестен морфология да тыс қалмайды дейміз және соны осы арада арнайы сөз етпекпіз.

Орыс тілінің қазақ тіліне игі әсерін морфологиямен байланысты мына төмендегі бес жағдай тұрғысынан қарауға болады:

1. Сөзжасам және сөзжасамның түрлі тәсілдері тұрғысынан.

2. Сөз таптары, олардың орыс тілі игі әсерімен толығып, молаюы.

3. Сөздердің морфологиялық тұлғалануы.

4. Орфографияланудағы ерекшеліктері.

5. Орфоэпиялық нормалануы.

Тек лексикалық деңгейден танылып келген сөзжасам жүйесі өз алдына дербес сала деп танылумен бірге грамматиканың құрамында<sup>11</sup> қаралатын дәстүр қалыптасып отыр. Өйткені сөзжасамның қай тәсілі болмасын нақты сөз табына телінеді. Сөз табы деген категория — морфологияның өзекті проблемасы. Сөз тұлғалары делінетін сала нақты сөз таптарына, сондай-ақ морфемалар жүйесіне жатады, осы жүйенің белгілі объектілерін қамтиды.

Көрнекті ғалым И. А. Бодуэн де Куртенэ орыс тіліне шет тілдердің тигізіп отырған әсерін арнайы сөз етіп, ол тілдерден ауысқан элементтер мейлі қарапайым, мейлі күрделі құрамды болсын «...жалпы орыс қауымы үшін оның бәрі бір ғана морфема болып есептеледі,— деп тұжырымдаған еді<sup>12</sup>. Орыс тілінің түркі тілдеріне тигізіп келген әсерін осы тұжырым тұрғысынан тану түркологияда, соның ішінде қазақ тіл білімінде де дәстүрге айналған.

Морфология дегенде морфемалар жүйесіне сүйенудің ғылыми негізді екеніне біз де қосыламыз. Осы тұрғыдан келіп те тақырыпты тікелей морфемикаға теліп отырмыз.

И. А. Бодуэн де Куртенэнің талдау, тұжырымдары бұл жоғарыда атап өткенмен шектеліп қалмайды. Ол сонымен бірге орыс тіліне енген шет тілдік элементтер-

<sup>11</sup> Сонда, 123—452-б.

<sup>12</sup> *Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию.* М., 1963, т. 2, с. 233.

дің күрделі құрамын морфемаларға бөліп тануға тек сол тілдерді білетін аз өкілдердің толық мүмкіндігі барын атап өткен-ді. Бұл тезиске назар аударуға тиіспіз. Өйткені ғалым зерттеп, атап өткен дәуірді қазақ қауымының өткен ғасырлар тарихымен салыстыруға да болады, қазіргі қазақ тіліне де қатыссыз емес.

Елу қазақтың біреуі ғана хат танып, бүкіл халық үшін орыс тілі өзге тіл есебінде саналған XVIII—XIX ғасырларда И. А. Бодуэн де Куртенэнің жоғарыда біз келтірген бірінші тұжырымы объективтілігімен қазақ тіліне де сай келеді. Ал, Совет өкіметі тұсындағы мәдениеті дамыған, сауатты, орта және жоғары білімді, сондай-ақ орыс тілі екінші ана тілі дәрежесіне жеткен қазіргі қазақ тілі тұрғысынан келгенде, соңғы тұжырымын қолдап қана қоймай, оны одан әрі дамытып, жалғастыра түсу қажет болады. Өйткені мамандығы лингвист ғалымдар тобын былай қойғанда, жаппай қазақ қауымы орыс тілінен күнбе-күн ауысып, тілімізді байытып отырған. Элементтердің морфемалық құрамдарына да түсінеді. Сондықтан ауысқан я ауысатын сөздер әсіресе терминдердің морфемалық құрамдарын саналы түрде тану, сөз жоқ, ең алдымен тіл мамандарының үлесіне тиеді. Мұны алғаш өзіне міндет етіп алған проф. Қ. Жұбанов<sup>13</sup> еді. Өкінішке орай, онымен біз тек 1966 жылдан соң ғана таныса алдық. Олай болмаған жағдайда өзіміздің 1952 жылғы осы проблемаға арналған мақаламызда<sup>14</sup> теориялық басшылыққа алған болар едік те, Э. В. Севортян қате деп сынаған<sup>15</sup> принциптің ғылыми негізіне тиянақ тапқан болар едік. Бізден 30 жыл кейін сол бағытта өзбек тілі тұрғысынан А. Н. Тихоновтың мәселе көтеріп, оны «Советская тюркология» журналының басып шығаруы (1982, № 5) осы айтқанымызды құптайтын сияқты. Профессор Қ. Жұбановтың жоғарыда атап өткен арнайы мақаласынан бастауды жөн көрдік.

Автор «Терминдерді қазақ тіліне қабылдаудағы он бір принципін баяндау үстінде олардың морфологиялық тұлғалары, былайша айтқанда, тілге енудегі формалық

<sup>13</sup> Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966, с. 281 и след.

<sup>14</sup> Қалыбаева А. Қазақ тілі лексикасының баюы мен дамуына. — Қит.: Вопросы казахского языкознания... Алма-Ата, 1951.

<sup>15</sup> Севортян Э. В. Ошибки казахских языковедов. — ВЯ, 1957, № 2.

ерекшеліктері жайлы бірнеше ғылыми пайымдау жасады. Ол ең алдымен, автордың сөзімен айтқанда, орыс тілі арқылы енген халықаралық сипатты терминдердің сөз таптарына тікелей байланыстылығына келіп саятын еді.

Зат есімдердің өзін біртұтас единица есепті қабылдап қана қоймай, оларды тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай саралап көрсетті. Солардың ішінде мына төмендегілерге баса назар аударылды.

а) *Материя, редакция, совет, климат* т. б. айтылуы мен жазылуы орыс тіліндегідей және өздері тұтас морфема есепті танылды.

б) Қазақша баламасы орыс тіліндегі мәніне саймасай келуден барып қалыптасқан деп: *түбір* (корень), *көпкіл* (многоугольник), *тоқыма* (текстиль) т. б.-ларды жеке топқа бөледі.

в) Құрылымы күрделілердің ішінен: *ре-, син-, де-, суб-, анти-, контр-* (автордың айтуынша) префикстермен бірігіп қолданылатындар аударылмай, сол қалпы алына-тындар қатарында танылды.

г) *Авто-, аэро-, тәрізді: автожол, авиашаналар-* дың алғашқы компоненттері қысқарған формалар, ал соңғылары баламасы болған жағдайда қазақшасымен тіркесіп, ондай болмаған жағдайда орыс тіліндегідей тұтас алынатындар тобына жатқызылды.

д) Қысқарған сөздерге келгенде, оларды революция жемісі деп таныды да, кейбір: *Каруголь, Наркомзем* т. б. *Қаркөмір* (*Қарағанды көмір* дегеннен), *Халкомжер* түрлерінде қазақшаланып қысқарып қолданылуын қазақ тіліне сіңісті болып отырған орыс тілі игі әсерінің нәтижесі деп санады.

е) Терминдердің аффикстілер тобына да баса назар аударды. Қазақшалап бергенде мағыналары толық сақталуға тиіс деген принцип ұсынды. Оның өзінде әр сөз өзінше аударыла салмай, белгілі жүйеге негізделуге тиіс екенін атап өтті. Аффикстері *-ист, -изм* формалылардың бәрі бірдей аударуға келмейтін жағдайларды да ескерді.

Ал, *-изация, -ификация* т. б. тұлғалы: *электрификация, механизация, объективизация* т. б. қазақ тілінде қабылдаудың үлгілерін ұсынды. Сонда олар *электр-ле-н-дір-у, объектив-те-н-діру, машина-ла-н-дыр-у* т. т. түрлерде қалыптасуға тиістілігін дәлелдеді.

Сөйтіп автордың ғылыми мәні терең бұл мақаласын терминдерге бағышталып, сөз табы жағынан зат есімнің бір микрожүйелік тобын қамтыды.

Профессор Қ. Жұбанов сонымен бірге сын есім мен етістік жайлы да жол-жөнекей сөз қозғады.

Қазақ тілінің орыс тілі игі әсерімен пайда болған сын есімдері тап Қ. Жұбанов көрсеткен жолмен қалыптаспай, көбіне: *-лық, -лік, және -лы, -лі, -сыз, -шыл...* аффиксті түрлерінде: *коммунист-тік, партия-лық, идея-лы, идея-сыз, ленин-шіл* т. т. жұрнақтар қосылып барып қалыптасты. Жоғарыда профессор Қ. Жұбанов атап көрсеткен амал өзбек, татар, башқұрт т. б. тілдер сын есімдерінің пайда болып қалыптасуында аса өнімді жолға айналады.

Орыс тілі игі әсерінің Қ. Жұбанов бастаған бағытта зерттеліп, әрі қарай жалғасуын біздің жоғарыда атап өткен 1951 және 1959 жылғы<sup>16</sup> мақалаларымыз бен ресми баяндама, сөздерімізден<sup>17</sup> көруге болады.

Бір сөз табына теліп қарауы жағынан В. А. Исенгалиеваның<sup>18</sup> етістік түбірлері жөніндегі монографиясын да, ондағы арнайы сілтемені де атап өтуге тиіспіз<sup>19</sup>.

Бірақ соған қарамай әлі күнге тіл-тілдің, соның ішінде қазақ тілінің де морфологиясы өзге тіл әсеріне мүлдем ұшырамайды дегенге саятын көзқарас басым.

Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин тәрізді жұлдыздарымыз бір төбе. Өзге қазақ қауымы — қазақ тіліне сіңіп, қазірдің өзінде де: *бөкебай, насыбай, поштабай, ауылнай, болыскей, сіріңке, самауырын, жандарал (жандалар), шана, шіркеу, кереует, жәрмеңке, әшмүңке* т. т. толып жатқан сөздерді қабылдап, айтылуы мен естілуінше қалыптастырушылар болып есептеледі. Сондықтан бұлар және осылар тәрізді екі, одан да көп ғасырлық тарихы бар ауысқан сөздер туыс түркі тілдерінің әрқайсысында түрлі-түрлі фонетика-морфологиялық бейімдеулерді бастарынан өткізді, кейбіреулері тіпті ілкі түрлерін танымастай өзгерді. Өзбек тіліндегі: *қауиш, галауат, гауирт, насвой* т. т. қазақ ті-

<sup>16</sup> Хасенова А. Әңгіме орыс тілінің игі әсері жайында. — Қазақ әдебиеті, 1959, 17 июль.

<sup>17</sup> Вопросы развития литературных языков народов СССР. Алма-Ата, 1964, с. 194—195 (А. Қ. Хасенованың сөзін қараңыз).

<sup>18</sup> Исенгалиева В. А. Тюркские глаголы с основами, заимствованными из русского языка. Алма-Ата, 1966.

<sup>19</sup> Сонда, 12-б.



ліндегі баламалары *кебіс, кереует, күкірт, насыбай...* және осылардың ілкі негіздерімен де салыстырып барып, байқауға болады. Қазақ тілінде *-бай* болып тұрған бөлігі өзбекте *-вой* түрінде келетін *насыбай* мен *насвой* дегендердің негізі де жоқ емес. Қазақтардағы кісі аттары: *Дүйсенбай, Сейсенбай, Сәрсенбай, Итбай* т. т. болып бай сөзінің жиі қосылуы, өзбек тілінде болса, *нонвой* (*не-карь*-дың баламасы), *войдод* т. т. *вой* морфемасының тілдегі бір форманың (*пухо-вой, почта-вой, носо-вой*), *мәселен, -вой* (*-вое, -вая...*) дегенінің туыс бұл тілдерде түрліше қалыптасып, сіңісіп кетуіне себепші болған. Қазақ тілінде *бай* деген жұрнақ есепті қосылып: *сандал-бай, бездел-бай*, т. т. сияқты туынды түбірлердің жасалуын да, сондай-ақ: «*Насыбай, насыбайды тартпасам, ауырады басым-ай*» деп әндетуін де осылар тұрғысынан қараған жөн болады. Сондай-ақ соңғы *а* дыбыстары екпінсіз айтылатындықтан түсіріліп қалып: *газет, аптек, фабрик* тәрізді кірген сөздер өзбекшесінде де орыс тіліндегідей болып *газета, аптека, фабрика* т. т. ілкі негіздерін сақтап, ауысып, қалыптасқан. 1930 жылдарда қазақша *зауыт-пәбірік* болып жүргендер өзбек тілінде сол кездердің өзінде: «*фабриканың йолидан-о румолча топиб олдим*»,— деп шырқалатын еді. Қазақша *орыс* дегеннің өзбекше *рус* (*рушса, рус тили*) болуы да осылар секілді.

Қазақ тілі орфографиясында фонетикалық принципке сүйеніліп келген 1940 жылдарға дейінгі кезеңдер өзге тілдерден ауысқан сөздердің сіңісіп, қалыптасуы осы сияқты дағды-дәстүрлерге саятын еді. Әрине, орыстардың да қазақшалаған болып, *қыз* дегенді *кызым-ка, бала* дегенді *баран-шук, жылқыны алаша* т. т. морфтық жүйесіне жақындатушылық болғанын білеміз. Бұлар сол бір аралық өткел кезеңге жатады.

Орыс тілін білмейтін қазақтардың сол уақыттарда *-вой, -вое, -вая, -ной, -ный, -ский, -ская* т. т. сын есім аффикстерін *-бай, -най, -іскей* (*поштабай, бөкебай, ауыл-най, құлпынай, теріскей*) т. т. икемдеп қолдануының өзі жоғарыдағылар тәрізді лексемаларды интуициялы түрде болса да бір бүтін демей, екі морфемалы деп қабылдағандығын білдіреді.

Білімдар және өз ана тілімен қатар орыс тілін, оның морфемалық құрамдарын түсініп меңгерген қазақ өкілдері араб әліппесімен жазған күннің өзінде, мысалы,

Абай Құнанбаев туындыларында<sup>20</sup>: *единица, ноль, болыс, үйез, сиез, гаухар, тағлім, раушан, лағыл* т. т. сол тілдердегі дыбысталуына (орфоэпиясына) сәйкестендіріп қолданғандар да болды. Бұл сияқты лексемалар мерзімді баспасөз<sup>21</sup> беттерінде де жиі ұшырады. Күні бүгін қазіргі қазақ әдеби тіліміздегі: *болыс, облыс, сот, атбекет, үстел, бөтелке, бәтіңке, неміс, доктор, ғалым, ғылым, кітап, мектеп, мұғалім* т. т. мындаған сіңісті сөздер<sup>22</sup> осы кезеңдердің нәтижелерінен саналады.

Ғылым мен техника, әдебиет пен мәдениет т. б. терминдер пайда болып, қалыптасып, тіліміз, әсіресе сөздік қор мен сөздік құрамымыз жан-жақты дамып отырған бүгінгі дәрежесінде өзге тілдер, әсіресе орыс тілінің игі әсерін морфемикамен тікелей байланыстыра қарау негізінен 1930 жылдардан бергі кезеңді қамтиды. Осы 60 жылға жуық яғни тіл дамуының советтік дәуірі деп қарауға тиіс кезеңдегі орыс тілінің игі әсерін талдағанда, орфографиямыздағы басты морфологиялық принциптің нәтижелері тұрғысынан төмендегіше топтап-топтап тұжырымдап көрсетуімізге болады:

1. Сөз құрамының түбірлерді сақтап жазуға деген заңдылығынан: *кітап, куә, кінә, мұғалім, пионер, декабрь, фабрика, совет, значок, ток, колхоз, совхоз, кооператив, директор, газет, кросс, класс, метр, съезд, поезд, фильм, завод, ғаріп* т. т. мындаған, жүз мындаған сөздер төркіндестеріне жақындады. Сөйтіп қазақ тілі де Совет Одағы ұлттары мен халықтар тілдерінің сөз байлығындағы интернационалды лексикалық ұйытқыға ортақтасты.

2. Орфоэпия тұрғысынан емес, орфографиялық негізде танығанымызда, бұрынғылар тәрізді сөзде бастан-аяқ не жуан, не жіңішке буынды түрлерде ғана емес, аралас келіп жазылатындардың да саны артты.

3. Кейбір ауытқулар кездескенмен, мәселен, *съез-ге, поез-дан, цех-қа, педагог-ті* т. т. болып, қосымшалар тұтас сөзбен қатар соңғы буындарымен де әуендесіп қосы-

---

<sup>20</sup> Абай тілі сөздігін (Алматы, 1963), Р. Ғ. Сыздықованың Абай туындыларының тіліне арналған еңбектерін т. б. қараңыз.

<sup>21</sup> Карашева Н. Б. О языке журнала «Айкап». — Кіт.: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-басылуы.

<sup>22</sup> Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің және 10 томдықтарын (реестр сөздерін) қараңыз.

латын болды. *Кітәп-ке* емес, *кітап-қа*, *пәбрик-тен* емес, *фабрика-дан*, *мұғалым-ды* емес, *мұғалім-ді* т. т.

4. Жоғарыдағы үш пунктті жинақтағанда, біріншіден, өзге тілден ауысқан сөздер, ол тілдерде морфтық құрылымы күрделі болуына қарамай, қазақ тілі үшін бір ғана морфема есепті қалыптасты. Екіншіден, олар *ток*, *цех* т. т. бір буынды, *күнә*, *кітап*, *пионер*, *революция* т. т. көп буынды және де жуан-жіңішкелі аралас келіп, *а*, *о* жуандыбыстарымен *к*, *г* дауыссыздары, *е*, *и* жіңішке дауыстылармен *х* дауыссызы (*тарих* та солай) қатар тұрып, әрі сөз, әрі сөзформаға дәл келгеннің өзінде түбір морфема аясына енеді. Сөйтіп ғасырлар бойы қалыпты дәстүр қазақ тілі түбір морфема жүйесінде жаңалықтар пайда болды. Өзінің 30—40 жылдық тарихи өте аз мерзіміне қарамай, олардың қазір фонетикамыздан да, морфемикадан да, лексика, семантика деңгейлерінде де заңды орындары қалыптасты.

5. Түбірі мен аффикстері тайға таңба басқандай анық көрініп тұрған кірме сөздер, мысалы, парсы тілінен: *бей-маза*, *бей-уақыт*, *бей-шара*, *бей-қам*, *тарих-и*; орыс тілінен: *маркс-изм*, *ленин-изм*, *революцион-ер*, *комбайн-ер*, *коммун-ист*, *команд-ир* т. т. тәрізділер осылардағы префикс, суффикстердің қазақ тілінде баламалары жоқтығынан және қазақтың төл сөздеріне префикстің қосылмауынан оларды ғалымдар бір-ақ морфема деп есептеп жүрген де жағдай бар.

Өз ана тілі мен орыс тілін толық меңгеріп отырған қазіргі қазақ халық өкілдері тұрғысынан қарап, бұл тұжырымды толық қуаттай алмайтынымызды айтуға тиіспіз. Біздің 1952 жылғы арнайы мақаламыз да осыны танытады. Одан 30 жыл кейін «Советская тюркология» бетінде (№ 5) жарияланып отырған А. Н. Тихоновтың өзбек тілі тұрғысынан баяндауы да біздің пікірімізді құптайды.

6. Орыс тілі игі әсерінің морфологиядағы бір көрінісі — қысқарған сөздер. Мұны проф. Қ. Жұбанов Октябрь революциясының жемісі деп таниды. Қысқарған сөздер қазақ тілі тәжірибесінде басынан бірнеше сатыны өткізді. 30-шы жылдарда *Наркомзем-ді* *Халкомжер* деп, баламалары бары қазақшасынан қысқартылып алынды. Бертін келе *СССР-дің өзін* *ССРО*, *КПСС-ті* *СОКП*, *ООН-ды* *БҰҰ* т. т. Қазақша тіркестерінен қысқарту кең қолда-

нылды. Ақыр аяғында келіп орыс тілінде қысқартылу-дың аса жиі қолданылуынан сол қалпында аудармай қал-былдау принципі дәстүрге айналды. Бұлардың орыс тіліндегі баламаларынан өзгешелігі — қазақ тіліндегі *СССР-ге, СССР-ім, СССР-ді, КПСС-тен* т. т. болып, жал-ғаулар қосыла беретіндігінде. Мұны *кино, пальто, бюро* т. б. толып жатқан сөздер туралы да айтуға болады.

Осылар тәрізді қысқарған сөздер игі әсеріне күні бү-гін жиі қолданылатын: *т. т., т. б., д. м.*, тәрізділерді де жатқызуға болады. Бұлар — негізінде, калькіленуден ба-рып қысқарғандар.

7. Орыс тілі игі әсерінің ең жоғарғысы да, өнімді жә-не әр тараптысы да — калькілер. Бұл тілдік құбылыстың да морфемаларға тікелей қатысы бар. Оны саралап көр-сетсек, мыналарды қамтиды:

а) Орыс тілінен ауысқан сөздердегі *-ификация, -изация; -изировать, -ифицировать*, сондай-ақ *-изиро-ванный* сияқты суффикстер зат есім түбірлеріне етістік тудыратын *-ла, -ле (-да, -де; -та, -те)* аффиксі үстеліп ба-рып, әрі қарай күрделендіріле береді. Зат есім мағына-ларында: *электр-ле-н-дір-у, автомат-та-н-дыр-у, колхоз-да-с-тыр-у* т. т. соңы қимыл есімінің *-у* аффиксімен аяқ-талады. *Механизированный* тәрізді өткен шақ есімше тұлғалылар *механика-ла-н-дыр-ыл-ған., колхоз-да-с-тыр-ыл-ған* т. т. осылар тәрізденіп, ырықсыз етіс тұлғала-рындағы есімшелер түрінде аффикс морфемалары каль-кіленеді.

б) Аффикс калькіленуінің бірді-екілі болса да пре-фиксті түрлері де бар. *Беспартийн-ость-ті, партия-сыз-дық-пен* қатар *би-партия-лық; аполитичность* дегенді *би-саясат-тық, неизлечимый-ді би-дауа-лық* т. т. дәлме-дәл аударып беру — бәрі морфемалық калькіленуге, яғни калькілердің морфологиялық амалдарына жатады.

в) Орыс тіліндегі: *«С Новым годом», «С приездом», «С наградой»* т. т. сол көмектес септік жалғаулы тұлға-ларында: *«Жаңа жылыңмен», «Мерекеңмен», «Келуің-мен», «Наградаңызбен»* т. т. болып, морфемалық калькі-лер көбейіп, тосын есітілмеуі былай тұрсын, етене сіңісіп, сандық құбылыстан сапалыққа ауысып бара жатқан фактілер де жоқ емес.

г) *Укрупнение—ірі-лен-дір-у, обводение—су-лан-дыр-у, военизированный* дегенді *әскери-ле-н-дір-іл-ген* т. т.

сөзбе-сөз ғана емес, аффикстеріне дейін дәлме-дәл келтіріп балама жасау да морфемикаға тікелей қатыстылығы яғни түбірлеріне түбірлер, аффикстеріне жұрнақтардың сайма-сай келіп барып, жасалып, қалыптасуы да толық морфемалық калькілер тобын кеңейтеді.

д) Орысша түбірлерін, сөз негіздерін алып, олардағы суффикстерді қазақшалауды үнемі жоғарыдағыдай бір морфемаға біреу, күрделіге күрделенген жұрнақтар тобы сай келуі де, келмеуі де ықтимал, кейде тіпті сипаттама түрінде берілген кездері де болды. Мысалы, *колхоз-ник* деген *колхоз-шы* болып, *-шы* жұрнағын қосумен балама жасалса, *колхоз-ница* дегенді *колхоз-шы әйел* деп, әрі морфологиялық оған *әйел* сөзін үстеп, *-шы* әйел түрінде сипаттама амалмен жүзеге асты, *тракторшы, тракторшы әйел* т. т. да осылар тәрізді. *-ник, -ист* дегендер *-шы, -ші* жұрнағы, *-ница, -истка*, т. т. *-шы әйел* түрінде калькілену үнемі қолданыла бермейді. Мыс: *артист, артистка, машинист, машинистка, санитар, санитарка* т. т. осы қалыптарында сінді.

е) Соған қарамай, қазақ тіліндегі мамандық, кәсіпті білдіретін сан түрлі морфемалардың (*-гер, -кер, -паз, -кеш -қыш, -кіш, -мыр, -рман, -рмен...*) ішінен *-шы, -ші* морфты морфема ғана кірме зат есімдермен қосылып, калькі морфемалар тобын толықтырды.

ж) Сын есімдердің калькіленуі де аз емес. Бұған: *ленин-шіл, оппортунис (т)-тік, социалис (т)-тік, оң-шыл, сол-шыл, либераль-ды, партия-сыз, саясат-сыз, би-саясат* т. т. мысал болады.

з) *Ежeminутно — минут сайын, ежечасно — сағат сайын* т. т. септеуліктермен калькі болуы да морфемалық сiңісу тұрғысынан танылуға тиіс.

8. Етістік тобындағы калькілер зат есімдерге *-ла, -ле* жұрнағын<sup>23</sup> қосумен басталады. *Асфальт-та, электр-ле, цемент-те* дегендерге *асфальт, цемент, электр* деген түбір морфемалары кірме морфемалар делінсе, *-ировать, -лизовать* дегендерде калькі болатын *-та-у, -те-у; -ла-у, -ле-у, механи-зировать—механика-ла-н-дыр-у* дегендегі *-ла-н-дыр-у* т. т. екендігін нақтылай айырып тануға тиіспіз. *Ахать, охоть* тәрізділердің *ахлау, охлау* екенін, олар-

---

<sup>23</sup> Хасенова А. Қазақ тіліндегі *-ла, -ле* аффиксті туынды түбір етістіктер. Алматы, 1957.

ды қазақ төл сөздерімен *аһлау, үһ-леу* деп беретінін де айырып, ажырата білген артық болмайды.

*Тра-та-та-ла-й жөнелді* деп, пулеметтен жауған оқты сипаттайтын да етістік бар. Мұндағы *-ла-й* аффикстерін калькі деуден көрі төл деп таныған жөн. Негіз болып тұрған *тра-та-та* орыс тілінен ауысып тұрғаны — сөзсіз.

Морфемалық калькілер тұрғысынан баяндалып отырған бұл тілдік фактілер сөзжасамның синтетикалық ама-лымен тікелей байланысады. Морфемалық құрамдары екі, одан да көп, соның өзінде түпкі морфема орыс тілінен кірме сөз болып, аффикстері калькілер тобына жатқанмен, *цемент-те, су-ла-н-дыр, ірі-ле-н-дір-іл-ген* т. т. күрделене қосылудың өн бойында қазақ тілі морфонологиялық заңдылықтары сақталады.

Осы жоғарыда морфологиямен, оның ішінде нақты сөз таптарымен байланыстырыла талданып, баяндалған орыс тілі игі әсерінің қазақ тіліндегі нәтижелері лексикамен де тікелей қабысады. Сондықтан морфеманы лексиканың базасы десек негізгі және туынды түбірлерді жалғаусыз сол өздерінің нольдік морфемалы тұлғаларында ілкі сөзформа деп танимыз. Осы соңғы функционалды қалпында олар грамматикамен ұштастырылады. Бірақ олар тұтастырыла танылып, лексика-грамматикалық сипат деген тұжырымдауға саяды.

Екінші сала етіп, орыс тілі морфологиясынан қазақ тілі морфемикасына тікелей не ауысты?— деген сұрақтың жауабына көшеміз. Сонда ауызға алатынымыз фамилия жасайтын аффикстер жайлы болады.

*Құнанбайдың Ыбырайымы (Абайы)* тәрізденіп келген дәстүр *Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров* болып қалыптасты. Қазіргі қазақ тілінде ерлер үшін *-ов, -ев, -ин*; әйелдер үшін *-ова, -ева, -ина* қосымшалары қосылып жасалған фамилиялар етене сіңісіп кетті. *Иван-ов, Сидор-ов* тәрізділердегі *-ов, -ев* дегендер — орыс тілінің көпшедегі ілік септік жалғауы. Олардың *-ов, -ова, -ев, -ева*, сондай-ақ *-ин, -ина* (*папин дом, папина дочь*) түрлері де анықтаушының анықталушыға сәйкестенуден өрбіген варианттары қазақ тілі үшін сөзжасам жүйесінің шеңберіне енді. Қосымша морфемалар аясына жатады. Сондықтан бұл тілдік фактілер қазақ тілі морфемикасына, морфонологиясына соқпай өтпейді. Енді соларға көңіл аударайық:

1. *Үсен-ов* пен *Үсен-ова*; *Елеусіз-ов* пен *Елеусіз-ова* тәрізділерді алайық. Сонда:

а) Лексикалық толық мәнділері қазақтың төл сөздері де, қосылып тұрғандары — орыс тілінің қосымша морфемалары.

б) Тап осы таңбалануларында, дәлірек айтсақ, орфографиялануларында, оларда дыбыс үндесуі болғанмен, буын үндесуі жоқ.

*Үсен*, *Елеусіз* дегендер — жіңішке буындылар, ал, *-ов*, *-ова* — жуан буындылар.

в) Енді осы фамилиялардың орфоэпиялық ерекшеліктеріне жүгінсек, *-ов* деген түрі *Үсеніп*, *Елеусізіп* болып, қазақшаланып айтылады да, оларға *Үсенов-ке*, *Үсенов-ті*, *Үсенов-тен* түрінде жіңішке буынды қосымшалар үстеледі, солай жазылады. Өйткені фамилия суффикстері екпінді буыннан соң тұр. Олар орыс тілі екпін жүйесіне сәйкес *-ып*, *-іп* болып айтылады, үстелетін қосымшалар осыларға лайықтанады. Сөйтіп, әбден қазақшаланып кеткен (орфографиясы емес, орфоэпиясы) деп қарауға келетін бұл сөзформаларда яғни морфемикада, біріншіден, орыс тілі әсерінің бары хақ болса, екіншіден, айтылуы — қазақ тілі орфоэпиясынан ауытқымайды. Жазу жағына баса назар аударуымыздың себебі бар. Өйткені қазақ төл сөздеріндегі *о* дыбысы да, оның әрпі де, мәселен, *Омар*, *Оспан*, қосу т. т. сөз ішіндегі екпінге, сондай-ақ, екпіннің орын ауыстыруына сәйкес орыс тіліндегідей өзгеріп, құбылмайды. Фамилиялардағы *-ов*, *-ова* дегендерде бұл заңдылық сақталып тұрған жоқ. Әсері дейтініміздің өзі — міне осында. Қазақ тілінде де морфологиялық тұлғаланудан барып, ашық дауыстылардың қысаңданып кететін жүйесі бар. Бірінші жақ жіктік жалғауының әуел баста *мен* есімдігінен қалыптасуына қарамай, *-мін* (*кел-е-мін*, *әке-ң-мін*), *-бін* (*тез-бін*), *-мын* (*бар-а-мын*, *ана-мын*); *-бын* (*қыз-бын*), *-пін* (*студент-пін*) *-пын* (*бос-пын*) болып, *ы*, *і* қысаң дыбыстарына айналуы, *осындай-ақ*, *бара-мы-сың* дегендегі *-мы-ның ма* сұрау шылауы екені де бұған дәлел болады.

Сонымен жинақтай келгенде, жіңішке буынды кісі аттарына *-ов* аффиксі (көпшедегі сөздің ілік септігі) қосылып фамилия жасауының орыс тілі әсерінен туып тұрған графикалық үйлесімсіздігі орфоэпияда қазақыланды. *Асан-ов*, *Зият-ов* т. т. *-қа* жалғау қосылуда буын үн-

дестігі сай келгенмен, *Үсенов-ке, Есенов-те* тәрізділерде бұларға қайшы келеді. Соңғы *в* дыбысының сөз аяғында *ф* дыбысы сияқталып, қатаң естілуі оларға қосымшалардың *-қа, -ке, -ті, -ты* тәрізденіп, бұл арада дыбыс үндесуінің де бұзылуына әкеп соғады.

2. Фамилия жасайтын *-ев, -ева* қосымшаларының да орыс тілі әсеріне байланысты айтуға тиісті мына жағдайлары бар:

а) Қазақ тілі графикасы бойынша *тиеді* тәрізді әр дыбысты жеке-жеке таңбалағанда *тійеді* дегенді білдіреді. Орыс графикасында *я, ю*-лар ғана емес, *е* әріпінің өзі *-й, э* деген қос дыбыстың таңбасы. *Есенбай-ев — Есенбаев* болуы — орысша орфографияланудың нұсқасы. Сондықтан да жазылуда *й* таңбасы көрінбей, *ае, ее* түрінде екі дауысты дыбыс қатар келген тәрізденеді. *Көбеев, Сатаев* т. т. осы сияқты.

б) *Құтба-ев дегеннің Қаніке-ев (Қанікей)* дегеннен екеуінің де соңғы буындары *-ев* болуына қарамай көптеліп, септелулері өзгешеленеді. Бұл — дыбыс үндесулерінде емес, буын үндесуінде. Мыс: салыстырыңыз: :

Құтбаев	+	_____ таң _____ қа _____ ты _____ тың		Қанікеев	+	_____ тің _____ ті _____ ке _____ тен т. т.
---------	---	--	--	----------	---	--

Бұлардағы басты себеп — тағы да екпін және орфографияланудағы ерекшелік. Кісі аттарындағы соңғы буынның екпіні сол қалпы сақталады да, *ов, -ев* дегендер екпінсіз буындар қатарына енеді. Сол себепті де олар: *Құтпайып, Қанікейіп* болып айтылады, соған сәйкестеніп барып жалғаулар қосылады.

Бұл тілдік фактілерде орыс тілі әсерінің морфемадағы сіңісуі неден көрінеді? Бұл сұраққа төмендегідей жауап қайтарамыз:

- а) жазылуда *й* дыбысы таңбаланбай қалады;
- б) соның салдарынан қазақта бұрынды-соңды кездеспейтін *-ае* деген біріншісі жуан (*а*), екіншісі жіңішке (*е*) дауысты дыбыстар тіркесі пайда болады.
- в) Бұл тәрізділерге қосылатын қосымшалар графикалық емес;
- г) орфоэпиялық нұсқаларымен үндеседі.



Осы үш пункттегі қазақ тілі орфографиялық ережелерінен ауытқу фамилиялар морфемаларының морфологиялық ерекшеліктерінен саналады.

3. Фамилия аффиксі *-ева* түрінің қосылып, *Көпбаева*, *Қанікеева* болуында *-ае*, *-ее* тіркесуінің орфографиясы ілгергілерге сәйкес келгенімен, оларға үстелетін қосымшалардың буын да, дыбыс та үндесулеріне сай келіп қосылатынын арнай атап өтуге тиіспіз. Өйткені ерлер фамилиясында *-ев*, *-ов* бір-ақ буындылар да, әйел фамилияларындағы *-ева*, *-ова* дегендер *-е-ва* және *-о-ва* болып сегменттеліп, екі буындылар тобына қосылады. Бұларға жуан буынды және *-лар* деген көптік жалғауы мен *Ә* ұяң дыбысынан басталатын қосымшалар үстеледі.

4. *-ин*, *-ина* арқылы фамилия жасалуының да өзіндік морфонологиялық сыр-сипаты бар. Енді соларға келейік:

а) *Айтқожин*, *Айтқожина*, *Мусин*, *Мусина*, *Бекмұрзин*, *Майлин*, *Сейфуллин* т. т.-лар осы қосымшалармен жасалған.

б) *-ин*, *-ина* қосымшалары өздерінен бұрынғы кісі аттарының соңғы *-а*, *ы*: *Мырза*, *Сейфулла*, *Майлы* дауысты дыбыстарын қысқартып жібереді. Соның әсерінен агглютинацияның заңдылығы бұзылады.

в) Жуан буынды сөздердің соңғы буындары жіңішке-ріп кетті, яғни буын үндестігі де бұзылды.

5. Бұл тәрізді морфонологиялық ерекшеліктерді де орыс тілінің морфемикадағы әсеріне жатқызуға тиіспіз. Осы жоғарыда санап өткендермен қатар *-ов*, *-ев*, *-ин* қосылғандар ерлердің, *-ова*, *-ева*, *-ина* әйелдердің аты-жөні болып, орыс тілі родовое окончаниесінің ізі сақталатынын да айта кетуге тиіспіз.

6. Осылайша қазақ төл сөздерімен қосылып жасалған фамилиялар болсын, сондай-ақ, *Иванов*, *Сидоров* тәрізді сөз ішіндегі екпіндері түрлі орында келуіне сәйкес бірі *Иванов* (*-ов*), екіншісі *Сидырып* (*-ов*), *Иванова*, *Жекенова*, *Ильинская*, *Руденко*, *Моркович* т. т. жалқы есімдер түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінің де, түбір морфемасы есепті қабылданып, олар *стаханов-шы*, *челюскин-ші-лер*, *краснодон-дық-тар*, *Моркович-ше*, *Иванов-шы-ла-п* т. т. жұрнақ-жалғаулар қосылып қолданылуында агглютинациялық жүйе шеңберіне енеді. Орыс тіліндегі: *у Иванова*, *Ивановой*, *с Сидоровым*, *Сидоровой*, *о товарищах Руденко*, *Морковиче* т. т. парадигматикалық заңдылықтардан ештеме сақталмайды.

### 3. МОРФТАР — СӨЗФОРМАНЫҢ ЕҢ КІШІ ҚҰРЫЛЫМДЫ БӨЛІГІ

Көп ғасырлар өз ықпалын сақтап келе жатқан дәстүрлі зерттеу үшін грамматикалық категориялар негізгі роль атқарды. Сондықтан бұл салада жүргізілген зерттеулер қандай объектіні тандаса да, талдап, ғылыми нәтижелерін жазып, жарияласа да, белгілі бір категория деген межені негіз етті, соған сүйенді, өзге мәселелер соның айналасына топтасады. Бұл дәстүр әлі күнге жалғасып келеді. Ал, сол әрбір категорияға статус болған тілдік құбылысты единица деген нақтылық таным тұрғысында талдап та немесе жинақтап та ат қойып, арнайы зерттеуді меже тұтқан емес.

Тіл единицалары сөз бен сөйлем деп, сол екеуін қарсы қоя немесе бірімен бірін байланыстырып, өзге тілдік қасиеттерді осы екеуінің айналасына топтап, сондай-ақ солардан шығарып, әрі қарай таратып, салалап әкету әлі күнге дейін үзбей жүргізіліп келеді. Бұл — қазақ тіл білімі, қазақ тілі грамматикасына, қысқасы бәріне де ортақ. Сондықтан да «Лексика — сөздердің жиынтығы және соларды тексеретін сала; фонетика — сөздердің дыбыстық құрамы, соларды зерттейді, морфология — сөздердің тұлғалары мен сөз таптары жайлы бөлім» т. т. осы тәрізденіп, бәрі де сөзбен байланыстырыла береді. Нақтылы дәлел есепті қазақ тілі морфологиясының сөз тұлғаларын алуға болады. Мұндағы саралауларда сөздер:

1. белгілі тұтас мағына беруде сандарына қарай:
  - а) жалаң сөздер,
  - б) күрделі сөздер деп топтарға бөлінсе,
2. осылардың әрқайсысы іштей тағы да:
  - а) түбір сөз,
  - б) туынды сөз,
  - в) қос сөз,
  - г) біріккен сөз.
  - д) қысқарған сөз,
3. ал, қос сөздер болса:
  - а) қайталама қос сөздер,
  - б) қосарлама қос сөздер т. т. тұлғаларда;
4. мағыналық дербес болу, немесе дербес бола алмауы жағынан:
  - а) мағыналы сөздер,

б) жартылай мағыналы сөздер,

в) мағынасы жоқ сөздер тәрізденіп, үнемі сөз, сөздер дегендердің айтылып, қолданылуымен жалғаса береді.

«Сөздің құрылымдық типтеріне» арналған тақырыптың өзі «Қазіргі қазақ тілі» курсында морфеманы атай, түбір, аффикстерге бөле отырып, дағдылы дәстүрмен негізгі сөз және туынды сөз деп барып, аяқталады.

Қайткенде толығырақ қамту, сырына тереңірек үңілу, сөйтіп, тілдің структуралық құрылысы мен ол жөнінде жазылатын грамматиканы бір-біріне сай келтіру — қашан да лингвистердің күн тәртібінен түспейтін басты міндет, негізгі проблемасы болып саналады.

Осы үлкен міндеттерден келіп, жалпы тіл білімінің тәжірибесінде грамматиканың неше түрін жасап шығарып жүрген жағдай бар. Солардың ішінен қазақ тілі жөнінде білетіндеріміз: нормативті грамматика, сипаттама грамматика, салыстырмалы-тарихи грамматика, тарихи грамматика, салғастырмалы грамматика т. т.

Ал, шындығында, грамматиканың өзге де толып жатқан түрлері бар. Солардың бірсыпырасы, орыс тілі фактілері негізінде жазылды, жарық та көрді. Бұл салада туындатпалы грамматика, тасымалы грамматика, құранды, формальді т. т. атап өтуге болады. Бұлардан өзге де: доминациялық, операциялық, тексономикалық, генеративті, фенотивті, генотивті, контексті, контекстіз, универсальды, аймақтық, тәуелділік, сөздіктер грамматикасы т. т. грамматикалар толып жатыр. Міне осылардың бәріне де негіз болатын — грамматикалық единицалар. Жоғарыда санап өткен грамматиканың әр түрі единицаларға әр қырынан келіп тексереді. Сондықтан да тіл единицаларын арнайы зерттеу тіл білімінің басты проблемаларына жатады. Оның үстіне тіл деңгейлерінің іштей бір-бірімен тығыз байланысатындығы ескеріліп, диалектикалық материализм қағидалары тұрғысынан зерттеу қажет болады. Осы міндет тұрғысынан келіп, лексика мен грамматиканы, фонетика мен морфологияны, морфология мен синтаксисті т. т. байланыстыратын м о р ф е м а деген нақты грамматикалық единицаны жүйе есепті зерттеуді міндетімізге алдық.

Р. А. Будагов грамматика теориялары жайлы арнайы жазған мақаласында «толық мәнді», «жартылай мәнді», немесе «мәні жоқ», «мәнсіз» деп, сөздерді топтастыруда:

осы күнге дейін лексикаға бой ұрып келген тенденцияның бір жақты екеніне баса көңіл бөледі. Осының бәрінде де, өзге де осылар тәрізді жағдайларда ол единицалардың грамматикадағы мағыналары ескерілмей келе жатқандығын арнайы атап өтеді. Сөз біткендерді топтастыруда бұл сияқты принциптер — қазақ тіл біліміне де тән. Р. А. Будаговтың сөзімен айтқанда: сондықтан да грамматиканың теориясымен айналысушыға мағыналық категория дегенді тек лексикалық категория демей, грамматикалық та категория (оның морфологиялық та, синтаксистік те аспектілерін, бәрін қосқанда) деп түсіну керек»<sup>24</sup>, — дегенге саяды.

1960 жылдардың 2 жартысынан бері қарай жүйелілік әдісі басшылыққа алынып, тіл қасиеттерінің ішкі-сыртқы ерекшеліктеріне терең үңіле зерттеудің қарқынды жүргізілуімен байланысты: «тіл единицалары», «тіл деңгейлерінің единицалары», «тіл единицаларының деңгейаралық сипаты, өзара қарым-қатынасы» т. т. проблемалық мәселелер ғалымдар назарын аударды. Бас қосу, регионалды, бүкілодақтық айтыстар, белгілі ғылыми жинақтар, мақалалар (Библиографияны қараңыз) жариялана бастады.

Морфемамен байланысты Г. А. Климовтың «Фонема және морфема» атты кітапшасын атауға тиіспіз. Бұдан соңғы жетістіктер де өз алдарына бір биік белес бола алады. Сөз дегенге тиянақтаулар енгізіліп, оның үстіне сөзформа, сөз қолданыс, сондай-ақ морф, морфосема, алломорф т. б. атаулар келіп қосылды. Осылардың ішінен сөзформа морфологиялық единица<sup>25</sup>, сөз қолданыс<sup>26</sup> синтаксиске жатқызылды. Осылай әрқайсысы дараланып танылғанмен, А. С. Мельничук сөзформаны морфологиямен синтаксисті іштей өз ара байланыстыратын дәнекер есепті таныды. Тіл единицаларының мұндай ерекшелік ауыс-түйіс қатынасы — тіл деңгейлерінің көбінде кезде-

---

<sup>24</sup> Будагов Р. А. К теории грамматики и языковых контактов. — ВЯ, 1979, № 2, с. 16.

<sup>25</sup> Арутюнова Н. Д. О минимальной единице грамматической системы. — В кн.: ЕРУГСЯ..., с. 27—45; Мельничук А. С. Взаимодействие грамматических единиц различных уровней в рамках предложения. — Сонда, 161—176-б.

<sup>26</sup> Пан С. Количественный анализ словарной структуры некоторых русских текстов. — ВЯ, 1961, № 6; Материалы по математической лингвистике и машинному переводу. 2-е изд. МГУ., 1963.

сетін қасиеттерге жатады. Соған орай олардың тіркесу техникасы<sup>27</sup>, сатылану тәртібі<sup>28</sup>, бір-біріне әсері<sup>29</sup> т. т. зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ.

«Әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық единица» есепті танылған морфеманың соңғы жылдар ішінде тағы да үңіле зерттеуден барып, одан да кіші единицаларға бөліну ықтималдығы дәлелденді<sup>30</sup>. Соның нәтижесінде фонология мен грамматика, әсіресе оның морфология бөлімін бір-бірімен тікелей байланыстыратын морфонология<sup>31</sup> дейтін лингвистикалық ғылым саласы жарыққа келді.

Сөйтіп, аналитикалық құрылымдармен бірге сөзформа деген ғылыми атаудың тіл білімінен өз орнын алудан морфология мен синтаксис салаларының бір-біріне іштей ара қатынасы, байланысы, өз ара әсері нақтылана түссе, морфеманың морфтар мен субморфтар<sup>32</sup> немесе алломорфтар т. т. әрі қарай таралып, талдануынан фонетика мен фонологияның ақиқат сипаттары айқындалды. Былайша айтқанда тілге тән 4 деңгейдің айырмашылықтары мен ауыс-түйіс ара қатынасы ақиқаттықпен танылуға мүмкіндік туды. Тіл мазмұнын адекватты сипаттауға жақындата түсетін осындай ғылыми танымдар морфеманы объективті тануда да жүйелілік бағыт-бағдарды басшылыққа алып, синтездік әдіс негізінде зерттеудің қажет екенін анықтады.

Академик А. Т. Қайдаров өзінің соңғы еңбегінде\* бір буынды түбірлердің өзін түбір-негіз деп қосарлай атап, *кү+л*, *кү+й*, *кү+н* тәріздендіріп, тарихи тұрғыда оларды одан әрі де морфтарға бөлу мүмкіндігін дәлелдеді.

---

<sup>27</sup> Лешка О. Иерархия ярусов строя языка и их перекрывание. — В кн.: ЕРУГСЯ..., с. 20—27.

<sup>28</sup> Арутюнова Н. Д. Об иерархии лингвистических единиц. — Сонда, 291—299-б.

<sup>29</sup> Мельничук А. С. Взаимодействие..., — Сонда, 161—176-б.

<sup>30</sup> Арутюнова Н. Д. О минимальной единице грамматической системы. — В кн.: ЕРУГСЯ..., с. 27—45; Климов Г. А. Фонема и морфема. М., 1947.

<sup>31</sup> Макаев Э. А., Кубрякова Е. С. О статусе морфонологии и единицах ее описания; Чурганова В. Г. Очерк русской морфонологии. М., 1973, БСЭ; 3-е изд., т. 16, с. 607—608.

<sup>32</sup> Лопатин В. В. Русская словообразовательная морфемика. М., 1977, с. 41 т. б.

\* Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986, с. 11 т. б.

Түбірлерді ғана емес, бір-ақ аффикс деп жүрген қосымшаларды да тарихи тұрғыда таратып беріп жүрген ғалымдарымыз бар. Бұл бағытты негіздеп түркологияда қалыптастырған—академик А. Н. Кононов.

Қазақ тілі ғылыми курстарының өзінде, мәселен, «-ау, -еу жұрнақтары бір-еу, үш-еу, алты(ы)-ау тәрізді жинақтау сан есімін жасайды»,— деп баяндалатын бұл аффикстің арғы төркіні, -ағу (*bir-ägü, veş-agi*)<sup>33</sup> яғни құрамы күрделі болғандығы — ақиқат. *Ағу-дың-у (яд), зәһәр-дің — зәр, бігіз-дің — біз, еғар-дің — ер (ер-тоқым)* т. т. екі буындыдан бір-ақ буынды, соған сәйкес дыбыстық құрамдарының да қысқара икемделіп кетуі — күні бүгінге дейін жүзеге асып келе жатқан тілдік процесс. Сондықтан қолдарыңызға ұсынып отырған бұл шағын еңбекте морфемалар тарихын қамтудың мүмкіндігі болмады және ондай мақсат та қойған жоқпыз. «Морфемика» деген арнайы бөлім «Орыс грамматикасының» өзінде (1-том, 1980, 123—142-б): «Морфемиканың негізгі мазмұндары» есепті ғана бірінші рет беріліп отырғандықтан, қазақ тілі морфемалар жүйесіне арналған тұңғыш зерттеуімізді қазіргі қазақ тілі фактілеріне сүйеніп жүргіздік. Сөздің морфологиялық құрылымын арнайы зерттеген<sup>34</sup> де, белгілі жазба нұсқаларының тілінен алып, еңбек жариялаған<sup>35</sup> да, белгілі сөз таптары тұрғысынан егжей-тегжейлі ізденіс жүргізген де ғалымдарымыз<sup>36</sup> бар. Бұл еңбектерде сөз, сөз тұлғалары, морфема, аффикс, жұрнақ, жалғау, түбір т. т. мәселелер түрлі жағынан, түрлі дәрежеде зерттеу объектілері болды. Солардың қатарында осы кітаптың авторлары да бар. Сондықтан бұл қолдарыңыздағы жұмыста біз оларды қайталамау жағына бір көңіл бөлсек, екіншіден, тіл білімінің соңғы ширек ғасыр жетістіктерін басшылыққа алдық. Сөздің тілдегі әлеуметтік қызметінің нақты көрінісі сөзформаға сөйлеу процесі мен сөйлем, сөйлемшелер тұтас-

---

<sup>33</sup> Древнетюркский словарь. Л.; М., 1969, с. 97, 101 т. б.

<sup>34</sup> Усманов С. Суз ва униг морфологик структураси хақинда. Тошкент, 1957; Искаков А. И. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1964.

<sup>35</sup> Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Алматы, 1983.

<sup>36</sup> Ш. Ш. Сарыбаевтың «...библиографиялық көрсеткіштеріндегі» «Морфология» бөлімін қараңыз.

тығынан келіп, морфемалық талдау, теориялық тұжырымдауларды содан шығардық.

*Бала мектептен үйіне дейін жүгіріп отырып, тез жетті* деген сөйлемді алып, орындарын ауыстырып, мағынасын да, тілдің жатықтығы мен көркемдігін де бұзбай, тағы да төмендегіше 3—4 рет қайталап айтып шығуға болады: *Бала жүгіріп отырып, мектептен үйіне дейін тез жетті. Жүгіріп отырып бала мектептен үйіне дейін тез жетті. Мектептен бала үйіне дейін жүгіріп отырып тез жетті.*

Осы тәріздендіріп сөйлемдегі сөздердің орындарын ауыстырып қолданғанда, мына нәрселер анықталды:

а) Қара сөзді сөйлемде бастауыш (*бала*) баяндауыштан бұрын айтылады.

б) *Бала, мектептен, тез, жетті* дегендер — осы дара күйлерінде сөйлемнің дербес мүшелері;

в) *үйіне дейін, жүгіріп отырып* дегендер — екеу-екеуден жұбы жазылмайтын бүтіндер.

Сонда 8 сөзден құралған сөйлемде 6 дербес бүтін яғни 6 сөзформа бар. Осылардың төртеуі дара сөздерден, екеуі екі-екі сөздің аналитикалық тіркесінен жасалған. Осы сөзформалардың:

а) *бала, тез* деген екеуі — түбір морфема да,

б) *мектеп-тен, жет-ті* деген екеуі 2 морфемадан тұрады. Түбірлері — *мектеп, жет*; *-тен* — жалғау да, *-ті* өткен шақ жұрнақшасы. Сөйтіп бұлар да екі морфемадан;

в) *үй-і-н-е* дейін — күрделі аналитикалық бүтін: бірі негізгі морфема, ол — *үй*, екіншісі — *дейін* — көмекші морфема. Осы екі морфема барыс жалғауы арқылы және негізгі сыңарының бұрын, көмекшісінің одан соң келуімен бір күрделі бүтін яғни бұл да сөзформа болып тұр.

г) *жүгір-іп отыр-ып* — бұл да бүтін бір сөзформа, негізгі және көмекші етістіктерден тұрады, олардың екеуі де көсемше тұлғалы. Сондықтан сыңарларының әрқайсысы түбір морфема + жұрнақша дегендердің аналитикалық жолмен бүтінделуі арқылы жасалған.

Тілімізде мындаған, әрқайсысы әр түрлі сөйлем, сөйлемшелер бар. Монолог, диалог т. б. түрлері одан да көп. Сонда:— *Механикаландырылған ауыл шаруашылығы — табыс кілті*;— *Колхоздасқан ауылым сенің индустриялы қалаңнан қалыспайды*,— *Үй-іштеріңіз аман ба?*— *Шүкіршілік. Өздеріңіздегі жаңалықтарды естіп жатырмыз* т. б.

Құрылымдары сан түрлі сөзформалардан тұратын сөйлем, сөйлемшелер толып жатыр.

Морфема дегенмен қатарластырып, морф терминін де қолданамыз. Жоғарыда барыс септігіне, сондай-ақ *қап* (*ит қапты* дегендегі), *кітап* т. б. түбірлеріне байланысты осы екі терминді қатарластыра қолданудың нақты қандай айырмасы барына қысқаша тоқтап едік. «Орыс грамматикасында» (123, 125 т. б. беттер) бір морфеманың бір, екі, көп морфтары болуын негіздеп, нақты объекті сөз болғанда, оны морф деп атайды. Бұлай атау қазақ тілі үшін қосымшаларға әбден сайма-сай келеді. Түбірлерге де сай келетін жерлері аз емес, бірақ орыс тілі түбірлерімен бірдей деп айту қате болар еді. *Үй-і-н-е* дегенді нақтылай түскенде, *үй* — түбір морфема, ол осы сөзформаның лексика-грамматикалық тірегі, зат есім. Түбірден соңғы *-і* аффиксі морф, өйткені тәуелдік жалғауының 3-жағының морфемасы дегеннің өзінде оның: *-і, -ы (үй-і, қол-ы), -сі, -сы (іні-сі, аға-сы)* деген 4 түрлі морфы бар, бұлардың өзі екі түрлі морфонемалы құрылымды болып келеді. *Үй-ім-е, аға-сы-на* т. т. сөзформалар ең кіші мағыналы бөлшектерге морфтар тұрғысынан талданып, баяндалуы — қашан да тап сол объектінің нақтылығынан келіп шығады. *-ім* мен *-сы*, сондай-ақ *-е* мен *-на* т. т. айтсақ та морфема дегеннен көрі морфтар деп тану, қай морфеманың морфтары деп адекватты атауымызға да бірден-бір мүмкіндік береді.



## ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МОРФЕМАЛАР

### 1. ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Лексика мен грамматика тұтастығы тұрғысынан алып, таза грамматика дегенге ауыспаған жағдайда жалпы тіл білімінің дәстүрі бойынша ең кіші морфема, сөздің мағыналы түпкі бөлшегі түбір деп есептеледі.

Сөзжасамның толып жатқан амал-тәсілдеріне ұшырамаған, яғни оларды мағыналы екі я үш морфемаға бөлуге келмейтін, мыс.: зат есімнен: *бала, қыз, орман, сиыр, мектеп, қала, тау, өзен, ғылым* т. б., сын есімнен: *ақ, көк, жаңа, әдемі, жаман, алыс* т. т., сан есімнен: *бір, үш, он*; есімдіктен: *мен, сен, ол, өз*; етістіктен: *ер, кеш, отыр, жүгір* т. т. осы тәрізділер түбір морфемаға жатады. Басқа сөз таптары, еліктеуіш, одағай, үстеу, шылау сөздерден де түбірлер тобын одан әрі толтыра беруге болады. Бұлар грамматика, оқулықтар мен зерттеулерде түбір сөздер делінеді.

Түбір сөз деп тану, солай атау — бір қарағанда, дұрыс. Бұл түбірдің практикалық мәніне сай келеді, коммуникативті функциясымен де үйлеседі. Өйткені қай түбірді алсақ та, мысалы: *тон, тоң, көш, жүз, хақ, ет, ал, сал* т. б. толып жатқан морфемалардың лексема сөз екені — хақ. Осылар т. б. жеке-дара алып, *жүз* деген етістік немесе *бет* мәніндегі зат есім, 99-дан біреуі артық сан есім *жүз* (100) бе? дегенге келгенде, оларды контекссіз нақты айтып, дәл тануға болмайтындар да жиі ұшырайды. Акад. И. И. Мещанинов айтқандай, синтаксистік қолданыстың сөз таптарын нақтылай түсуде ерекше орны бар<sup>1</sup> екеніне және сөзформаға негізделудің де ғылыми дәйектілігіне көз жетеді.

---

<sup>1</sup> Мещанинов И. И. Члены предложения и части речи. М.; Л., 1975, с. 201—202.

Синкретикалықтың бір буынды түбірлерге<sup>2</sup> тән болып келетіні сияқты омонимдік пен омоформалық негізгі түбірлермен қатар туынды түбірлерге де, сондай-ақ жұрнақтылар мен жұрнақша, жалғаулы сөзформалар арасында да аз кездеспейді. *Жиырма адам* мен *маңдайыңды жиырма* дегендерді алсақ, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан 20 сөзі — негізгі түбір, ал етістік болса, *жиыр-ма* болып, түбір — жұрнақ — жұрнақша деген үш морфемадан тұрады. *Оқушы*: а) зат есім түрінде: *оқы-у-шы* дегенде түбірден соңғының екеуі де жұрнақ, б) етістік (*мына хатты оқушы ма едің?*) түрінде алдыңғысы — түбір де, соңғылары — жұрнақшалар. Әрі қарай талдай берсек, бұлар лексика-грамматикалық қана емес, таза грамматикалық деңгейлерде де бір-бірінен ерекшеленеді. Осындай адекватты тануымызда олардың функционалды яғни динамикалық жағдайлары шешуші роль атқарады. Бұл жақтарына келгенде де сөзден сөзформаның, морфемадан морфтың осындай қызметтік қасиеттері зерттеушіні көздеген мақсатқа бір табан жақындатады. Тақырыбымызды лексика-грамматикалық деп тұтас алуымыз да осыдан.

Түркі тілдері, сондай-ақ қазақ тілі, грамматикаларында морфология мен синтаксистен ғана тұратынына қарамай, фонетика мен лексика да қамтылады. 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі», мектеп оқулықтары т. б.— осылай. Сөйте тұра ол салалардың өзара байланыста танылуға тиіс объектілерінің өзі жеке-дара зерттеліп сипатталады. Лексика мен грамматиканы бірлестіріп барып танылуға тиістілерге түбір морфемалар мен жұрнақтар яғни сөзжасам жүйесі жатады. Ол жөнінде акад. В. В. Виноградовтың теориялық тұжырымдаулары да бар. Соған қарамай, дайын модельдермен пайда болған туынды сөздер туынды түбірлер (қос сөз, біріккен сөз т. б. енеді) лексиканың объектісі делінеді де, жасалу жылдары морфологияға жатқызылады. Түрколог ірі ғалымдарымыз да, соларға ұқсап қазақ тілі мамандары да тілдің деңгейлерінің сала-салаларына аналитикалық тұрғыдан келеді. А. Н. Кононов өзінің өзбек әдеби тілі грамматикасында, Э. В. Севортян азербайжан тілі туын-

---

<sup>2</sup> *Кажобеков Е. З.* Тюркский лексико-грамматический синкретизм односложных корней. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1981. 30 с.

ды түбір есімдеріне арналған монографиясында морфологиялық көрсеткіштері (жалғаулары) жоқтарды лексикаға теліп, сол бөлімнің объектісі дейді. Өзге тілден енген элементтерді де осылай тұжырымдайды. Формальдық тұлғалылар ғана морфологияның объектісі деп, бұл соңғыларды лексикадан бөліп тастайды. Проф. А. Ысқақовтың теориялық тұжырымдаулары да осыған саяды. Автор: етік, ауыл, ұлтан, бет, жар, от, шық т. т. түбірлер деп есептеп, грамматикалық аспектіде оларды «жалаңаш», «жамылышы» жоқ дейді де, лексикаға теліді<sup>3</sup>.

Ал, шын мәнісіне келсек, тап осы келтірілген және осылар тәрізді жүздеген негізгі түбірлер де, әлденеше мыңдаған туынды түбірлер де қазақ тілінде дербес лексикалық единица болумен бірге олар — сөзформаларға жатады. *Етік — аяқкиім; Анау көрінген — біздің ауыл. От жанды; үйден әуелі сен шық* т. т. *аналу, аяқкиім, ауыл, от, шық* дегендер ешбір жалғауларсыз-ақ сөйлем, сөйлемшелерде сөйлем мүшелері болып, өзге сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп тұр. Сондықтан бұлар түбір сондарына арнайы жалғаулар қосылмағанның өзінде әрбір түбір морфема өзі телінетін сөз табына сәйкес нольдік морфемалы сөзформа болып саналады. *Үйден сен шық* дегендегі етістік — *шық*: а) бұйрық райда, б) 2-жаққа, в) анайы түрде қаратыла, г) жекешеді алломорфты қызмет атқарады. Бұл сияқты нольдік морфемалы морфологиялық қасиет — етістік түбірлері ғана емес, есім сөздердің бәріне де тән. Бірақ, әр сөз табының, әсіресе есімдер тобы мен етістіктердің өзді-өзі білдіретін полиморфосемалық ерекшеліктері бар.

Проф. А. Ысқақовтың жетекшілігімен әрі жауапты редакторлығымен Тіл білімі институты лексикография бөлімінің ғылыми қызметкерлері том-томымен (2 томдық, 10 томдық Түсіндірме сөздіктері, «Абай тілі сөздігі» т. т.) шығарып жатқан мол қазынамыздың өзі біз айтып өткен құбылысты дәлелдейді. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, реестр сөздер — лексикалық единицалар, екіншіден, әрқайсысы нақты сөз табының біріне телінеді, сондықтан: 1. *Ақ сын.*, 2. *Ақ ет.*, *Ақ шыл.* (1-том, 126—137-б.) т. т. осы түрлерде белгіленген. Үшіншіден, әр реестр сөздің қанша тура мағынасы, қанша ауыспалы, сон-

---

<sup>3</sup> *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 5—6-б.

дай-ақ, идиома, фразалық мағыналары болса да, олар үнемі сөйлем, сөйлемшелерде яғни сөзформалар түрлерінде мысалдармен берілген. Сөйтіп лексика-грамматикалық тұтастық нақты көрінісін тапқан.

Осы т. б. сөздіктердің реестр сөздерін морфемалық (морфтық та) талдау тұрғысынан мейлі түбір сөз, жұрнақты туынды сөздер, олардың жұрнақшалы түрлерінің өздері де — түгелімен морфемалардың лексика-грамматикалық типтерін қамтиды. Реестр сөздерді атауымыздың тағы бір басты себебі, оларда үстеулерге жататын: ақырында (*а. іс бітті*), *түні-мен, кеш-ке, бос-қа, ептеп-септеп, қыс-ы-жаз-ы, күн-де* (*күнде келеді*) т. т. жұрнақшалы, жалғаулы тұлғалылар болмаса, өзгелерінің бәрі — ноль морфемалы негізгі және туынды түбірлерді қамтиды. Біз бұларды ілкі сөзформа деп атаймыз. Өйткені, *мал, қой* зат есімдері, олардың омонимдері етістіктер болсын, сондай-ақ, *мал-шы, мал-шы-лық, мал-сыздық, мал-ын* (*суға малын, малынып киінген*) т. т. осы қалыптарында ілкі сөзформа болады да, өзге ондаған, одан да көп тағы да жұрнақтар, жұрнақшалар, сондай-ақ жалғаулар да қосылып, туынды түбірлер яғни сөзформалардың 3—4 тактілі нольдік морфема түрлерін жасайды. Лексика-грамматикалық морфемалар дегенде, оларды:

а) дербестігі бар морфемалар деп бір топтап, бұларға түбір морфемаларды жатқызамыз.

б) Дербестігі жоқ морфемалар деп екінші топтайтындарымызға өзге морфемалар да қосылып дербестенетін түбір — негіздер мен жұрнақтар жатады. Бұл арадағы жұрнақтар дейтініміз — қазақ тілі грамматика, оқулықтарындағы сөз жасайтындар (тудыратындар) деп топталып жүргендер.

в) Форма тудыратындар яғни жұрнақшалар лексика-грамматикалықтар мен грамматикалық морфемалардың аралығында тұрады. Сондықтан орнына қарай бұлар да лексика-грамматикалық тұтастықта танылатындардың қатарында сөз болады. Оны туынды түбірлердің морфтық құрылымды типтерінен анық көреміз.

## 2. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ДЕРБЕС МОРФЕМАЛАР

Бұған негізгі түбірлер жатады. Бұл топта қаралатын морфемалар — осы қалыптарында лексикалық единица да, синтаксистік ең кіші мағыналы бүтін сөзформалар да болып танылатындар.

Ал, бір буынды түбірлерге келсек, оларды қазіргі қазақ тілі тұрғысынан тану бар да, тарихи аспектіде талдау тағы бар. Соңғысымен байланысты біздің де өз пікіріміз бар. Ол жөнінде А. Зайончковский, Б. М. Юнусалиев т. б. түркологтардан өзгеше бағыт-бағдар тұтатынымыз да белгілі<sup>4</sup>. Әлі де айтарымыз: қазіргі түбір морфемалардың да, қосымша морфемалардың да архетиптері фонематикалық құрамы мен саны жағынан негізінде қазіргілерден көлемдірек болғаны хақ. *Алып кел, алып бар, алып кет*, сондай-ақ: *солай ет, олай етіп, айта салып, қарай қалып, сен болып, мен болып, бар-ған-мын; бар-ма-й-мын* т. т.-лардың: *әкел, апар, әпер, әкет*, сондай-ақ: *сөйт, өйт, айта сап, қарай қап, сен боп, о ғып-бұ ғып, барғам, бармайым, барман* т. т. қысқарып үнемделуге икемділігі біздің пікірімізді дәлелдейді. Оның үстіне қазіргі қазақ тіліндегі көптеген бір, екі буынды сөздер, тіпті бір-ақ фонемалы, бір-ақ буынды қосымшалардың өзі тарихи ескерткіштерде, кейбір қазіргі туыс тілдердің өзінде құрылымдары — әлдеқайда күрделі. Мыналарды салыстырыңыз: батыр ~ бахадур, сен (*сөзіме сен*) < ишон, нан (*маған наныңыз*) ~ инон; біз (*бізіңді бер*) ~ бигиз, зэр ~ захар, -мен (*тілмен*) ~ билон < бирлән т. т. *Барсаң игі еді* (*барса < бағір + сағ*) дегенді *барсайды, барсаңшы ~ барсайшы* т. т. ықшамдала береді. *Менің* дегеннің өзінде де, *мен-нен* пайда болған *-мен < -мын, -бын, -пін...* тәрізділердің *бара-м, барса-м* болып кетуі де бұған дәлел. Ол дегеннен: *о-лар, о-ны, о-ған* т. т.-лармен қатар *сон-дай* тәрізденіп *о-лай* болуының өзі, сондай-ақ *олай ет* дегеннен үш-ақ дыбысты *өйт* болып қалыпташып кеткендігі сөз тіршілігінің тарихынан дәлелдеуді керек етпейтін деректерге жатады.

Қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде, олардың орфоэпиялық нормаларында *р* дыбысының: *аңлаңла* (*аңлаңлар* дегеннен), *қиқ* (*қирқ — 40*), *ортақла* (*ортақлар*), *билла* (*бирла*), *бизза, биззага* (*бизлар, бизларга*) көп жағдайларда түсіріліп айтылуы — ол тілдер үшін заңдылық. Осыларды негіздеп, акад. А. Н. Кононовтің: *-ла* дегеннің өзі көптік жалғауы, оған тағы да *-р* көптік жалғауы үстеліп, *-лар* (2 рет көпше) болып кеткен», — дегенге саятын теориялық топшылауы осылардан барып жасалған.

<sup>4</sup> Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 69—73-б.

Әрине, бұл тәрізді түбірлерге де, аффикстерге де тарихи тұрғыда ғана, оның өзінде бірді-екілі фактілер емес, қолға түскен жазба нұсқалар емес, телегей теңіздей неше ғасырлық жазба ескерткіштерінің тіліне сүйеніп барып түбегейлі тұжырым жасауға болады.

Сөздің ішінде әсіресе бір буындыларды арнайы зерттеп, қазақ тілі тұрғысынан ғана емес, түркі тілдерін тұтас қамтып, тіліне тиек етіп жүрген Ә. Т. Қайдаров<sup>5</sup> Е. З. Қажыбеков<sup>6</sup> т. б. түбір деп дара алмай, түбір-негіз (корень-основа) деп, екі терминді қосарлап тұтастыра қолданады. *Кү-й* мен *кү-н*, *кү-л*, *то-й* мен *то-қ*, *кө-з* бен *кө-р*, *жа-н* мен *жа-қ*, *уа-н* мен *уа-т* т. т. көптеген түбірлес және синкретикалық тілдік фактілер ғалымдардың осылай атауына тарихи дәлел де болады. Біз болсақ, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан келеміз де *күн*, *күл*, *күй*, *той*, *тоқ*, *же*, *айт*, *де*, *кел*, *кет* т. т. бір буындыларды, *оян*, *оят*, *жұбан*, *жұбат*; *кітап*, *мұғалім*, *октябрь*, *революция*, *комсомол* т. б. жүздеген, мыңдаған лексикалық единицаларды түбір сөздер яғни түбір морфема дегенге саямыз. Өйткені олар одан әрі мағыналы кіші бөлшектерге бөлінбейді. Мыс: *революционер*, *дезинфекция*, *ахуал*, *ахбарат*, *халайық* т. б. Бұларға қарағанда, *маркс-ист*, *маркс-изм*, *ленин-изм*, *трактор-ист*, *модел-ист* тәрізділердің жөні бөлек. Өйткені олардың *Маркс*, *Ленин*, *трактор*, *модель*, *комбайн*, *колхоз* т. т. түбірлер екені айдан анық танымал болып тұр. Рас, өз ана тіліндей болып кеткен орыс тілінен енген сөздердің морфологиялық құрылымдары — қазіргі қазақтардың басым көпшілігіне танық. Соның өзінде *революционный*, *милицейский*, *социалистический*, *реакционный* т. б. сын есімдерді *революция*, *милиция*, *социалист*, *реакция* сияқтандырып, қазақ тілі үшін түбір деп тануға келетін қалыпқа салып аламыз да, оларға қатыстық сын есім жұрнақтарын қосып: *революция-лық*, *революция-шыл*, *милиция* немесе *милиция-лық*, *социалист (т)-тік*, *реакция-шыл*, *реакция-лық* т. т. туынды түбірлер жасаймыз.

Қазақ тіл білімінде көңілге қонымды, тілге орамды туынды түбір дегенді орысшаласақ, производный корень

---

<sup>5</sup> *Қайдаров А. Т.* Из опыта этимологического исследования односложных основ в тюркских языках. — В сб.: Лексика и морфология тюркских языков. Новосибирск, 1982, с. 3—14.

<sup>6</sup> *Қажыбеков Е. З.* Аталған еңбек.

болып шығады. Ал орыс тілінде ондай термин жоқ. Олар основа слова немесе производная основа дейді. Біздіңше түбір деп түсінетініміз соңғы сөзбен байланыстырып айтқанда, неппроизводная основа дегенге сай келеді. Осы жоғарыда айтып өткендердің аударғанда, баламалары дәлме-дәл келіп тұрғандары да, келе қоймайтындары да типологиялық түрлі тілдер русистика мен қазақ лингвистикасы тұрғысынан парапар бірдей болып шықпайды. Орыс тілі (өзге индоевропа тілдері) үшін қолданылатын корень слова, основа слова, сондай-ақ суффикс, окончание дегендер, префиксті қоспағанның өзінде тап осы қалыптарында қазақ тілі фактілерімен сайма-сай емес. Мәселен, *книг-а* — кітап. Орыс тілінде: *книг-е, книг, книг-у, книг-ой* тағы басқалармен қатар *кни-ж-ный* сияктанып қосымшаланудың алуан түрі бар. Қазақ тілінде болса, *кітап* > *кіта-б-ы* деп, тәуелденгеннен өзге жердің бәрінде т. т. жүздеген сөздеріміз қосымшалар қосу былай тұрсын, қос сөз, біріккен сөз, күрделі сөз т. т. құрылымдық құбылуларда да сол бастапқы түр-тұрпатында қалады. Бұдан ауытқитын санаулы сөздер де бар. Олар — түбір соңы *қ, к, п* қатан дауыссыз дыбыстарға біткен: *ақ, жақ, кек, төк, кеп, қап, тап* т. т. Бұлардан басқа *едірей* мен *ежірей, күжірей* мен *күдірей, бедірей* мен *безірей, бүкши* мен *бүгжи, ақырай, ажырай, адырай* мен *ажырай, кекши-кегжи* т. т. морфонемалық варианты түрлерде кездеседі. Соңғы мысалдарға қарағанда, морфонемалық жұп құрайтын (*а, е, ы, і*) дауыстылармен қатар дауыссыздардың да саны — қазақ тіл білімінде айтып жүргендегіден әлдеқайда көп.

Осы қысқаша атап өткендер және морфонологияға байланысты арнайы баяндалатындарды ескеріп, топтап келгенде, түбір, негіз деген терминдерді қазақ тілі топырағына сәйкестендіре қолдану қажет болады.

Түбір деп жалаң айтқанда, бұл термин негізгі түбірдің де баламасы есепті қолданылады. Негіз деген — ең алдымен туынды түбірдің баламасы. Оның үстіне ноль көрсеткішті сөзформаға да балама болады. Бұл соңғы екеуінің сәйкес келетін де, кейде мүлдем сәйкестенбейтін де жерлері бар. Мысалы, мына төмендегілер нольдік көрсеткішті сөзформалар:

1. *же, де, ол, бол, сал, соқ, үн, шаңқ, тарс* т. т. бір буынды түбірлер; 2. *тона, жүгір, бала, әке, шеше, іңгә*

т. т. екі буынды түбірлер; 3. *мұғалім, эволюция, математика* т. т. көп буынды түбірлер; 4. *же-м, ер-т, жыр-т*, т. т. бір буынды туынды түбірлер; 5. *көп-ір, көб-ік, же-бір, шом-ыл* т. т. екі буынды туынды түбірлер; 6. *секір-ші, жүр-іңкіре, тапжыл-ма* т. т. 7. *өлген-жіткен; көп-көрім; үйме-үй* т. т. 8. *СССР, ауатком, ҚазПИ, комсомол* т. т. 9. *Ұр да жық, дем ал, бас сал, тыңдай көр, сөйлей ал* т. т.

Бұл арада нольдік көрсеткішті сөзформа деп санап өткендеріміз осы тоғыз топпен шектелмейді.

«Орыс грамматикасында» (1-том, 123—133-б.) морфемалар жүйесін өз алдына морфемика деп ат қойып, бөлім етіп бергенде, сөзформадан алып барып, одан әрі морфеманы морфтар жүйесі етіп талдайды. Осы бағыт-бағдарды біз түгелімен қостаймыз. Өйткені бұл жүйелілік қазақ тілі морфемалары мен морфтарын талдап танауда да объектілігімен үйлеседі.

Сөзформаның морфтық құрылымды типтерін нақтылай көрсетпек болып отырған бұл бөлімде морфема демеі, морф деуіміздің бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұлай атау — тап сол сөздің функционалды нақтылығынан келіп шығады. Екіншіден, зерттеуіміз қазіргі қазақ тілі фактілері тұрғысынан жүргізілгендіктен де, *үй-де, дала-да, қап-та*, сондай-ақ: *үй-ле-н, қара-ла, сөй-ле* (салыст.: *сөз-лә* т. т.) тәрізденіп, бір түбірге жалғаулар мен жұрнақтар қосылғанда, түбірлерінің бір екеніне қарамай, *үй-ле-н, үй-де* (-ле-н және -де) болып, жұрнақ -ле, жалғау -де тәрізденіп, морфонологиялық ерекшеліктермен қосылады. *Қара-ла, дала-да* т. т. да осылар секілді. Үшіншіден, түбір яғни түбір морфема деп қарайтындарымыздың өзі мейлі: *көр* мен *көз*, *семір* мен *семіз*, сондай-ақ: *қап* (ит *қап-ты*) *қаб-* (ит *қаб-а-ды*), *қау-* (ит *қау-ып алды*) т. т. осылар тәрізді морфты варианттары бар екендігі ескеріледі.

Төртіншіден, «өзге тілден (орыс тілінен де) ауысқандар күрделі элементтерден тұрса да, бір-ақ морфема есепті қабылданады», — деген қағиданың: *би-мәлім* (*мәлім-сіз*), *бей-дауа* (*дауа-сыз*), *бей-қам* (*қам-да-н-у*), *жағдай-ат* (*жағдай-лар-ы*), *ленин-шіл*, *модель-ші*, *корреспондент-мүше* т. б. морфемалық ара жіктері нақты көрініп тұрады.

Қазіргі тілімізде орыс тілі морфемаларының қазақша баламалары бары: теледидар, автотіркес, авиамодель-ші



т. т. аударылып та, телевидение, авиамодел-ист т. т. күйінде тұтас алынып жүрген де жағдай бар. Морфемалық құрылымдары тиянақталу үстінде жүрген бұлардан басқа да көптеген тілдік құбылыстар бар. Қазақ тілінің өзінде ертеден қолданылып келе жатқан морфемаларға, сөзформаның морфтық құрылымына қайта үңіліп, жұмыс-шы дегеннен жұмыс-кер, көр-у-шіден көрермен т. т. тиянақтаулар да жүріп жатады. Морфемалық құрылымдары күрделі бұл сөздер орыс тілі лексикондарына балама есепті дербестігі бар лексика-грамматикалық морфемалар мен ондай дербестігі жоқ жұрнақтардың қосындысынан синтетикалық жолмен жасалған. Сондықтан сөз тудыратын жұрнақтар да лексика-грамматикалық морфемалар тобына жатады. Көптеген дербестігі жоқ түбір морфемалар (көне түбірлер) жұрнақтар мен жұрнақшалар, кейде тіпті жалғаулар қосылып барып қана дербес сөз болып қолданылады. *Алды-артына қарамай, етпетінен түсті, зорға келді, бірден түсінді, саған бола, үйді-үйіне* т. т. осы жалғаулы түрлерінде коммуникативті дербестікке ие болады.

Қазақ тілінде *-ши, -жи, сондай-ақ, -ырай, -ірей* т. т. жұрнақтар бар. Жұрнақ болған соң-ақ бұлар дербес лексикалық-грамматикалық морфемаға жатпайды. Ал, енді осылар қосылып қолданылатын түбірлерге келейік. Олар да тап осылар сияқты. Осы сияқтылардың екеуі қосылып: *бағ-жи, қу-ши, кег-жи, од-ырай, ож-ырай, сондай-ақ, том-ни, сүм-ірей, ад-ыраңда, од-ыраңда* т. т... адамның психологиялық небір құбылу процестерін дәлме-дәл бере алатын етістіктер жасайды. Осылардағы *бақ, бағ-, од-, ож-, бүк-, бүг, -ақ, аж-* т. т. түбір деп тануымызда *-ырай, -ірей, -жи, -ши* аффикстері белгілі роль атқарады. Сондықтан бұл арада түбір деп танылатындар осы жұрнақтарынсыз өз беттерімен сөзформа да, сөз де бола алмайды яғни жоғарыдағы түбірлер сияқты емес, жұрнақтарсыз дербестіктері жоқ.

*Бас* деген де, *қол* деген де — түбір морфемалар, дербес лексикалық единицалар және әрқайсысы сөйлемде сөзформа да болып қызмет ете алады. Соған қарамай, осылардан жасалған *қолбасшы* сөзі *-шы* жұрнағынсыз *қолбас* күйінде әскербасы деген мағынаны бере алмайды. Өйткені *қол* деген сыңары *бас-шы*-мен бірігіп отыр. *Бесжылдық та солай. Бес-жылдық, халық-аралық* т. т.

Олай болса, синтетикалық, аналитикалық туынды сөздердің басым көпшілігінде құрылымдардағы түбірлер қандай роль атқарса, қосымшалары да (жұрнақтары) сондай қызметте болады. *Жол басшы* дегенді екінші сөзбен *жол бас-та-у-шы* деуге де болар. Осы жердегі лексика-семантикалық мағынаны бұл сөздерге жұрнақ қоспайынша түбір сөзбен беру мүмкін емес. Олай болса, құрылымдары екі, үш, одан да көп морфемадан тұратын лексика-грамматикалық бүтіндерде (ондайлар тілде омындап саналады) түбір-негіз немесе негіздер дейік, түптеп келгенде, лексика-грамматикалық дербестігі жоқ морфемалардың қосылуымен ғана коммуникативті функциялық деңгейде танылатындар тобына қосылады. *Қолыбасы* (*қолы-басыңды жу*) деген мен *қолбасшы* дегенді салыстыру арқылы да бұған көз жетеді. Алғашқыда тәуелдеулі тұлғада қосарланса, соңғыда *-шы* жұрнақты бас сөзімен біріккен. Сондықтан біз алда: «Дербестігі жоқ лексика-грамматикалық морфемалар» деп, тақырып қойып, арнайы баяндауымызда, жұрнақ, жұрнақшаларды, орнына қарай жалғауларды да негізге аламыз да, қайткенде олар қосылатын түпкі бүтін бар екенін естен шығармаймыз. Ал, түпкі бүтін түбір морфема ма немесе белгілі морфеманың морфтары ма әлде құрамдары апайқын морфемалардан тұратын туынды түбірлер ме, ол жағын нақтылай түсу мақсатымен көрнекілеп көрсетуді көздедік.

### 3. ДЕРБЕСТІГІ ЖОҚ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МОРФЕМАЛАР

**А. Түбір морфемалы сөзформалар.** 1. Түбір яғни негізгі түбір, мектеп грамматикаларында түбір сөздер деп танылатын дербестігі бар морфемаларды *t* деп белгілейміз. Сонда: *тау, тас, ағаш, адам, жапырақ, көкірек, құлын, бие, бұзау, комбайн, самолет, тепловоз, коммунизм, революция, контрреволюция, неокOLONиализм, дезинфекция* т. т.—бәрі де *t* деп, графикалы бір-ақ шартты белгімен таңбалаынады. Біздің алда жұрнақ, жұрнақшалардың лексика-грамматикалық морфемалар екенін нақты мысалдармен талдап, нақтылай көрсететін әрбір сөзформада түбірлердің  $t_0, t_0, t_{-1}, t_n, t_0, t$  сияқты өзгеше де таңбалары бар. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан бұлар-

дың да көпшілігінің лексика-грамматикалық дербестігі жоқ. Олардың толық қанды сөз болып, коммуникативті қызмет атқаруы өздерінен соң қосылатын жұрнақ, жұрнақшаларға, кейде тіпті жалғауларға да байланысты. Ондай түбірлерді де «дербестігі жоқ» деген топта тиянақтай түсуіміздің принциптік қайшылығы жоқ.

2. *Қыз-ар, қыз-ыл, ұз-а, ұз-ым, ұз-ар, ұз-ай* т. т. белгілі жұрнақтармен ғана яғни түбір-негіз түрінде лексика-грамматикалық дербестікке ие болатын сөздеріміз көп. Ол тәрізді түбір-негіз түріндегілерді шартты түрде  $t_n$  деп белгілейміз.

3. *Асып-сасып* дегендегі *ас-ып* көсемше тұлғалы, сыңары дербес айтылғанда, *ас-ық (асығып, асықты...)* деген туынды түбір қалпында қолданылады. Бұл жағдай *алд-, аст-, үст-* т. т. басқаларға да тан. Мұндайларды  $t_0$  деп, нақтылауға тура келеді.

4. Русь сөзінің орыс болып, протезаға ұшырауы өзге тілдерден ауысқан сөздерде баршылық. Оған қарамай,  $t$  таңбасы алынады.

5. *Социалист, коммунист, класс, грамм* т. т. атау тұлғаларында түбір соңындағы екі дауыссыз дыбыс күйінде, қосымшаланғанда: коммунист- (т)-тік, клас(-с)-қа тәрізденіп соңғы бір дауыссызы түсіп қолданылады. Сондықтан мұндайларды  $t_{-1}$  деп, келтірілген мысалдарды:  $t_{-1}\phi$ ,  $t_{-1}l$  т. т. шартты таңбалаймыз. *Поезд, съезд* т. т. *поезд(-д)-ға, съезд(-д)-ге, съезд(-д)-і* т. т. да  $t_{-1}l$ ,  $t_{-1}l$  түрінде көрнекіленеді.

6. *Әкел, апар, әпер, әкет* тәрізділердің: *алып кел, алып бар, алып бер, алып кет* деген аналитикалық комплекстен қысқарғаны айтылып, жазылып жүр. Осылардағы *ә* екі морфемадан (*ал және ып*) ықшамдалған. Сондықтан оны бір-ақ таңба деп белгілейміз. *Өйт (<олай ет), сөйт (<солай ет), қайт (<қалай ет), бұйт (<бұлай ет)* — күрделі құрамдылар. Бұларда соңғы компонент — ет көмекшісі. Алдыңғы түбірлерін де, ықшамдалған соңғысын да  $t$  деп таңбалаймыз. Сонда: *әпер-ді, апар-ған, әкет-ін* т. т. сөзформаларда бұларды  $t^{\wedge}tc$  деп, бір-ақ түрде таңбалаймыз. *Қайт-кен, сөйт-ін, өйт-кен-ше* дегендер болса, алдыңғы екеуі  $t^{\wedge}+t^{\wedge}c$  соңғысы  $t^{\wedge}+t^{\wedge}cc$  түрінде көрнекіленеді.

7. Мұның керісінше, *акт-і-ле, конспект-іле* т. т. пост-

позициялық протеза (р) түрінде әрі қарай септелетіндер де бар. Бұларды *trç* деп, құрамдарының бірдей болуынан бір-ақ түрде таңбалаймыз.

8. Сөз жасайтын жұрнақтар *ç* делініп, мына туынды түбірлердің әрқайсысы: *бас-та—tç*, *бас-шы-лық—tçç* *бас-та-у-ыш — tçç* т. т. тұрғыда көрнекіленеді.

9. Форма тудырады, олар да жұрнақ деп келгендерді жұрнақша деп, соңғы *-ша* аффиксімен даралануын негіздей отырып, шартты белгісін *s* түрінде таңбалауды дұрыс көрдік. Сонда: *оқу—t<sub>-1</sub>s*, *бару—ts*, *көр-мек-піз—tçl* т. т. формалданады. *Оқу < оқы + у t<sub>-1</sub>s* екенін ескеріп, *t<sub>-1</sub>* дегенмен таңбаладық.

10. Қос сөз, біріккен сөздерді, олардың сан алуан құрылымды типтерінің аражіктері дефис (-) және қосу белгісімен көрсетіледі де, өзгелері жоғарыдағыларша таңбаланды. Мыс.: *әке-шеше*, *гу-гу*, *таулы-тасты*, *бір-бірлеп*, *көзілдірік*, *шаңсорғыш* тәрізділер: *t-t tç-tç*, *t-tçç*; *t+tçç*, *t+tç* түрлерінде таңбаланады. Соңғы *шаңсорғыш* біріккен сөздегі *-ғыш* жұрнағын *айтқыш болсаң, айта ғой, келгіштеп кетті, жылағыш* тәрізділердегі кез келген етістікке қосыла беретін жұрнақшалардан ажыратып тануға тиіспіз.

11. *Халық*, *құлық* т. б. сөздер осы атау тұлғаларында, сондай-ақ: *халық-шыл*, *халық-қа* т. т. түбірлері толық сақталатындықтан, № 1 пункттағыдай *t* деп таңбаланса,

тәуелденгенде:  $\text{халық} \begin{matrix} / -\text{ЫМ} \\ + -\text{ЫҢ} \\ \backslash -\text{Ы} \end{matrix} > \text{халқ-ым, халқ-ың.}$

*халқ-ымыз*; *құлқ-ың*, *құлқ-ы* түрлерінде түбірдің соңғы буынындағы *ы*, *і* (*көрк-іңіз*, *мүлк-іміз*) дыбыстары түсіп, ықшамдалады. Сондықтан мұндай құбылысты (тәуелдеулі: *көріктер-іңіз*, *халық-тар-ымыз* т. б.) *t<sub>ө</sub>* деп таңбалаймыз. Мыс: *хал-(ы)-қ-ым*, *құл(ы)қ-ың-ыз*, *көр(і)-к-і* дегендер: *t<sub>өл</sub>*, *t<sub>өлл</sub>*, *t<sub>өл</sub>* болып көрнекіленеді.

12. Көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларын бір-ақ таңбамен, оның өзінде *l* деп белгілейміз. Өйткені қосымшалардың барлық түрі сөз соңына қосылады. Жұрнақшаны *s*, жалғауды *l* деуіміз де бұларды жұрнақтан (*ç*) ажыратып тану қажеттігінен келіп шығады. Бала-лар — *tl*, егінші-ге — *tççl* т. т.

13. Сөзформалар түбірден соң жұрнақ қана емес, жұрнақша, жалғаулар қосылып барып: *үй-де-гі*, *әл-ім-ше*

(өз әлімше), көр-сет-кен-(-ің)-дей т. т. күрделі құрамды бола береді. Сонда бұлар: tlc, tlç, tçslc т. т. түрлерде көрнекіленеді.

Бұл шартты таңбалар сөз таптарына саралап қарауға дейінгі жалпылама сипаттауға жатады. Морфемикаға арналған бұл жұмыста жоғарыдан төмен қарай бөлшектеп тану принципі ұсталады. Сондықтан да сөзформалардан морфема, морфтардан морфонемалар дегендерді сатылай төмен қарай нақтылаймыз.

А. М. Щербак түркі тілдері туралы салыстырмалы очеркінде сөз таптарына бөлек-бөлек, мысалы, А<sub>1</sub> — есім түбірлер, В<sub>1</sub> — етістік түбірлер, 1, 2, 3, 4 деп есімдердегі қосымшаларды, I, II, III, IV деп етістіктердегі қосымшаларды таңбалайды.

«Сөздің морфологиялық құрылымы» деген кітабында А. Ибатов А. М. Щербактан пайдаланып, *атанғушыларыңыздағылардың және білгүртмәгәнләріңізні* деген екі-ақ сөзге, бірін есім, екіншісін етістік деп, көрнекілеп көрсетеді. Бұл екі сөз біздің таңбалауымызша: *ат-а-н-ғу-шылар-ыңыз-да-ғы-лар-дан* дегені tçççlllcll, *біл-гүр-т-мәгән-ләр-іңіз-ні* tççslll болып шығады. Бұлар морфема, морфтардың иерархиялық құрамды екі-ақ түрінің мысалы. Түбір мен оған үстелетін қосымшаларға қатысты бұл екі мысал агглютинативті тіл морфологиялық құрылымының теңіз суындағы 2 тамшысы тәрізді. Сондықтан, әсіресе, морфология-морфонологиялық сыр-сипатымен өз туыс топтарындағы өзге түркі тілдерінен қазақ тілінің ерекшеліктерін, сондай-ақ туыс топтағылар мен универсалийлерін, түркі тілдері үшін универсалийлерін, одан да жалпылана түсетіндерін т. т. адекватты тануда біздің өз көрнекілеулеріміз де кәдеге асар деп ойлаймыз.

Енді көрнекілеудің бұл жоғарыда графикалық шартты таңбалауларына олардан да қарапайымдап, символдап көрсетуге де көңіл бөлдік. Нақтылай түссек, төмендегіше болып шығады (44-бетте).

Сонымен түбір дейтіндеріміздің өзі:  $t, t_n, t_0, t_\emptyset, t_{-1}, t^{\wedge}$  деген 7 түрде таңбаланып отыр. Ал, бұлардың символдық белгілері — 10. Сонда соңғыларда үш таңба артық. Мұны қалай түсінуге болады? — дегенге:

а) *алд-, үст-, аст-* т. т. түбірлер ( $t_\emptyset, \sqsupset$ ) *асты-үстіне, алды-артына қарамай* т. т. осылайша қолданылады;

түбірлер	қосымшалар				
	протеза	жұрнақ	жұрнақша	жалғаулар	
				жай септеу	тәуелд. септеу
$t = \square$	P	ϕ	c	ℓ	ℓ <sub>1</sub>
$t_o = \square \langle, \square \ll$					
$t_n = \square \boxplus, \square \boxtimes$	O	◇	O	△	K
$t_{-1} = \square \triangleright, \triangleright \square$					
$t_{\wedge} = \triangleright \triangleleft$					
$t_{\zeta} = \square \boxdot$					

Енді осыларға мысалдар келтіріп, таңбалайық:

1. Мал-шы-лар  $t_{\phi \ell} = \square + \diamond + \triangle$ ;
2. Кел-ін-шек-ке  $t_{\phi c \ell} = \square + \diamond + \circ + \triangle$ ;
3. Оқ(-ы)-у-шы-лар-ы-н-а =  $t_{-1} \phi \ell \ell \ell = \square \triangleright + \diamond + \diamond + \triangle + \triangle + K$ ;
4. Коммунист-тер-ше =  $t_{-1} \ell c = \square \triangleright + \triangle + \circ$ ;
5. Өйт-кен-і =  $t_{\wedge} + t_{\wedge} \ell = \triangleright + \triangleright + \circ + \triangle$ ;
6. Уа-н-т-ыл =  $t_n \phi \phi c = \square \boxplus + \diamond + \diamond + \circ$ ;
7. көг-ілдір =  $t_{\zeta} c = \square \boxdot + \circ$ ;
8. Әке-шеше, аға-баба =  $t = t \quad \square = \square$ ;
9. бү-гін; біле-зік =  $t_{\wedge} + t \quad \triangleright + \square$ ;  $t_{-1} + t_{-1} = \square \triangleright + \triangleright \square$
10. Өйтп-бүйтп =  $t_{\wedge} + t_{\wedge} c = t_{\wedge} + t_{\wedge} c = \triangleright + \triangleright + \circ = \triangleright + \triangleright + \circ$  т.т.б.

б) ал-ға жүр, ас-қа түс, үс-ке шық т. т. алдыңғылардан да қысқарып, жалғаулы түрлерінде, сондай-ақ ал-жапқыш тәрізденіп, біріккен сөз сыңары т. т. қолданады. Бұларды графикалық сол  $t_n$  күйінде, ал символды түрде  $\square \ll$  деп айырып таңбалауды дұрыс көрдік. Сөйтіп:

$t_o = \square \langle$  және  $\square \ll$  яғни бір графикалық таңбаның екі символды көрсеткіші бар.

в)  $t_n$  таңбалылардың да екі ( $\square \boxplus, \square \boxtimes$ ) символдык белгісі бар. Мысалға: уа-н (бала уанды), уа-т (баланы

*уат*), *уа-т* (тарелканы *уатып* алу), *уа-қ* (*уақ* сынықтар)

т. т.  $\square \square$  деп белгіленсе,

г) *кү-д-*, *кү-ж-* (*күдірей*, *күжірей*), *а-қ-*, *а-ж-* (*ақырай*, *ажырай*) т. б. делінеді.

д)  $t_{-1}$  деп таңбаланатын түбірлердің  $\square \triangleleft$  деген бір белгісі бар. Бұған: *поезд*, *съезд*, *коммунист*, *класс* т. тағылардың атау тұлғада осы фонологиялық құрамдарын сақтап,  $\dagger = \square$  делінетін болса, *поез-ы*, *съез-ге*, *съез-і* т. т. соңғы дауыссыз дыбыстарының түсіріліп қалуымен байланысты бұл сөзформалар:  $t_{-1}$  күйінде, ал символдық:  $\square \triangleleft + \triangle$  делінеді.

е) *Білезік* деген біріккен сөзді алсақ, бұл арада бастапқы екі сөзформа да (*білезік+жүзік*) ықшамдалған. Осылар тәрізді *жүзік-тің*, *-зік*, *бар-ма-н* дегендегі *бар-май-мын-нан-мын* (<мен) есімдігінің *-н* болып, тек соңғы фонемасынан жұрнақ (бұл арада термин емес) қалуы  $t$  делінеді де,  $\triangleleft$  түрінде символданады.

Осыдан барып, үш түбір ( $t_0, t_{-1}, t_n$ ), а)  $\square \triangleleft$ ,  $\square \ll$ ;

б)  $\square \square$ ,  $\square \boxtimes$ ; в)  $\square \triangleleft$ ,  $\square \square$  болып, 6 түрде символданады.

Төменде алдымен негізгі түбірлерді, одан соң туынды түбірлер мен морфтық құрылымы күрделі сөзформалардың әрбір типіне тоқтаймыз.

**Б. Түбір морфема яғни ілкі сөзформа.** 1-тип: дербес сөзге, нақты сөзформаға сай келетін түбір морфемалар. Бұларды  $t$  деп белгілеп,  $\square$  деген символды түрде таңбалаймыз. Графикалық та, символмен де бір ғана таңбада берілетін түбір морфемалар фонемалық құрамы, буын сандары жағынан бірдей емес. Сондықтан олардың кейбіреулерін ғана көрсетіп өтейік.

а) Бір фонемалылар: *а*, *ә*, *е*, *о*, *ы* т. т. Мыс.: Ол:— «а»,— деп, аңырып қалды?— Барасың ғой ә?— Е, несі бар? т. т.

б) Екі фонемалы, бір-ақ буындылар: *ел*, *ал*, *мә*, *же*, *де*.

в) Үш фонемалы бір буындылар: *кел*, *шөл*, *өрт*, *жыл*.

г) Үш фонемалы екі буындылар: *әке*, *апа*, *іні*, *ірі*...

д) Төрт фонемалы екі буындылар: *бала*, *ауыр*, *айыр*.

е) Бес фонемалы екі буындылар: *батыр, завод, қарға...*

ж) Жазылуы екі буынды, айтылуда үш буынды болатын: *электр, декабрь* т. т. морфемалар.

з) Фонемалар, буындар санын арттырып: *мұғалім, айдаһар, эмблема, ергежейлі, дискуссия, диссертация, палеонтология, неокOLONиализм* т. т. жалғастыра беруге болады.

В. Синтетикалық—жасалымды сөзформалар (туынды түбірлер). 2-тип:  $t_0$  немесе  $\square \triangleleft$  деп белгіленетіндер. Бұларға:

а) *алд-, арт-, аст-, үст-* тәрізділер жатады.

б) *шалқ-* (*шалқ-и, шалқ-а, шалқ-а-ла*), *шалқ-а-шалқ-а-сы-нан, шал-қа-м-нан*), *қай-* (*қай-т, қай-ыр*) т. т. Бұл топтағылар белгілі жалғаулармен қосылған яғни қосымшалы сөзформаларда тілдің функциональды единицалары есепті қолданылып, әлеуметтік қызмет атқарады

*Алд-, арт-, т. т. ал-ға, ал-да, үс-ке, ас-та* т. т. одан да ықшамдала қолданғанда,  $t_0$  сол қалпы, бірақ  $\square \triangleleft$  деп, нақтылай белгілейміз.

3-тип:  $t_n = \square \boxplus$  немесе  $\square \boxtimes$  болып, көрнекіленетіндер. Бұларға:

а) *оя-н* мен *оя-т, жа-н* мен *жа-қ, уа-н* мен *уа-т, үйре-н* мен *үйре-т* т. т. жатады. Жұрнақтарсыз дербес сөз яғни түбір морфема емес, морф дегенге сай келетіндер (*жа-, уа-, үйре-*) жатады. Бұларды: *жан, жақ, үйрен* тәрізді түрлерде түбір-негіздер дейміз.

б) түбірлерінің тегі бір екені айқын болса да, қазір тап басып дәлелдеуге келмейтін: *бақ-ырай* мен *бақ-ши* және *бағ-жи, баж-ырай, бағ-дар, бағ-ыт* т. б. бір бақ түбірінің морфтары екені-даусыз. *Ақ-ырай* мен *аж-ырай, ад-ырай; бед-ірей* мен *без-ірей; күд-ірей* мен *күж-ірей* т. т. Осыларды тарихи ортақ түбірлестер деп, іштей топтастыруға болады. *Күд-, күж-, сондай-ақ: бад-, баж-, бағ-* деп түпкі бөлшектерін  $\square \boxplus$  деп бір түрде таңбалаймыз, *кү-д-ірей, кү-ж-ірей, ба-д-ырай, ба-ж-ырай*, т. т.

$\square \boxplus + \begin{matrix} \text{ырай} \\ \text{ірей} \end{matrix}$  болады. Сөйтіп, бұл топтағылар  $t_n$   $\zeta\zeta$  немесе

$\square \boxplus + \diamond + \diamond$  болады.



4-тип:  $t_1 = \square \triangleleft$  немесе  $\triangleright \square$  болып көрнекіленетіндер. Бұларға түбір қалыптары: *поезд, съезд, грамм, коммунист, социалист* т. т. жатады. Атау тұлғаларында осы құрамдарын толық сақтайтын бұл түбір морфемалар қосымшаланғанда: *поезд+ды — поез(-д)-ды, съезд-ге — съез(-д)+ге, грамм+ы-н-грам(-м)-ын, коммунист+ке — коммунист(-т)+ке* т. т. тәрізденіп, ілкі түбірлерінің соңғы дыбыстары түсіп қалады. *Оқы-у > оқу, байы-у > баю* т. т. тағылар да осы топта.

Бұл типтің  $\triangleright \square$  деп таңбаланатыны бар. Мысалы, *білезік* дегеннің *білек, жүзік* дегендерден біріккені белгілі. Сонда алдыңғы сыңарының соңғы, екінші сыңарының басқы фонемалары қысқарып ықшамдалған. Сондықтан бұлар графикалық бір ғана  $t_1$  делінгенмен, символдық  $\square \triangleleft$ ,  $\triangleright \square$  екі түрде белгіленеді.

5-тип:  $t$  яғни  $\triangleright$  және  $\triangleleft$  болып көрнекіленетіндер. Бұларға ілкі түбірлері әбден қысқарып кеткендер жатады. Сонда: а) *ал, алып* дегендердің *а-, -ә-* деген ықшамды алтернаттары, мәселен, *ә-кел (<алып кел), а-пар (<алып бар), ә-кет* т. т.  $t+t$  яғни:  $\triangleright + t$  болып формалданады. б) *ол, сол* есімдіктері мен *ет* көмекші етістіктерінің бірігіп, кірігіп кетуінен пайда болған *өйт (<олай ет), сөйт (<солай ет), қайт (<қалай ет)* т. тағылардың сыңарларын:  $t+t$  немесе:  $\triangleright + \triangleleft$  деп нақтылаймыз. *Оғып, бұғып, өйткені, сөйтіп* т. б. осылар тәрізді.

6-тип:  $t$ , яғни  $\square \triangle$  түрінде көрнекіленетіндер. Бұларға түбір сондары *п, қ, к* фонемаларына аяқталып, тәуелденгенде (*себ-ім, көб-і, ығ-ы* т. т.), көсемше жұрнақтылары: *қау-ып (түбірі — қап), теу-іп, кеб-е-ді* т. т. қосылғанда, сонорға айналатын жағдайлар мысал болады. *Жіб+i = tʲ* яғни  $\square \triangle + \triangle$

7-тип:  $t\zeta$  яғни  $\square + \diamond$  құрамдылар. Бұлардың түбірлері — толық қанды сөздер, сөзформаларға парапар болады. Сондықтан әр сөз табынан мысалдар берумен ғана шектелеміз: а) зат есімдерден: *мал-ты,*

қой-шы, же-м, тара-қ, бір-лік, ақ-тық; б) сын есімдерден: ірі-лі, у-дай, көк-теу, қансыз-сөлсіз т. т. в) сан есімдерден: жүз-інші, төрт-еу, миллион-ыншы; г) есімдіктерден: өз-ге, со-н-дай, со-н-ау, не-шік; д) етістіктерден: ой-ла, ер-т, шом-ыл, іл-ік, жыл-жы; е) үстеулерден: соң-ыра, жасыр-ын, өгіз-ше т. т. ж) бейнелеуіштерден: бұр-аң (бұраң-бұраң етеді), ала-қ, жұла-қ т. т.

8-тип:  $\square + \diamond + \diamond$  яғни тсҫ құрамдылар.

Әр сөз табынан келтіріп жатпай, санаулы мысалдар берсек, бұл типке: же-н-т, бас-шы-лық, қор-ға-н, ара-ла-с, аш-қылт-ым, құй-ғы-т, жүз-де-ген, ас-тырт-ын т. т. жатады.

9-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \diamond$  яғни тсҫҫ құрамдылар. Бұларға: бас-та-у-ыш, бас-та-у-шы, құй-қыл-жы-т, көз-де-с-тір, механика-ла-н-дыр, ара-ла-с-тыр т. т.

10-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \diamond + \diamond$  яғни тсҫҫҫ құрамдылар. Мысалы: жи-н-а-л-ыс, ақ-тар-ыл-у, орн-а-ла-с-тыр, т. т.

11-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \diamond + \diamond + \diamond + \circ + \diamond$  болады яғни тсҫҫҫҫҫ ба-й-ла-н-ыс-тыр-у-шы, байланыстырғыштық. Сондай-ақ: ті-м-іс-кі-ле-н-ген (ті-нт) т. б.

12-тип:  $\square + \triangle = \text{t}\ell$ : бас-қа, өз-ге, түн-де, күн-де, жаз-да; қысы-жазы, бір-ге, бір-ден, ақ-тар, қызыл-дар.

13-тип:  $\square + \triangle + \triangle = \text{t}\ell\ell$ : түн-і-мен, күн-і-ге, қай-сы-сы.

14-тип:  $\square + \circ + \circ = \text{t}\text{c}\text{c}$ : айт-пақ-шы, де-мек-ші, оң-ба-ғыр, тап-жыл-ма, кем-ші-лік (кем-ші-н).

15-тип:  $\square + \diamond + \triangle = \text{t}\zeta\ell$ : қара-ғ-ым (қарағым, бері келші).

16-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \circ = \text{t}\zeta\text{c}\text{c}$ : ерте-ң-гі-лік...

17-тип:  $\square + \triangle + \diamond + \diamond + \circ = \text{t}\ell\zeta\text{c}\text{c}$ : түн-де-ле-т-ін.

18-тип:  $\square + \triangle + * + \diamond = \text{t}\ell\rho\zeta$ : өз-і-н-дік, өз-і-н-ше;

19-тип:  $\blacktriangleright + \blacktriangleright + \circ + \circ = \text{t}\chi + \text{t}\chi\text{c}\text{c}$ : ө-йт-кен-ше, қай-т-кен-ше,

20-тип:  $\blacktriangleright + \blacktriangleright + \bigcirc + \triangle = t_x + t_x c l$ : өйткені.

21-тип:  $\square \boxplus + \diamond + \diamond + \diamond + \bigcirc = t_x c c c c$ : бажырайысып, ажырайысу, ажырайтшы.

22-тип:  $\square \ll + \diamond + \bigcirc + \diamond = t_x c c c$ : үс-те-у-ші, үстелгіш, қо-р-ғ-а-н; қорғансыз т. т.

23-тип:  $\square + * + \diamond$ ;  $\square + * + \diamond + \bigcirc = t r c$  акт-і-ле; актілеп, конспектілеп т. т.

24-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \triangle + \triangle$  ЯҒНИ  $t c c l l$ : ерте-ң-гі-сі-н (күнде ертеңгісін сиыр сауамын).

25-тип:  $\square + \diamond + \diamond + \bigcirc + \bigcirc + \bigcirc + \diamond = t c c c c c c$ : түс-ін-іс-пе-у-ші-лік...

26-тип:  $\square + \triangle + \diamond + \diamond + \diamond = t l c c c$ : өз-ге-р-т-іл. Бұл арадағы өз-ге-р түрінде жасалған туынды түбірді бас-қа (басқа жаққа кетті) деген сөзформаның құрамымен аналогия жасауға болады. Ал, жиналысты өзің бас-қар дегендегі бас негіздінің жөні — бұлардан бөлек. Өз-ге-р, өз-ге-ше, өз-ге-леу, өз-ге-рек т. т. түбірлестер тобы да — бұған куә.

Г. Аналитикалық жасалымды сөзформалар. Бұл топтағылардың құрамы мен құрылымы — туынды түбірлерден де күрделірек. Өйткені, біріккен сөздер делінетіндердің жоғарыда мысал етіп келтірген кірігіп кеткендері сияқты: бүрсігүні, ендігәрі, ойпырмай (> апырмай), ештеңе, ештеңке, бірдеме, бірдеңе, бірдеңке т. б. морфтық құрылымды типтері — бұған айғақ. Кішкентай, азғантай, кіп-кішкентай, азғана т. т. плеоназмдардан тұлғалары ықшамдалып кетіп, біріккендер де бар. Осылар және бұлар тәрізді аналитикалық бүтіндер де морфтық құрылымы жағынан арнайы зерттеліп, айны қатесіз нақты сипатталып, адекватты баяндалуға тиіс. Енді-гі-ден әрі дегеннен барып, ендігәрі болып кеткен бұл біріккен сөз аналитикалық амал делінгенмен, бүгін-нің бұл-күн дегеннен аналитикалық жасалуында айырмалары бар екені көрініп тұр. Алдыңғыда синтетикалық та, аналитикалық та аралас келсе, соңғыда — тек аналитикалық амал және синтагматикалық байланыс. Бұлар тәрізді

аралас келуге аналитикалық форманттар<sup>7</sup> да жа-тады.

Қос сөздердің бәрі бірдей тау-тас, бала-шаға, қыз-қырқын, жігіт-желең т. т. бола бермейді. Бұларда да үлкенді-кішілі, көре-көре, ұшты-күйді, көрген-білгені, үй-ме-үй, бірден-бір, үйді-үйіне т. т. семантикалық қана емес, жұрнақ, жалғаулы үйлесімдеріне де негізделіп ба-рып яғни синтетика-аналитикалық амалдардың араласа келу сәйкестіктері негізінде қосарланып қолдану заңды-лықтары да бар. Морфтық құрылымдары дегенде, жоға-рыда дара сөздерге тоқтап, көрнекілеп барып көрсеткен типтер біріккен сөздер мен қос сөздердің де компонентте-рінде нақты кездеседі. Бір-екі мысалмен көрсете кетейік.

1. Бала-шаға, тау-тас т. т.:  $t=t$  яғни:  $\square = \square$  тип-терінен қосарланады.

2. Үйлі-жайлы, елді-елсіз т. т.:  $t\zeta = t\zeta$  яғни:

$$\square + \diamond = \square + \diamond;$$

3. Үйді-үйіне тәрізділер  $tl = tll$ , яғни:

$$\square + \triangle = \square + \triangle + \triangleleft;$$

4. Қараптан-қарап:  $tcl = tc$  яғни:  $\square + \circ = \square + \circ;$

5. Айтып-айтпай:  $tc = tc\sigma$  яғни:  $\square + \circ = \square + \circ + \circ$

т. т. осылай етіп бәрін талдап, таңбалап шығатын болсақ, № 1 пункттен басқа қалған бесеуінде қосарланып тұрған сөздердің әр сыңары синтетикалық жасалымды яғни көп морфты екендіктері ап-айқын көрініп тұр.

Жоғарыда атап, көрнекілеп көрсетіп өткен 26 типтің үстіне біріккен, қос сөздер әрбір сыңарларын нақтылай талдап, көрнекілеп, таңбалай берсек, жалғаулар жал-ғанғанға дейінгі ілкі сөзформалардың морфтық құрамды типтері жайымен қойғанда 50—60-қа жетуі де, одан да асып кетуі де хақ.

Өзіміз қашан да үлгі тұтатын орыс тілінде (1-том, 123-бетін қараңыз) стол сөзі 12, дом-16 сөзформада қол-данылады екен (жекеше, көпше септелулерінде). Бұл жағынан келгенде, қазақ тілінде бұл цифрлар әлдеқай-да көп болады.

---

<sup>7</sup> Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық фор-манттарының құрылысы мен мағынасы. Алматы, 1979.

#### 4. СӨЗФОРМАЛАРДЫҢ ДЕРИВАЦИЯЛЫҚ МОРФТЫ ТИПТЕРІ

Түбір морфемалар, кейде жоғарыда тиянақтағанымыздай  $t$ ,  $t_0$ ,  $t_n$ ,  $t_{-1}$ ,  $t$ ,  $t$  т. т. түрлері болсын, әрқайсысы


белгілі сөз таптарына жатады. Рас, олардың, мәселен, зат есім, сын есім немесе есімдік, үстеу, сондай-ақ етістік, одағай, шылау т. т. сөз таптарына телінуінде бірінен-бірін ажыратып танырлық тұлғалық белгілері жоқ, Синкретикалық-омонимиялық қасиеттері осыдан келіп шығады. Тек сөйлеу, сөйлем ішінде, контексте, дәлірек айтқанда, сөзформа функцияларында мағыналары тиянақталады. Бұларға қарағанда, жұрнақ, жұрнақша, жалғаулардың жүйелілікпен нақтыланатын ерекшеліктері, заңдылықтары басым болып келеді. Сын есімдердің шырай жұрнақтары, етістіктердің етіс аффикстері, септелу мен көптелу, тәуелдік жалғауларының сөздерді байланыстырумен қатар субстантивтендіретін, объективтендіретін, адвервиалдандыратын т. б. қасиеттері бұған дәлел бола алады. Бірақ бұл соңғылар вербалдандыра алмайды.

Қазақ тіліндегі жұрнақтар әр сөз табы тұрғысынан синтетикалық сөзжасам модельдері есепті жан-жақты зерттелген. Форма тудыратындар болса, белгілі категориялар тұрғысынан, мысалы, рай мен шак, модальділік, шырай мен есімше, көсемше, қимыл атаулары т. б. байланысты бұлар да белгілі ізденістерге объекті болған<sup>8</sup>. Б. Қайымова, Ә. Төлеуов, Е. Н. Шипова, сондай-ақ, Ф. Мұсабекова, З. Бейсембаева т. б. тіл мамандары еңбектеріне<sup>9</sup> көз жіберсек, жұрнақтар өнімді, өнімі аз, өнімсіздер деп сараланып, олар қосылған сөздеріне қандай мән-мағына беретіні т. т. тұрғысынан зерттеліп баяндалған. Бұл авторлар — біз ұстаз тұтқан, үлгі-өнеге алған аға буын мамандарымыз бәрінде де аталып өтіп, тиісті сілтемелер беріліп отырған. Сондықтан біз олардың бәріне егжей-тегжейлі шолу жасауды міндет етпейміз. Айтарымыз да, көрнекілеп көрсетеріміз де — сөз таптарының өзара тығыз байланыстылығы, ауыс-түйісі.

<sup>8</sup> Белгілі ғалымдар: Н. Т. Сауранбаев, Ф. Ф. Мұсабаев, Қ. Мұсаев, Ж. Болотов, сондай-ақ Т. Ерғалиев, Қ. Неталиева т. б. еңбектері.

<sup>9</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Библиографиялық көрсеткіш: Морфология. Алматы.

Көп томдық түсіндірме сөздіктің 2-томындағы *бас* деген зат есімді алайық (111—120-беттер): *Ауыс.* деп қойған шартты белгіге дейін 13 түрлі мағынасы түсіндірілген. Енді осы сөзден жұрнақ қосылып қандай туынды түбірлер өрбіген, қай сөз таптары толыққан? — деген сұрақтарға келейік. Әрине, біз осы т. б. сұрақтарға бұл арада жауап қайтаруды мынадай көрнекіліктен бастаймыз:



Енді осыны таратайық:

1. Бас деген түбірден: бас-қар, бас-қы, бас-сыз, баста, бас-ты, бас-тық, бас-шы болып, 7 туынды түбір жасалып тұр. Осы жетеуі — түбірлес сөздер:

а) *бас-тық* пен *бас-шы* — зат есімнен зат есім жасалғандар;

б) *бас-қы*, *бас-сыз*, *бас-ты* — зат есімнен жасалған сын есімдер;

в) *бас-қар* мен *бас-та* — зат есімнен жасалған етістіктер.

2. Осы 7 түбірлес туынды түбірлердің *бас-қы* дегеннен өзгелері ұйтқы болып, олардан одан әрі тағы да түбірлес туынды түбірлер өрбиді.

3. *Бас-қар* да, *бас-та* да — сабакты етістіктер. Сондықтан олардың етіс аффикстерімен қосылып қолданылуы — бірдей. Айырмасы: *бас-қар* дегеннің соңғы дыбысы — дауыссыз, *бас-та* дегенде дауысты. Екеуі де — жуан буынды сөздер. Осы ерекшеліктер етіс аффикстерінің *-л* немесе *-ыл*, *-с* немесе *-ыс* болып қосылуын белгілейді. *-т* өзгелік етіс аффиксінде ондай айырма жоқ.

Сөздікте *бас-қар-ғыш* деген реестр бар. *Бас-та-ғыш* — жоқ. Расында, *-у* жұрнақшасы тәрізді *-ғыш/-гіш...* те етістік біткеннің бәріне қосыла береді.

Осы екі етістіктен одан ары өрбитіндердің бәріне емес, кейбіреулеріне ғана көңіл аударайық.

а) Екеуіне де *-ма* жұрнағы қосылып: *басқарма* (управление), *бастама* (начинание) деген туынды түбір зат есімдер жасалып тұр. Бұл екі зат есімдерді түбірлестер (*басқар*, *баста*) емес, жұрнақтастар (*басқар-ма*, *баста-ма*) деуге болады.



Сөйтіп, *бас* деген зат есімді етістікке айналдырған *-қар* және *-та* жұрнақтары деривациялықтың ішінде қандай конверсиялық қызмет атқарса, ол туынды түбір етістіктерден зат есім тудырған *-ма* жұрнағы тап сол секілді қызмет атқарады.

б) Екінші қайтара зат есім болып тұрған бұл екі сөз де *сыз*, *-лық* т. т. жұрнақтар қосылып: *бас-та-ма-сыз* және *бас-қар-ма-сыз*, *бас-та-ма-лық*, *бас-қар-ма-лық* т. т. бірінде сын есім, екіншіде зат есім мен сын есімге ортақ туынды түбірлер жасала береді.


в) *Бас-та* етістігінің *-у* формалы қимыл есіміне айналған түрінен (*бас-та-у*)-*ыш* және *-шы* жұрнақтары арқылы *бас-та-у-ыш* пен *бас-та-у-шы* деген түбірлес екі зат есім жасалады.

4. Жоғарыдағы ілкі түбірлері *бас* болса да, одан соңғы басқыштарда өзге негіздерден жасалғандарды түбір-

лес демей, негіздес дегеніміз дәлірек келеді. Соларды нақтылай көрсетейік:




5. Жұрнақтас туынды түбір зат есімдерді *-шы* жұрнағымен байланысты төмендегіше көрнекілейміз:




Ал, *-ыш* болса, бір ғана бас-та-у-ыш яғни 4-тактілі сатыда қосылып қолданылады.

6. Жұрнақтас туынды түбір сын есімдер жасаған *-сыз* жұрнағын мысал етіп алайық:





Ал, түбірлес сын есімдерге мыналар ~~атады~~ атады:



Сөйтіп, бір ілкі түбірден (*бас*): 7 түбірлес, ал, ол 7 түбірлестің алтауынан (*бас-қы-дан өзгелерінен*) 19 өз ара негіздестер, ал, бұл 19-дың он бірінен 16 сөз тудырылып тұр. Он алтыдан әрі қарай тағы да 5 туынды түбір өрбіген. Сонда бәрінің түбін *бас* сөзіне сайып, қорытындыласақ, оның өзін қоспағанда, жұрнақтардың парадигматикалық және синтагматикалық қосылуының нәтижесінде 47 туынды түбір келіп шыққан.

7. *Бас* сөзі 1-тактілі зат есім болса, *бас-шы* 2-тактілі, *басқар-ма* 3-тактілі, *бас-та-у-ыш* 4 тактілі зат есім делінеді. Өйткені, *бас* — 1-тактілі, *бас-та* 2-тактілі (етістік), *бас-та-у* 3-тактілі, ал, *бас-та-у-ыш* та, *бас-та-у-шы* да 4-тактілі жасалымдар. *-сыз* жұрнақты туынды түбір сын есімдердің: *бас-сыз* дегені 2-тактілі болса, *бас-та-у-ыш-сыз* бен *бас-қар-у-шы-сыз* дегендері — 5-тактілі. Соған қарамай, бұлар жұрнақтас туынды түбір сын есімдер.

8. *Бас* сөзінен тікелей өрбіген қос сөздер мен біріккен сөздер де бар. Солардың ішіндегі морфты түрлері мыналар:

- а) *баспа-бас, бастан-аяқ, бас-басына;*
- б) *бас-ы-байлы, бас-ы бүтін;*
- в) *бас-ы-н-да және бас-ы-н-дай* т. т.

Осы жердегі *басында* деген әуелде, *әуел баста* деген мағынада және бұл мезгіл үстеу болып қолданылады. Осылардың ішінен де *басыбайлы-лық, басында-ғы* тәрізденіп одан әрі жұрнақтар қосылады.

9. Синтетикалық сөзжасамнан келіп туған жоғарыдағы 47 туынды түбірлердің бәрі де жұрнақтардың деривациялық қызмет атқарғанының дәлелі. Солардың ішінен отыз екісі конверсиялық міндетті яғни бір сөз табын екіншісіне ауыстырып тұр.

10. Осы 32 конверсиялық жұрнақ қосылу арқылы жасалғандарды синтагматикалық ретіне қарай яғни тактілік тұрғысынан атап көрсетуімізге болады. Ол үшін А. М. Щербак пайдаланған, мысалы, есімдер тобын А,

етістіктерді Б деуге де<sup>10</sup>, русистиканың («туындатпалы грамматикасынан») тәжірибесін үлгі тұтып, сөз таптарына R белгі қойып, одан арғыларын, өзімізше шартты түрде: зат есім—R<sub>1</sub>, етістік—R<sub>2</sub>, сын есім—R<sub>3</sub>, үстеу—R<sub>4</sub>, сан есім—R<sub>5</sub>, есімдік—R<sub>6</sub>, одағай—R<sub>7</sub> т. т. осылай таңбалауымызға болады.

11. Жоғарыдағы 47 туынды түбірдің түп қазығы *бас* деген түбір сөз яғни нольдік морфемалы сөзформа. Осыны негіз тұтып, орыс тілі тәжірибесіндегідей, R<sub>1</sub>O деп белгілейміз. *Бас-шы* зат есімнен туындаған зат есім. Айтып тұрғанмыз *бас* емес, *басшы* сөзі болғандықтан және туынды түбірдің өзі де зат есім екенін негіздеп, қазіргі R<sub>1</sub> деп басталатын бірінші таңба осы туынды түбір зат есімді білдіреді. R<sub>1</sub>R<sub>1</sub>O деп, оған R<sub>1</sub>O дегенді қосуымыз — ол түпкі түбірі — деген сөз.

*Бас-қар* мен *бас-та* дегендерге келсек, біріншіден, бұл түбірлес туынды түбір етістіктер синтетикалық сөзжасамның парадигматикалық түріне жатады. Екіншіден, *-қар* мен *-та* конверсиялық жұрнақтар. *Бас* (R<sub>1</sub>O) зат есімінен етістік (R<sub>2</sub>) жасалған. Көрнекілегенде, екеуі бір-ақ түрде R<sub>2</sub>R<sub>1</sub>O болып белгіленеді: Сонда бірінші тұрған — қазір қай сөз табы жасалғандығы, R<sub>1</sub>O — қай сөз табынан жасалғаны яғни ілкі түбірі.

Жоғарыда 10-пунктте атаған 32 конверсиялық жұрнақтардың бір синтагмалық линияда екеуі, үшеуі келген мысалдары да бар. *Бас-қы* мен *бас-та-п-қы* дегендерді салыстырайық. Бірінші R<sub>3</sub>R<sub>1</sub>O күйінде көрнекіленсе, соңғы жұрнақтас туынды түбір: R<sub>3</sub>R<sub>2</sub>R<sub>2</sub>R<sub>1</sub>O болып беріледі. Сөйтіп, алдыңғыда зат есімнен сын есім, соңғыда, әуелі зат есімнен етістік, етістіктен оның көсемшесі, көсемшеден барып сын есім тудырылып тұр, яғни сын есім болғанға дейін *бас* деген зат есім *бас-та* болып, туынды түбір етістікке, одан *-п* жұрнақшалы көсемшеге айналған. *Бас-қы* дегендегі сын есім 2-тактілі болса, тап сондағыдай *-қы* жұрнағы *бас-та-п-қы* дегенде етістіктен 4-тактілі туынды түбір сын есім жасап тұр. Соған қарамай *бас-қы* мен *бас-та-п-қы* дегендер—жұрнақтастар. Сөйтіп, бұл екі сөзде 4 деривациялық жұрнақтың үшеуі конверсиялық қызмет атқарып тұр.

Әуел баста *бас* деген зат есімнен өрбіп, парадигмати-

---

<sup>10</sup> Щербак А. М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1977, кн. 1; 1981, кн. 2.

калықпен қатар синтагматикалық жұрнақтар тізбегін (иерархияны) басынан өткізіп, зат есімге екінші, үшінші, төртінші реттерде қайта оралып келген туынды түбірлер де бар. *Бас-тық*, *бас-шы* деген парадигматикалықтар  $R_1R_1O$  деп бір ғана түрде таңбаланады. Осылармен *бас-сыз-дық* ( $R_1R_3R_1O$ ), *бас-тық-сыз-дық* ( $R_1R_3R_1R_1O$ ), *басыбайлылық* ( $R_1R_3R_1+R_1R_1O$ ), *бас-та-ма-шы* ( $R_1R_1R_2R_1O$ ), *бас-қар-у-шы-лық* ( $R_1R_1R_2R_2R_1O$ ) т. т. салыстырғанда;

бас+  
бас-тық+ } -сыз+ -дық және басыбай-лы-лық

дегендер сын есімдерден барып (-сыз, -лы) зат есімдерге айналған жұрнақтастар (-дық) тобына жатады. Ал *бас-та-ма-шы*, сондай-ақ *бас-қар-у-шы-лық* т. т. туынды түбір зат есімдерден жасалып тұрған зат есімдерге жатады.

Жоғарыдағы мысалдардың өзінен-ақ сөз таптарының бір-біріне ауыс-түйісінде жұрнақ морфемалардың қандай лексика-семантикалық, әр сөз табының нольдік сөзформа қызметіне сәйкес қандай грамматикалық қызмет атқаратыны айқын көрінеді және морфемалардың дербес немесе дербестігі жоқ деп танудың қаншалықты шартты екенін дәлелдейді. Өйткені *бас* (голова) сөзі тілімізде қандай орын алса, *басшы*, *басқарма*, *бастаушы*, *бастауыш*, *бастапқы* т. т. жұрнақтылардың әрқайсысы өз алдына лексикалық единицалар да сондай орын алады. Осылардың әрқайсысын басқадай түбір, басқа жұрнақ морфемалармен де, өзге туынды түбірлермен де ауыстырып, тап сол мән-мағыналарын беруге болмайды. Түбірлер мен негіздер, олардағы әр жұрнақ сол сөз, сол формаларда ажырамас құрамды бөлшегі болып есептеледі.

Жоғарыда біз *бас* сөзінің сөздікте 13 мағынасы түсіндірілгенін айттық. Сөз семантикасының одан туынды түбірлер өрбуінде ерекше орны бар. Мысалы, *жұмыс бастанып* дегенді алайық. Осының *бидай бастартты* дегеннен айырмасы бар. Алғашқыда жұмыс басты болу яғни басында жұмысы көп болу дегенді білдірсе, соңғыда *бидайдың бас*, *масақ шығаруы* айтылып тұр. Әрине, бұл екеуіндегі де *бас* сөзінің түсіндірілуіндегі тура және бірінші мағынасы емес. Соған қарамай, екеуі де *бас-та* ( $R_2R_1O$ ) туынды түбір етістігінен өрбіген. Түбір сөз мән-

мағынасының қыр-сыры *бет-те* етістігінен де анық байқалады. Ол бізге қарай беттеді яғни бет алды дегенді ол жазған қағаздарын беттеді яғни бет қойып шықты-дағи *бет-те-ді* мен салыстыру да артық емес. Алдыңғысы, бір қарағанда, *бет* сөзінің тура мағыналарының бірі, алдына қарай қозғалу, жүру процесін білдіретін салт етістік, ал, *қағазды беттеу* (бет қою), *кітапты беттеп ұзақ отырды* (беттерін ашып д. м.) дегендерде сабақты етістік. Бұл— метафоралық қолданыстан пайда болған қосымша семантика. Сондықтан жоғарыдағыларды *бет-те* етістігінің полисемантикасы дегеннен де омонимдер есепті таныған адекватты болып шығады. *Ол ешкімді өзіне беттетпейді; Қағазды өзі болмаса, өзгеге беттетпейді* дегендер де солай. Сөйтіп, әр сөз яғни түбір морфемалардың өздеріне тән тура мағыналары мен жанама, ауыспа, фразеологиялық т. б. мән-мағыналары өзінен жасалған туынды түбірлердің де семантикасын анықтайды. Бұл — барлық сөз табына да тән қасиет. Мысалға *бол* деген етістікті алайық. Бұл: *жақсы болды, азамат болды, аз болды, көп болды, кеш болды* т. т. қалып етістігін білдіреді. Оның *бол-дыр, бол-ғыз* деген өзгелік етіс түрлері бар. Сонда: *мен оны бастық болғыздырмаймын* т. т. сабақты етістікке айналады. Ал, *ат бол-дыр-ды* яғни ат шаршап титықтады дегенді білдіріп тұрған *бол-дыр* етістігінің *бол* деген түбірі бар. Бұл — дербес етістік, тамақты жеп *болдым* яғни біттім, бітірдім дегенді білдіреді. *Біреуге болыс-у, жұмысына көмектесу, бітірісу* дегенде де түбірі — осы. соңғы *бол* етістігі.

Омоморфтық жағдай қосымшаларда да, олардың ішінде тіпті жұрнақ пен жұрнақша, жалғаулардың арасында да кездесе береді. Оқулықтарда *біз бала-мыз* бен *біздің бала-мыз* дегендер аталып жүр. Жұрнақтар тұрғысынан келсек: *сандықты үш-еу-ле-п көтерейік* деген мен *олар онда-п қой ұстайды* дегендегі *үшеу-ле-п* пен *он-да-п* жұрнақтас болуларына қарамай, алғашқыда процесті, соңғыда санын ғана көрсетеді. *Он-да-ған, жүзде-ген, мың-да-п, миллион-да-п* т. б. мөлшерлеп, топтап көрсеткен сандарды білдіреді. *Түн-де-ле-т-іп, боран-да-тып* тағы басқалар да осылар тәрізді. Бұлардағы өзгелік етіс аффикстері *маған сол қызды көр-сет, үйіңнен кітапты ал-дыр, жалақыны ертең бер-гіз* т. т. бір емес. Морфема, морфтардың сыртқы ерекшеліктері бар да, ішкі мән-

мағыналары бар. Олардың сәйкестенетін де, сәйкестенбейтін де кездері аз емес. Мұның бәрі әрбір нақты сөз, жұрнақтар тұрғысынан арнайы семантикалық зерттеудің объектілері болуға тиіс.

Мағыналарын былай қойып, формальды құрылымын сөз еткеннің өзінде жоғарыдағы *бас* түбірінен өрбіп, 2-тактілі *бас-тық*, 5-тактілі *бас-қар-у-сыз-дық* дегендердің өзін алсақ, бір ғана жұрнақ морфема делінетін *-тық*, *-лық*, *-дық* болып, үш түрлі морфпен беріліп тұр. Жіңішке буынды сөздерде мұның *бел-дік*, *іс-тік*, *екі-лік* сияқты *-дік*, *-тік*, *-лік* деген тағы да үш түрі кездеседі. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі аса өнімді бұл жұрнақ морфеманың функциональды 6 морфы бар. Қазақта: *көңілге дық салма*, *оның мінезі—тік*, *үйдің іші лық толы*, *бірнәрсе тық ете қалды* т. т. жоғары морфтармен құрылымдас сөздер де бар. Ал, *біз өлең айт-ты-қ*, *кеш кел-ді-к*, *көрсек көрелі-к* т. т. олар жұрнақшалармен жалғаулардың қосындысынан тұратын күрделі элементтермен де омоформа болып келеді. Соңғыларды да ажыратып тануымыз — контексте. Бұл да болса, олардың функциональды жағдайы деген сөз.

## 5. ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ КӨП ТУЫНДЫ ТҮБІРЛЕР

1. Алда арнайы зерттеуді керек ететін тіл фактілері морфемалардың ішінде де толып жатыр. Солардың ішінен кейбір типтерін назарларыңызға ұсынғымыз келеді.

а) Бұл ең алдымен түбір морфемаларға тікелей қатысты. Мәселен, *қыз-ыл* мен *қыз-ар*, *ұз-ын* мен *ұз-ар*, *ұз-ай*, сондай-ақ *үлке-н* мен *үлке-й*, *шұң-қыр* мен *шұңғыл*, *үң-гір* мен *үң-іл*, *үң-ірей* т. т. осылар тәрізді түбірлестерді алайық. Осы сөздердің қай-қайсысы да туынды түбірлер екені, біріншіден, іштей түбірлестер тобын құрауынан белгілі болса, екіншіден, осылардағы жұрнақтарды да өзге туынды түбірлердегі өздері тәрізділермен топтап, жұрнақтастар тобын да құрауға келеді. Бұған: *қыз-ар* мен *ұз-ар*, *саз-ар*, *без-ер*, *көг-ер*, сондай-ақ, *құжына*, *быжына*, *азына*, *кісіне*, *пысына*, *қыл-аң*, *күр-ең*, *аш-аң* т. т. толып жатқан мысалдар келтіруге болады.

б) Түбір морфема яғни түбір морф деуімізде жұрнақтарды негізге алатын жағдай да тілімізде жиі ұшырайды. Мысалға *елгезек* дегендегі *ел-* түбірін алайық. Осы түбір *елтең-селтең*, *елпек-селпек*, сондай-ақ *елпекте*, *ел-*

*пелекте, елпелеңде, елпіректе, ел-біреп-желбіреу, т. т.* күрделі жұрнақты көптеген сөздерде де бар. Қыл-ық-ты, қыл-маң-да, қыл-мың-да, қыл-ым-сы, сон-дай-ақ қиқы-жиқы мен қи-қан, қи-қалаң, қи-қалақта, қи-қақта, қи-пақта, қи-салаң, қи-салаңда, қи-салақ, қи-салақта, май-пазда, май-ма-қ, май-ми, май-маң, май-маң-да, май-ыс, май-ыр, май-ырылу, мәй-мөңке-леу, мәйми, мәй-мөңке т. т. жүздеген туынды түбірлерді ілкі түбірлері *қыл-, қи-, май-* екенін жұрнақтарынан танып, оларды жеке-жеке таратып барып, бөліп көрсетуге болады. Бұл соңғыларды да *қыл* (жақсы *қылыпсың*), *қи* (жіпті *қи*, көзі *қиып*), *май* (*майдай, май салып*), *ел* (*елі-жұртың аман ба?*) т. т. омонимдермен шатыстыруға болмайды.

2. Түбір морфема десек, олардың да морфонологиялық түрлі морфтары бар екенін дәлелдеп жатпай-ақ та-нуға болатын жағдайлар да кездеседі. Бұған біз: *ұңғы* мен *ұң-гір*, сондай-ақ *ұң-гі, ұң-іл, ұң-ірей* т. т. мысал етіп, олардың түбірі бір деп қорытамыз. *Үлке-н* мен *үлке-й, ұлы* мен *ұлы-қ, ұлғ-ай*, сондай-ақ *шом, шомыл, шөміш; шоқы* (бір *шоқып*, екі қарау) мен *шұқы, шөкіш* (нан *шөкіш*), *шөкігіш, шөкім; сұм-ырай, сұм-пайы, сұм-ірей, сұм-елек; тоқыра, тоқыл, тұғжи; дөңгелек, доңғалақ, дөңки, төңкер, төңки, тоңқай; қыз-қыз қайнау* т. т. *қыж-ыны* келу мен *кіж-ін-у* — өзара түбірлестер. Жуан дауысты мен оның жіңішке дауысты сыңары, сондай-ақ *қ* мен *к, т* мен *д*, бұлардың да тіл арты және тіл алды қалып-тарда құбылған түрлері — бәрі де салыстырмалы-тарихи морфонологиялық зерттеулерден өтіп, заңдылықтары жүйелі түрде танылуға тиіс тілдік фактілерге жатады. Ашық дауысты дыбыстың қысқандануын яғни *а > ы, е, ә > і, о > ұ, ү, о > ө, ү*, сондай-ақ қатаң дауыссыз дыбыстың ұяндануы т. т. морфонологиялық заңдылықтар келешекте дәлелденіп, адекватты сипаттарын табуы хақ.

3. *Ыз-ың, тыж-ың, пыш-ың, кіж-ің*, сондай-ақ, *ыңқ-ыл, сыңқ-ыл, ың-ыл, быж-ыл, қыж-ыл, ап-ыл* (*ап-тық, ап-ысы*), *саб-ыл, тарс-ыл, күрс-іл, тық-ыл, күңк-іл* т. б. еліктеуіш, бейнелеуіш сөздерден зат есім тудыратын жұрнақтар бар. Бұл жұрнақтарсыз ол түбірлер: *ыз* етті, *тыз* етті, *шық* етті, *тарс* етті (ойымнан *тарс* шықты дегеннен басқа) сияктанып, аналитикалық етістік түрінде қолданылады. Ал бұлардың синтетикалық синонимдері алдымен жоғарыдағы мысалдардағыдай *-ың, -ыл* қосы-

лып барып, оларға *-да, -де* жұрнақтары: *ыз-ың-ба, тарс-ыл-да, қыж-ылда, күңк-іл-де* т. т. болып, 3-тактілі түрде ғана мағыналары парапар етістікке айналады.

4. Жасалуы осы амал-тәсілдерден өрбіген, бірақ күрделі жұрнақты тұтас қалыптарында бейнелеу етістіктерін жасайтын түбірлері де бір келкі, соларға сәйкес бейнелеу мен құбылудың неше түрін сипаттап көрсететін көптеген туынды түбір етістіктер бар.

- а) *ерб-ең-де* мен *ерб-е-ле-ң-де*;  
*қис-ақ-та* мен *қис-а-ла-қ-та*,  
*қис-аң-да* мен *қис-а-ла-ң-да*;

сондай-ақ: *қисалаң-қисалаң, ирелең-ирелең* т. б. түбірлестерімен де, жұрнақтастарымен де, оның өзінде жұрнақтарының жайдақтауларын күрделілерімен де, дара-ларын қос сөз тұлғалыларымен де салыстырып қарасақ, *-ң* мен *-қ* (*жырта-ң* мен *жырта-қ*), *-аңда* мен *-ақта* (*жырт-аң-да, жырт-ақ-та*), *-ең-де* мен *-е-ле-ң-де*, (*көлбе-ң-де, көлбе-ле-ң-де*), *-аң, -аңда* (*ағар-аң, ағар-аң-да, ағараң-ағараң*) т. б. өздері қосылған сөздерге беретін мағыналары сол тұлғалық айырмашылықтарымен сәйкестенеді.

б) Неғұрлым аффикстер тізбегі шұбалаңқы болса, субъектің құбылу процесі де сондай болғаны. *Ирелең-ирелең, көлбең-көлбең, қисалаң-қисалаң* т. т. қос сөздерді алайық. Бұлар шұбалаңқылық, құбылмалылық, үздік-создық бейнеленушілікті суреттеп білдіреді. *Тістеле, иіскеле, қуала, қойғыла, құдала* т. т. етістіктердің жасалуы да осылармен сәйкестенеді.

5. Синтетикалық, аналитикалық сөзжасам нәтижелерінің осындағы қос сөздер сияқты бір сөзформада аралас келуі кейде тіпті түбірі не екенін білуге келмейтін, соған сәйкес морфема ма әлде морфтарының біреуі ме?— дегенде, тұйыққа тірелетін мысалдар да жоқ емес. *Тап-тұйнақтай, ухан-сухан, ухит-сухит, ұйпа-тұйпа, пәлен-түген, пәленше-түгенше, пәлен-пыстан, пәленшекем, ұмар-жұмар* т. б.

6. Төркіні қандай морфема, морфтардан тұратыны танымастай болып кеткендер де аз емес. Жоғарыда атап өткен: *әпер, апар, әкет, әкел, сөйт, бүйт, әйт, өйт* сияқтылармен қатар: *кемпір, кембағал, әдепкі, едәуір, апырай, ойпырай, ойпырмай, мышым, күшім, алпамса, еңгезер, анталау* мен *ентелеу, алқа* мен *алқым, алқын, дегді, дегбір, әумесер, еселаң, есуас* т. б.

7. Бір бақша өнімі: *арбыз, дарбыз, қарбыз* болып, осының *дарбызы тарвуз*-дан алынғанына қарамай, тілмізде *қауын-қарбыз* деуге сәйкес әдеби нұсқа есепті қалыптасқандар да жоқ емес. *Помидор* өзбектермен аралас отырған қазақтарда *пәмілдәрі* делінеді де, *ащы қызыл бұрыш кәлімдәрі* делінеді. *Құлпынай* да осы сияқты.

8. *Сарымсақ* сөзі-әдетте чеснокпен балама. Соған қарамай шығыс, солтүстік қазақтары оны *пияз* сөзінің орнына қолданады. Бұл, бұлар тәрізді тілдегі регионалды ерекшеліктер қазақ диалектологтарының еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Солай болған күннің өзінде: а) мысалға *ауқат, қораз* т. б. сөздер жергілікті, ал, *тамақ, әтеш* т. т. әдеби нұсқа бола тұрып, *ауқат-ты, қоразда-н* тағы басқалардың туынды түбірлері әдеби нұсқа есепті, яғни жұрнақтарының арқасында әдеби тіл сөздік қоры мен сөздік құрамын толықтыратын тілдік құбылыстарға жатады. Сөзжасам тұрғысынан бұлар да — аталуға тиіс фактілер.

б) Рисоводы дегенмен балама күрішшілер сөзі қазір әбден қалыптасқандар қатарына жатады. Шындығында, диірмен, жуаздарда неше қайтара түйіліп, қауыздарынан аршылып, ашылып, ақталғанда ғана *күріш* болып шығады. Ал, егіліп, күтіліп, орылып, бастырылып, жиналып алып, өткізілетіндер — *салы*. Сондықтан, *салпая, салы* пая т. б. кәсіптік атаулар да бар. Ал, *күріш* болғая соң-ақ оны пісіріп жеуден басқа технология қалмайды. Өйткені *күріш* енді қайтып егілмейді де, өспейді және өнбейді. Соған қарамай *салыны* егіп, баптап, күтетін, орып, жинап, дәнін қамбаға өткізетіндерді *күріш-ші-лер* дейміз. Бұл да жұрнақтар қосылған, туынды түбірлер тағдыры мәселелер тобына жатады.



## ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілінің оқулықтары мен грамматикаларында қосымшалар жұрнақтар мен жалғаулар болып, екі үлкен топқа бөлінеді<sup>1</sup> де, алғашқылары одан әрі сөз тудырушылар мен форма тудырушылар деп сараланады<sup>2</sup>. Жалғаулар болса, сөздерді байланыстырушылар делініп, функцияларына қарай қазақ тілінің қосымшалары да орыс тіліндегі сияқты үш топқа таратылып танылады.

Біз осы үш топқа бөлінетін қосымшалардың әр тобын арнайы атап: 1) сөз тудыратындарды жұрнақ, 2) форма тудыратындарды жұрнақша, 3) сөздерді байланыстыратындарды жалғау деп дифференциалдауды ұсынамыз<sup>3</sup>, осы жұмысымызда оны іс жүзінде пайдаландық та. Аффикстер сондай-ақ қосымша морфема деп атауға болатын бұл топтағыларды сыртқы және ішкі белгілеріне қарай тілге тиек етпекпіз.

Академик В. В. Виноградовтың сөзімен айтқанда, морфемалардың сыртқы ерекшеліктеріне фонетика мен морфология салаларындағы яғни морфонологиялық, ішкі белгілеріне аффикстердің логика мен грамматикадағы, былайша айтқанда, семантикалық мән-мағыналары жатады.

Қысқаша болса да енді осылардың әрқайсысына төменде жеке-жеке тоқталайық.

---

<sup>1</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 205—209-б.

<sup>2</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964. Бұл жұмыстың 1974 жылғы екінші басылымы да қараңыз.

<sup>3</sup> Қалыбаева А. Қосымшалар. — Қазақстан мектебі, 1983, № 6.

## 1. АФФИКСТЕР МОРФОНОЛОГИЯСЫ

А. Морфонология жайлы жалпы түсінік. 1950 жылдардан бері өткен аз уақыт ішінде тіл білімі, советтік түркология да белгілі биік сатыға көтерілді.

Акад. В. В. Виноградов бастап, Э. В. Севортян қос-тап<sup>4</sup>, одан әрі дамыта түскен сөзжасамның лексика мен грамматикаға тікелей қатыстылығының<sup>5</sup> ғылыми танымы<sup>6</sup> сөзжасам жүйесін өз алдына тіл білімінің дербес саласы етіп бөліп шығарды. Әрқайсысы аналитикалық оқшау танылып, солай баяндалып келген тіл салаларының өзара ауыс-түйіс, іштей байланысты сыр-сипаттары сөзжасамда ашылып нақтылана түсті. Фонетика мен грамматика байланыстылығын танытатын фонология саласы да қалыптасып, түрлі жүйелі тілдер тұрғысынан өз орнын тапты. Осындай жаңа саланың бірі — морфонология<sup>7</sup>. Мұның да пайда болу, қалыптасу тарихы фонология сияқты И. А. Бодуэн де Куртенэ<sup>8</sup> мен Н. С. Трубецкой<sup>9</sup> еңбектеріне барып тіреледі.

Морфонология болып жалпы тіл білімі мен нақты тілдер, славян тілдері, соның ішінде русистикада да қалыптасып отырған<sup>10</sup> бұл сала фонеморфология деп те аталып келеді. Бұл соңғы атау «Қазіргі башқұрт әдеби тілі» академиялық грамматикасында қолданылған<sup>11</sup>, бұрын да А. А. Реформатский т. б. еңбектерінде осылай да аталатын.

Көпшілік түркологтар морфонология дегенді құптаған бұл сала санаулы түркологтардың атымен байланыс-

---

<sup>4</sup> Виноградов В. В. Что такое словообразования? — ВЯ, 1962, № 2; Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966.

<sup>5</sup> Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1956, ч. 2.

<sup>6</sup> Русская грамматика. М., 1980, кн. 1, с. 123—452.

<sup>7</sup> БСЭ, 3-е изд., т. 16, с. 607—608.

<sup>8</sup> Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963, с. 83, 255.

<sup>9</sup> Трубецкой Н. С. Некоторые соображения относительно морфонологии. — В сб.: Пражский лингвистический кружок. М., 1967, с. 115—118.

<sup>10</sup> Чурганова В. Г. Очерк русской морфонологии. М., 1973; Ильина Н. Е. Морфонология глагола в современном русском языке. М., 1980; Русская грамматика. М., 1980, кн. 1, с. 413—452.

<sup>11</sup> Грамматика современного башкирского литературного языка. М., 1981, с. 79—87.

ты арнайы очерк<sup>12</sup>, бөлімше<sup>13</sup>, мақала<sup>14</sup> түрлерінде проблема болып көтерілді.

Біз бұл арада морфонология, фонология салаларының әуелде морфемалардың фонологиялық құрылымына байланысты И. А. Бодуэн де Куртенэ бастап, ортада қаншалық айтыс-тартыстардың объектісі болғанын, екі саланың да қалыптасып, тіл білімінен өз орнын алуында Н. С. Трубецкойдың қалай және қаншалықты еңбек сіңіргеніне тоқтамаймыз. Оларды қамтыған талай авторлар бар, солардың ішінен В. Н. Зиновьевті<sup>15</sup> атап өтуге болады.

Түркі тілдеріне байланысты морфонологияның тілгетіек болып, қандай жағдайда қалыптасып келе жатқаны татар ғалымы М. З. Закиевтің «Советская тюркология» журналының 1984 жылғы 1 санындағы мақаласында қысқаша баяндалған.

Морфонологияның қалыптасу барысында ғалым А. А. Реформатскийдің<sup>16</sup> орны — ерекше.

Проф. М. З. Закиевтің мақаласынан морфонологияға, соның ішінде түркі тілдеріне тікелей қатысты жасалған шолумен танысып қана қоймай автордың жоғары оқу орындарына арналған программаға «морфонологияны» дербес сала етіп енгізгенінен де хабар алдық. Мұндай сала қазақ тілі оқулықтарында да болуға тиіс. Бір жағы осы бір игілікті бастамаға себебіміз тисе деп, екіншіден, қазақ морфонологиясының да іргетасы қалануына тілектестікпен, морфемаларға тікелей қатысты бұл саладағы өз ойымызды назарларыңызға ұсынамыз.

Морфонология — фонология мен морфологияны, тіпті грамматиканы, орнына қарай стилистиканы да байла-

---

<sup>12</sup> Павлов И. П. Краткий очерк морфонологии современного чувашского языка. — В кн.: Чувашский язык, литература и фольклор: Сборник статей. 1974, вып. 4, с. 3—14.

<sup>13</sup> Тенишев Э. Р. Фономорфологические особенности. — В кн.: Строй сарыюртурского языка. М., 1976, с. 39—46; Строй салаларского языка. М., 1976, с. 93—99.

<sup>14</sup> Калыбаева А. К. К проблеме морфонологии тюркских языков. — В кн.: Языкознание. Ташкент, 1980, с. 157—158.

<sup>15</sup> Зиновьев В. Н. О морфологическом использовании фонетических средств: Обзор литературы 1881—1960 гг. — Ученые записки Горьковского университета. Горький, 1964, вып. 6—8, с. 12—28.

<sup>16</sup> Реформатский А. А. О соотношении фонетики и грамматики (морфологии). — В сб.: Вопросы грамматического строя. М., 1955, с. 92—112; Он же. Еще раз о статусе морфонологии, ее границах и задачах. — В кн.: Фонологические этюды. М., 1975, с. 98—118.

ныстыратын аралық деңгей. Деңгей деу үшін өзінің единицасы болуы керек. Ең көп жазып, зерттеген А. А. Реформатский мұны деңгей деп тануға қарсы. Ол өзіндік базисі жоқ<sup>17</sup> морфологияның құрылыс материалы яғни деңгей аралық деп есептейді. Қазір қаншалықты зерттеулер жүргізіліп, кітаптар шығып, дербестігі дау тудырмағанмен де, түрлі типологиялық жүйелі тілдер үшін әсіресе агглютинативті тілдерде, әліппеден бастауға тура келеді.

Орыс тілі морфонологиясына арналған В. Г. Чурганованың жоғарыда атап өткен очеркін, Н. Е. Ильинаның етістіктер морфонологиясы жайлы монографиясын, сондай-ақ академиялық «Орыс грамматикасының» 1-кітабындағы арнайы саланы т. т. қай-қайсысын алсақ та, мәселе түбір сөздердің төңірегіне топталады. Агглютинативті тілдік жүйе түркі тілдері, солардың ішінде қазақ тілінің түбір морфемаларына келсек, олар негізінен морфологияда фонетикалық өзгерістерге ұшырамайтын ұйтқы болып есептеледі. Бұл — дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Морфонология болса, ол негізінен қосымшалардан келіп шығады. Бұлардан басқа да морфонологияға объекті болатын тілдік құбылыстар аз емес. Соларды тауып, жүйелі ізге салу қазақ тілі мамандарының кезек күттірмейтін міндеттерінен саналады және өзге тіл ерекшеліктерінің ғылыми талдау, ереже, қағидаларын автоматты түрде аударып, қолданудан сақтандырады. Өйткені флективті тілдер, солардың ішінде орыс тілінен де, қазақ т. б. түркі тілдерінің морфонологиялық жүйесінде үлкен айырмашылықтар мен әр туыс тілдің өзіндік өзгешеліктері бар. Бірақ соған қарамай, морфонология деген не? Оның шегі, объектілері, единицасы т. т. шартты межелері нені білдіреді? — деген жалпы тілдік теориялық тұжырым, ғылыми анықтамалар қай тілге болса да басшылыққа алынады. Енді соларға келейік.

Морфонология қамтуға тиіс объектілер жөніндегі пікірлеріне қарай ғалымдар мына төмендегі топтарға бөлінеді. Е. Д. Поливанов, В. А. Редькин<sup>18</sup> т. б. морфонологияға негіз етіп, акцентологиялық және сонымен бай-

<sup>17</sup> Реформатский А. А. Еще раз о статусе..., с. 214—218.

<sup>18</sup> Редькин В. А. Принципы построения описательной грамматики современного русского литературного языка. М., 1965; Он же. Из истории морфонологических учений. — В кн.: Основы построения описательной грамматики... М., 1966.

ланысты құбылыстарды жатқызса, екінші топ — А. А. Реформатский, В. Г. Чурганова т. б. морфемалардың фонемалық құрамы мен олардың сөзформалардағы тоғысуын және солармен байланысты басқа да фактілерді жатқызады. Ал, енді үшінші топ ғалымдар, С. М. Томская, Д. Уорт т. б. басты объекті етіп дыбыс алмасу ерекшеліктерін атап көрсетеді. Е. С. Кубрякова<sup>19</sup> бұл үш топ ғалымдардың пікірлеріне морфемалардың қабаттасып, күрделене қосылуы мен қысқарып, кейде тіпті түсіп қалып та қолданылуын морфонологиялық статус ретінде ұсынады. Біраз уақытқа дейін морфонология фонетикадан парадигматикаға дейінгі екі ортадағы тілдік құбылыстарды қамтиды деген жалпы тұжырым негізгі меже болып келді.

Морфонологияның тиянақтала да нақтылана түскенін Е. С. Кубрякова мен Ю. Т. Панкрацтың<sup>20</sup> авторлығымен шыққан жұмыстан айқын байқауға болады.

Н. С. Трубецкойдың белгілеп берген негізгі үш міндеті (1. Түрлі топтағы морфемалардың құрылымдарындағы фонологиялық айырмашылықтардың қалай іске асуы; 2. Атқаратын қызметтері бір морфемалық топтардың белгілі фонологиялық ұқсастықтарын дәлелдеу; 3. Бір-біріне қосылған морфемалардың ара жігіндегі жүйелі өзгерістердің, дыбыс алмасуының сыр-сипаты фонологиялық деңгейде емес, олардың морфологиялық қызметімен байланысты екенін көрсету) әр авторда түрліше талданғанын бұл соңғы авторлар көңілге қонымды түрде баяндайды. Морфонологияға тиісті міндеттердің санын арттырып, аясын кеңіте түседі. Сөзжасам, парадигматикалық жүйелердегі де морфонологиялық заңдылықтардың қамтылуын ұсынады. Бұл тұрғыда «Орыс грамматикасының» 1-кітабындағы морфонологияға тиісті интерпретацияларды «Морфемалардың тіркесіміндегі формальдық заңдылықтармен шектелген», — деп сынайды. «Морфонологиялық талдаудың басты міндеті, — деп көрсетеді авторлар, — тілге тән морфонологиялық сипаттарды белгілеу, олардың функциональды мәндері мен ролін анықтау», — деп (сонда, 13-б.) одан әрі өздері осыларды фактілермен таратып көрсетеді. Қойы-

<sup>19</sup> БСЭ, 3-е изд., т. 16, с. 607—608.

<sup>20</sup> Кубрякова Е. С., Панкрац Ю. Т. Морфонология в описании языков. М., 1983.

латын басты шарт етіп морфема, олардың морфонологиялық альтернаттарын морфологиялық құрылымы күрделі де тұтас сөздер мен одан да жоғары единицалардың сөйлеу мен сөйлемдер ішіндегі функциональды түрлерінен алып тануды ұсынады. Сөйтіп, «Фонологиялық ережелер морфологияға сүңгімейді, ал морфонологиялық сипаттамалар болса, морфологиялық шарттылықтан туындайды», — дегенге саятын авторлардың көзқарастарын құптайды.

Морфонологиялық талдау тұрғысынан олар морфемаларды константты және альтернатты деп, осы екеуінің бірі тұрғысынан таниды.

Морфема сол бастапқы бір ғана түрде қолданылса, өзге морфтары болмаса, ол константты делінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі әсем-паз, өнер-паз, сондай-ақ пәлекор, жем-қор т. т. алайық. Осылардағы -паз, -қор деген жұрнақтар қосылатын түбірлерінің түрліше болуына қарамай, олар үнемі осы құрылым, қалыптарын сақтайды. Сонда бұлар морфемалардың константты түріне жатады. Көптік, септік т. б. жалғаулардың: *үй-лер, күй-лер; тау-лар, май-лар; қыз-дар, ауыл-дар; ит-тер, шөп-тер* т. т. дыбыс, буын үндесулерімен белгілі фонологиялық құрылымда жүйелі түрде түрленуінен морфеманың альтернаттық морфтар қатары пайда болады. Мұндай морфемаларға қосымша біткеннің бәрі (-қор, -паз т. б. қоспағанда) жатады. Қазақ тілінің түбір морфемалары жөнінде, әсіресе түбір негіздер жайлы зерттеп барып шешім айтуға болады.

Қазақ тілі фактілеріне көшпес бұрын және түркі тілдері жөнінде азды-көпті болса да пікірлер айтылып, очерк, бөлімшелер есепті алғашқы хабарлар бар екенін ескертумен бірге мына төмендегі кейбір мәселелерге көңіл аудару қажет болады.

**Б. Дыбыс фонема және морфонема.** Фонетика, фонология және морфонология дегендерге енетін тілдік құбылыстар мен олар жөніндегі тіл білімінің салалары осы, атап өткен үш терминге назар аудартады.

Бұл үшеуінің екеуі яғни *дыбыспен фонема* дегендер тіл-тілдің бәрінде де ғылыми анықтамасы бар, қалыптасқан лингвистикалық терминдер тобына жатады. Ал, морфонема деген болса, ол морфонологияны зерттеушілердің бәрі бірдей құптай қоймаған жаңа термин болып

есептеледі. Бұл соңғы терминді тілге тиек ету үшін, дыбыс пен фонемаға тағы да қайта айналып соғуға тура келеді.

1954 жылы аға ұстаздарымыздың авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілінің» «Фонетика» бөлімінде (жазған — акад. І. Кеңесбаев) дыбыс жөнінде айта келіп: «Кез келген дыбыстардан немесе дыбыстар тіркесінен қалай болса солай сөз жасауға да грамматикалық тұлға жасауға да болмайды», (95-бет) дегенді оқимыз. Одан әрі — «дыбыс пен сөз мағынасының «ұғымының» өзара табиғи байланысы жоқ» (96-б.) делінген. Автор: «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кіші единицаны (көрнекті дыбысты) фонема деп атаймыз (97-б.) — деп қорытады да, нақтылай әр дыбыс жөніндегі ғылыми түсіндіруде «а фонемасы» (105-б.) «е (э) фонемасы» (108-б.); *p, л, й, у* — үнді фонемалар» (121-б.) т. т. сипаттамаларды жалғастыра береді.

Қазақ совет энциклопедиясындағы тіл дыбыстары жөніндегі мақалада (4-т., 57—67-б.) «сөз мағыналары мен сөз тұлғаларын ажыратуда себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық бөлшектер фонема», — делінеді де, оларды лингвистикалық тұрғыда фонология зерттейтіні нақтылай аталып көрсетіледі.

Сөйтіп, лингвистикалық тұрғыдағы физикалық қасиеті, сондай-ақ физиологиялық жасалуы жағынан бұл единица дыбыс деп аталады да, фонетиканың объектісіне кіреді, фонема фонологияның статусы болады.

Бұдан соңғы «Дыбыс алмасуы» деген мақалада (4-т., 57—58-б.) фонетиканың заңдарына сәйкес алмасу мен тарихи алмасу деген екі түрі арнай аталып мысалдармен көрсетіліп түсіндіріледі. Сөйтіп бұл тілдік құбылыста дыбыс термині қолданылады.

Жоғарыда біз негіз етіп алып отырған «Қазіргі қазақ тілінің» «Фонетика» бөлімінде «Дыбыстардың үндесуі» арнай баяндалған. Бұл «үндестік заңы» деп аталып жүр. Морфонологияның объектілерінің қатарына қосылатын бұл құбылыс, бастан-аяқ дыбыс деген терминге негізделген. Бұған 155-беттен: «Дыбыстар өзгеруінің тіл-тілде басты екі түрлі жолы бар: бірі — комбинаторлық өзгерістер, екіншісі — спонтандық өзгерістер» — деген үзіндіні факті етіп келтіруге де болады. «Ассимиляция», оның ілгерінді, кейінді т. т. бәрінде де дыбыс термині қолданылады.

Сөйтіп, осы қысқаша жоғарыда жасаған шолуымызға қорытынды жасасақ, дыбыс пен фонема дегендердің синоним болатын да, бола алмайтын да заңдылықтары бар екені байқалады. Тағы да қайталай айтып, нақтылай түссек, «сөз мағыналары мен сөз тұлғаларын ажыратуда себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық бөлшек фонема» делінеді және фонологияның еншісіне тиеді (ҚСЭ, 1-т., 57-б.).

Қазақ ССР-і «Ғылым» баспасынан 1983 жылы А. Ибатовтың «Сөздің морфологиялық құрылымы» деген кітабы шықты. Мұнда факті болып XIV ғасыр жазба әдеби мұралардың тілі пайдаланылған. Тілдік фактілерде кездескен түбірлер де, жұрнақтар да, жалғаулар да, олармен қосылып пайда болған негіздер (туынды түбірлер) де, сөздер де алдымен бір дауысты дыбыстан тұратынынан (г) бастап, сондай-ақ: СГ, ГС, СГС... ГСССГС сияқты 18 түрі таңбаланып көрсетілген. Осы сияқты түрде таңбалап, автор жұрнақтардың онбір түрін (102-б.) көрнекілеген. Содан кейін түбір мен жұрнақ қосындыларынан пайда болған негіздерді оларға қосылған жұрнақтар біреу ме, неше дыбыстан тұрады, екеуі қосылғанда: неше дыбысты және қандай дыбыстардан (дауысты, дауыссыздардан) тұратынына негіздеп, оларды да (141-б.): СГ, ГС, СГС, ГСГС... ГСГССГ түрлерінде көрнекілеп, статистикалық жиынтығын айтады.

Сөйтіп, А. Ибатовтың бұл кітабында сөздерді морфологиялық құрылымына арналған ғылыми зерттеу сөздердің, олардың бөлшектерінің дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралуы жайлы айтылады.

Жоғарыдағы біз шолып өткен дыбыс пен фонема дегендердің сол мән-мағыналарында А. Ибатовтың бұл жұмысында сөздер тұрғысынан да, қосымшалар, жұрнақтар мен жалғаулар тұрғысынан да нақтылай аталып қолданылғанын ұшырата алмадық. Сондай-ақ, 67-бетте үш түбір, 102—103-беттерде 8 жұрнақ, 129-бетте тәуелдік жалғаулары (-ы, -і), септік жалғаулары (-а, -ә) — бәрі бірдей Г дегенге дәл келеді, СГ, ГС, СГС, СГСС т. басқа да осылар сияқты. Сонда, Г, СГ, ГС, СГС т. т. бірдей таңбаланған түбір сөздер, туынды сөздер, жұрнақтар, жалғаулардан қандай жүйе, қандай заңдылықтарды тануымызға болады? — деген сұраққа жауап табылмайды.



Біз бұл зерттеуге, қолданған әдістеріне көңіл аударғанда, алда арнай сөз еткелі отырған морфонологияға, сөздердің, қосымшалардың морфонологиялық заңдылықтарына жауап, сондай-ақ сәйкестік іздеуден барып, дүшар болдық. Сөйтіп, А. Ибатовтың бұл кітабынан дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөздерде, қосымшаларда келу реттерімен, сандық жиынтықтары, жиіліктерімен таныстық.

Фонема термині синкретикалық түбірлерде, олардың омонимдігіне негіз болған омофондармен байланысты да қолданылмаған.

Морфонологиядағы әзірге басы ашылмаған мәселе — морфонема. Фонетикалық тұрғыда бұл да — дыбыс немесе дыбыстар тіркесі. Морфонологияда фонемамен сай келуі де, келмеуі де, тіпті ноль түрінде болуы да ықтимал. Әзірге, морфонема дегенді мойындаушылармен бірге ондай единица тілде жоқ деп түйшілер де бар.

Ашық, фактілермен дәлелдеп, еңбегінде де бұл терминді беріп, іс жүзінде қолданған — Н. Е. Ильина<sup>21</sup>. Автордың сипаттауынша, морфонема бір-бірінің орнына алмасып қолданылатын фонемалардың жиынтық аты. Сондықтан ол абстракты, жалпылама... — дейді. Бұл тұрғыда Н. Е. Ильина, Р. И. Аванесов пен В. Л. Сидоровтың: «Ауысып қолданылатын фонеманың қай түрі болса да, сол өзі тұрған позициясында танылады, тап осы позицияда ол фонеманың өзгедей түрі қолданылуы мүмкін емес», — дегенге саятын пікірлеріне сүйеніп, оны қоспап, қолдайды (54-б.).

1980 жылғы Ташкентте өткен III Бүкілодақтық түркологиялық конференцияда жасаған хабарларымызда морфонеманы біз де қабылдап, алдағы уақытта түркі тілдері негізінде ғылыми тиянақтау қажеттігін атап көрсеткенбіз-ді<sup>22</sup>.

Морфонемаға назар аударып 1982 жылдан бері қарай морфонологияны тіліне тиек ете бастаған ғалым — М. З. Закиев. Автор морфонема дегенге бір-біріне орын алмасатын фонемалар комплексін жатқызады. Бұл алмасулар фонетикалық заңдылықтар аясында ма, әлде

---

<sup>21</sup> Ильина Н. Е. Морфонология глагола в современном русском языке. М., 1980, с. 53—110.

<sup>22</sup> Қалыбаева А. К. К проблеме морфонологии тюркских языков. — В кн.: Языкознание. Ташкент, 1980, с. 157—158.

тарихи алмасу ма, М. З. Закиев екеуіне бірдей морфеманы қолдануды ұсынады<sup>23</sup>.

Біз де сол 1980 жылғы ұстаған бағытымыз бойынша морфемалардың морфонологиялық ерекшеліктерін сипаттауда морфонемаларды, оның негізгі типтерін құратын альтернатты фонемаларды басты шарт есепті белгілейміз. Нақты фактілер алда арнайы баяндалғалы отырған қазақ тілі морфонологиясында тиісті орындарына қарай ондай мысалдар қолданылады.

**В. Қазақ морфонологиясы, объектілері мен міндеттері.** Қазақ тілін морфонологиялық сипаттағы ерекшеліктері көзге бірден түсетін түркі тілдері тобына қосуға болады. Бұл жағынан келгенде, өзбек тілімен салыстырып қарау арқылы да көз жеткізуге болады. Әрине, бұдан өзбек, ұйғыр тілдері яғни қарлұқ тобындағыларда морфонологиялық ерекшеліктер жоқ деген бір жақты ұғым тумасқа керек. Оның үстіне әр тілдің жазба дәстүрі мен орфоэпиялық нормалары бар. Графикалық көзге түсе бермейтін морфонологиялық сипат қазіргі өзбек әдеби тілінің орфоэпиялық нормаларында құлаққа бірден шалынатын тілдік фактілер де аз емес. Күнде өзіміз өкілдерімен араласып жүрген ұйғыр әдеби тілі жөнінде де айтарымыз осы.

Морфонологияның фонологиядан да, жалпы фонетикадан айырмасы бар. Әр автор өзінше анықтама да берді. Соларды жинақтап, ой елегінен өткізгенде, мыналарға келіп саяды:

1. Тілдің морфологиялық деңгейінде қолданылу қажеттігінен фонологиялық өзгеріске ұшырайтын құралдар және осылардың заңдылығын зерттейтін лингвистикалық сала.

2. Сөзжасам мен сөздерді түрлендіретін, сөздерді байланыстыратын морфемалардың фонемалық құрылымдары, осылардың жүйелерін танып, зерттейтін сала.

3. Морфемалардың екеу, үшеу, одан да көп болып қосылуында болатын позициялық дыбыс алмасулары, солар жөніндегі жүйелі ғылыми қағидалар жинағы.

4. Сөз, сөзформалардың мағыналарына сай тұлғалық өзгерістерге ұшырауында фонемалардың сапалық, сан-

---

<sup>23</sup> Закиев М. З. О тюркской морфонологии. — СТ, 1984, № 1, с. 39.

дық та альтернатты құбылуы, тіпті түсіп, ықшамдалуы, сондай-ақ жамалып, күрделене түсуі яғни фонологиялық комплексті динамика морфологиялық шарттықтан пайда болғанның бәрі де морфонологиялық сипаттың шеңберіне енеді және осы саланың объектілері болып есептеледі дегенге саяды. Осы жоғарыда топтап, мазмұнын өз сөзімізбен беріп отырған морфонологияға қатысты мәселелер бұлармен шектелмейді. Біз морфемикада морфемаларға тиістілерін ғана айтып отырмыз. Синтагмалық тұтастыққа да тікелей қатысы бар морфонология сөзформалар құрамында синтаксис, стилистика т. б. тілдің жоғары деңгейлерінде де атқаратын белгілі ролімен фонологияны морфологияға, морфологияны синтаксис, тілдің стильдік т. б. байланыстырады.

Морфонология объектілерінің негізгілерінен саналатын «Дыбыстар үндесуі» қазақ тілі «Фонетикасының» шеңберінде талданып, баяндалады. Мектеп, арнайы орта, жоғары оқу орындарының оқулықтары, ғылыми курс, грамматикалардағы мұны қамтитын «Фонетика саласы» академик І. Қ. Кеңесбаевтың қаламынан туған. Енді «Фонетиканың»<sup>24</sup> «Үндестік заңы», «Дыбыстардың үндесуі» деп аталып жүрген бөліміне назар аударайық.

«Дыбыстардың үндесуі дегеніміз — артикуляция жағынан жуық (үйірлес) дыбыстардың біркелкі келуі», (282-б.) — деп түсіндірген автор үлгі есепті 7 пунктте оларға тиісті мысалдар береді. Біз де сол номерлерден бірді-екілі мысалдарын келтірейік.

1. Бірыңғай жуан дауысты дыбыстардан тұратын сөздер: *жол-ға, құн-ды...*

2. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстардан тұратын сөздер: *сән-ге, ін-дер-де, жез-ді...*

3. Жуанды-жіңішкелікпен бірге, ерінді, езулі болып та үндеседі: *орақ-тар-дың, өрік-тер-дің* (өрүктердің түрінде айтылады)...

4. Қатаң дыбыстан кейін қатаң дыбыс келеді: *хат-тар, кес-пе...*

5. Ұяңнан кейін ұяң келеді: *жаз-ба, күз-де, қаз-дар...*

6. Үндіден (дауыстыдан) кейін үнді не ұяң келеді: *нан-ның, бала-дан.*

7. Бұл пунктте *Жанпейіс, сенбеді* т. б. *Жампейіс, сем-*

---

<sup>24</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Алматы, 1962, 282—303-б.

беді, сондай-ақ Жанқабыл, түнгі, Сәрсенкүл т. б. сөздердің Жаңғабыл, түңгі, Сәрсенгүл болып айтылуларына тоқталады.

Автор сингармонизм және ассимиляция деп атаған бұл құбылыстарды буын үндестігі мен дыбыс үндестігі дейді де, жасалу жолына қарай комбинаторлық және спонтандық өзгерістер деп саралайды.

Қазақ тіліне тән осы құбылыстарды автор: «Бұл екі тараудың екеуі де — дыбыстау мүшелерінің қызметіне (артикуляциясына) байланысты өзгерістер», — деп, дыбыстардың физикалық, физиологиялық яғни таза фонетикалық қасиеттері тұрғысынан ғылыми сипаттап, теориялық тұжырым жасайды. Автордың бұл бағыты мектеп-тің мектебі болып, ұяндануына байланысты да, Омск-і-ге дегенде і дәнекері жөнінде де біркелкі жалғасады.

«Дыбыстар үндесуінің яғни үндестік заңының фонетикаға тікелей қатыстылығы қайсы?» — деген сұраққа, тап осы жоғарыда келтірілген және солар тәрізді тілдік құбылыстар мен оларды акад. І. Кеңесбаев ғылыми анықтап, теориялық тұжырымдап түсіндірді, — деп қорытқан болар едік.

Енді қазақ тіліне тән «Дыбыстар үндесуінің» морфологияға тиісті жағына келейік.

1. Жоғарыда келтірілген және еңбектегі көптеген мысал-фактілерге көз жіберсек, дауысты мен дауыстының яғни буын үндестігіне қатысты болса да, дауыссыздар үндесуіне берілгендері болса да, ер-лер-ге, күз-дік, қаз-дар, сондай-ақ: Сәрсен-күл, түн-гі, кітаб-ы, Омск-і-ге т. тағылардың бәрі де жалаң түбірлер емес, жалғау, жұрнақты және біріккен т. б. күрделі тұлғалы, дәлірек айтқанда, екі, үш т. т. морфемалардың қосындысынан тұратын сөздер.

2. Осы морфемалар қосындыларынан тұратын сөздердің ішінде: Сәрсен-күл, Жан-пейіс деген біріккен сөздер яғни аналитикалық сөзжасам амалы, түн-гі, Ташкент-тік, т. т. синтетикалық сөзжасам мысалдары бар. Сонда сөзжасамның түрлі-түрлі амалдары, олардағы түбірлер мен түбірлер, түбірлер мен жұрнақтардың бір-біріне қосылып, сөз жасалуына сәйкес үндесу заңдылықтары деген мәселелер — тілдің фонетикадан жоғарғы деңгейлерінің қасиеттерінен шығып тұрған фонетика-фонологиялық заңдылықтар.

3. «Дыбыс үндесулеріне» берілген мысалдардың басымы көпшілігі *бал-дың, жол-ға, сән-ге, өрік-тер-дің, инженер-міз, бала-лар, мектеб-і, Петропавловск-і-ге* т. т. жалғаулар қосылғандар. Бала-лар, бал-лар, бал-дар дегендердің өзінде де түбір сөзбен көптік жалғауының қосылуындағы сыр-сипат объекті болып тұр. Бұл жалғаулы сөздер тілдің қай деңгейінің единицалары дегенде, бұлар — сөзформалар яғни синтаксистік единицалар. Өйткені жалғаулы сөздер «Балалар ойнап жүр; «Ойнап жүрген — балалар», сондай-ақ «Омск-і-ге ұшатын едім», «Жол-ға дайындал», «Қазақ орта мектеб-і аудан орталығында» т. т. сөйлеу мен сөйлемдерде функциональді динамикасында коммуникативті мұқтаждық құралдары есепті танылуға тиістілер.

Міне, осы санап өткен үш-ақ топтың өзі сөзжасам жүйесі, сөздерді түрлендіру амалдары және сөздерді байланыстыру деген, құрылымдары морфологияның объектілері, нәтижелері лексика мен логика, синтаксистің единицалары болатын тілдік құбылыстардың құрылыс материалы, базистік деңгейі морфонологияны фонетика мен фонологиядан бөліп тану принципін туғызады.

Агглютинативті жүйелі қазақ т. б. түркі тілдерінің зерттелу тарихында бұл санап өткен фонология мен грамматика деңгейлерінің аралығындағы заңдылық арнайы болмаса да жол-жөнекей аталып өткен кездері де жоқ емес. Бұл салада І. Қ. Кеңесбаевтың В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, В. А. Богородицкийлердің осы жөніндегі пікірлерін ескере отырып: «Сингармонизм түркі тілдерінің жалғамалы (агглютинативтік) құрылысымен ұштасқан категорияға жатады» (287-б.), — деп түйюін арнайы атап өтуге тиіспіз.

«Сингармонизмдегі» (286—293-б.) буын үндесуі өзінің ғылыми сипатын толық тапқан. Қызмет, депутат сияқты жіңішкелі-жуан буындар аралас келген сөздердің қосымшалануы жөніндегі дәлелде де нақты пайымдау, баяндаулары нақтылай дәлелденіп, адекватты сипатталған. Қазақ тілі мен қырғыз тілі түбірлерінің қосымшалануындағы палатальдық аттракция мен лабиальдық аттракцияның әр ұлттық тілге тиісті ерекшеліктеріне сүйеніп, ғылыми сипаттауы фонетикамен қатар морфонологияда да ерекше орын алады. Қазақ тілінде б морфты көптік морфемасының -лор, -дор болып келетін

ерін дауысты альтернаты жоқ, -нү, -дү, -тү табыс т. б. септік жалғаулар да осы тәрізді. Татар тілінің әниемнәр сияқтанып келетін көптік жалғауының -нар, -нәр, якут, шор т. б. тілдердегі саны он алтыға жететін, бұдан да көп альтернатты морфтары бар<sup>25</sup> қатарын, өзге түркі тілдерін де қамтып, салыстырмалы морфонологияға жол салуға болады. Ол үшін әрбір түркі тілінің, жақын тілдер тобының морфонологиялары арнайы ізденістерден өтсе, түпкі мақсат салыстырмалы-тарихи теориялық зерттеулерге жетудің де сара негізгі бағыт-бағдары нақтылана түсер еді.

Ассимиляция яғни дауыссыздардың үндесуі дегенге келсек, мұнда автор: 1) прогрессивтік, 2) регрессивтік ассимиляциялар, ал соңғымен бірге тоғыспалы ықпалға да тоқтайды.

Үндесудің бұл түрлеріне берілген жалпылама сипаттауда автор морфонологияға тікелей қатысы бар жағын көбінесе жақшада атай өтіп, кейде тіпті жол-жөнекей ескерте салумен де шектеліп отырады. Мысалға ассимиляцияға берген сипаттамасын алайық. «Сөйтіп, бір сөз көлемінде (түбір мен қосымша аралығында) немесе бірнеше сөз көлемінде (сөздер аралығында) тетелес келген дыбыстардың үндесуін ассимиляция дейміз» (294-б.). Бұл арадағы мәселенің морфонологияға тиісті сыр-сипаты, жоғарыда атап өткеніміздей, жақшаға алынып тұр. Соған қарамай прогрессивтік ассимиляцияға жасаған талдау, келтірген мысалдарында түбірдің соңғы дыбысы мен оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы үнемі тілге тиек болып отырады. Туынды, біріккен түбірлер, күрделі сөздер, синтагмалар да осы тәрізді. Ақ ешкі, көк дөнен, бозжігіт тәрізділердің айтылуда: *ағешкі, көгдөнөн, божжігіт* болуы, сондай-ақ тіл арты: *қарт, тұр, қалай, барлық* т. б. *кәрі, кәйтін, бәрі, түрегел* болып, тіл алды позициясына ауысуы, жіңішке: *мен, сен* т. тағылардың септелгенде, керісінше, *маған, саған* тәрізденіп бастапқы позицияларынан өзгеруі де мысалмен беріледі. Осылардың құрамына зер салсақ, екі, үш морфемалардың қосылуынан келіп шығатын заңдылық екені байқалады.

Сөйтіп бұлардағы кері ықпал заңдылығының негізгі

---

<sup>25</sup> Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 63—64-б.

себебі де түбір мен түбір морфеманың көрші дыбыстары яғни соңғы морфеманың (түбір, жұрнақ, жалғау) бірінші дыбысы сондай-ақ жуанды, жіңішкелі болып келгенде, алдыңғыны да өзіне игеріп кетуі кері ықпал нәтижелерінен саналады. Міне осылар тәрізді фонетикалық өзгерістер мейлі айтылуда ғана естіліп, жазылуында морфологиялық принципке сүйенілсін, сөзжасам, сөздерді түрлендіру, сөздерді байланыстыру, синтагмалық сипат т. б., яғни сөзформалардың сөйлеу процесі, сөйлемдердегі функционалды динамикасымен тікелей байланысады. Бұл құбылыстың бәрі морфонологиялық ерекшеліктердің аясына енеді.

Кері ықпал тұсында түбір соңы *к, қ, л* қатаң дауыссыздарға біткендерге дауыстыдан басталатын екінші морфеманың басқы дыбысы әсер етіп, *көз-і, шоғ-ы, табыл-ды, тау-ып* т. т. құбылулар да морфонологияның еншіне тиеді.

Қосымшалармен сәйкестену жағынан татар тілінің *жыр-ла, еш-лә, уйна* т. т. түбір соңғы буынындағы дауыстылардың көсемше жұрнақшаларының қосылуымен: *жыр-лы-й, уй-ны-й, еш-ле-й* сияктанып қысқандануы да, І. Қ. Кеңесбаев келтірген, ұйғыр тілі мысалдарының заңдылықтары да — морфонологиялық фактілер. *Бау-ла* мен *бау-лы, аң-да* мен *аң-ды* т. тағылардың мағыналық дербестенуі де осылар тәрізді, бірақ қазақ тілі үшін бұлар жүйе емес.

Түркі тілдеріндегі регрессивтік ассимиляцияны түрколог И. А. Батмановтың көненің қалдығы деп түйюіне акад. І. Кеңесбаев қосылмайтынын айта кеп (299-бетте) осындай заңдылығы аса дамыған индоевропа тілдерін негіздей отырып, тағы да үңіле зерттеу қажеттігін атап көрсетеді. Автордың бұл тұжырымы соңғы жылдары орыс тілі морфонологиясына арналған еңбектерде ғылыми дәлелденіп те отыр. Н. Е. Ильинаның кітабы<sup>26</sup> «Қазіргі орыс тілі етістігінің морфонологиясы» деп аталып, онда негізінен қосымшалардың етістік түбіріне тигізетін кері ықпалы терең де кең ғылыми талданады. «Орыс грамматикасының» бірінші кітабындағы<sup>27</sup> сөзжасам жүйесімен байланысты зерттеліп, баяндалған морфоно-

---

<sup>26</sup> *Ильина Н. Е. Морфонология глагола в современном русском языке. М., 1980.*

<sup>27</sup> *Русская грамматика. М., 1980, кн. 1, с. 413—452.*

логияда да регрессивтік ассимиляция ерекше орын алады. Бұл салада шыққан авторлар коллективінің «Морфонология в описании языков» атты кітабында<sup>28</sup> индоевропалық тілдердің бірсыпырасы қамтылған. Бұрын «морфонология парадигматикалық жүйеге дейінгі деңгейлерді ғана қамтиды» деп келген дәстүрдің шеңберін кеңітіп, авторлар морфеманың морфтар жүйесін яғни сөзформаларды түгел сол аяға енгізеді.

Жалпы тіл біліміндегі, сондай-ақ русистикадағы морфонологияға тиісті бұл тиянақтаулар, жалпы теориялық талдаулары мен тұжырымдаулары, сондай-ақ профессор М. З. Закиев «Советская тюркология» журналының бетінде пікір алысып отырған мақаласы қазақ тілі морфонологиясының аясын да «Дыбыстар үндесуінен» әлдеқайда кең қарау қажеттігін көрсетеді. Ол үшін ең алдымен морфонема деген единица бар ма, бар болса, ол не? Дыбыс, фонемадан айырмасы, ортақ, ерекшеліктері, қазақ тіліндегі жүйелі орны, атқаратын қызметі т. т. мәселелер арнайы зерттеуді керек етеді. Жоғарыда, бұларды әр автор өзінше түрлі шеңбер, түрлі аспектіде көтеріп, морфонология статусына әр қырынан келгенін атап өтіп едік. Солардың басым көпшілігі морфонеманы сөз де етпейді. Бұл соңғы еңбектерде ғана жиі айтыла бастады. Енді біз түркі тілдеріне тиісті тікелей сөз етіп, ойын ортаға салған проф. М. З. Закиевтің пікіріне тоқталайық.

Н. С. Трубецкой берген анықтаманы басшылыққа алған автор *рук-, руч-, — рука* морфемасының морфтарындағы *к* мен *ч* фонемаларын комплексті образ деп есептеп, бір морфонемаға жатқызады (35-б.). Н. Е. Ильинаның «грамматикалық шарттылықтан барып, өз ара алмасатын фонемалар морфонема болады», дегенін де, сондай-ақ Э. Р. Тенишев, И. П. Павловтардың түркі тілдері топырағына қолдана бастауын да өзіне ғылыми тірек етеді. М. З. Закиев: «Морфемалардың фонологиялық құрылымы жөніндегі ілім морфонология» деп (39-б.), морфемалардың қатарына алмасатын фонемалар комплексін жатқызады. Дыбыстардың алмасуы тарихи ма, әлде позициялық па, бұл автор екеуін де тұтас алып қарайды. Бұдан бұрынғы ғалымдар негізінен тарихи дәс-

---

<sup>28</sup> Кубрякова Е. С., Панкрац Ю. Т. Морфонология в описании языков. М., 1983.



түрлі фонетикалық өзгерісті морфонологиялық деп танымаймыз деген болатын.

М. З. Закиевтің морфонемаларға берген мысалдарының негізгі типтері мына төмендегілерді қамтиды:

1) Түбірдің, морфеманың қысқаруы деп, халық-ым > > хал(-ы)қым, син-нең > се(-н)нең сияқтыларды;

2) Дыбыс санының артуы яғни қосылу деп, оған оч-Ø әр мен алты-ш-ар-дағы Ø-ш; 3) ямь-яшел дегендердегі -м-шел, септеулердегі -нан мен -тан сияқтылардан *н—т* морфонемалар модельдерін мысал етіп көрсетеді. Сөйтіп, бұл автор: 1) дыбыс—дыбыс; 2) фонема—фонема, 3) нуль фонема—фонема, 4) фонема—нуль фонема, 5) фонемалар комплексі—фонема, 6) фонемалар комплексі—нуль фонема деген 6 түрлі типін бірді-екілі мысалдармен санап береді. Біз мұның бәрін де құптап, қуаттаймыз. Сондықтан қайталап жату артық сияқты.

Автордың бұл нақты мысалдары, көрнекі модельдері морфонема деп ұйғаруға негіз болады. Бір-ақ: 1) дыбыс—дыбыс; 2) фонема—фонема деп саралауында қандай ғылыми негіз, меже бар екені дәлелденбейді. Өзге 5 пункттің бәрінде фонема («нуль фонема» десе де) деп, нақты айтылған.

Дыбыс деген — фонеманың физикалық, физиологиялық яғни фонетикалық сипаты. Қазақ тіліндегі бұл деген есімдікті алайық. Бұл деген септелгенде: *мұның ~ бұның, мұны ~ бұны, бұдан ~ мұнан, бұнда ~ мұнда* т. т. параллельдерде келуі тілдегі қопармалылық құбылысқа жақындайды. Бұларды кезінде профессорлар С. Аманжолов<sup>29</sup> пен Қ. Жұбанов<sup>30</sup> та тілдеріне тиек еткен болатын. І. Қ. Кеңесбаев та жол-жөнекей мысал етіп береді. А. Ибатовтың<sup>31</sup> есімдіктер жайлы еңбегінде де бар. Біздің айтарымыз: түбіріндегі *б* дыбысының *м* дыбысына алмасуын не деп атап, не деп түсінуге болады? Жоғарыда М. З. Закиев белгілеген морфонемалар модельдеріне ене ме, енсе, қайсысы, *дыбыс—дыбыс* па әлде *фонема—фонема* ма, өзге ме? Біз осы тұрғыдан келеміз.

<sup>29</sup> Аманжолов С. Элементы флективности в казахском языке. — В кн.: Труды Казахского научно-исследовательского института национальной культуры. 1. Алма-Ата; Москва, 1935.

<sup>30</sup> Джубанов Х. Примечания к статье Аманжолова «Элементы флективности в казахском языке». — Сонда.

<sup>31</sup> Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. Алматы, 1966, 25—26-б.

1. Түбір сөз басындағы б-нің м (мұны, мұнда т. т.) болып айтылуы мен жазылуын І. Кеңесбаев пен А. Ибатов екеуі екі түрде түсіндіреді. Алдыңғы автор мұның формасындағы м дыбысын ассимиляцияның комбинаторлық өзгерісінен пайда болған құбылыс (285-б.) деп түсіндірсе, А. Ибатов есімдіктер түбірлері көне замандарда *бі//ба//мі//ма* түрлерінде қатар қолданылған деп, тарихи құбылысқа телиді. Біз, мен дегендерді де түбірлес етеді (аталған кітаптың 25-б.).

2. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан біздің тұжырымымыз: бұл, бұған, бұнда мен мұны, мұнда, мұндағы дегендердің соңғы м дыбыстыларын морфонологиялық заңдылыққа саямыз. Олай дейтін себебіміз: м болып басталатындардың қай-қайсысын да кіші мағыналы бөлшекке бөлсек, бұл > бұ деген түбірге келіп тіреледі. Ал, м дыбыстылар болса, не жалғаулы (мұ-ны, мұ-ның, мұ-н-да, мұ-нан), не жұрнақша, жұрнақты (мұ-н-ша, мұ-н-шалық, -мұ-н-дай, мы-н-ау...) яғни 2, 3 морфемалы түрлерде ғана б-ның м болып айтылуы заңдылығын байқаймыз. Бұл — морфонологиялық заңдылық. Бірақ бұл — тарихи құбылыс, позициялық дыбыс динамикасы емес.

3. Бұ-ның мен мұ-ның яғни  $\begin{matrix} б \\ \diagdown \\ м \end{matrix} \begin{matrix} \diagup \\ \diagup \end{matrix} \begin{matrix} ұ \\ н \\ ы \\ ң \end{matrix}$ ,  $\begin{matrix} б \\ \diagdown \\ м \end{matrix} \begin{matrix} \diagup \\ \diagup \end{matrix} \begin{matrix} ұ \\ н \\ ы \end{matrix}$ ,  $\begin{matrix} б \\ \diagdown \\ м \end{matrix} \begin{matrix} \diagup \\ \diagup \end{matrix} \begin{matrix} ұ \\ н \\ - \\ ш \\ а \end{matrix}$  ұндай т. б. біз, жоғарыда М. З. Закиев айтып,

жазғандай б—м дегендер дыбыс—дыбыс деп, шартты белгілеген морфонема моделіне жатқызамыз.

4. Мынау, ондақ-мұндақ т. т. түрлердегі туынды түбір есімдіктерге келсек, бұлардың б дыбысынан басталатын альтернаттары жоқ. Сондықтан бұлардағы м морфонема моделіне енбейді.

5. Морфемалар шоғырының буын үндесуі, сондай-ақ көрші дыбыстарының ассимиляциясы т. б. морфонологиялық заңдылықтармен болатын дыбыс алмасуларының аясынан тыс өзге де көптеген тілдік фактілер бар. Олар түбірлермен<sup>32</sup> де тікелей байланысты. Мысалға: бақырай мен баж-ырай, бад-ырай; ед-ірей мен еж-ірей, ақырай мен аж-ырай, күд-ірей мен күж-ірей, бед-ірей мен

<sup>32</sup> Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 98—101-б., т. б.

*без-ірей, адақ пен ајақ, азақ; адырыл мен ајырыл, ажыра* т. б. алайық. *Тоқ-та, тұқ-ыл, тұғ-ыр; доғ-а, доғ-ар* дегендер де осылар тәрізді. Бұлардағы *қ—ж, д—ж, д—з, ј—з—, қ—ғ* дыбыстық параллельдерді фонетикалық позициядан, морфемалар қосылу заңдылықтарынан әкеп шығаруға болмайды. Осы жақтарынан келіп, М. З. Закиевтің бұларды да морфонологияға телуін қостауға болмайтын тәрізді. *Рас, едірей* мен *ежірей, күдірей* мен *күжірей, бақырай* мен *бажырай* өзара мағыналас та тәрізді. Акад. В. В. Виноградов айтқандай, сыртқы белгілері ірі ме, уақ па, қандай да болмасын, соған лайық ішкі мән-мағынасы болады дегенге саятын тұжырымына келсек, *бақырай* мен *бажырай* айны қатесіз бір-ақ сөз емес. *Бақырай — бақши, бағжи* дегендермен де әрі түбірлес, әрі синоним, ал, *бажырай* жөнінде мұны айтуға болмайды. Ал, *бақ-ши* мен *бағ-жи-дің* жөні бөлек.

6. Ендігі бір мәселе — буын үндесуі жөнінде. Түбір я түбір соңы жуан немесе жіңішке буынды болуына қарай келесі үстелетін қосымшаның да жуан я жіңішке түрінде қосылуын І. Қ. Кеңесбаев сол буындардағы дауысты дыбыстармен ғана байланыстырады (294-б.). Бұған келгенде, біз профессор Құдайбергелі Жұбановтың бұдан жарты ғасыр бұрын айтқан пікірін қуаттаймыз.

Автор, *ор* мен *өр, сыз* бен *сіз* дегендерді салыстыра талдап, *о, р* және *с, ы, з* дыбыстарының бәрі де — жуан, сондай-ақ *ө, р* мен *с, і, з* дегендердегілердің де бәрі жіңішке деп тұжырымдайды. Дауыстылардың жуан, жіңішке келерінің әрқайсысы жеке-жеке таңбаланып, дауыссыздар олай жазылмайтынын да дәлелдеп береді: «...дыбыс біткеннің бәріне бірдей жуанына бір әріп, жіңішкесіне бір әріп жазатын болсақ, онда әліппеміздегі барлық әріптің саны... осы күнгіден екі есе көп болар еді», деп (189-б.), дауысты дыбыстардың ғана дифференциальды таңбалануын «бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы», — деп метафоралы түрде түсіндіреді.


7. *Бара-лық, көре-лік, айт-тық, кет-тік* т. б. морфемалар типін, жоғарыда І. Қ. Кеңесбаевтың ұйғарымымен модельге түсірсек, *ы—і* деген аяда ғана танымыз. Бірақ бұлардағы *қ* мен *к* болып таңбаланатын жуан және жіңішке дауыссыздар *ық—ік* деп, күрделендіре тануға мәжбүр етеді. Ал, *-лық* пен *-лік*, сондай-ақ, *-дық* пен *-дік*, *-тық* пен *-тік* тәрізденіп 6 морфты альтернаттық қа-

тарлардағы *л, д, т* болып, үш-ақ әріппен жазылғандарды да 6 дыбыс деп тануға тиіспіз. Сондықтан бұларды фонемалар комплексі — фонемалар комплексі деген тұтас түрлерінде, оның өзінде: *-лық* пен *-лік*, *-дық* пен *-дік*, *-тық* пен *-тік* деп, үш жұпқа бір салаласак, *л, д, т* және *қ* мен *к* деп, алдыңғы үшеуін түбірлердің ең соңғы дыбыстарымен, ал, соңғы дауыссыздар *қ* мен *к*-ні ендігі қосылатын морфемалардың бірінші дыбыстарын белгілейтін, оның өзінде: *бас-тық-қа*, *бас-тық-тың* тәрізденіп, *-қа* мен *-тың* жалғауларына прогрессивті, *бас-тығ-ы*, *кемістіг-ің* болып, регрессивті ассимиляциялық заңдылықтармен байланыстырылады.

8. *Бас-та-у-шы* мен *бар-ла-у-шы* дегендерді алайық. Осы туынды түбір зат есім болуларында екеуінің де жұрнақтары бірдей, — *-шы* морфемасы. Түбірлерінен соңғы үстемелене қосылған жұрнақтардың бәрі — бірдей. Айырмалары алдыңғыда *-та* жұрнағы да, соңғыда *-ла*, *-т* *-л* морфонемалық модель. Өзбек тілінде болса *эп-ла*, *тас-диқ-ла*, *куч-ла* т. б. бір ғана *л* болар еді. Көптік жалғауы да *-лар* деген жеке-дара. Қазақ тілінде етістік жасайтын өнімді жұрнақ *-ла*, *-ле*, *-да*, *-де*, *-та*, *-те* болып, 6 морфты морфемаға жатса, жатыс септігі *-да*, *-де*, *-та*, *-те* түрінде төрт-ақ морфтан тұрады. Жалғаудың өзі сөз мағынасын өзгертпейтінін ескергенде, етістік жасайтын жұрнақтың: *бас-та*, *май-ла*, *қоз-да*, *көз-де*, *кеу-ле*, *бет-те* т. т. түбірмен үйлесіп қосылу заңдылығындағы *д, л, т* фонетикалық вариантты түрлі дауыссыздарын не деп атауға болады? Әлде А. Ибатовтың соңғы кітабындағыдай СГ деп, алтауын да бір ғана таңбалауымыз жеткілікті ме?

Акад. І. Кеңесбаев: «Комбинаторлық (игерулі) өзгерістің сөз мағынасына әсерлік етер күші жоқ»<sup>33</sup>, — деп түйюі тұрғысынан қараймыз ба? т. т. шешімін күтіп тұрған проблемаларға жатады.

9. Агглютинативті типологиялық тілдердің яғни түркі тілдерінің ішінен қазақ тілінің жеке-дара дербестелуінде, түбір сөздердегі *с* (*бас, тас*), *ж* (*жат, жаз*), *у* (*тау, бау*) т. т. спецификалық ерекшеліктер қатарына морфологиялық сипаты да қосылып танылуға тиіс. *Бас-та-у-*

*шы* дегенді *бас*  *аушы*, сондай-ақ, *кез-де-с*, *көз-де-с*,

<sup>33</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 284—285-б.

ер-лік тәрізділерді: кез  $\begin{matrix} \text{т} \\ \diagup \quad \diagdown \\ \text{л} \end{matrix}$  ес, көз  $\begin{matrix} \text{т} \\ \diagup \quad \diagdown \\ \text{л} \end{matrix}$  ес, ер  $\begin{matrix} \text{т} \\ \diagup \quad \diagdown \\ \text{д} \end{matrix}$  ік

т. б. -лай сол жұрнақтар альтернатты морфтарымен ауыстырып айту да, қолдану да мүмкін емес. Сондай-ақ, *үй-де, біз-де, мектеп-те, сабақ-та* дегендердің ішінен сабақ-та дегенін ғана екі түрлі түсінуге болады: а) *инені сабақта* дегенде туынды түбір етістік, б) *ол қазір үшінші сабақта* дегенде жатыс септік жалғаулы сөйлем мүшесі деп ажыратылады. *Үй* сөзінің екі тұлғасы: а) *үй-ле-н, үй-ле-с* (*үйлену* — оңай, *үйлесу* — қиын), б) ол *үй-де* отыр сияқты қосымшаланып, жұрнақ пен жалғау морфонемалық құрылымдарымен де өзгешеленеді. Дауысты дыбысқа біткен түбірлер ғана: *ала-ла, ки-ме-ле, сүрме-ле* болып қоймай, *маң-лай, таң-лай, мұң-лық* (қазіргі әдеби нұсқалары: *маңдай, таңдай, мұңдық*) т. б. да *л* морфонемалы альтернатив морфты түрінде айтылуы жалпы түркілік жұрнақтарға жақындатады. Өзбек тілінің жеке дара *-лар* көптік жалғауы қазақ тілінде *балалар* тәрізділерде бұл архетиптің қолданылуы қазақ тілі аффикстер варианттарының ішінен жалпы түркілік данасын табуға болатынын көрсетеді. Әрине бұл салыстырмалы-тарихи морфонологияның міндетіне жатады.

10. Бір сөзде яғни нақты сөзформада, мысалға *барғанмын* мен оның ықшамдалған *барғам* дегендерді алайық. Бұл екеуі де — әдеби норма. Алғашқыда қосылып, бүтін жасаған үш морфема тұтас толық (*барғанмын*) қалыптарында. Соңғыда түбірден өзгелері (*-ғанмын*) қысқарып (*ғам*) ықшамдалған. М. З. Закиевтің морфонемалар модельдерінде бұл тәрізділер жоқ. *Жаздыгүні, ендігәрі* т. б. алайық, бұлар да — өзгеше: *Жаздың > жазды + гүні < күні; ендігіден > ендіг + әрі*. Бұл екі мысал да бір-біріне ұқсамайды.

*Жаз-ды, қыс-ты, күз-ді* болып, ілік септігінің табыс септігіне ұқсауы қазіргі өзбек әдеби тілінің осы септік жалғауларының жағдайымен жақындастырады. Бірақ өзбек тілінде табыс пен ілік: *қиз-зи ат-ти, биззә-ни, трактор-ри* т. т. болып қай жағынан да сәйкестену заңдылығы, негізінен орфоэпиялық нормаларда толық көрінгенмен, орфографияларында өзгеше.

11. Қазақ әдебиетінің классигі Абайда<sup>34</sup> «Сұлуды

<sup>34</sup> Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968.

сүймәклік» сияқты морфологиялық тұлғаланған сөзформа қазіргі әдеби нормамыз бойынша не *сүй-мек-тік*, не болмаса *сүй-уу-лік* деген тұрғыда қолданылады. «*Айт-мақ-қа лазым*» дегендер<sup>35</sup> *айт-у-ға* (*айт-ыл-уға*) тиіс, сондай-ақ бір тұтас ұғымның: *айт-а-тын*, *айт-ар-лық*, *жиналыс*, *жиылыс*, одан әрі *жүруде*, *жүріп жатыр* т. б. морфемалардың бірінің орнына екіншісінің қолданылып барып, берілу мүмкіндіктері — сан алуан. Бұл жағдайлар морфонологияны тарихи тұрғыдан және семантика мен стильдік сипатта да байланыстыру қажет екеніне көз жеткізеді. Оның үстіне № 10, 11 пункттер мен өзге де біз бұл арада қамти алмай отырған көптеген морфонологиялық құбылыстарды тиісті морфонемалар модельдеріне келтіру келешек арнайы зерттеулерге жүктеледі.

## 2. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

«Аффикстердің ішкі белгілері» деп атауға келетін бұл мәселелерді біз егжей-тегжейлі сипаттап, баяндағалы отырған жоқпыз. Мұның бірнеше себебі бар:

1. Қазақ тіліндегі әрбір сөз табының синтетикалық сөзжасам жүйесі зерттелген<sup>36</sup>. А. Ысқақов, Ә. Төлеуов, Б. Қайымова, Е. Н. Шипова, А. Ибатов, Ә. Қасенов, А. Хасенова, А. Есенғұлов, Б. Катембаева т. т. бірсыпыра қазақ тілі мамандарының ізденіс-зерттеулері осы салаға жатады.

2. Сол белгілі сөз табының өз ішіндегі, сондай-ақ өзге сөз таптарынан жұрнақтар арқылы жасалатындар да өнімді, өнімі аз, өнімсіз деген топтарға бөлініп, беретін мағыналары, жалпылық және жалқы түрде де түсіндіріліп талдана сипатталған.

3. Қосымшалар арқылы жасалған әрбір туынды түбір, сондай-ақ, аналитикалық амалға жататын біріккен сөз, қос сөз т. б. жеке қазақ тілі сөздіктерінде өз ішкі мән-мағыналарына қарай сипатталып, тура және ауыспалы сөздер тіркесі ішінде т. б. жан-жақты түсіндіріліп сипатталған.

---

<sup>35</sup> Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

<sup>36</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Библиографиялық көрсеткіш... (тиісті салаларында).

4. Жұмыс-шы мен жұмыс-кер, сурет-ші мен сурет-кер, оқу-шы мен оқы-р-ман, түйе-кеш пен түйе-ші т. т.лардың түбірлестік пен мағыналастығы (кәсіп иесі, кәсіппен айналысушы болуы жағынан), ерекшеліктері (оқушы—ученик, оқырман — читатель) т. басқалары да түрлі аспектіде яғни лексика-семантикалық деңгейлер тұтастығында объективті сипатталғандар тобына жатады.

5. Жұрнақ, жұрнақшалар қосылған сөзформалар түркі тілдерінде морфологиялық амал делінеді. Осы морфологиялық яғни синтетикалық амалды проф. Н. А. Баскаков әр сөз табымен байланысты:

а) лексикалық сөзжасамы;

б) грамматикалық сөзжасамы

деген тұрғыда семантика-функциональдық екі топқа бөледі<sup>37</sup>.

Акад. А. Н. Кононов<sup>38</sup> сөзжасамды (словообразование деп) бөлек, форма тудыратындарды (формообразование деп) бөлек әр сөз табы тұсында баяндайды.

Сөйтіп, біз жұрнақ, жұрнақша деп, бөліп танып отырған аффикстердің алдыңғы тобы бұл екі ғалымның еңбектерінде лексикалық сөзжасамның морфологиялық тәсілі ретінде танылады. Ал, жұрнақшаларды болса, А. Н. Кононов форма тудыратындар, Н. А. Баскаков грамматикалық сөзжасам деп танып, солай баяндайды. Етістіктің рай, шақ, есімше, көсемше т. б. ерекшеліктері соңғы топқа телінеді.

Қазақ тіліндегі сөзжасам, оның аффиксация амалы да осы дәстүрлер негізінде зерттеліп, баяндалып келеді. Проф. А. Ысқақовтың монографиялық жұмысы<sup>39</sup> А. Ибатовтың кітабы<sup>40</sup> т. б. да осы тәрізді.

Э. В. Севортяннан үзінді келтіріп, өзінің де сол принципті ұстайтынына оқушы назарын аударған А. Ибатов лексика-грамматикалық деп туынды түбірді айтып, мұның өзі «сөздің лексикалық негіз бөлігі» деп

---

<sup>37</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952, т. 2, ч. 1, с. 312, 386 т. б.

<sup>38</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., с. 138—222, 361—520; Он же. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 187, 245.

<sup>39</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964; 1974, 2-басылуы.

<sup>40</sup> Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Алматы, 1983, 47—124-б.

қорытындылайды (49-бетте). Автордың: «...сөздің құрамындағы тұлғаларды лексикалық мағынасы бар тұлғалар және тек грамматикалық қана мағынасы бар тұлғалар деген екі бөлікке бөліп қарауға болады» (сонда, 48-б.), — деуі де, сөз тудыратын жұрнақтарды тек лексиканың деңгейінен танитындығына куә болады. Бұл жағынан біздің бұрыннан айтып келе жатқан<sup>41</sup> және ендігі айтарымыз да өзгешелеу.

Біз сөз тудыратын аффикстердің:

а) лексикалық та, б) грамматикалық та, в) бір, екі, үш... функциональды да мән-мағыналары бар екенін тағы да атап өтуге тиістіміз. Бұл жағынан проф. Н. А. Баскаковпен пікіріміздің түйісіп қалатын кезі де жоқ емес. Мысалға осы автордың есімдер мен етістіктердің айырмашылықтарын аша түсу ниетінде: «Есімдер белгілі лексикалық категория бола тұрып, белгілі грамматикалық, функциональды та категорияға сай келеді», — деп сипаттауын алайық. Есімдер деп, зат есім, сын есімді тұтас танып отырған бұл терминге біз негізгі түбірлермен бірге туынды түбірлерді де бәрін қосып қараймыз. Проф. Н. А. Баскаковтың бұл салада етістіктерге байланыстырып айтқан: тек лексикалық категория болатын етістік грамматикалық, функционалды тиісті формалармен тұлғаланып барып қана сөйлемде қызмет атқара алады (сонда, 387-б.), — деген тұжырымға келгенде, біздің пікіріміз алшақ кетеді. Біз: «негізгі түбір етістіктер сияқты туынды түбір етістіктер де ешқандай өзге қосымшаларсыз-ақ сөйлемнің предикаты болып қызмет атқара алады, мысалы: *сен кел, маған киім кигіз, қаланы көрсет* т. т. орамалды *кестеле*, үйді *әкте*, есік-терезені *майла* т. б. көп мысал келтіруге болады. Етістіктердің форма тудыратындар деп танылатын жұрнақшаларына келсек, олар: *туған-туысқан, Төлеген, Ұлмекен, Тоқтар, Өтепберген* т. т. зат есім болып кеткендер; *өте* (өте көп), *қайтіп, сөйтіп, терлеп-тепшіп, қараптан-қарап, өйткенше, демек, айтпақшы, үзіле-үздіге* т. т. т. б. өзге сөз таптарына ауыстырып, конверсиялық жұрнақ қызметін атқарады. Бұл тәрізділер аз емес.

Сөйтіп, лексикалық единица жасайтын жұрнақтар-

---

<sup>41</sup> Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 131-б., Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы, 1975, 40—64-б.



дың өзі грамматикалық та яғни сөйлемде сөзбен сөзді байланыстыратын қызметті де атқарады. Байланыстырып қана қоймай, белгілі грамматикалық категориялардың бір, екі, кейде көп мән-мағынасын беріп, полифункциональді бола береді. Бұл жағынан келгенде, жұрнақ, жұрнақша, жалғау деп, оларды бөліп жатпай, қосымшалар немесе аффикстер деуге де болады.

### 3. БІР ЖӘНЕ КӨП ФУНКЦИЯЛЫ ҚОСЫМШАЛАР

Агглютинативті тілдердің бір түбірде екі, үш, бес, сегізге дейін аффикстер үстеліп, тізбектеле қосылып қолданылуын тіл мамандары «әр аффикс бір-бірден ғана мағына беруінен» деп түсіндірді. Мысалы, орыс тіліндегі *книг, коров, сондай-ақ домов* т. б. алады да, әрқайсысында, жыныстық (родовое), жекеше не көпше екені, тірі не тірі емес, ілік септігі т. т. көп функциялы деп сипаттайды. *Книг* — қазақша *кітап-тар-дың* түрінде мағыналардың әрқайсысы үшін белгілі аффикстердің қосылатыны мысал етіп дәлелденді. Тап осы келтірілген мысал дәлел де бола алады.

1. Шындығына келгенде, өзге түркі тілдері сияқты қазақ тілінде де аффикстер басым көпшілігінде бір функциялы болып келеді. Бұған біз жалғаулардың, олардың ішінде, көптік жалғаулардың ішінен *-лар, -лер* дегенін арнай бөліп алып көрсетейік. *Бала-лар* немесе *олау* дегендер мен *біз-дер, сен-дер, сіз-дер*, сондай-ақ, жіктік жалғауларының да: *бала-сыз-дар, бара-сың-дар, оқи-сыз-дар, отыр-сың-дар* т. басқаларға зер салсақ, *-лар* тек көптікті білдіреді, ал 1-жақ па, 2-жақ па, оның анайы, сыпайы түрлері ме — бәрі де *-лар, -дар* арқылы емес, жіктеу есімдіктерінің мән-мағыналары, жақтарымен ажыратылып, танылып тұр.

2. Мысалға *-ді* (оның *-ды* т. б. морфонемалық варианттарын қосып) дегенді алайық. Бұл, мәселен, *кел-ді* және *кел-е-ді* дегендерде қолданылады. Осы екі сөздегі тұлғаластар жұрнақша ма, жалғау ма, екеуі бір ме, біреу ме әлде оморф па? Бұл екеуі — бір емес. Өйткені, біріншіден, соңғыны: *ол келе ме?* — деп, *-ді* 3-жақ жіктік жалғауын түсіріп айтуға да болады. Біріншідегіні бұлай етуге келмейді. Екіншіден, *кел-е* болып қалған етістікті:

келе+	←	-мін
		-сің
		-сің+дер
		-сіз
		-сіз+дер
		-міз
		-ді
		∅ 3-ж.

деген парадигматикалық жүйемен вертикальді түрде -ді дегеннің, сондай-ақ осындағылардың бәрінің де орындарын ауыстырып өзге жіктік жалғауларын қосып қолдануға болады. Ал, *кел-ді* дегенге келсек, ол:

кел+ді+	←	-м
		-н
		-н+дер
		-н+із
		-н+із+дер
		-қ
		-∅

тек 3-жақ жекешеді де, көпшеде де: *ол келді, олар келді* түрінде бір ғана (∅) нуль морфемада тұрып, қолданылады. *Кел-ді* дегендегі -ді жұрнақша, жедел өткен шақты білдіреді. *Кел-е-ді* дегендегі -е жұрнақшасы да осы тәрізді. Бұл морфема татар тілінде нақ осы шақты, нуль морфемалы тұлғасында: *ул килә, Ғалия жырлы-й* т. т. 3-жақты білдіреді.

3. Екі, үш, көп функциялы аффикстер де өзінен соң қосымшалар үстеліп, өзіне тән болып телінетін бір ғана мән-мағынасын сақтап, өзге грамматикалық функцияларынан айрылады. Мысалға, етістік жасаған кез келген жұрнақты алайық. *Ойын-а > ойна; мін-е- > міне; ою+ла; ән+де+т* т. т. зат есімнен етістікке айналуына сәйкес бұларда: *сен ойна* болып: а) 2-жақ, б) жекеше, в) анайы түрде, г) бұйырыла, д) келер шақта және е) болымды яғни іс жүзіне асырылуға тиіс — міне осы сияқты 6 түрлі категориялық мән-мағынаға ие болады. Сондықтан біз бұл жұрнақтарды лексикалық единица жасап тұрған конверсиялық қызметіне 6 грамматикалық функцияның да жүгін көтеруші полифункциялы морфема (қосымша) деп қараймыз.

Осы туынды түбірлерге бұйрық райдан басқа етістіктің өзге категорияларының жұрнақшалары қосылды-ақ дегенше, конверсиялы функциясынан өзгелері мән-мағыналарын жояды. *Оюламай* өрнек салынбайды, *оюлап* нең бар еді? *Оюлағанда* тұрған не бар? т. б.

4. Қосымшалардың көп функциялы болуы сол қосымшалармен қосылып қолданылатын сөзформалардың сөйлемде бастауыш және баяндауыш болып тұрғандағы қызметтерімен тікелей байланысты.

а) Жоғарыда мысал етіп келтірген және солар тәрізді: *ойн-а, ой-ла, сөй-ле-с, ара-ла-с-тыр, ұз-а-р* т. б. баяндауыш болғанда, негізгі лексикалық (конверсиялық жұрнақ) мағынасының үстіне 6 грамматикалық қызмет атқарады.

б) Зат есімдер де, мейлі негізгі түбір, мейлі: *оқушы, оқытушы, оқырман, дәрігер, орақ, егін* т. т. *оқушы—оқу озаты, оқытушы сабақ түсіндіріп тұр, ол — сүйікті дәрігер, анау ілулі тұрған — орақ* т. б.:

1) Зат атаулары болумен бірге, 2) 3-жақты, 3) жекешені білдіреді, сондықтан да кез келгенін *ол* деген есімдікпен орын ауыстырып қолдануға болады.

5. Тәуелдеулі септеулердің барыс септігіндегі *әке-м-е, ана-м-а*, сондай-ақ: *аға-сы-на, іні-сі-не*, жатыс септігіндегі: *үй-і-нде, қалта-сы-нда*, табыс септігіндегі: *ұл-ы-н, ата-сы-н* т. б. көп функциялы қосымшалар тобына жатады.

6. Жіктік жалғауларының есім мен 4 етістікке ортақ бірінші және екінші жақтардың жекеше түрлері, сондай-ақ бірінші жақтың көпшесінің морфема, морфттары әр уақыт көп функциялы болып келеді. Бұған ол жалғаулардың өздері: *мен, сен, сіз, біз* деген жіктеу есімдіктерінен пайда болып қалыптасулары негізгі себептерден саналса, жіктік жалғауларының предикативтік қызметі де шешуші роль атқаратыны шүбә туғызбайды. *Мен оқушы-мын* дегенде, а) 1-жақ, б) жекеше, в) нақ осы мезгілде екені, сөйтіп, баяндауыш болып келетінін қосқанда, 4 функция атқарып тұр. *Сіз дәрігерсіз, біз келсе-к, мен бар-ды-м* т. б. жіктік жалғауларының грамматикалық функциялары осылар сияқты. Бұлар тәрізді жіктік жалғаулары айдан анық өз материалды көрінісін тауып тұрғанда, сөйлемдегі бастауыштарының бар немесе түсіріліп айтылуы тілдегі заңдылықтардан саналады.

Ілік пен тәуелдеулі сөздер тіркесі жөнінде де осыны айтуға болады.

7. Логикалық пен грамматикалықтың тұтас көрінісі предикат-баяндауыштардың қызметіндегі жоғарыда айтып, талдап өткен заңдылық, бірыңғай мүшелер яғни баяндауыштардың да, құрмалас сөйлемдер бағыныңқыларының баяндауыштарының да үнемі жіктік жалғаулы түрлері толық келе беруін міндеттемейді. Мысалы: 'Кеше үйге *барып*, кітаптарымды *алып*, бүгін кешке қайтып *оралдым*' дегенді алсақ, осындағы ең соңғы *орал-ды-м* алдыңғы екі етістік үшін де (*бар-ып*, *ал-ып*) грамматикалық функцияларының толық көрсеткіші болып, оның өзінде: а) *-ды* жедел өткен шақты, б) *-м* — бірінші жақ, в) жекешені білдіреді.

Құрмалас сабақтас сөйлемдегі бағыныңқы, басыңқы сөйлемдердің бастауыштары бір субъект болмайтындықтан және баяндауыштарында жіктік жалғаудың жоқтығы бағыныңқысының бастауышы болуына әкеп соғады. *Мен келмей, сен кетуші болма; балалары келіп, үй іші мәре-сәре болды. Сіз ерте келмегенде, біздің бүгін бұл үйде болуымыз екі талай еді* т. т.

8. *Менің кітаб-ым, сенің үй-ің, біздің ұл-ымыз, сіздің бала-ңыз* т. т. осылар тәрізді тәуелдік жалғауларының бірінші жақ жекешесі мен көпшесі, сондай-ақ екінші жақтың анайысы мен сыпайысы да көп функциялылар тобына жатады. Бұларда үш-үштен грамматикалық мағынаға бар. Солардың үшіншісі — бәріне ортақ яғни бұларды *ол* деген жіктеу есімдігімен орындарын ауыстыруға болады. *Баламыз (ол) келді; кітабым (ол) үйде; ұлығыз (ол) қайда оқиды?* т. т.

9. Тіліміздегі қосымшалардың бәрі біз айтып, сипаттап, түсіндіріп жүрген мағыналарда қолданыла бермейді. Мысалы, *зергер, дәрігер* т. б. *-гер* аффиксін алайық. *Адам-гер-шілік, жау-гер-шілік* дегендермен салыстырғанда, біріншіден, бұл соңғылардың қолданылуда *адам-гер, жау-гер* деген негіздері жоқ, екіншіден, *адамгер-ші, жау-гер-ші* болып та айтылмайды. Бұлар сол *-гершілік* деген комплексті түрінде *әуре-гершілік* т. т. лексикалық единицалар болып есептеледі. *Мейір-імді* мен *мейір-ман, адам-шылық* пен *адам-дық*, т. т. толып жатқан параллель сөзжасамдар бар. *Қазақ-ы* деген де парсы тілі сөз жасамының *саяси, әдеби, мәдени* т. б. секілді морфеманың бір альтернативті морфы.

10. Бір тұтас морфемадай болып кеткен күрделі аффикстердің біреуі *-шылық, -шілік, -сымақ* т. т. *колхозшылық*, қол тимейді; білген *сымақ* тәрізденіп; бұлар сияқты: *азшылық, көпшілік, молшылық, жоқшылық* т. т. бар. 'Ылғи бір жатқан *шылық*' дегендегіні осы күрделі құрамды жұрнақ деп қараймыз. Орыс тілінде де «*всякие измы*» деген тұрғыда келетін фразалық тіркес бар. Қазақтың *рахат-изм, мырқымбай-шыла-п* т. т. көркемдік қолданыс табатындары бар.

11. Аффикстер тәрізді морфонологиялық ерекшелікте сәйкестене қолданылудан альтернатты морфтар дәрежесіне түскен көмекші единицалар да бар. Олар сұрау шылаулары: *ма/ме, ба/бе, па/пе* (*бар ма, жоқ па, аз ба, көп пе?* т. т./, жалғаулық; *да/де, та/те, мен, бен, пен* т. т. *наме-ден (жарнама) -дама, -деме, -тама, -теме, -лама, -леме* т. т. морф альтернатты қатарлар да жоқ емес.

Қосымшалардың ішкі мәнін айту үстінде сыртқы көріністерге де көшіп кетіп жатырмыз.

12. Өзгелерді былай қойғанда, етіс аффикстерінің ішкі мәндерімен байланысты *agens, patiens*, олардың грамматикалық берілу жолдары, сөйлем құрамы мен құрылымдарына тигізетін әсері т. т. ұшы-қиыры жоқ құбылыстар бар. Бәрі де логика мен грамматика байланысы тұрғысынан, семантикалық зерттеулердің арнаулы объектілері болуға тиіс.

## НОЛЬДІК МОРФЕМА МЕН НОЛЬДІК ФОРМАЛАР

Қазір тіл білімінде нольдік морфема, нольдік форма ұғымы кең қолданылып жүр, онымен байланысты түрлі терминдер де пайда болды, мысалға нольдік морфема мен нольдік форма<sup>1</sup>, нольдік элемент<sup>2</sup>, нольдік белгі (знак)<sup>3</sup>, нольдік көрсеткіш (показатель)<sup>4</sup>, нольдік десигнатор<sup>5</sup>, нольдік аффикс<sup>6</sup>, нольдік флексия<sup>7</sup>, нольдік суффикс<sup>8</sup> т. б. Әсіресе бұл ұғым структуралық лингвистикада жиі кездеседі, кейде оны структуралық лингвистиканың жемісі деп санау да бар. Бірақ ол дұрыс емес, өйткені нольдік форманы тануды алған Ф. Ф. Фортунатов еңбегінен кездестіреміз. Ф. Ф. Фортунатов атау септікті септік категориясының бір формасы деп, ол басқа қосымшалы септіктің формаларынан нольдік жалғаумен берілуі арқылы айқындалатынын айтқан<sup>9</sup>. А. М. Пешковский бұл теорияны әрі қарай дамытқан. Ол сөздің қосымшасы болмауы басқа түрлі қосымшалы сөз

<sup>1</sup> Пешковский А. М. Русский синтаксис в научном освещении. М., 1938, с. 16.

<sup>2</sup> Успенский Б. А. Структурная лингвистика языков. М., 1965, с. 82.

<sup>3</sup> Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. М., 1955, с. 177.

<sup>4</sup> Адмони В. Г. Основы теории грамматики. М.; Л., 1964, с. 47.

<sup>5</sup> Исаченко А. В. О грамматическом значении. — ВЯ, 1961, № 1, с. 30.

<sup>6</sup> Маслов Ю. С. О некоторых расхождениях в понимании термина «морфема». — В кн.: Проблемы языкознания. Л., 1961, с. 145.

<sup>7</sup> Ильина В. Ф. К вопросу о взаимоотношении лексических и грамматических значений в слове. — Труды молодых ученых. Саратов, 1934, с. 64.

<sup>8</sup> Черкасова А. Г. Из истории образования имен существительных с нулевым суффиксом. — Исследования по грамматике русского языка. Л., 1963, т. 4, с. 138.

<sup>9</sup> Фортунатов Ф. Ф. Избранные труды. М., 1956, т. 1, с. 137—138.

ішінде оны өзінше бір форма етеді деп, ондай формадағы сөз түбірден және нольден тұрады, сол нольге қарап, ол сөздің формасы танылады деп санаған <sup>10</sup>.

Структуралық лингвистиканың бастаушысы Фердинанд де Соссюр мағынаны білдіруші көрсеткіші жоқ сөз формасы басқа сөз формаларымен салыстыру арқылы, солардан оның өзгешелігі арқылы танылады дейді. Ол орыс тілінде көпше түрдегі ілік септік (рук) ешбір көрсеткішсіз, бірақ ол тілде сөздің бір формасының қызметін өте жақсы атқарады, өйткені тілде бір тілдік белгінің екінші тілдік белгіден айырмасы маңызды, рука деген форманың мағыналылығы оның басқа формалардан өзгешелігіне байланысты дейді <sup>11</sup>.

Сөздің мағынасының өзгеруі өзінен-өзі болуы мүмкін емес, ол тілдегі қалыптасқан тәсілдің нәтижесінде болуға тиіс. Белгілі тәсіл арқылы сөз мағынасына қандай да болмасын қосылған мағына танылса, ол мағынаны берген тәсілдің де танылуы заңды. Олай болса, ешбір нақтылы тілдік элементсіз мағынаны өзгерту, түрлендіру де тілде қалыптасқан түрлі тәсілдер қатарында қаралуға тиісті, өйткені ол да нақтылы морфемалар сияқты категория мағынасын да білдіре алады, сөз жасауға да қатысады. Осындай қызметі арқылы тіл білімінде нольдік көрсеткіштер танылып отыр.

Нольдік көрсеткіш ұғымы тіл білімінің түрлі саласында өте кең мағынада қолданылып жүргенін байқаймыз. Оны жоғарыда келтірілген осы ұғыммен байланысты түрлі терминдерден де көруге болады. Атап айтқанда, сөз формасымен байланысты ілімде, сөз жасауда, сөзбен сөзді байланыстырушы көмекшілермен де қатысты, фонетикамен де байланысты нольдік көрсеткіш ұғымы қолданылады. Француз ғалымы Ш. Балли нольдік көрсеткіш туралы Ф. де Соссюр идеясын дамытқан. Ш. Балли нольдік көрсеткішті өте кең ұғымда қолданады, оның тілде түрлі орында, түрлі қызметте, түрлі мағынада қолданылатынын дәлелдейді. Ол нольдік жұрнақ (суффикс), нольдік жалғау (окончание), нольдік

---

<sup>10</sup> Пешковский А. М. Русский синтаксис в научном освещении. М., 1936, с. 15—16.

<sup>11</sup> Звягинцев В. А. История языкознания XIX—XX веков в очерках извлечениях. М., 1964, ч. 1, с. 402.

көмекші (осы шақтағы «быть» көмекшісінің қолданылмауы), нольдік фонемаларды таниды <sup>12</sup>.

Тілдің мағыналы элементтерін, тіл құрылысын зерттеумен байланысты мағынаның ешбір көрсеткішсіз берілуі, оның тіл құрылысынан орын алатыны, тілдің мағыналы морфемаларымен қатарласа қолданылатыны анықталды. Категорияның формаларында қосымша қолданылмайтыны бұрыннан да белгілі болатын, бірақ оны сол категорияның бір формасы ретінде тану, оның категорияның ішкі бір мағынасын білдіретінін ғылыми түрде көрсету көбіне болмады, мұндайда оларға көбіне қосымшасы жоқ деген сияқты сипаттама ғана берілетін. Нольдік морфемалардың тілдің грамматикалық категорияларында тиісті орны бары қазіргі тіл білімінде дәлелденіп отыр. Бұлардан септік категориясын атауға болады. Орыс тілінде септік категориясынан үш септіктің нольдік формасы, нольдік морфемасы танылып жүр, олар атау септік (жекеше), ілік септік (көпше), табыс септік <sup>13</sup>. Септік системасында әр септіктің өзінше мағынасы бары ақиқат. Әр септіктің мағынасы белгілі бір морфема арқылы беріледі. Септіктердің формаларын негізінен қосымшалар жасайды, бірақ орыс тілінде аталған септіктердің қосымшалары жоқ, олардың басқа қосымшалы септіктер сияқты мағыналары бар. Көпшілік септіктердің мағыналары қосымша арқылы берілсе, ол септіктердің мағыналары қосымшасыз беріледі. Тіл білімінде мұндай мағынаның қосымшасыз берілуі нольдік морфема арқылы берілуі деп аталады.

Нольдік формадағы сөз сырттай қарағанда, түбір (негіз) морфемамен сай келетіні рас, бірақ олардың мағынасы бір емес. Түбір сөз барлық септікте қолданылады және бәрінде бір мағына береді, парадигмадағы сөздің түрлі формасының мағынасы түбір сөздің мағынасының үстіне қосылатыны даусыз, олай болса, септік парадигмасындағы сөздің қосымшалы формасының да, нольдік формасының да түбір сөздің мағынасының үстіне белгілі септіктің мағыналарын білдіретінін жоғарыда айтқанбыз. Бұдан түбір сөздің нольдік формамен сырт-

---

<sup>12</sup> Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. М., 1955, с. 177.

<sup>13</sup> Кузнецов П. С. О принципах изучения грамматики. М., 1961, с. 55.



тай ұқсастығы болғанымен, олардың мағыналарында үлкен айырма бар, түбір сөз лексикалық мағынаны білдіреді, нольдік формадағы сөз лексикалық мағына және категория мағынасын білдіреді, оның формаларына жатады, оның қосымшалы формасындай қызмет атқарады. Сондықтан да Е. С. Кубрякова түбір парадигмада қосымшалы формамен бірдей қызмет атқарып, системаның мүшесі болғанда, нольдік морфеманың танылуы қажет деп көрсетеді<sup>14</sup>. Сөздіктегі түбір сөзбен белгілі категорияның нольдік формасындағы мағынасы дәлме-дәл келуі мүмкін емес. М. Л. Степанова 7 сөзден тұратын сөйлемді алып, оған талдау жасағанда, оның біреуі қосымшалы сөз, қалғандары — түбір сөздер, бірақ олар сөйлемде түрлі парадигманың мүшесі ретінде, түрлі категориялардың мағынасын білдіріп, түрлі нольдік формаларда тұрғанын жақсы дәлелдеген.

Енді ол мағынаның не арқылы берілетіні соған орай, түбір сөз бен нольдік формалы сөздің морфемдік құрамы да бірдей ме деген сұраққа жауап беру керек. Көпшілік зерттеушілер бұлардың морфемдік құрамы түрлі деген жауап береді, өйткені септік парадигмасындағы бұл сөздердің құрамында түбір морфемаға қосылған атау, ілік септіктің нольдік морфемалары бар. Оны төмендегіше көрсетуге болады: түбір морфема: *стол* —, *рук* —; атау септіктің жекеше түрі: *стол* —  $\emptyset$ , ілік септіктің көпше түрі: *рук* —  $\emptyset$ . Бұл мысалдардағы сызықша еш морфеманың жоғын білдіреді, мына  $\emptyset$  белгі нольдік морфеманың барын білдіреді. Сөйтіп, бұл сөздердің синтагмадағы мағынасында қандай айырма болса, құрамында да морфема тұрғысынан айырма бар. Бірақ ақиқат дыбыстық құрамы жағынан оларда айырма жоқ. Олар септік категориясының белгілі септігінің мағынасы мен қызметін сырттай түбір қалпында, нольдік формада атқарады. Жалпы категория парадигмасындағы сөз формалары лексикалық мағына беретін және категория мағынасын беретін бөлімнен тұратын болғандықтан, нольдік формалы сөздер де сондай екі бөлімнен тұрады. Оны А. М. Пешковский дәлелдегенін бұл арада негізге алуға толық болады<sup>15</sup>.

<sup>14</sup> Кубрякова Е. С. Основы морфологического анализа. М., 1974, с. 242.

<sup>15</sup> Пешковский А. М. Русский синтаксис в научном освещении. М., 1938, с. 16.

Ю. С. Маслов оны екінші тұрғыдан түсіндіреді, ол нольдік морфема да өзінше сөздің дыбыстық бөлімі, бірақ ол жетіспейтін, жоқ дыбыстық бөлімі, сондықтан морфеманы сөздің мағыналы дыбыстық бөлімі деп танушы тілші нольдік морфема ұғымы заңды құбылыс деп санайды<sup>16</sup>. Біз салыстырып отырған сөздікте берілетін түбір морфема сөз формасындағы бірінші бөлімге ғана сай келеді, ал орыс тіліндегі атау септік (жекеше) пен ілік септікте (көпше) түбір морфема және категория формасын жасаушы нольдік морфема бар. Бұл арқылы түбір морфема мен нольдік формалы сөздің морфемдік құрамы дәл сай келмейтіні дәлелденді. Сондықтан да П. С. Кузнецов нольдік формалы септіктерде мағына түбір арқылы ғана беріледі деуге болмайды, өйткені түбір басқа септіктерде де қолданылады, бірақ олардың қызметі мен мағынасы түрліше деп санайды<sup>17</sup>.

Түбір сөз бен нольдік формалы сөздің айырмашылығына байланысты екінші мәселені де айта кету керек. Ол — түрленбейтін сөздерге нольдік форманың қатысы. Түрленбейтін сөздер түбір сөздер тобына жатады, олардың құрамы А. М. Пешковский айтқандай екі бөлімнен тұрмайды. Ондай сөздерде А. М. Пешковский көрсеткен формальды бөлім жоқ. Нольдік формалы сөзде ол екі бөлімнің болуы міндетті. В. И. Дегтяров флективті парадигмадағы сөз формаларының бәрінің де жалғауы бар деп, атау мен табыста нольдік жалғауды көрсетеді<sup>18</sup>.

Бұл аталғандардан нольдік морфеманың түрленбейтін сөздерге қатысы жоғы байқалады, сондықтан түрленбейтін сөздерге нольдік морфема, нольдік форма терминдері қолданылмайды, өйткені нольдік морфема, нольдік форма тек сөздердің түрлену парадигмасының ішіндегі жеке; ерекше жағдай болып саналады. Сондықтан парадигмадағы басқа қосымшалы формалардың қоршауында, соларға қарама-қарсы форма ретінде ғана нольдік морфема мен форма танылады. Ал түрленбейтін сөздерде ондай түрлі сөз формалары жоқ, сондықтан онда нольдік морфема мен нольдік форманың қарама-қарсы қойылуы да мүмкін емес. Ал нольдік морфема мен ноль-

<sup>16</sup> Маманов Ы. Е. Есімді күрделі етістіктер туралы. — Изв. АН КазССР. Сер. лингвист., 1948, вып. 5, № 74, с. 145.

<sup>17</sup> Кузнецов П. С. О принципах изучения грамматики. М., 1961, с. 55.

<sup>18</sup> Дегтяров В. И. Основы общей грамматики. М., 1973, с. 65.

дік форма сөздің түрлену жүйесінде болады, парадигмадағы қосымшалы формалар ондағы нольдік форманы танытады<sup>19</sup>. Сөйтіп, түрлену жүйесі жоқ сөздерде нольдік морфема туралы сөз болуы мүмкін емес.

Нольдік морфема ұғымы жоғарыда орыс тіліндегі септік категориясына байланысты баяндалды. Бұдан нольдік морфема тек септік категориясына қатысты деген ұғым шықпайды. Оның белгілі бір ғана категорияға байлаулы болуы міндетті емес, сондықтан орыс тілінің өзінде нольдік морфеманың қызметі, қолданылу аясы септік категориясынан басқа да түрлі категорияларда кездесетінін зерттеушілер көрсетіп жүр. А. В. Исаченко нольдік десигнатор орыс тілінде бірнеше парадигмада түрлі грамматикалық мағына беретінін анық дәлелдеген<sup>20</sup>. Кейде бұған жекешеліктің нольдік морфемасын қосу да кездеседі<sup>21</sup>.

Сонымен нольдік морфема лингвистикада категорияға байланысты қаралып жүр. Алайда ескерте кететін жай индоевропа, орыс тіл білімінде нольдік морфема көбіне септік, сандылық категориямен байланыста көрсетіледі. Ағылшын тілінде нольдік морфема сандылық (жекешелік, көпшілік) категориясында көрсетіліп жүр, бұл тілде көптік мағынаны білдіретін қосымша (—s) бар, жекешелік мағына ешбір қосымша арқылы берілмейді. Міне, ол жекешелік мағынаның нольдік морфема арқылы берілуі деп саналады. Тіл білімінде грамматикалық мағыналардың жүйелілігі танылады, категорияның семантикалық құрылысы ең кем дегенде екі біріне-бірі қарама-қарсы оппозициядан тұрады. Оппозиция көп мүшелі болуы да мүмкін, мысалы, септік категориясының мағыналары<sup>22</sup>. Бірақ категория жасаушы мағыналар жүйесі бір мүшелі болмайды, соған орай категория көрсеткішінің біреу болуы да мүмкін емес. Бұл арада А. С. Смирницкийдің категорияның ең кем дегенде екі формасы болады деген категорияны тануда көрсеткен

---

<sup>19</sup> Кузнецов П. С. О принципах изучения грамматики. М., 1961, с. 65.

<sup>20</sup> Исаченко А. В. О грамматическом значении. — ВЯ, 1961, № 1, с. 30.

<sup>21</sup> Ильина В. Ф. К вопросу о взаимоотношении лексических и грамматических значений в слове. — Труды молодых ученых. Саратов 1934, с. 40.

<sup>22</sup> Сонда.

критериясын еске алсақ, жоғарыдағы қағиданың мәні түсінікті болады <sup>23</sup>.

Жоғарыда келтірілген ағылшын тіліндегі сандылық мағынаның ішкі құрылымы тілде ондай категорияның барын көрсетеді, ол сандылық мағынаға саятын жеке-шелік және көптік мағынадан тұрады. Олай болса, көптік мағынаның берілу формасы сияқты онда жекешелік мағынаның да берілу формасы бар. Ол форма — сөздің түбірге көптік қосымша жалғанбаған түрі. Сөйтіп, түбір сөздің нольдік морфемамен келген, нольдік формадағы түрі категорияның жекешелік мағынасын білдіретін форма деп танылады, көптік қосымшасымен (—s) келген сөз формасы — көптік мағынаны білдіретін форма. Бұл арада нольдік форма танылу арқылы бұл категорияның ішкі мағыналық құрылымына сай екі формасы бары айқындалып, ол тілде осы категорияның барын күмәнсіз шешіп отыр. А. М. Пешковский парадигма көрсеткіштерінің біреуі ноль болуы мүмкін, бірақ жалғыз ноль ғана көрсеткіш бола алмайды деп анық айтқан <sup>24</sup>. Тіл білімінде нольдік морфема көзге көрінетін, құлаққа естілетін морфемалар жүйесінде ғана болады, ол өздігінен жеке өмір сүрмейді <sup>25</sup>.

А. В. Исаченко сөз формасын жасайтын категория көрсеткіші екі нәрседен құралған дейді олар: 1) сыртқы физикалық көрінісі немесе белгілеуші яғни десигнатор; 2) және олар белгілейтін ұғым немесе десигнат. Десигнат деп ол грамматикалық мағынаны атайды. Десигнат контексте көрінеді. Ал контексте десигнат болып, бірақ оны білдіретін грамматикалық көрсеткіш жоқ деуден гөрі оны нольдік десигнатор арқылы берілу деп тану қолайлы деп табады. Ол Ø элементі грамматикалық мағынаны білдіретіндіктен ғана, нольдік десигнаторға айналатынын көрсетеді <sup>26</sup>. Мұнда А. В. Исаченко нольдік белгі деген терминнің орнына нольдік десигнатор деген терминді қолданған. Нольдік десигнатор — грамматикалық мағынаның сыртқы физикалық белгісінің

---

<sup>23</sup> Смирницкий А. С. Морфология английского языка. М., 1953, с. 8.

<sup>24</sup> Пешковский А. М. Аталған еңбек, 18-б.

<sup>25</sup> Успенский Б. А. Аталған еңбек, 82-б.

<sup>26</sup> Исаченко А. В. Аталған еңбек, 30-б.

жоқтығы, сондықтан ол өзінің ішкі мазмұнына сай дейді <sup>27</sup>.

Нольдік белгі деген терминді нольдік морфемадан кең түрде түсінетін ғалымдар қолданады. Ш. Балли нольдік суффиксті, нольдік жалғауды, нольдік көмекші сөздерді, нольдік фонеманы таниды. Бұлардың жеке әр түріне аталған терминдерді қолданады да, олардың бәріне ортақ термин бетінде нольдік белгі (нулевой знак) терминін қолданады. Дәл осы мағынада тіл білімінде нулевой показатель «нольдік көрсеткіш», нулевой элемент деген терминдер барын айтқанбыз. Бұл терминдер—бірінің орнына бірі қолданыла алатын синоним терминдер.

Нольдік көрсеткіш индоевропа тілдеріне ғана қатысты деген пікір бар, бірақ ол ғылымда бір ауыздан қабылданып отырған жоқ. Оның орыс тілінде де тиісті орны бары Ф. Ф. Фортунатовтан бастап, қазіргі кезге дейін дәлелденіп келеді. Бұл нольдік көрсеткіштің тек қана индоевропа тілдерінің ерекшелігіне жатпайтынын дәлелдесе, алтай тілдерінің ғалымдары О. П. Суник, Т. А. Бертагаев тілдің мұндай фактілерінің алтай тілдерінен өте үлкен орын алатынын дәлелдеп отыр. Т. А. Бертагаев нольдік форма алтай, оның ішінде монғол тілдерінде зор қызмет атқарады, оған қарама-қарсы қойылатын қосымшалы формалар мол, сондықтан да оның грамматикалық айырым белгілердің системасына қосылуына мүмкіндік бар дейді <sup>28</sup>. Алтай тілдері ішінен бурят, монғол тілдерінің нақтылы фактілерін зерттеу нәтижесінде айтылған Т. А. Бертагаев тұжырымдары сенімді және дәлелді.

Нольдік көрсеткіш жөнінде түркологияда қалыптасқан бір пікір жоқ. Түркі тілдерінде грамматикалық мағынаның берілу жолынан тек қана қосымша тәсілін мойындаушылар бар, бірақ түркі тілдерінде грамматикалық мағынаның одан басқа да түрлі тәсілдер арқылы берілетіні дәлелденген. Түркологияда сөздің түрлі формаларының бірі ретінде нольдік морфема арқылы жасалатын нольдік форма айтылып жүр. Бұл жөнінде Э. В. Севортян зат есім мен етістіктің сөз түрлендіруші формаларының дамуына байланысты нольдік көрсеткіш ерекше фор-

---

<sup>27</sup> Сонда.

<sup>28</sup> Бертагаев Т. А. Морфологическая структура слов в монгольских языках. М., 1969, с. 47.

ма деген. Сондықтан зат есімнің түбірі негізгі септік деп етістіктің түрленуіне негіз болатын түбір етістік грамматикалық дамудың нәтижесінде 2-жақ (жекеше) бұйрық рай мағынасына ие болады дейді<sup>29</sup>.

1971 жылы М. Ш. Ширалиев пен Э. В. Севортянның редакциялауымен орыс тілінде шыққан «Азербайжан тілінің грамматикасында» нольдік белгі (нулевой показатель) деген термин қолданылған. Бұл кітапта негізгі септіктің, жай шырайдың нольдік белгі арқылы берілетіні көрсетілген<sup>30</sup>. Бұдан авторлардың түркі тілдерінің грамматикалық құрылысынан нольдік көрсеткіштің орын алатынын танытыны анық көрінеді. Әрине, бұл грамматикада нольдік көрсеткіш қолданылатын жердің бәрі көрсетілген деуге келмейді.

Қазақ тіл білімінде де бұл проблеманың зерттелу дәрежесі осы деңгейден шығып кеткен жоқ. А. Қ. Хасенова жоғарыда келтірілген Э. В. Севортян пікірін қуаттай отырып, ол формалардың қолданылуын одан кең түсіну қажеттігін аңғартады<sup>31</sup>.

И. Е. Маманов нольдік көрсеткіштерді сөз формасын жасау тұрғысынан қарайды, ол мынадай 4 түрлі нольдік форманы көрсетеді, олар: жасырын ілік, табыс, барыс септік және бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрі<sup>32</sup>.

С. Исаев, Н. Оралбаева өз еңбектерінде нольдік морфема мен нольдік формаларға көңіл бөледі<sup>33</sup>. Ж. Балта-

---

<sup>29</sup> Севортян Э. В. Фонетика турецкого литературного языка. М., 1955, с. 310—311.

<sup>30</sup> Грамматика азербайджанского языка. Баку, 1971, с. 120.

<sup>31</sup> Хасенова А. Қ. Сөз тудырушы аффикстердің сөзді байланыстыру функциялары: Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы, 1975, 57-б.

<sup>32</sup> Маманов И. Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 1966, 77-б.

<sup>33</sup> Исаев С. М. Грамматикалық мағына мен форманың сәйкестігі және нольдік тұлға. — Қазақстан мектебі. Алматы, 1976, № 8, 96-б.; Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы, 1975, 126-б.; Проблема нулевой формы и нулевого слова в грамматическом строе тюркских языков: Советская тюркология и развитие тюркских языков в СССР. Алма-Ата, 1976, с. 139—141; Сөзді қосымшасыз қолданудың сыры. — Кіт.: Сөз өнері. Алматы, 1978, 21—82-б.; Оралбаева Н., Балтабаева Ж. Түркологиядағы атау (негізгі) септік проблемасы. — Изв. АН КазССР. Серия филол., 1982, № 3, с. 6—11; Стилистические функции нулевой формы родительного падежа в казахском языке. — Советская тюркология. 1983, № 6, с. 45—51; Дифференциация функции аффиксальной и нулевой формы винительного падежа. — В кн.: Тюркские языки Сибири. Новосибирск, 1983, с. 3—11.

баева қазақ тіліндегі ілік, табыс септіктердің нольдік формасын зерттеді<sup>34</sup>.

Аталған фактілер нольдік көрсеткіш, нольдік форма ұғымдарының қазақ тіл біліміне тарай бастағанын дәлелдейді. Қорыта келгенде, нольдік көрсеткіш, нольдік форма ұғымдары тіл білімінде ертеден қолданылып келеді, бірақ ол ұғымдардың жандануына структуралық лингвистика себеп болды. Қазіргі кезде бұл ұғымдар түрлі жүйелі тілдерде қолданылып отыр.

Қазақ тіл білімінде зерттеліп отырған проблемамен байланысты төрт терминмен кездестік, оның бірі — нольдік көрсеткіш (А. Қ. Хасенова), екінші — нольдік форма (И. Е. Маманов), үшіншісі — нольдік тұлға (С. Исаев), төртіншісі — нольдік морфема, нольдік форма (Н. Оралбаева, Ж. Балтабаева). Осы терминдердің қайсысын қандай мағынада қолдануымыз туралы түсінік беру қажет.

Нольдік көрсеткіш терминін өте кең мағынада қолданамыз. Ол фонетика, морфология, тіпті синтаксиске қатысты жалпы ұғым ретінде қолданылады. Нольдік морфема сөздің мағыналы кіші бөлшегі сөзде болмай, ол мағынаны түбір сөз ешбір нақтылы морфемасыз білдіргенде қолданылады. Нольдік морфема термині — нольдік жалғау, нольдік жұрнақ, нольдік көмекші сияқты ұғымдарды қамтитын жалпы мағыналы термин, сондықтан ол сөз формасына да, сөз жасауға да қатысты. Нольдік форма деген терминді түбір сөз ешбір нақтылы морфемасыз сөздердің түрлену парадигмасының бір мүшесі қызметін атқарғанда қолданамыз.

## 1. НОЛЬДІК МОРФЕМА ЖӘНЕ ТІЛДІК ТАҢБА ТЕОРИЯСЫ

Структуралық лингвистикада көп тараған тілдік таңба (языковой знак) деген термин. Ол терминнің мағынасын беретін қазақ тілінде қалыптасқан термин болмағандықтан, ондай жалпы тіл біліміндегі қалыптасқан ұғымдарды білдіру қажеттігін ескеріп, тілдік таңба деген терминді ұсынып отырмыз. Тілдік белгі, тілдік көрсеткіш

---

<sup>34</sup> Балтабаева Ж. Семантико-стилистические функции неоформленного родительного и винительного падежей в казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1984.

сияқты терминдерді де ұсынуға болар еді, бірақ олардың алғашқысының басқа да мағынасы бар, соңғысының мағынасы дәл келе қоймайтын сияқты.

Тіл білімінде таңба теориясын өте дамытқан — Ф. де Соссюр, ол оны өз концепциясының тірегіне айналдырды, тілдік таңбаның системасын жасады, таңбалардың қарым-қатысы негізінде тіл құрылысын анықтады. Басқа да таңба системаларының ішінде тілдік таңбаның ерешесі орнын айқындады.

Ф. де Соссюр тілдік таңба теориясының негізін оның құрамды схемасы арқылы құрды. Ол схема бойынша тілдік таңба екі элементтің бірлігінен тұрады, оның біріншісі — белгіленуші (означаемое), екіншісі — белгілеуші (означающее). Мұнда ол тілдік таңбаның сыртқы материалдық жағын белгілеуші деп, ішкі мазмұн, мағына жағын белгіленуші деп атаған<sup>35</sup>. Фердинанд де Соссюр тілдік таңбаның сыртқы материалдық жағы (акустический образ) үнемі нақтылы дыбыстық құрамнан бола бермейтінін көрсетеді. Ол тіл элементтерінің қарым-қатысы мен айырмашылығы да белгілеуші деп таниды<sup>36</sup>.

Қазақ тілінде мағына тек қана белгілі дыбыстық құрамнан тұратын морфема арқылы белгіленеді деп ешкім айта алмайды. Себебі қазақ тілінде сөздің ешбір қосымшасыз семантикалық тәсіл арқылы жасалуы танылған, екпіннің де мағынаға қатысты жағдайлары кездеседі, қосымшалары толық емес, жетімсіз парадигмалар тілде өте көп, ал морфемалардың қарым-қатынасы арқылы мағынаның берілуі тілден кең орын алады.

Қазақ тілінің жіктелу системасын алайық. Жіктелу үш жақ, анайы, сыпайы жекеше, көпшелік мағыналардан тұратыны белгілі. Солай болғанымен, оның бәрінің нақтылы қосымшасы бар деуге болмайтыны да анық. Ал осы үш жақтың мағынасының қазақ тілінде көрінуінің бір түрін ғана мысалға келтірейік, мақсатты келер шақтағы етістік 3 жақта жіктеледі, бірақ жақтық көрсеткіш тек 1—2-жақтарға ғана жалғанады. Егер мағынаның конкретті дыбыстық комплекстен тұратын морфема арқылы белгіленуін ғана танысақ, бұл жіктелудің 3-жағын танымау керек болар еді. Бірақ тәжірибеде бұл парадиг-

<sup>35</sup> Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. М., 1933, с. 371—372.

<sup>36</sup> Сонда, 401—402-б.



мада 3-жақтың қосымшасы жоғына қарамастан, 3-жақ танылады. Алайда грамматикаларда, жеке зерттеулерде 3-жақтың қосымшасы жоғы ғана аталады да, оның көрсеткіші қайсы деген сұраққа жауап берілмейді. Ал диалектикалық материализм заңы бойынша мағына бар жерде оны білдіруші форма да болатыны ақиқат. Тіл білімі тұрғысынан алғанда да, жоғарыда аталғандай 3-жақтық мағынаның ақиқаттығы оны белгілеушінің ба-рын көрсетеді, өйткені тілдегі әр мағынаның көріну, берілу жолы бар. Мақсатты келер шақтың 3-жағында жақтық қосымшаның болмауы—3-жақтың сыртқы көрінісі. Сонымен бірге Фердинанд де Соссюр көрсеткендей қосымшалы 1—2-жақтардан ол өзінің нольдік формасы арқылы ажыратылады, осы айырма оның белгілеушісі болып табылады. Мұнда белгіленуші 3-жақтық мағына болса, оның белгілеушісі — бұл парадигмада 3-жақтық қосымшаның жоқтығы. Мұндай жағдайда қосымшаның жоқтығы ғылымда нольдік морфема аталатыны жоғарыда айтылған. Сөйтіп, қазақ тілінде мақсатты келер шақтың 3-жағы нольдік морфема арқылы беріледі деп тануға толық болады. Бұл нольдік морфеманың танылуына да тілдегі әрбір тілдік таңбаның екі құрамдық системасы (белгіленуші мен белгілеушінің бірлігі) негіз болып отыр.

Фердинанд де Соссюр тілдік таңбалардың бірінен-бірінің айырмасы арқылы мағына білдіруін ерекше бағалайтын. Ол тілде айырмашылықтан басқа ештеме жоқ дегенге дейін барады<sup>37</sup>. Бұл қағиданың тілдегі мағына білдіруші элементтерді анықтауда маңызы зор, өйткені нақтылы дыбыстық құрамнан тұратын морфемаларды ғана мағына білдіруші элемент ретінде тану, тілдегі басқа элементтерге назар аудармауды қалыптастырады. Соның нәтижесінде тіл элементтері түгел анықталмай, тілдің грамматикалық құрылысының толық ашылмауына себеп болып келді. Мысалға түркі тілдерінде танылып жүрген етістіктің болымсыздық категориясын алайық. Болымдылық пен болымсыздықтың бірімен-бірі байланыстығына қарамастан, болымсыздықтың ғана жеке категория болып танылуына оның морфемдік көрсеткіші себеп болған. Ал осы категорияның болымдылық мағынасы көбіне мүлдем танылмайды. Бұл жағдай түркі

<sup>37</sup> Фердинанд де Соссюр. Аталған еңбек, 402-б.

тілдерінің грамматикаларының көпшілігіне ортақ. Алайда түркологтардың бәрі осындай пікірде деуден, біз аулақпыз. Академик А. Н. Кононов етістіктің болымды, болымсыз мағыналарын бірлікте алған<sup>38</sup>. Мұндай көзқарас басқа ғалымдарда да кездеседі<sup>39</sup>.

Дегенмен нақтылы морфеманы ғана танудың үстемдік алуынан бір категорияның ішкі мағыналық тармағына жататын болымдылық пен болымсыздықтың осы уақытқа дейін болымсыздық түрі ғана көпшілік грамматикаларда жеке категория ретінде танылуы түркі тілдерінің грамматикалық құрылысының ерекшеліктері әлі де толық ашылмағанын көрсетеді.

Тілдік таңбаны белгілеуші мен белгіленушінің бірлігі тұрғысынан алғанда, етістіктің болымдылық мағынасының нақтылы қосымшасы болмауы оның танылуына кедергі болмайды. Ол етістіктің болымсыз түрінен өзінің құрамында болымдылықтың қосымшасының жоқтығы арқылы ажыратылады, ол айырма болымдылық мағынаның белгілеушісі болып табылады. Ол қосымшаның жоқтығын нольдік морфемамен белгілесек, болымды мағына тілдік таңбаның 2 құрамдық жүйесіне сай, белгілеуші мен белгіленушінің бірлігін дәлелдейтіні сөзсіз. Сөйтіп, тілдік таңба тұрғысынан алғанда да, нольдік морфема тілімізде де бар құбылысқа сай алынатыны ақиқат. Тіліміз мұндай фактіге өте бай.

## 2. НОЛЬДІК МОРФЕМА ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ОППОЗИЦИЯ

Оппозиция тіл білімінде грамматикалық категория мағынасының ішкі құрылымына байланысты қолданылады. Грамматикалық категория мағынасының іштей тармақталуы олардың біріне-бірінің қарама-қарсылық (оппозиция) жүйесін жасайды. Категория мағыналарының жүйесі ең кемі қос мүшелі оппозиция жасайды, мысалға ағылшын тіліндегі зат есімнің жекешелік пен көптік—сандылық категориясының ішкі мағыналық тармақтары жүйесінен тұрады. Оппозиция жүйесі көп мүшелі де болады, оған мысал ретінде септік, жіктік, тәуелділік т. б. категориялардың мағыналарын келтіру керек. Бірақ оның бір мүшелі болуы мүмкін емес.

<sup>38</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 200—202.

<sup>39</sup> Мусаев К. М. Грамматика караимского языка. М., 1964, с. 263—265.

Біз осы категория мағыналарының оппозиция жүйесінің нольдік морфеманы танудағы қызметін сөз етпекпіз. Қазақ тілінде соңғы кезге дейін көптік категориясы ғана танылып келді<sup>40</sup>. Бірақ 1962, 1967 жылдары шыққан академиялық грамматикаларда сандылық категориясы (категория числа) зат есімнің жекеше түрі мен көпше түрі деген тақырыппен беріліп, ол тұтас бір категория ретінде танылған. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде бұл категория туралы пікір екі ұдай екені көрінеді. Алайда кейбір грамматикаларда ол жекешелікті қамтып, бір категория ретінде берілгенмен, олардың ешқайсында жекешелік мағынаға онша көңіл бөлінбейді, сөз негізінен көптік мағына мен оның берілу жолы туралы болады<sup>41</sup>. «Қазақ тіліндегі зат есімдер нақтылы лексикалық мағынасына орай сөйлем ішінде не жекеше, не көпше түрде қолданылады. Зат есімдерді жекеше, көпше деп аталатын екі топқа, *екі категорияға* (курсивпен берген автор.) айыра көрсетуге негіз боларлық ең басты грамматикалық сыртқы белгі — оларға көптік жалғауының жалғануы» — делінген 1967 жылғы грамматикада<sup>42</sup>. Мұнда «екі категорияға айыра көрсетуге» дегендегі категория сөзі өз мағынасында тұрған жоқ, онда авторлар екі мағынаға дегенді айтқысы келген болу керек, өйткені мұнда әңгіме бір категорияның ішкі мағыналық құрылымы туралы болу керек.

1975 жылы шыққан А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) оқулығында бұл мәселеге қатысты материал «Көптік мәнді есімдер» деген тақырыппен берілген<sup>43</sup>. Бірақ мұнда жекешелік туралы да пікір бар, ол: «Зат есімдердің көпшілігі тікелей атау формада тұрып, белгілі бірыңғай заттардың бәріне тән жалпы атау ретінде жұмсалудан қатар, тиісті заттың *бір данасының ғана* (курсивпен берген автор) атауы есебінде қолданылады. Мысалы: *кісі, сөз, бала, қыстау, үй, көл т. б.*»<sup>44</sup>. Әрі қарай көптік морфема арқылы олардың

<sup>40</sup> Қазіргі қазақ тілі: Лексика, фонетика, морфология және синтаксис. Алматы, 1954, 219-б.

<sup>41</sup> Современный казахский язык: Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, с. 136.

<sup>42</sup> Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1967, 51-б.

<sup>43</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 148-б.

<sup>44</sup> Сонда.

көпше түрі жасалатыны айтылған. Біз аталған грамматикада жекешелік туралы берілген мағлұматты түгел келтірдік, бұдан оларда жекешелік мағынаға қаншалықты аз көңіл бөлінгені анық көрініп тұр.

Туркологтардың көпшілігі көптік емес, сандылық категориясын (категория числа) таниды<sup>45</sup>. Көптік мағына осы категорияның ішкі мағыналық тармақтарының бірі ретінде саналады. Бұл мағыналардың әрқайсысы жеке тұрып, өзалдына категория бола алмайды, өйткені жалғыз мағынадан тұратын категория болмайды, сондықтан олардың бір категорияның мағыналық құрамына жатынына талас болуы мүмкін емес. Олай болса, әр мағынаның сол мағынаны танытатын сыртқы көрінісі, формасы болу қажет. Оны көрсету үшін қай мағынаның қалай танылуына сүйенейік, көптік мағына сөз құрамындағы көптік морфемаға қарап ажыратылады. Керісінше, сол морфеманың сөз құрамында болмауы оның қарама-қарсы мағынасын білдіреді. Сөз құрамында белгілі мағына болып, оны білдіретін қосымша болмағанда, оның нольдік морфемамен белгіленетіні айтылады. Категорияның қарама-қарсы қатыста тұрған мағыналарының біреуінің арнайы морфемасы болуы оның екіншісінің де берілу жолын, формасын тануға жол ашады дегенбіз. Категория мағыналарының оппозициясы категорияның көрсеткіштерін, формаларын тануда белгілі қызмет атқарса, оның нольдік морфема мен нольдік форманы тануға да қатысы бары мұнда да анықталып отыр. Сөйтіп, бұл арада сандылық категориясы танылу үшін, оның ішкі мағыналық тармақтарының танылуы шарт болатынын, ал оның ішкі қарама-қарсылық қатыстағы екі мағынасын тану—ол мағыналардың формасын, берілу жолын тану қажеттігіне әкелетінін, одан осы категорияның бір мағынасының нольдік морфемасы мен нольдік формасының танылу қажеттігі шығатынын көрдік. Бұл, сөз жоқ, категория мағыналарының оппозициялық қатысы нольдік морфема мен форманы тануда қызмет атқаратынын көрсетеді.

Категорияның мағыналық құрылымы көп мүшелі болса да, осы жағдай сақталады. Мысалға бұйрық райдың жіктелу системасын келтірейік. Бұл көп мүшелі оппозицияға жатады, парадигма жақ мағынасы негізінде

---

<sup>45</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1960, с. 67.

құрылғандықтан, ол 3 жақтық, жекешелік, көпшелік, анайылық пен сыпайылық сияқты мағыналарды қамтиды. Осы мағыналардың көбінің нақтылы көрсеткіштері бар, бірақ ол бәріне қатысты емес. Парадигмада 2-жақ жекеше және 3-жақ көпше түрдің нақтылы морфемасы жоқ. Бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінде етістік тек түбір қалпында қолданылады. Ол арқылы көп мүшелі оппозиция жүйесін құрып тұрған мағыналардың ішінде екінші жақ жекешеліктің бұйрық райда арнайы нақтылы морфемасы жоғын көреміз. Сол морфеманың жоқтығы оны басқа жақтардан ажырататын белгі қызметін атқарады, өйткені басқа жақтардың нақтылы морфемасы бар. Әр жақты нақтылы морфемаларға қарап ажыратсақ, жекеше 2-жақты нақтылы морфемасының жоғына қарап ажыратамыз. Олай болса, бұйрық райдың жіктелу парадигмасында жекеше 2-жақтың жіктік жалғауының болмауы — оның сыртқы белгісі. Міне, осында 2-жақ жекешелік мағына нольдік морфема арқылы беріледі. Мұнда да қалған жақтардың (1—3-жақтардың) қосымшасы мағыналар оппозициясының бір тармағының қосымшасыз формасын тануға жағдай жасап тұр. Системадағы 1—3-жақтардың қосымшасының болуы 2-жақ жекеше түрдің нольдік морфемасын растап тұр. Сөйтіп, бұл парадигмада 3 жақтың мағынасын тану ол үш жақтың формасын тануды міндеттейді, 1—3-жақтардың қосымшалы формасының болуы — 2-жақ жекеше түрдің нольдік формасын танытады. Тағы да категория мағыналарының оппозициясының нольдік морфема мен форманы танудағы қызметімен кездесіп отырмыз.

Келтірілген мысалдардың бәрінде нольдік морфема мен нольдік форма парадигманың қосымшалы, морфемалы формаларымен қатар, солармен пара-пар қызмет атқаратынын көрсетеді. Нольдік формалы сөз — парадигмадағы сөзформалардың бірі. Парадигма бойынша түрленген қосымшалы сөз формалары қандай белгілі категорияның ішкі мағыналық тармақтарын білдірсе, нольдік формадағы сөз де сол категорияның мағынасын, формасын білдіреді. Бұған қарап, түбір сөз атаулының бәрінде нольдік морфема бар деген ұғым шықпайды. Түбір сөз белгілі парадигма бойынша түрлену системасына еніп, ол системаның бір мүшесі қызметінде қолданылып, сол категорияның мағынасын берсе ғана, ол сол

категорияны нольдік морфема арқылы білдіретін нольдік формалы сөз болып табылады. Сөйтіп, нольдік морфема мен нольдік форманың танылу шартына түбір сөздің категорияның мағыналық құрылымына енетін мағыналардың бірін білдіруі, категорияның парадигмалық формаларының бір түрі, мүшесі ретінде қолдануы жатады.

### 3. НОЛЬДІК МОРФЕМА ЖӘНЕ СИНТАГМА

Түбір сөздің ешбір нақтылы морфемасыз категориялар мағыналарының ішкі тармақтарының кейбіреуін білдіру қабілеті тек қана сөйлем ішінде жүзеге асады. Дәлірек айтсақ, ол синтагмамен тікелей байланысты. Мұның себебі нольдік формадағы сөздердің сыртқы тұлғасында ешбір айырма жоқ. Олар түрлі категориялардың нольдік формасы бола тұра, бір тұлғада тұра береді. Грамматикалық формалардың омонимдік қасиеті нольдік формада өте күшті. Мысалы, *мал* жайылып жүр, *мал* өсіруге жағдай жасалсын, *мал* күтімі назардан тыс қалмасын сияқты мысалдарды алсақ, ондағы *мал* деген зат есім септіктің үш түрлі грамматикалық формасында тұр, 1-мысалда ол атау септіктің, 2-мысалда ол табыс септіктің, 3-мысалда ол ілік септіктің нольдік формасында тұр. Сөздің бұл формаларын тек синтагма арқылы ғана ажырата аламыз, ол сөздің формасын сөйлемсіз, синтагмасыз ажырату мүмкін емес. Бірінші мысалдағы сөздің (*мал*) атау септік мағынасы оның жайы-күйін, қимылын білдіріп тұрған *жайылып жүр* етістігімен тіркесуі арқылы синтагма ішінде айқындалып тұр. Логикалық жағынан оның жайылу қимылының жасаушысы, субъектісі екенін тек сол етістікпен тіркесуі көрсетеді. Екінші мысалдағы *мал өсіруге* деген синтагманың бір мүшесі *өсір* етістігі оның алдында объекті заттың тұрғанын көрсетеді.

Үшінші мысалдан синтагма ретінде *мал күтімі* деген екі сөздің тіркесін аламыз. Мұнда *мал* ілік септіктің нольдік формасында тұр. Оның негізгі көрсеткіші — осы синтагманың екінші сыңарындағы тәуелдік жалғау (*і*). Тәуелдік жалғаудағы сөз ілік септіктегі сөзбен ғана тіркеседі. Ілік септіктің қосымшалы және нольдік формасы бар, бұл синтагмада оның нольдік формасы қолданылған, оны салыстырып қарайық: *мал күтімі//малдың күтімі*. Екеуінде де ілік септіктің қатыстық мағынасы

бар, бұл олардың бір септіктің екі формасы екенін дәлелдейді. Оны синтагма анық көрсетіп тұр. Бұл келтірілген мысалдардың бәрі сөздің құрамында қай категорияның нольдік морфемасы барын синтагма ғана ашып беретініне ешбір күмән қалдырмайды.

Нольдік форма қай категорияға қатысты болса, синтагмада ол сол категорияның қосымшалы формасының алатын орнында тұрады. Бұл тұрғыдан нольдік форманың қосымшалы сөз формасынан ешбір айырмасы жоқ деуге болады. Мысалы: біздің үй, біздің ауыл сияқты синтагматикалық тізбектерді алайық. Мысалда ілік септіктің қосымшалы формасындағы сөз бен тәуелділіктің нольдік формасындағы сөз тіркескен, бірақ синтагма мүшелерінің орын тәртібі сол қалпында сақталған. Синтагма мүшелерінің әр сыңарын әрі қосымшалы, әрі нольдік формада қолданып, олардың формаларын түрлендіргенімізбен, олардың синтагмадағы орны өзгерген жоқ, негізгі мағыналары да сақталды. Бұның себебі, онда синтагма мүшелерінің категориясын сақтап отырмыз. Синтагмадағы сөздің формасын бір категория ішінде ғана түрлендіргендіктен, оның негізгі мағынасы да, синтагмадағы орны да өзгермейді. Сондықтан да *біздің үй, біздің ауыл* дегендегі тәуелдік парадигмасының 1-жақ көпше түрінің нольдік формасында тұрған *үй, ауыл* сөздері осы заттардың көпше 1-жаққа меншіктілігін білдіреді, ол синтагмада заттың иесін білдіретін ілік септік формасындағы сөздің соңынан тіркескен. Бұдан синтагмадағы сөздің орнының өзі ол сөздің қай категорияның нольдік формасында тұрғанын көрсете алатынын көреміз. Егер синтагма объективті өмірдің бір «кішкене бөлшегін» білдіруге арналған, сөйлеудің бір элементі деп түсінсек<sup>46</sup>, сонда синтагмада грамматикалық мағына болатыны сөзсіз. Ол грамматикалық мағына тілімізде қосымшалы сөз формасы арқылы да, нольдік форма арқылы да синтагмада көрінетінін келтірілген мысалдар көрсетті.

Синтагма сөйлеумен, тілдің атқарып отырған қызметімен, басқаша айтқанда, тілдің өмірімен тікелей байланысты, сондықтан сөз тілде қандай қызмет атқарса да, қандай формада қолданылса да, қандай мағыналық

---

<sup>46</sup> Виноградов В. В. Избранные труды: Исследования по русской грамматике. М., 1975, с. 147.

ерекшелікті білдірсе де, ол синтагманы аттап өте алмайды. Сөздің түрлену парадигмасының көрінуі синтагмаға қатысты болатындықтан, нольдік форманың көрінуі де синтагмаға тікелей қатысты. Синтагма — нольдік морфеманың нұсқаушысы қызметін атқарады, ол ғана емес, синтагмасыз нольдік морфема мен форманың өмірі жоқ.

#### 4. ПАРАДИГМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ НОЛЬДІК МОРФЕМА МЕН НОЛЬДІК ФОРМА

Қазақ тілі қосымшаларға бай, тілімізде сөздердің түрленуінің түрлі жүйесі, парадигмасы бар. Мысалға септік, тәуелдік, сандылық, шырай, етістіктің райлары, болымды-болымсыздық, жақ бойынша сөздердің түрлену парадигмаларын атауға болады. Сөздердің осы түрлену жүйелерінің бәрінде дерлік нольдік морфема мен нольдік форманың орын алатыны байқалады. Бұл нольдік морфема мен нольдік форманың тілдегі кездейсоқ, бірлі-жарым құбылысқа жатпайтынына толық дәлел. Енді олардың әрқайсысына жеке тоқталып, одан нольдік морфеманың орнын көрсетейік.

Сөздердің септелу парадигмасындағы нольдік морфема мен нольдік формалар. Бұл парадигма нольдік морфемаға өте бай, олардың іштей ерекшеліктері де бар. Түркі туыстас тілдерде соңғы кезге дейін атау септікті өз мәнінде тану даулы болып келеді. Мысалға азербайжан тілінің грамматикасын алайық. Мұнда негізгі септік (основной падеж) деген термин қолданылған, оның нольдік көрсеткіші аталған. Негізгі септіктің мынадай 4 қызметі көрсетілген: 1) бастауыш, 2) белгісіз толықтауыш, 3) анықтауыш, 4) баяндауыштың есім бөлімі<sup>47</sup>.

Мұнда табыс, ілік септіктерінің нольдік формалары да негізгі септікте қаралған, сондықтан оның синтаксистік қызметі атау септікке қосылып, басқа септіктердің қызметімен сай келіп тұр. Атау септік (именительный падеж) деп аталмауының өзі оның нольдік формадағы бірнеше септіктің басын қосуына байланысты, сондықтан да мұнда негізгі септік түрлі мағыналы, түрлі қызметтегі басқа септіктермен мағыналас, қызметтес септік болып отыр.

<sup>47</sup> Грамматика азербайджанского языка. Баку, 1971, с. 44.



Бұл тұрғыда қазақ тілінің грамматикалары атау септік деп дұрыс бағыт ұстаған демекпіз. Оған мынадай дәлел келтіреміз. 1. Түркі туыстас тілдерде әр септіктің мағынасы әбден анықталған, айқындалған, олардың мағынасы ажыраған, бөлінген. Бұл процесс ертедегі түрік тілінің өзінде белгілі нәтижеге жеткен болса, қазір ол процесс туралы тілдің өткендегі даму тарихымен байланысты ғана сөз болуы мүмкін. Бұл фактіні ескермеу, онымен келіспеу теориялық тұрғыдан дұрыс емес. Олай болса, атау септіктің де белгілі мағынасы мен қызметі қалыптасқан ба, жоқ ол барлық септіктердің мағынасын беретін, қызметін атқаратын септік пе деген сұраққа жауап беру қажет, өйткені түркі тілдерінде қосымшасыз қолданылатын тек табыс пен ілік септіктер ғана емес, тілде барлық септіктердің қосымшасыз қолданылуы бар.

Септік парадигмасының мағыналық құрылымы әр септіктің мағынасынан тұратыны белгілі. Осы жүйедегі атау септіктің де басқа септіктерден өзінше мағынасы мен атқаратын қызметі бары сөзсіз. Тек оның мағынасы басқа септіктердің қосымшасыз формаларының мағына жиынтығы емес.

Атау септік — парадигманың бір мүшесі, оның өзіндік мағынасы мен қызметі бар. Оны анықтау үшін, атау септік мағынасы саналып жүрген мағыналарды алып қарайық. Анықтауыш қызметіндегі зат есімдерді (*тас үй, ағаш үй* т. б.) ғылымда атау септікке жатқызады. Осылайша қарау дұрыс па деген сұраққа жауап берудің атау септіктің мағынасы мен қызметін айқындауға қатысы бар. Бұл қызметте зат есім сын есімнің орнына қолданылады. Ал сын есім өз мағынасы мен қызметінде тұрғанда, түркі тілдерінде септелмейді, ол — қазақ тіліндегі сын есімнің орыс тіліндегі сын есімнен негізгі айырмашылығының бірі. Септелмейтін сөз табының орнына қолданылған зат есімді септік парадигмасының бір формасында танудың негізі жоқ. Бұл кейбір грамматикаларда айтылып жүргендей атау септік деп зат есімнің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпын танудан шыққан. Сондықтан анықтауыш (*тас үй*) қызметіндегі есім сөздерді атау септікте тұрған сөз деп танымай, сын есімдер сияқты олар да түбір қалпында тұрып анықтауыш болады деп тану керек. Сонда оның мағынасы атау септік

аясына енбейді, оның септік парадигмасына қатысы жоқ. Біздің тілімізде сын есім анықтауыш қызметінде (орыс тіліндей) септелсе, онда оның орнына қолданылған зат есімді де септік парадигмасында қарауға болар еді, бірақ тіл құрылысында ол жоқ.

Есім сөзден болған баяндауыш немесе есім мен көмекші етістіктердің тіркесінен болған баяндауыштардың (*Ол — инженер; ол инженер еді*) жағдайы да дәл осындай. Олар да септелмейтін сөздердің қызметінде қолданылған. Баяндауышқа септелу емес, жіктелу қатысты. Жіктелу парадигмасындағы сөзді септік парадигмасының бір формасы деп табу шындыққа жатпайды. 3-жақты жалғау жалғанбағандықтан, олар атау септікпен омоним болып тұр. Егер тіліміздің жіктелу системасында есім сөзге де 3-жақта жіктік жалғауы жалғанатын болса, оларды ешкім атау септіктегі сөз деп санамаған болар еді. Бұл арада баяндауыш қызметіндегі есім сөздің септік парадигмасына қатысы жоғын көреміз. Бұл олардың атау септіктегі сөзге жатпайтынын дәлелдейді. Бұдан есім сөздердің баяндауыш қызметіндегі мағынасы да атау септікке жатпайтыны анықталып отыр. Осы жағдай, зат есімнің бәрі сөйлемде белгілі септік формасында тұруы міндетті емес деген қорытынды жасауға әкеледі, зат есімдер үнемі өз қызметінде қолданыла бермейді, ол жоғарыдағы анықтауыш, баяндауыш қызметіндегі зат есімдерден байқалады.

Атау септік мағынасына қосымшасыз табыс, ілік септіктердің мағыналарын қосып қарау барын айтқанбыз. Осы мағыналардың жайына тоқталайық. Зерттеушілер қосымшасыз табыс, ілік септіктердің мағынасын олардың қосымшалы формаларының мағынасынан мүлдем басқа мағына санамайды. Белгісіз объекті деген сияқты аздаған ерекшелік көрсеткенмен, тура объектіні білдіретінін жоққа шығармайды, септіктің негізгі мағынасын сақтай отырып, ол мағынаны атауға қосады. Ол мағыналардың бәрі атаудың мағынасына сай келмегендіктен, оны атау септік атамай, негізі септік деп, ол септіктің аты өзгертілген. Сөйтіп, бұл септік әрі атау септік, әрі түбір ретінде қолданылған түрлі қызметті сөздер мағынасын, әрі қосымшасыз басқа септіктердің мағынасын беретін сан қилы мағыналы септік болып шыққан.

Бұл түрлі мағынадағы, түрлі қызметтегі сөздердің

бәрінің бір септік аталуына олардың бәрінің сыртқы тұлға ұқсастығы себеп болған, оларда басқа ешбір ұқсастық, бірлік жоқ. Тілде омонимдік құбылыстар бары әбден дәлелденген, соған қарамастан, тек сыртқы ұқсастықты бірден-бір белгі ретінде алуға болмайтыны — тіл тәжірибесінде анықталған жағдай. Тәжірибеде мағыналары, қызметі басқа септіктердің қосымшаларының, формаларының ұқсастығына қарамастан, түрлі септіктер саналып жүргеніне түрлі тілдерден дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, орыс тілінде атау (*село*) мен табыс (*село*) септік нольдік формада, көпше ілік (*рыб*) пен табыс септік (*рыб*) нольдік формада қолданылады. Ал ілік (*линии*) пен барыс септік (*линии*) қосымшалары, ілік (*ткани*), барыс (*ткани*) септіктердің қосымшалары омонимдес болып келеді. Мұндай ұқсастыққа септік парадигмалары өте бай. Бірақ олардың ұқсастығына қарап, ешкім оларды бір септік деп санамайды және ол септіктердің дербестігіне ешкім күмәнданбайды, ол ұқсастық тек сыртқы формаға ғана қатысты. Мағына, қызметі жағынан олар мүлдем басқа. Түркі тілдерінің септік парадигмасындағы нольдік формалардың ұқсастығы да дәл осындай.

Түркі туыстас тілдерде септік жалғаулары ұқсас септіктер де бар. Мысалы, қазіргі құмық, қарачай-балқар тілдерінде ілік (-ны), табыс (-ны) септіктерінің қосымшалары омонимдес. Бірақ бұл тілдерде олар бір септік саналмайды, ілік септік те, табыс септік те дербес деп танылады, бұл септіктердің мағынасы, қызметі мүлдем басқа. Мұндай фактілер түрлі жүйелі тілдерде кездесе береді. Бұл келтірілген мысалдар әр септіктің мағынасы мен қызметі негізінен айқындалған, септіктердің мағына және қызметі жағынан бірінен-бірінің ажырағанын дәлелдейді. Осы пікірді септік парадигмаларындағы бұл келтірілген септіктердің форма ұқсастығына қарама-қарсы материалмен де дәлелдеуге болады.

Орыс тілінде септелудің бірнеше жүйесі бар, олардың әрқайсысының жекеше, көпше түрлері бар, осымен байланысты бір септіктің (падеждің) бірнеше қосымшасы бар, олар біріне-бірі сыртқы формасы, дыбыстық құрамы жағынан ұқсамайды. Соған қарамастан, олардың бәрі бір септіктің (падеждің) қосымшасы, формасы саналады. Неге? Олардың бәрі бір септіктің мағынасын

білдіреді, олардың синтагма жасау қабілетінде, сөйлемдегі синтаксистік қызметінде айырма жоқ. Олар біріне-бірі тек дыбыстық құрамы, сыртқы формасы арқылы ғана ажыратылғанымен, олардың басқа белгілері бірдей, сондықтан олар бір септіктің қосымшасы саналады.

Мұндай факті түркі тілдеріне де қатысты. Қазақ тілінде де жай, тәуелді септелу, есімдіктің септелу ерекшелігіне байланысты олардың қосымшалары бірнешеге дейін барады, мысалы, барыс септіктің 4 қосымшасы -ға, -ған (*осы-ған*), -а (*анам-а*), -на (*анасы-на*) бар. Бірақ осы айырмашылыққа қарамай, олар тек барыс септіктің қосымшасы болып саналады, бәрі осы септіктің мағынасын білдіреді, қалған белгілері ұқсас, басқа айырма жоқ. Бұл жалғыз септікке ғана қатысты емес, бірнеше формант арқылы көрінетін категориялар тілде өте көп, бірақ олар бір мағынаның түрлі берілу жолы тұрғысынан ғана қаралады.

Осы фактілердің бәрі тілде форма ескерілумен бірге, мағына мен оның қызметінің алатын орны ерекше екенін дәлелдейді. Тілдік көрсеткіштердің мағынасы мен қызметін ескермеуге болмайтыны жоғарыда келтірілген мысалдардан анық байқалады. Егер мұны даусыз деп тапсақ, онда ілік, табыс, барыс септіктерінің нольдік формасы мен қосымшалы формасының негізгі мағынасы бір екені соншалықты даусыз, сондықтан да әр септіктің нольдік формасы мен қосымшалы формасы бір синтаксистік қызмет атқарады, екеуі де синтагмада бір тұлғалы сөзбен тіркеседі. Сонда айырмашылық тек олардың формасымен ғана байланысты, септік жалғауларының сыртқы формасында айырма кездесе беретіні жоғарыда орыс тілінен, қазақ тілінен келтірілген мысалдардан анық көрінді. Олай болса, бір мағынаны білдіретін, бір қызмет атқаратын септіктің екі формасын сыртқы айырмасына ғана сүйеніп, екі септік санау орынсыз.

Атау, ілік, табыс септіктердің нольдік формасының ұқсастығына ғана сүйеніп, олардың мағынасы мен қызметі, синтагмадағы орны мен тіркесетін сөздердің форма бірлігін елемеу үлкен теориялық қайшылыққа әкеледі. Осы қайшылық түркологияда негізгі септікті ұсынудан анық көрінеді. Негізгі септікке түркологияда айтылып жүргендей нольдік формалы септіктердің мағынасын қосса, онда ол барлық септіктің мағынасын береді деп

тануға тура келеді, барлық септік сөйлемде қосымшасыз өз мағынасында қолданыла алады. Бұл арада бір септіктің барлық септіктің мағынасын беруі, онымен қатар басқа септіктердің сол мағыналарды қосымшалы формамен білдіруі септіктердің мағыналық дифференциациялануын жоққа шығарады. Ал түркі тілдерінде септіктер мағына, қызметі жағынан әбден ажыраған. Сөздің тек сыртқы тұлға ұқсастығын асыра бағалау, омоним құбылыстарды ажыратпау тілдің түрлі фактілерін бір құбылыс ретінде санауға әкеледі. Бұл теріс теориялық тұжырым жасауға, тіл құрылысын дұрыс ажыратпауға соғады. Осының нәтижесінде түркі тілдеріндегі нольдік морфема мен нольдік форма дұрыс бағаланбай келді.

Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысынан нольдік морфема көлемді орын алады, тілдегі негізгі заңдылықтардың бірі. Ол тек табыс, ілік септіктермен ғана байланысты емес, барлық септікке қатысты септік парадигмасы ғана емес, тәуелдену, жіктелу, тіпті сандылық категорияға да, синтетикалық сөзжасам жүйесіне де байланысты. Ал шылау, көмекші сөздер, кейде сөздердің сөйлемде тиісті орнында қолданылмай, бірақ оның мағынасының сөйлемде сақталуы — өз алдына мәселе. Бірақ оның да айтылып отырған заңдылыққа байланысы бар. Бұл заңдылық фонетикалық системаға да жат емес.

Тілдің құрылысынан осыншама орын алатын нольдік морфеманың қолданылуын елемеу мүмкін емес. Ілік пен табыстың қосымшасыз формаларын атау септіктің мағынасына қосып, оны негізгі септік атағанмен, проблема шешілмейді. Басқа септіктердің, аталған басқа парадигмалардың, системалардың қосымшалы формаларымен қатарласа қолданылып жүрген нольдік морфема мен нольдік форма онда тіл білімінде ескерусіз қалады. Олардың осы уақытқа дейін елеусіз келуі ғылымның қазіргі даму дәрежесіне сай емес. Сондықтан бұл проблемаға ерте ме, кеш пе бір оралмауға болмайды, өйткені ол — шешуді керек ететін теориялық күрделі проблема. Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысына кең тараған бұл фактімен санаспау дұрыс емес, сондықтан септіктердің нольдік формалары өз септіктерінде қосымшалы формамен қатарласа қолданылатын форма ретінде қаралғаны дұрыс. Түрлі септіктердің нольдік формасының мағыналары атау септіктің мағыналық құрамынан шығарылуы қажет.

Атау септіктің өзіне тән белгілі мағынасы бар, ол мағынаны септік парадигмасының басқа ешбір мүшесі білдіре алмайды, атау септіктің белгілі тұрақты қызметі бар, оны қалған септіктегі сөздердің ешқайсысы атқара алмайды, өйткені атау септік шартты түрде алынған, сөздің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпы ғана емес... Ол септік парадигмасының бір мүшесі, септік жүйесіндегі сөз формаларының бірі, ол сөйлемдегі сөздермен белгілі қатысқа түседі, синтаксистік қызмет атқарады, тұрақты мағынасы бар. Атау септікке таңылып жүрген түрлі мағыналардың біреуі ғана оған қатысты. Ол — атау септік сөйлемде кім және не туралы айтылатынын білдіреді. Бұл — атау септіктің бірден-бір мағынасы.

Ілік, табыс, шығыс, көмектес септіктерде қосымшалы формалар мен нольдік формалар қатарласа қолданылады, сондықтан бұл септіктер қос формалы септіктерге жатады. Мысалы: Сахара (сахараның) заңы да бар қаталдық (қаталдығымен), бар надандық (надандығымен), зұлымдығымен молаша мызғымай қалғандай (М. Әуезов). Ендеше, тым құрса, осындайда салмақ (салмақты) сал (М. Әуезов). Дәрменнің өзгеше мұңмен аса сезімтал ажар беріп айтқан әні амандық (амандықта), бейбітшілікте айтылатын сауық (сауықтың) әні тәрізді емес (М. Әуезов). Асқар төбе, ел (елге) кеттік (Ж. Жабаев). Бұл келтірілген мысалдарда барлық септіктің қосымшасыз формалары қолданылған, олардың ауыстыруға болатын қосымшалы формалары жақшаның ішінде берілді. Септіктердің қосымшасы бола тұрып, оның сөйлемде сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбауы туралы түркологияда түрлі теориялар бар. Олар негізінен мағыналық ерекшелікке байланысты, мысалы, мағынаның белгілілік, белгісіздігі, заттың белгісін білдіретін сөзге айналу, кейде сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы байланысуы да көрсетіледі. Әр зерттеуші өз теориясын аталған белгілердің біреуіне ғана сүйеніп құрады.

Түркі тілдерінде қосымшалы, қосымшасыз формалардың қалыптасу сырын ашу қиын және оның бір ғана себепке негізделуі мүмкін емес, оған әкелген жол да, оның себебі де өте көп болуға тиіс. Оған бірнеше мысал келтірейік.

1. Астындағы бөдес қоңыр құнанның омырауы, құла-

ғы, көзіне шейін тер басқан (М. Әуезов). Бұл сөйлемдегі үш бірыңғай мүшенің алдыңғы екеуі барыс септіктің нольдік формасында тұр. Осы сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің әрқайсысын жіктеу, даралауға мән бермей, олар бірлікте алынған, сондықтан оның бәрінде айтылуға тиісті барыс септік жалғауы мен шылау ең соңғы бірыңғай мүшемен берілген, бұл олардың тұтас топ ретінде алынғанын байқатады.

Бұны «мен» шылауының қолданылуы анығырақ дәлелдейді. Бұл шылаудың байланыстыру, жақындастыру үшін қолданылатынын еске алсақ, онда ол арқылы байланысқан бірыңғай мүшенің алдыңғысына еш уақытта септік жалғауы жалғанбауын түсіну қиын емес. Ол арқылы байланысқан екі бірыңғай мүше тұтастық, бірлікте түсініліп, септік жалғауы ол тұтас топтың соңынан ғана жалғанады. Мысалы: *Үлкен үй мен отауға ғана бөліп қой* (М. Әуезов).

Бірыңғай мүшелердің алғашқыларының септік жалғауынсыз, қосымшасыз. формада қолданылуында тұтастық, бірлік мәні күшті болуын төмендегі мысал да дәлелдей түседі. Мысалы: *Тәкежан, Майбасар, Ысқақтармен* ақылдасып, Шұбар жаңа сайлау алдында ел аңғарын түймек болған (М. Әуезов). Осы сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің бәрінің жекеше мәні түсінікті, бірақ соңғы бірыңғай мүшеде көптік жалғауы бар, оның қолданылуы да осы адамдардың рухани жақындығына, тұтастығына, бірлігіне негізделіп, соны аңғартудың бір тәсілі ретінде алынып, септік жалғауы да осы тұтастықтың жалпы тұлғасы ретінде соңғысына жалғанған. Керісінше, әр ойды даралап, нықтап, әрқайсысына мән берілсе, септік жалғаулары түспей, сөйлемде септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Мысалы: *Балаға да, малшы-жалшыға да* құрық бар (М. Әуезов). «Да» шылауы «мен» шылауына қарама-қарсы, мұның бөлу, даралау мәні күшті, міне, сондықтан ол қолданылған жерде, септік жалғауы түспейді, өйткені онда әр сөздің мәнін нығарлау күшті, әрқайсысына көңіл бөлінеді.

Бірыңғай мүшелердің сөйлемде бір-бірінен арасына сөз түсу арқылы алшақтауы да, олардың даралануын күшейтеді, соған орай олар үнемі қосымшалы формада тұрады. Мысалы: *Менің тілеулестігімді, бауырлық қуанышымды* алдынан ала барындар (М. Әуезов).

Бірыңғай мүшелердің әр сөзіне көңіл бөлу, оларды даралап, оның әрқайсысының мағынасына назар аудару әр мүшенің тек қана септіктің қосымшалы формасында берілуі арқылы көрінеді. Мысалы; *Парашылды, зорлықшылды, қиянатшылды* таңбала, — деді (М. Әуезов).

2. Қойындаршы енді, — деп келте мұрын келіншек отырғандардың кеудесіне соқтыра серпіп, кең көк шұбар дастарханды жайып та жіберді (Ғ. Мүсірепов). Бұл мысалда табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылған. Оның қосымшалы формада тұруына не себеп барын байқау үшін, сөйлемді түрлендіріп қарайық: «Кең көк шұбар дастархан жайып та жіберді» деп өзгертуге келмейді, ал «кең көк шұбар дастархан жайды» деуге әбден болады. Бұған қарағанда, септіктің қосымшалы формасын аналитикалық формалы етістік керек етіп тұрғаны байқалады және оның құрамындағы шылаудың да әсері бар. Ол етістіктің екпінін күшейтіп, оны объекті сөзден бөліңкіреп тұр. Ал объекті сөз дара етістікпен тіркескенде, олардың арасында жақындық күшейеді, рас, дара етістік өзімен қосымшалы, қосымшасыз формалы сөздердің тіркесіне немқұрайды қарайды. Бірақ күрделі етістік, аналитикалық формалы етістік туралы бұны айта алмаймыз. Өйткені олар көбіне табыстың қосымшалы формасын қалайды. Дара етістіктердің объекті сөзбен жақындауға, жымдасуға бейімділігі тіліміздегі құранды етістіктердің қалыптасуына әсер еткен, өйткені құранды, күрделі етістіктер сөйлемдегі еркін сөз тіркесінен қалыптасқанын ескерсек, онда құранды етістіктердің құрамында тек қана дара етістіктердің болуы жоғарыдағы пікірді растайды.

3. Қалада бұл кезде күзем жүні мен киіз, тері-терсегімен базаршылай келген ел жолаушысы көп болатын (М. Әуезов). Тілде «мен» шылауы арқылы байланысқан екі бірыңғай мүшенің соңғысы үнемі қосымшалы формада тұрады. Бұл сөйлемде ондай сөз (*киіз*) нольдік формада қолданылған. Бұл стильдік қажеттен болған, өйткені жазушы мұнда екі жайды ескергені байқалады: 1) Егер сөйлемдегі нольдік формадағы сөз (*киіз*) қосымшамен қолданылса, сөйлемде «мен» морфемасы қатарынан 3 рет қайталанары және олардың мағыналары бір емес, біреуі — шылау, екеуі — көмектес септіктің жалғауы. Ол стильді ауырлатар еді.



2) Бұл сөз осы сөйлемде қосымшалы формада қолданылса, «мен» шылауының мәні көмескіленіп, оны көмектес септігінен ажырату қиындайды. Мысалы: Қалада бұл кезде күзен жүні мен кигізімен, тері-терсегімен базаршылай келген ел жолаушысы көп... Көркем сөздің атасы Мұхтар Әуезов бұндай мағына түсініксіздігіне бармайтыны белгілі. Ол сөйлемдегі әр сөздің, әр морфеманың өз орнында және мағынасы анық болуын үнемі қадағалап отырады. Сондықтан бұл нольдік форманың қолданылуы стильмен байланысты деп санаймыз. Осы жағдай тілде септіктің нольдік формасының стильдік қажеттіктен қолданылуы барын дәлелдейді.

3) *Көрпе-жастық, асжаулық, тегене, тостаған, самауырлар* тасыған жас әйелдер, еркектер қарбаласады (М. Әуезов). Осы сөйлемдегі бес бірыңғай мүшенің бәрі де табыс септіктің нольдік формасында тұр. Бұларда нольдік форма ықшамдау (принцип экономии) мақсатымен қолданылған.

4) Базардан *ұн, шайын, бұл-бұйымдарын* және де асықпай алып жатқан кездері (М. Әуезов). Бұл сөйлемдегі *ұн* деген сөздің нольдік формада қолданылуы оның келесі қосымшалы формалы сөзбен тіркеліп соңындағы қос сөзбен үндесу, бір ырғаққа келтіру мақсатымен байланысты. Бұл жазушы арсеналындағы тіл көркемдігінің бір тәсілі ретінде көрінеді.

Бұл аталған жағдайларды қорытқанда, нольдік морфеманың қолданылуы екі мәселеге саяды: 1) стильдік мақсат, 2) тілдің ықшамдау (экономия) принципінің әсері. Осы екі себепке тілдегі көпшілік нольдік формалардың қолданылуы жатады. Мысалға жекешелік пен болымдылық мағыналардың нольдік морфема арқылы берілуін келтірейік. Бұл екі мағынаның тілдің грамматикалық құрылысында нольдік морфема арқылы берілуі қалыптасқан және ол кейіннен пайда болған құбылысқа жатпайды. Ол — дүние жүзіндегі тілдердің көбіне тән құбылыс. Жекешелік пен болымдылық мағынаның тілде қосымша арқылы емес нольдік морфема арқылы берілуі тілдің табиғатында ықшамдылық принциптің болғанын көрсетеді. Осы мағыналардың нольдік морфема арқылы берілуі тілдік белгілерді ықшамдаған.

Бірақ тілде нольдік морфеманың болуы аталған екі себеппен шектелмейді. Мәселен, ілік септіктің нольдік

формасының тілде қосымшалы формамен қатарласа қолданылуының себебін алайық. Көне жазба ескерткіштер тілінде тәуелділік мағына изафеттің бірінші түрімен берілуі бар. Ол ілік септіктің нольдік формасы тілде қосымшалы формадан бұрын шыққанын дәлелдейді. Ал көне жазба ескерткіштер тілінде ілік септіктің нольдік формасының қосымшалы формадан жиі кездесуі<sup>48</sup> осы пікірді дәлелдей түседі. Ол кезде ілік септіктің қосымшалы формасы пайда болғанымен, ол нольдік форманы әлі ығыстырып шығарып үлгермеген. Кейін ілік септіктің мағынасы кеңейгенде, ілік септіктің қосымшалы формасы тәуелді заттың иесін, нольдік формасы заттардың арасындағы қатысты білдіруге бейімделген, одан осы екі форманың мағынасы бөлінген. Міне, бұл ілік септіктің екі формасының да тілде сақталуына жол ашқан. Бұған стильдік мақсат қосылып, ілік септіктің нольдік формасын тілде әбден бекіткен.

Объекті мағынасы алғаш нольдік форма арқылы яғни объектінің сабақты етістіктің алдынан тікелей қосымшасыз тіркесуі арқылы берілген. Көне тілде әр объектінің белгілі ғана қимылы болған, сондықтан әр объекті өзіне қатысты қимылдың алдынан тұрып, сол қимылға түсетін объектіні білдірген. Қимылға түсетін объекті — негізінен жалпы есімге жататын заттар. Сондықтан күні бүгінге дейін табыс септіктің нольдік формасында алдымен жалпы есімдер қолданылады. Тілдің кейінгі дамуында аталған объектіден басқа сөздердің де объектілік қызметте қолданылуы шығады (үлкенді сыйла: онды екіге бөл, Асанды көрдім т. б.). Объекті мен сабақты етістіктің арасына сөз түсіп, олардың алшақ қолданылуы да тілде басталады. Мұндай жағдайда объектінің танылуы қиындайды, сондықтан олардың объекті екенін көрсету қажеттігі туады, ол табыс септіктің қосымшалы формасының шығуына әкеледі. Табыс септіктің қосымшалы формасының аталған және сол сияқты жағдайларда міндетті түрде қолданылуы осыған байланысты.

Табыс септіктің нольдік формасы қазір де өзінің алғашқы қолданылатын орнын, жүйесін сақтап қалған, ол:

---

<sup>48</sup> Мамедов Ю. К. Имя существительное в орхоно-енисейских памятниках (в сравнении с азербайджанским языком). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ташкент, 1973 19 с.

жалпы есім+сабақты етістік. Бұл жүйе тілде сақталмаған, бұзылған жерде табыс септіктің қосымшалы формасы қолданылады. Бұлардың қолданылуында стильдің ролі күшті. Табыс септігінде нольдік морфеманың қолданылу себебі жоғарыда аталғандардан гөрі басқаша.

Бұл жұмыста септіктің нольдік формаларының қолданылуының барлық себебі сөз болған жоқ, оның себебі өте көп, мұнда кейбірі ғана келтірілді. Бұдан басқа түркологияда айтылып жүргендері де бар. Осы жағдайдың өзі нольдік морфема, нольдік формалардың қосымшалы формамен жарыса қолданылуының түрлі себебі барын анық көрсете алады.

**Тәуелділіктің нольдік формасы.** Тілімізде өте ерте замандардан бері қарай қолданылып келе жатқан меншіктілікті білдіретін морфемалар барына қарамастан, осы мағынаның нольдік морфема арқылы берілуі де тілден орын алады. Мысалы: Ие, ол соңғы кезде оны-мұныны сылтауратып, *біздің үйге* келгіштеп жүруші еді, сөйтсем, текке жүрмеген екен (І. Есенберлин). Осы сөйлемдегі біздің үйге тіркесі, біздің үйімізге түрінде де қолданылады. Тілде бұл екі форманың екеуінің де орны бар. Мұнда әңгіме 1-жақ тәуелдіктің көпше түрінің формалары туралы болып тұр, оның тілде қосымшалы формасы мен нольдік формасы қатар қолданылатыны көрініп тұр. Енді мына мысалды қарайық: Еңбек те, жол да өзіндікі (М. Әуезов). Мұндағы өзіндікі — меншікті заттың иесін, еңбек, жол соған тәуелді заттарды білдіреді, бірақ бұл сөзде оның тәуелділігін көрсетіп тұрған нақтылы көрсеткіш жоқ, ал тәуелдік мағына бар. Ол мағына иелік мағыналы сөзбен синтагмалық қатынаста көрінеді. Олай болса, бұл сөздер нольдік морфема арқылы тәуелділік мағынаны беріп, тәуелдіктің нольдік формасында тұр. Бұл сөздердің синтагмалық қатысынсыз тәуелділік мағына көрінбейтініне сүйеніп, тәуелділіктің бұл түрін Н. К. Дмитриев (абстрактная принадлежность) дерексіз тәуелділік атаған<sup>49</sup>. Н. К. Дмитриевтің бұлай бағалауына тәуелділіктің нольдік морфема арқылы берілуі себеп болып тұр. Алғашқы мысал мен соңғы мысалдардағы тәуелдіктің нольдік формаларының басқа да айырмасы бар, алғашқы мысалда нольдік формамен қа-

<sup>49</sup> Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948, с. 55.

- тар оның қосымшалы формасы бары айтылды, соңғы мысалдағы нольдік форма туралы оны айта алмаймыз.

Сөйтіп, тәуелдіктің нольдік формасына оның жұрнақ арқылы берілуі жатады. Ол үнемі нольдік формада қолданылады, оның қосымшалы варианты жоқ. Бұл жүйе бойынша меншікті заттың иесін білдіретін сөзге -нікі, -дікі, -тікі жұрнағы жалғанады, меншікті, тәуелді заттың өзін білдіретін сөз оның алдынан нольдік формада тіркеседі: *кітап менікі, қалам сенікі* т. б. Тәуелдіктің нольдік формасындағы сөз меншікті, тәуелді затты білдіреді, бірақ синтагмасыз оны білдіре алмайды, ол -нікі жұрнағымен келген иелік мағынадағы сөзбен синтагмалық қатыста тұрып білдіреді. Нольдік формада иелік мағыналы сөздің алдына тіркесіп, меншікті затты білдіреді (*кітап Ø менікі*).

Тәуелдіктің нольдік формасы тәуелдік жалғау системасына да байланысты. Тәуелдік жалғауы үш жаққа қатысты, әр жақтың өзінше морфемасы бар. Солай бола тұра, бірінші жақтың көпше түрі мен 2-жақтың сыпайы түрінің қосымшалы формасымен қатар тілде оның нольдік формасы да барын жоғарыда айтқанбыз. Мысалы: *Біздің ауылдың балалары көрікті келеді* (І. Есенберлин). Мұндағы *біздің* деген сөзден меншікті заттың иесін түсінсек, *ауылдың* деген сөзден оның көпше 1-жаққа тәуелділігін түсінеміз, бірақ сол тәуелділікті білдіретін мұнда 1-жақ көпше түрдің -ымыз жалғауы жоқ, ол жалғау сөзде болмағанымен, оның мағынасы контексте берілген. Ол мағынаның нақтылы морфемасыз берілуін нольдік морфема арқылы берілуі деп, нольдік морфемамен келген сөзді тәуелдіктің 1-жақ көпше түрінің нольдік формасы деп танимыз. Бұл мағына тек 1-жақ көпше жіктеу есімдігінің ілік септіктегі формасымен тіркесте ғана беріледі, заттың қай жаққа, кімге тәуелді екені жіктеу есімдігінен көрінеді, сондықтан тәуелдіктің нольдік формасының мағынасы синтагмамен тікелей байланысты. Тәуелдіктің 1-жақ көпше түрінің әрі қосымшалы формасы, әрі нольдік формасы бар.

Тәуелдіктің нольдік формасының тілде пайда болуы мағынаға ешбір әсер етпейді деу қиын. Бұл формада категорияның негізгі мағынасы сақталуымен бірге, оның өзіндік мағыналық реңкі бары байқалады. Мысалы: — Қабеке, жұрттың бәрін өзіңізге теңемеңіз, — деді жігіт

те жақтырмай, — сіздің заманыңыз қой бағу болса, біздің заманымыз — мынандай темір атқа міну (І. Есенберлин). Мұнда заманның кімге қатыстылығына мән берілген, иелік, тәуелділік мағынаға мән берілу ол екеуінің де ашық, толық айтылуын керек етеді. Нольдік формада тәуелділік мағынаға ерекше мән беру байқалмайды, онда мағына тұтас синтагмаға қатысты көрінеді. *Біздің ауылмына жақта ғой*, — деді ол, қамшысының ұшымен күнгей жақты нұсқап (І. Есенберлин). Бұл екінші жақ сыпайы түрде де анық көрінеді. Осы сөйлемді — *Сіздің ауылмына жақта ғой*, — деді ол, қамшысының ұшымен күнгей жақты нұсқап, — деп, өзгертіп қарайық, мұнда жоғарыда айтылғаннан басқа екінші бір мағыналық реңк те бар, жекеше екінші жақ сыпайы түрдің нольдік формасында сыпайылық мағына сәл бәсеңдеу.

Тәуелдіктің нольдік формасы барлық жаққа байланысты емес. Ол негізінен аталған 2 жаққа байланысты, олар: 1-жақ көпше, 2-жақтың жекеше сыпайы түрі. Мұның біріншісі тілде жиі кездеседі, екіншісі сирек қолданылады. Ал өздік есімдігі тәуелдіктің үш жағында да нольдік формада қолданылады. Мысалы: Халқы бақытсыз болса, өз бақытын көрмейді. Өз елім Ақшатырдан алыс болған соң, Әкпарға еріп, жазғы демалыста соның аулына барғанмын. — Оқасы жоқ, біз өз адамдарыңызбыз ғой, — деді Хасен де, жылы шыраймен, — қуаныштарыңызға ортақпыз (І. Есенберлин). Өз елің, өз тілің болмаса, дарының сенің кімге керек... Сол дарынымызды бағалайтын, өркендететін өз еліміз, өз тіліміз болсын... (І. Есенберлин). Бұл мысалдардың бәрінде өздік есімдік нольдік формада тұр. Ол бірден әрі тәуелдіктің, әрі ілік септіктің нольдік формасында тұр, оның үстіне ол тәуелдіктің жекеше, көпше де әр жағының нольдік формасында тұр. Мұнда синтагманың екі мүшесінің екеуінде де тәуелдік жалғаудың қайталана қолданылуы оның алғашқысын нольдік формаға көшірген. Өздік есімдіктің мұндай тәуелдіктің түрлі нольдік формасында қолданылуы әбден қалыптасқан, тілде ол өте жиі кездеседі.

Өздік есімдігінің тәуелдіктің қосымшалы формасында қолданылуы да тілден орын алады, ол екі форма да тілде қатар өмір сүреді. Иелік мағынаға мән бере айтылғанда, оның қосымшалы формасы айтылады. Мысалы: — Өздерінің қолдарының бос болмағанын бір айып

көргендей болды (С. Мұқанов). Мұнда иелік мағынаға көңіл бөлініп айтылған, сондықтан ол қосымшалы формада қолданылған.

Тәуелдіктің бірыңғай мүшелерде қолданылуына байланысты да нольдік формасы бар. Мысалы: Әлде, менің қатігез әкем мен ағамнан қорқасың ба? *Әке* мен *ағамнан* қорыққандықтан емес (І. Есенберлин). Бір бетте қолданылған осы екі сөйлемнің алдыңғысында әкем, ағам сөздері тәуелдіктің қосымшалы формасында тұр. Келесі сөйлемде оның біріншісі (*әке*) нольдік формада қолданылған, оның қай формада тұрғанын көршісі (*ағам*) көрсетеді.

**Сандылық категориясының нольдік формасы.** Сандылық — өте абстракты грамматикалық категория. Оның мағынасы мен заттың нақтылы сан мағынасы бір емес<sup>50</sup>. Бұл категория заттың сандық белгісі туралы жалпы ұғымға негізделген, оның ішкі мағыналық құрамына келсек, ол жекешелік және көптік мағыналардың қарама-қарсылығына құрылған. Флективті тілдерде бұл қағида даусыз қабылданып жүр. Категория ең кемі екі мағына мен оны көрсететін екі формадан тұратыны, бір мағына мен бір форма категория құра алмайтыны жоғарыда айтылған. Осы тұрғыдан келгенде, көптік мағына мен оның формасы өзінше категория бола алмайтыны түсінікті. Соған қарамастан, соңғы кезге дейін кейбір түркі тілдерінде көптік жеке категория ретінде танылып келгені белгілі. Бұл жағдай категория теориясының тиянақты болмауының, форманы асыра бағалаудың нәтижесі деп түсіну керек. Түркі тілдерінде сандылық категориясы даулы мәселе дәрежесінде қаралып жүргені туралы бұрынырақ айтқанбыз. Бұл пікір таласының тууына жекешелік формалардағы есім сөздің контекске қарай кейде жеке мағына беруімен бірге, жалпылық, жинақтық мағынаға қатысы бары себеп болып жүр. Мысалы, *ол қой бағады, мал қайырады, ағаш тасиды*. Мұндай қолданылу флективті тілдерде де кездеседі. Мысалы, *книга — источник знаний*, мұнда бір кітап туралы айтылып тұрған жоқ, жалпы кітап туралы айтылған, бірақ ол — жекеше формада. Немесе, *собака — друг человека, к хвойным относятся сосна, ель, кедр, лиственница* т. б.

---

<sup>50</sup> *Кумахов М. А.* Число и грамматика. — Вопросы языкознания, 1976, № 4, с. 65.

Бұл да сондай. Бірақ орыс тілінде сандылық жекеше, көпше түрде танылады.

Қ. М. Любимов түркі тілдеріндегі зат есімнің нольдік формасы жекешеліктің формасы емес, өйткені ол үнемі контекст, ситуация арқылы анықталады деп, ол түркі тілдерінің аудармалы сөздігінде зат есімді жекеше түрде беру дұрыс емес деп, оны әрі жекеше, әрі көпше түрде (кітап — книга, книги) беруді ұсынады<sup>51</sup>. Түркі тілдерінің уәкілдері есім сөздің нольдік формадағы контекссіз, синтагмасыз жеке тұрғандағы қалпын еш уақытта көптік мағынада түсінбейді. Контексте жекеше формада тұрған есім сөздің объективті өмірдегі затымен салыстырудың бәрі оның сырын аша бермейді. Мысалға жоғарыда келтірілген қой бағады сияқты тіркестің бір қой бақса да, көп қойды бақса да, айтылатыны рас, ол тіпті көбіне көп қоймен байланысты қолданылады. Ол орыс тілінде де солай: *пастух пасет овец*. Мұның себебі ол тілде де тұтастықта, бірлікте алынады, жекеше түсініледі<sup>52</sup>. Бұдан грамматикалық жекешелік ұғым бір санына жақын болғанымен, онымен дәл келуі міндетті емес деген қорытынды шығады. Оны мынадан көруге болады, мысалға, кітапты бер деген мен бір кітап бер деген бір емес. Бірінші мысалда ол жекеше түрде айтылған, сандылық категориясының жекеше түрінің нольдік формасында тұр, екінші мысалда оның нақтылы саны көрсетілген, ол сан есім мен зат есім тіркесіне жатады, грамматикалық формаға тіркестің сыңары жатады. Ол (бір) В. Г. Гусев пен Д. М. Насилов ұсынғандай<sup>53</sup> жекешеліктің көрсеткіші емес.

Сандылық категорияның осы ішкі екі мағынасының бірі арнайы морфема арқылы беріледі, ол—көптік мағына, екіншісі — нольдік морфема арқылы беріледі, ол—жекешелік.

Сандылық категориясының жекешелік мағынасы — абстракцияланған, грамматикаланған жалпы ұғым, сондықтан ол жеке затты да, жеке зат ретінде түсінілетін академик А. Н. Кононов көрсеткен жалпы ұғымды да

---

<sup>51</sup> Любимов К. М. О числовом значении нулевой формы тюркских существительных. — ВЯ, 1972, № 5, с. 80—83.

<sup>52</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956, с. 67.

<sup>53</sup> Гусев В. Г., Насилов Д. М. К категории числа имен существительных в тюркских языках. — ВЯ, 1975, № 3, с. 106.

камтуы мүмкін, бірақ текстегі оның негізгі мағынасы, көп қолданылатын мағынасы жеке затқа байланысты және оны -лар қосымшасынсыз қолданылған түбір сөз білдіреді, анығырақ айтқанда, нольдік формадағы сөз білдіреді. Оны мына қысқа үзіндіден көруге болады. Біз екінші қабаттағы үйге кірдік. Әдемі бір бөлмелі үй екен. Асханасы, ваннасы бөлек. Бөлмесін жаңа үлгімен жайната жинап қойыпты. Қыз қолымен безендірілген үйдің жайы белгілі ғой, қағылған суреттерге де, стол үстіне қойылған гүлге де мін таға алмайсың. Чехословакияда жасалған бір әдемі мебель электр сәулесі түсіп, жалт-жұлт етеді. Қыздың өзі жататын тақтасына таяу, терезе алдында диван-кровать қойылған (І. Есенберлин).

Бұл келтірілген қысқа үзіндіде 21 рет зат есім (қайталанғанымен есептегенде) қолданылған. Соның біреуі ғана көптік мағынада, көптік формада айтылған. Қалғандары жекешелік нольдік формада тұр, солардың екеуінің ғана ішкі мазмұнында көптік мағына бар деуге болады, олар: қол, гүл. Әдетте олар зерттеулерде көптік мағыналы зат есім деп те танылады. Қалған жекешеліктің нольдік формасындағы зат есімдердің алдында ешқандай анықтағыштар (актуализаторлар) жоқ, бірақ олардың контексте жекеше мағынада қолданылғанына ешбір күмән жоқ. Осындай жағдайда жекешелік мағынаны танымауға болмайды, жекешелік мағынаның танылуы оның нольдік морфемасын, нольдік формасын тануды мойындатады.

Сандылық категорияның мағыналық структурасының бір мүшесі — көптік мағына, оның көрсеткіші бары айтылды. Алайда осы көптік мағынаның да нольдік формасы барын ескермеуге болмайды. Ол екі жағдайда кездеседі.

1. Тіл білімінде *шаш, мұрт, сақал, құм, шөп, қамыс, бидай, тары* т. б. осы сияқты санауға келмейтін заттардың аты көптік мағыналы зат есімдер деп танылады, олар көптік жалғауды қабылдамайды, қабылдаса, ол басқа мағыналық ренк береді. Бұларда көптік мағына танылса, онда оның берілу жолы, формасы да танылу керек, қандай мағына болмасын белгілі тәсіл арқылы беріледі. Міне, бұл сөздерде ол мағынаның нақтылы қосымшасыз берілуі теория бойынша нольдік морфемаға жатады.



Сонымен бірге көптік мағынаның көршілес нольдік форма арқылы берілуі де бар. Бұл қатар қолданылған бірыңғай мүшелердің алғашқыларындағы нольдік форма, олардың қосымшалы формасы мен қашан да қатар, көрші қолданылады. Мысалы: *Ойпат, ылдилар* шетіне көз жетпес *дария*, көлдерге айналды. Ақ сәлделі, қолына тәспі ұстаған қожа, молдалар (І. Есенберлин). Осындағы *ойпат, дария, қожа* көптік мағынада қолданылған, бірақ көптіктің қосымшасы сөзге жалғанбаған, қысқарған яғни бұлар нольдік формада тұр. Олардың көрші бірыңғай мүшелері көптіктің қосымшалы формасында айтылған. Көптіктің нольдік формасы тек контекске, бірыңғай мүшеге ғана байланысты қолданылады.

Сандылық категориясы да қарама-қарсылықтағы екі мағынадан құралғанымен, оның әрқайсысының да нольдік формасы бары анықталды, тек көптік мағынаның нольдік формамен берілуі өте сирек және ол көбіне стильмен байланысты.

**Жіктеу жүйесіндегі нольдік форма.** Жіктеу жүйесіндегі нольдік форма көбіне 3-жаққа, бұйрық райда 2-жақ жекеше түрге қатысты.

3-жақтың қосымшалы формасы тек ашық райдың ауыспалы осы шағы мен келер шағына (*барады*), бұрынғы өткен шағына (*келіпті*), бұйрық райдың 3-жағына (*келсін*) ғана қатысты. Бірақ қалған райлардың түрлерінде, қалған шақтарда, есім сөзде 3-жақта тек қана нольдік форма қолданылады, соның бірін талдайық.

Шартты райды алайық, грамматикада оның 1—2-жағының қосымшалары көрсетіліп, ал 3-жағы туралы: «Үшінші жақтың көрсеткіштері болмайды», — делінген<sup>54</sup>. Шартты райдың үш жақтан тұратын жіктеу парадигмасы бойынша әр жақтың өзінше формасы болатыны сөзсіз. Бірақ оның 1—2-жағының формалары қалай жасалатыны көрсетіледі де, үшінші жақта тек көрсеткіші жоғы ғана айтылады. Шындығында, оның 3-жағының жақтық көрсеткіші болмауы 3-жақтық мағынаның берілмеуін емес, шартты райдың жұрнағынан кейін жіктік жалғауының жалғанбауы етістіктің 3-жақта тұрғанын білдіреді. Басқаша айтқанда, шартты райда түрленген етістіктерге жіктік жалғауының жалғанбауы оның 3-жа-

---

<sup>54</sup> Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1-т., 1967, 196-б.

ғының нольдік формасы болып, ол осы парадигмадағы сөз формаларының біріне саналады.

Шартты райдың 1—2-жақтары парадигманың қосымшалы сөз формаларына жатады да, 3-жағы нольдік морфема арқылы жасалған нольдік формаға жатады. Мысалы: Ал халқың болмаса, оның тілі, ән-күйі әдемі дәстүрі болмаса, онда адам болып өмір сүрудің не қажеті бар. Халқы бақытсыз болса, өз бақытын көрмейді. Халқы бақытты болса, өзінің бақытсыздығын елемейді (І. Есенберлин). Бұл сөйлемдерде 4 жерде шартты райдың 3-жағының нольдік формасындағы етістік қолданылған. Олардың нольдік формада тұрғанын шартты райдың жұрнағынан кейін жіктік жалғауының жалғанбағанына қарап ажыратамыз. Рай формасындағы етістік 3-жақтың бірінде тұруы — шарт. Жоғарыдағы етістіктер шартты райда тұр, бірақ оларда көзге көрінетін жақтық көрсеткіш жоқ. Сөз құрамында жіктік жалғаудың жоқтығы, оның 3-жақтың нольдік формасы екенін көрсетеді дегенбіз. Егер олар 1—2-жақтың формасында тұрған болса, онда сол жақтардың қосымшалы формалары қолданылған болар еді. Парадигмада нольдік форма тек 3-жаққа ғана қатысты, сонымен бірге олар 3-жақтағы бастауышпен қиысып, 3-жақтың мағынасын білдіріп тұр. 1—2-жақтардың қосымшалы формаларымен салыстыру арқылы оған қарама-қарсы шартты райда жіктік жалғаусыз қолданылған парадигмалық қатардағы форманың бір түріне жататын ол жіктеу жүйесінің нольдік формасы болады.

Тілімізде 3-жақтың қосымшалы формасының қолданылуынан гөрі, оның нольдік формасының қолданылуы көбірек орын алатынын жоғарыда айттық. Осыны аңғару үшін мына қысқа үзіндіні алайық: Ол *елегізи қалды*. Өйткені ақын ағаның аузына соңғы кезде өлім туралы сөз көбірек түсіп жүргенін *байқаған*. Бұл жолы да ұстазы сол *әдетіне салып тұр...* Тамағынан өтер емес... Бүркіт Ақан үшін әлі *күреспек*, қайтсе де, сонау қара қарғаны одан *қумақ, үркітпек...* Бұл — тарихтың ақиқат *жолы* (І. Есенберлин).

Бұл келтірілген мысалдарда 3-жақтың нольдік формасындағы сөздер мыналар: *елегізи қалды, байқаған, әдетіне салып тұр, өтер емес, күреспек, қумақ, үркітпек, жолы*. Олар жедел өткен шақтың, бұрынғы өткен шақ-

тың, нақ осы шақтың, болжалды келер шақтың, мақсатты келер шақтың және есім сөздің жіктелу жүйесінің 3-жағының нольдік формасында тұр.

— Сен неге тұрсың, бұл жерде, — деп дүрсе қоя берді, — сен емес пе ең менің Ақанмен жақындығымды, бойыма біткен ақындығымды көре алмайтын. Бақас көңлі жай тапқан шығар, қуан, күл. Көрдің ғой қандай бағам бар екенін. *Табала. Түкір бетіме. Сен де кет. Бар.* (І. Есенберлин). Бұл мысалдардағы *қуан, күл, табала, түкір, кет, бар* етістіктері бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрін білдіреді, бірақ олардың құрамында нақтылы жақтық қосымша жоқ. Бұйрық райдың 1—3-жақтарының жіктік жалғауы бар, оның 2-жақ жекеше түрінде ондай қосымша жоқ. 3-жақта қолданылатын, 3-жақтың мағынасын білдіретін осы парадигманың 2-жақ жекеше түрінің қосымшасының болмауы оны қалған қосымшалы жақтарға қарама-қарсы қойып, оның басқалардай емес, нольдік морфема арқылы 2-жақтық мағынаны білдіретінін көрсетеді.

Қазақ тілінде жіктелу жекеше, көпшелікке де қатысты яғни әр жақтың жекеше және көпше формалары бар. Бұл жүйедегі үшінші жақтың көпше түріне тоқталайық. 1—2-жақтардың көпше түрінің арнайы морфемалары (-айық, -йық, -ындар, -ыңыздар) бар, олар жекеше түрден басқаша, бірақ 3-жақтың көпше түрінің көрсеткішінде ондай айырма жоқ, жекеше 3-жақтық жалғау көпше 3-жақта да (*ол барсын, олар барсын*) қолданылады. Мұнда көптік мағынаның көрсеткіші жоқ, 3-жақтың көптік мағынасының болып, бірақ көрсеткішінің жоқтығы оны нольдік морфема арқылы белгілеуді керек етеді. Ол нольдік морфеманы 1—2-жақтардың көпше түрінің арнайы көрсеткіштері дәлелдейді, өйткені мұндай айрықша көрсеткіш 3-жақтың көпше түрінде де болуы керек еді, іс жүзінде ол жоқ. Жіктелу жүйесіндегі бұл нольдік формалардың қалыптасу жайына келсек, онда төмендегі жағдай байқалады.

Жіктеу жүйесінің үшінші жағының қосымшасы бар, бірақ ол қосымша белгілі шақтарда және бұйрық райда ғана қолданылады, қалған райлар мен шақтарда ол қолданылмайды. Біз алғаш 3-жақтың бәрінде де қосымша қолданылып, нольдік формаға кейін көшкен деп санаймыз. Мұнда алдымен оның үш жағының да қосымша-

сының болуы, тіпті осы 3 жақтық жүйенің өзі оның әуелде толық 3 жақта да қолданылғанын көрсетеді. Қазақ тілінде 3-жақта нольдік формада қолданылатын райдың басқа түркі тілдерінде қосымшалы формада айтылуы да оған дәлел болады.

Қарачай — балқар тілінде -ған, -ген формасындағы өткен шақтың 3-жақ жекеше түріне -ды, -ді жіктік жалғауы жалғанады. Қарайым тілінде келер шақтың болымсыз түріне 3-жақта жіктік жалғауы -тыр түрінде жалғанады: *айт-мас-тыр*. Керісінше қазақ тіліндегі 3-жақтық қосымшалы формасы көптеген тілдерде нольдік формада қолданылады, олардан азербайжан, татар, құмық, қырым татарының тілдерін атауға болады, оларда көсемшенің -а, -е жұрнағы арқылы жасалған шақтың 3-жағына жіктік жалғауы жалғанбайды, ол 3-жақта нольдік формада қолданылады. Мысалы: *ол бара, айта, қала* т. б. Бұл келтірілген фактілер 3-жақтық нольдік форма кейін қалыптасқан деген пікірімізді толық дәлелдей алады.

2-жақ бұйрық райдың нольдік формасы туралы да осы пікірді ұсынамыз, ол нольдік форма да тіл дамуының кейінгі жемісіне жатады. Оған мынадай дәлелдер келтіреміз. Көне түрік тілінде 2-жақ бұйрық райдың жіктік жалғауы болғаны белгілі, ол жалғау нольдік форманың кейіннен пайда болғанын көрсетеді, мұнда да оның тілдің ықшамдау заңдылығының әсерінен қалыптасқаны сөзсіз. Бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінің жалғауы қазір де бірсыпыра тілдерде сақталған, мысалы: түркмен, барабин татары, қарайым, ұйғыр, қырғыз, алтай тілдері. Ол қазақ тілінің кейбір диалектісінде де (*барғын*) сақталған. Келтірілген дәлелдердің бәрі 2-жақ бұйрық райдың бұрын жақтық көрсеткіші болып, оның қазақ тілінде кейіннен нольдік формаға көшкенін дәлелдейді.

Біз жоғарыда 3-жақтық көпше түрінің нольдік морфема (*олар келсін, олар келген, олар келді*) арқылы жасалатынын келтірдік, міне, бұл нольдік форма да кейіннен қалыптасқан. Түркі тілдерінің жіктелу жүйесінің 3-жағының көпше түріне арнайы көптік морфеманың жалғануы яғни оның қосымшалы формасы түркі тілдерінің көбіне қатысты. Көпшілік түркі тілдерінде 3-жақтық жекеше қосымшалы формасы мен көпше қосымшалы формасы басқа-басқа, олардан мына тілдерді атауға болады: чуваш, азербайжан, түрікмен, гагауз, татар,

барабин татары, башқұрт, құмық, қарачай-балқар, қырым татары, қарайым, ноғай, өзбек, тува, якут, хакас, чулым-түрік, шор, қырғыз, алтай. Үшінші жақтың көпше түрінің нольдік формасы қазақ, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне ғана қатысты. Осы жағдайдың өзі оның алғаш қосымшалы формасы болып, нольдік формаға олардың кейін тілдің ықшамдау принципін нәтижесінде көшкенін көрсетеді.

**Бұйрық райдың нольдік морфемасы.** Қазақ тілінде, басқа түркі тілдерінде рай белгілі морфемалар арқылы жасалады, сондықтан райда айтылған етістіктің құрамы үш түрлі мақсаттағы морфемадан тұрады, олар: 1) түбір морфема, 2) рай жасаушы морфема, 3) жақтық морфема. Мысалы: Сонда өз аулыңа бармақсың ба? Өзің араша түсесің ғой, ә. — Айналайын, құлыным, бірінші рет алған бағанмен құттықтаймын, — деді. Дер кезінде бұрылдым (І. Есенберлин). Осы мысалдардағы ашық райдағы етістіктердің құрамын қарайық. Олар: *бар-мақсың, түс-е-сің, құттықта-й-мын, бұрыл-ды-м*. Бұл етістіктер мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақта қолданылған, сондықтан лексикалық мағынаны білдіретін түбір етістіктен соң аталған шақтардың қосымшалары жалғанған, олардан кейін жіктік жалғаулары тұр.

Райдың құрылысындағы бұл үштік жүйеге бұйрық рай қайшы болып көрінеді. Оның құрамында нақтылы көзге көрінетін түбір морфема мен жіктік жалғау ғана бар. Мұнда рай жасаушы морфема жоқ, бірақ бұйрық мағына бар, мағына бар жерде ол мағынаны білдіруші форма да бар дегенбіз. Бұл — жалпы заңдылық. Олай болса, бұйрық рай нольдік морфема арқылы жасалады. Мысалы: — Құс жеткен жеріне қонады. Менің де жерім осы болған шығар, *кешіріңдер*, — Ақан кенет Бүркітті бауырына қысты, — ал қош *бол*. Жалғыз тілегім халқыңды *сүй*... Бірақ менше емес, өз жолыңды тауып *сүй*... — Айтқаныңыз *келсін*, құрбым, — деді Бүркіт те аға жолымен жастарды құрметтей. — Ағатай, құтқара *көріңіз*, — деді де, әрмен қарай сөйлей алмай, солқылдап жылап жіберді (І. Есенберлин).

Бұл бұйрық райдағы мысалдардың құрамы төмендегіше болып шығады: *кешір—∅—індер*, *қош бол—∅—/∅*, *сүй—∅—∅*, *кел—∅—іңіз*. Міне, сырттай бұйрық

рай райдың үштік жүйесіне қайшы келетін сияқты болып көрінгенімен, олай емес екен, ол да райдың үштік жүйесіне сай келетінін көреміз. Бұйрық райдың қалайша нольдік морфемаға көшкенін айту қиын. Дегенмен біз жалпы нольдік морфемалардың қалыптасу жолынан бұл да алыс емес деген ойға келдік. Атап айтқанда, бұйрық рай да басқа райлар сияқты алғаш белгілі морфемалар арқылы жасалған болу керек. Оған төмендегі дәлелдерді келтіреміз.

1. А. Зайончковский түркі тілдеріндегі негізгі түбірдің алғашқы типі дауыссыз-дауысты (с—г) дыбыстан құралған ашық буынды сөздер болған деген пікір ұсынған болатын. Егер осы пікірге сүйенсек, мынадай жағдай анықталады. Айталық, *той, тол, кел, қал, қаш, қой, қон* түбірлес сөздер десек, мұнда негізгі түбірлер *то, ке, қа, қо* болар еді. Бұйрық мағына оған қосылған қосымшалармен байланысты болып, олардың кейіннен түбірге кірігуінің нәтижесінде түбір бұйрық мағына беретін болған, бұйрық мағыналы көрсеткішке айналған деген жорамал жасауға болатын сияқты.

2. А. Қ. Хасенова *оян, оят, жұбан, жұбат* етістіктерін көнеру, қосымшаның түбірге кірігуінен қалыптасқан туынды түбірлер деп табады, олар *оя, жұба* етістіктерінен жасалған, теория бойынша бұлардың өзі де алғашқы негізгі түбірлер емес. Дегенмен, осы түбірлерден бұйрық мағына байқалмайды. Мұнда да бұйрық мағынаның жасалуы туынды түбір жасаушы жұрнаққа байланысты сияқты.

3. Есім сөздерден етістік тудырушы жұрнақтар да етістік жасаумен бірге бұйрық мағына да қосады. Бұл да әуелден бастап, тілде бұйрық мағына сөз жасаушы жұрнақтармен байланысты болған ба деген ойға әкеледі. Мұның бәрі өте көне түркі тіліндегі алғашқы түбір етістікте бұйрық мағына болмай, бұйрық мағына морфемалардың түбірге кірігіп, қазір ажырамайтын тұтас бір морфемаға жетуі бұйрық райдың нольдік морфемасын туғызуы мүмкін деген жорамалға әкеледі.

Нақ осы шақтың нольдік морфемасы. Шақ мағынасы түбір етістікте берілмеген. Қазақ тіліндегі шақ атаулының бәрі белгілі морфемалар арқылы жасалады. Осы заңдылыққа бағынбайтын қазақ тілінде 3 етістік бар. Олар: *отыр, тұр, жүр*. Атап айтқанда, бұл 3 етістіктен

нақ осы шақ нольдік морфема арқылы жасалады. Мысалы: мен *отырмын*, сен *жүрсің*, сіз *тұрсыз* т. б.

Бұл үш етістіктен нақ осы шақтың нольдік морфема арқылы жасалуы кейіннен фонетикалық процестің нәтижесінде қалыптасқан. Ертедегі түрік тілінде олар: олурур, журур, турур түрінде қолданылған. Гаплогогия процесі бойынша мұндағы бір — ур морфемасы қысқарған, бірақ грамматикалық мағына (шақ мағынасы) сақталған, мұндай қысқаруда мағына өзгермейді. Бұл сөздерде болған фонетикалық процесс түбір мен оның нақ осы шақ формасының омонимдігін туғызған, сондықтан қазіргі тілде *отыр*, *тұр*, *жүр* етістіктерінен нақ осы шақтың нольдік морфема арқылы жасалуы танылады, тарихи тұрғыдан алғанда, бұл етістіктерде осы шақтың қосымшасы болғандықтан, олар осы шақ мағынасын береді. Ал осы шақтағы жатыр етістігінде қосымшаның қысқаруына ондай фонетикалық жағдай болмағандықтан, ол қосымша сақталған.

Дербес мағыналы жат етістігінен қазір де нақ осы шақ -ыр жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: мен *жатырмын*, сен *жатырсың*, сіз *жатырсыз* т. б. Бұл жұрнақ жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай көне түркі тілінде осы шақ жасаған, ол басқа түркі тілдерінде қазір де қолданылады. Біздің тілімізде ол тек осы жалғыз етістікте ғана сақталған. Ал жоғарыда аталған үш етістікте фонетикалық процестің нәтижесінде оның қысқаруы оларда нақ осы шақтың нольдік формасын қалыптастырған.

Басқа етістіктерден нақ осы шақ аталған 4 етістіктің бірінің тіркесуі арқылы жасалатын болғандықтан, оның аналитикалық форманттары қалыптасқан.

**Етістіктің болымды-болымсыздық категориясының нольдік формасы.** Болымдылық пен болымсыздық — тілде кең қолданылатын өте жалпы мағына. Ол сөз таптарының көбіне қатысты. Бірақ барлық сөз табында грамматикалық категория бар деп айта алмаймыз, өйткені ол көбіне грамматикалық категория дәрежесінде абстракцияланбаған, сөздің лексикалық мағынасы ретінде көрінеді.

Етістікте бұл мағынаның көрінуі мүлдем басқаша. Етістікте бұл қарама-қарсы екі мағына бүкіл етістік атаулыға қатысты. Осы ерекшелігіне байланысты түрко-

логтар оны етістіктің болымды, болымсыз аспекті (положительный, отрицательный аспект) деп атайды<sup>55</sup>. Бұл — өз алдына қарама-қарсы мағыналық құрамнан тұратын жалпы абстракты мағынасы бар, олардың берілу жолы бар, формасы бар етістіктің үлкен категориясы.

Бұл категорияның мағыналық тармақтарының әрқайсысының өз формасы бар делінді, оның бірі -ма, -ме және аналитикалық форманттар арқылы жасалады, екіншісі нольдік морфема арқылы жасалады, нольдік формада тұрады. Ол нольдік морфема тілде түбір етістік арқылы беріледі. Әр түбір етістік лексикалық мағынаны берумен бірге болымдылық мағынаны да білдіреді: *кел, бар, айт, көзде, ақта, көгер, алып кел т. б.* Есім сөзде түбір лексикалық мағынамен бірге жекешелік мағынаны білдірсе, түбір етістік болымдылық мағына беретінін көреміз. Тілде болымдылық мағынаның ешбір нақтылы көрсеткішсіз яғни нольдік морфема арқылы берілуі қалыптасқан, оның қарама-қарсы болымсыз мағынасы үшін тілде арнаулы морфемалар қалыптасқан. Тілде артық еш нәрсенің болуы мүмкін емес, тіл — соншалықты ұқыпты, үнемді жүйелі құбылыс. Осы үнемділіктің бір көрінісіне түбір сөздің тек лексикалық мағына ғана білдіріп қоймай, кейде оның бірнеше грамматикалық категориялардың формасы қызметін атқаруы жатады. Оған мысал ретінде түбір етістіктің түбір қалпында әрі болымдылық, әрі бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінің қызметін атқаруын келтіруге болады. Бұл қызметтерді етістік барлық уақытта атқармайды, осы қызметтерді бірден атқаруы бұйрық райға байланысты. Бұйрық райдың 1—3-жақтарында, 2-жақ көпше түрінде етістік нольдік морфемалар арқылы әрі бұйрық, әрі болымдылық мағыналарды білдіреді. Мысалы: *келсін, келіндер* дегенде 3-жақтың, 2-жақтың көпше түрінің мағынасын -сін, ін, -дер морфемалары береді. Ал ондағы бұйрық, болымдылық мағыналары түбір арқылы яғни нольдік морфемалар арқылы берілген.

Бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінде түбірдің атқаратын қызметі одан да көбірек, онда 3 нольдік морфеманың қызметі қоса атқарылады, мысалы: *сен кел,*

---

<sup>55</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 200—201.



сен ал, сен бар, сен оқы, сен тыңда дегендерде әрі болымдылық, әрі бұйрық, әрі бұйрықтың 2-жақ жекеше субъектіге бағытталуы беріледі. Етістіктің бұл нольдік формасының қалыптасуы туралы нақтылы пікір айту қиын. Ш. Баллидің барлық нольдік формалар кейіннен қалыптасқан, морфеманың қысқаруынан сөз нольдік формаға көшкен деген пікірімен негізінен келісеміз. Оны қазақ тіліндегі бірсыпыра нольдік формалардың қалыптасуы растайтыны жоғарыда айтылған. Бірақ ол нольдік форманың қалыптасуының бірден-бір жолы деуге болмайды. Оған жекешеліктің, болымдылықтың нольдік морфемалар арқылы жасалуы дәлел болады. Бұл мағыналардың нольдік морфема арқылы жасалуын кейінгі құбылысқа жатқызуға ешбір дерек жоқ, сондықтан ол тілде тарихи берілген деп танымыз. Бұдан шығатын қорытынды тілде нольдік форма екі түрлі жолмен қалыптасқан: 1) нольдік форма тілде тарихи берілген, 2) нольдік форма нақтылы морфеманың қысқаруы, кірігуі арқылы қалыптасқан. Сөйтіп, етістіктің болымдылық мағынасының нольдік формасы тілде тарихи берілген нольдік формаға жатады.

## КАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІЛЕР

Қазақ тілінде көмекші морфемаларға жататын қосымшалардан басқа тағы бір топ морфемалар бар. Олар — көмекші сөздер, яғни көмекшілер. Көмекші сөздер түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан көлемді орын алады. Тілімізде көмекші сөз қолданылмаған сөйлемдер өте сирек кездеседі, керісінше бір сөйлемде бірнеше түрлі көмекшілер топтана қолданылуы өте жиі кездесетін заңды құбылысқа жатады. Мысалы: Бора ш әрең ғана езу тартқандай болып еді, көзінің түбінде қуаныш ұшқыны бір ғана жылт ете түскендей болды да, қайта сөнді (Ғ. Мүсірепов). Мына кітап өте жақсы... — деп, бір-екі кітапты ұстата беруі мүмкін (Ғ. Мүсірепов). Осы екі сөйлемде мынадай көмекшілер қолданылып тұр: *ғана, бол, еді, түбі, ет, түс, да, өте, де(п), бер, мүмкін*.

Бұл көмекшілердің бәрі сөйлемде дербес сөздерге тіркесіп, солармен бірге ғана сөйлемдегі бір ойдың берілуіне себін тигізіп, дербес сөздің құрамына енген. Олар тек дербес сөздің шылауында ғана тұр, өйткені бұлар дербес сөз дәрежесінен айрылған, грамматикалық қызметке көшкен. Жоғарыдағы мысалдардағы аталған көмекшілер төмендегі дербес сөздерге тіркескен 1) әрең + ғана, 2) езу тартқандай + болып + еді, 3) көзінің + түбінде, 4) бір + ғана, 5) жылт + ете + түскендей + болды + да, 6) өте + жақсы, 7) ұстата + беруі + мүмкін. Тек *де* көмекші етістігі ғана мұнда жеке сөзге тіркеспей, төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұр.

Мысалда келтірілген көмекшілер әр түрлі сөз табына тіркескен, олардың дербес мағыналы сөзбен тіркескен орнында да айырма бар, дыбыстық құрамы мен беріп тұрған мағыналары да алуан түрлі. Бұлай болатын себе-

бі — көмекшілердің тілімізде бірнеше түрі бар. Олар: көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер, күшейткіш көмекшілер. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке зерттелген, кейбіреулері белгілі категориялармен, проблемалармен байланысты зерттелген. Қазақ тіл білімінде осы мәселелерді зерттеуде көп еңбек сіңірген ғалымдардан Қ. Жұбанов, С. А. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, Ш. Сарыбаев, А. Ысқақов, Ғ. Ғ. Мұсабаев, В. А. Исенғалиева, Ы. Е. Маманов, И. Қ. Ұйықбаев, Ф. Кенжебекова, Р. Әміров т. б. атауға болады. Көмекші сөздердің жеке түрлерін зерттеген түркологтар да өте көп, оларды түгел атау мүмкін емес.

Алайда, көмекшілердің жеке түрлеріне арналған зерттеулерде олардың байланысы мен ортақ белгілері сияқты көмекшілердің басын қосатын ортақ қасиеттеріне көңіл бөлінбеген. Оқулықтарда тілдегі сөз атаулыны дербес және көмекші сөздер деп екі үлкен топқа бөлу тәжірибесі бар. Бірақ қазақ тіл білімінде тілдегі сөздер осылай екі топқа бөлінгенімен, көмекші сөздер тобында тек көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар ғана аталып жүр<sup>1</sup>. Осыған қарағанда, грамматикалық қызметтегі модаль сөздер дербес сөздер қатарында қалған деп түсіну керек. Сол сияқты сын есімнің күшейткіш шырайын жасаушы көмекшілер: *өте, ең, аса, тіпті* үстеу сөздер қатарында жүр. Ал осы аталған шырайды жасаушы күшейткіш буындардың (қып-қызыл, жап-жасыл, үп-үлкен) қандай топқа жататыны, қандай морфема екені белгісіз. Көмекшілермен байланысты бұдан да басқа белгісіз жайлар, шешілмеген мәселелер әлі де жеткілікті. Олардың негізгілерін ғана атап шығуға болады.

1. Қазақ тіл білімінде грамматикалық қызметтегі көмекшілер толық анықталмаған.

2. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысындағы көмекшілердің ортақ белгілері, жалпы қасиеттері ашылмаған.

3. Көмекші сөздердің мағынасы жалпы тіл білімінде де, түркологияда да, оның ішінде қазақ тіл білімінде де даулы мәселелер қатарына жатады. Ғалымдардың біразы көмекші сөздердің лексикалық мағынасын, енді бір тобы олардың грамматикалық мағынасын таниды, кейбір

---

<sup>1</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 133-б.

ғалымдар көмекші сөздерді ешбір мағына бермейтін бос сөздер (пустые слова) деп санайды.

4. Көпшілік тілдерде толық мағыналы сөз бен көмекші сөздердің тіркесінің грамматикалық термині де жоқ.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды тілдегі көмекші сөздер тұтас бір зерттеудің объектісі болуы қажет, сонда ғана тілдегі көмекшілердің жалпы қасиеттері ашылмақ. Ал көмекші морфемалар тобына кіретін көмекші сөз атаулының қазіргі күнге дейін жеке зерттелмей келгені оның объектісінің көл-көсір молдығына байланысты. Ғылымда көмекші сөздердің әр түрінің өзі арнайы зерттеуге объекті бола алатыны дәлелденген, ондай еңбектер көп. Сондықтан осыншама аумақты, мол фактілерді бір зерттеуде қамту мүмкіндігінің аздығынан жалпы көмекші атаулыны қамтыған, оны объекті еткен зерттеу қазір бізде жоқ. Бірақ ондай зерттеудің қажет екені жоғарыда дәлелденді. Сондықтан қазақ тіліндегі көмекші сөздердің әр түрін тәптіштеп жатпай, олардың тек жалпы, ортақ белгілерін сөз ету бұл жұмыста мақсат етіп қойылды, өйткені көмекшілердің әр түрі кезінде ғылымда арнайы зерттелген.

Көмекшілердің тілдегі басқа грамматикалық көрсеткіштерден өзіндік ерекшеліктері бар. Көмекшілер сөйлемде дербес сөзге мағына қосу үшін қолданылады, бірақ оның дыбыстық құрамына енбей, тек онымен тіркесіп қана қолданылады. Бұл — тілдегі көмекшілердің бәріне қатысты ортақ белгі. Осы белгі — көмекшілердің қосымшадан негізгі айырмасының бірі. Көмекшілердің дербес сөзге тіркесуі сөздердің сөйлемде бір-біріне тіркесуіне ұқсайды. Дербес мағыналы сөздер сөйлемде бір-бірімен ара жігін, алшақтығын, бөлектігін қалай сақтаса, көмекшілер де сол сияқты өзі тіркескен дербес сөзбен ара жігін, бөлектігін сақтайды. Бірақ бұлардың сөйлемде біріне-бірінің тек тіркесте қолданылуы дербес сөздердің тіркесіне тек сырттай ұқсастық қана. Шын мәнінде, сөз тіркесіне дербес сөз бен көмекшілердің тіркесінің ара жігі бөлек тұруынан басқа ұқсастығы жоқ. Көмекшілер сөз тіркесінің жеке сыңары бола алмайды, олар дербес—сөздің құрамындағы қосымшалар сияқты ғана сөз тіркесінің құрамына кіреді. Дербес сөз бен көмекшінің тіркесі сөз тіркесінің бір сыңары ғана болады. Сөз тіркесінің бір сыңары болу үшін, сөздің лексикалық мағы-

насы болу керек, көмекшілерде лексикалық мағына жоқ, сондықтан олар сөз тіркесінің бір сыңары бола алмайды.

Көмекшілер дербес сөзден сырттай бөлек тұрғанмен, оның сөйлемде дербестігі жоқ. Ол өзі тіркескен сөз арқылы ғана сөйлем құраушы мүшенің құрамына енеді, өздігінен сөйлем құраушы элемент бола алмайды. Бұл арада көмекшілер сөз құрамындағы қосымшалардың қатарында сондай дәрежеде ғана дербес сөздің құрамындағы морфема ретінде, дербес сөзбен бірігіп қана сөйлемнің мағыналы бір бөлшегі болады.

Көмекшілердің дербес сөзден бөлек тұруы — онымен тіркесте қолданылуы — көмекшінің дербес сөз кезінен қалған қалдық құбылыс. Көмекші элементтердің сөзден бөлек тұруы олардың қазіргі даму сатысына, грамматикалану дәрежесіне сай емес, сондықтан ол көмекшілердің дербес сөз дәрежесіндегі дербестігіне дәлел бола алмайды.

Көмекшілерде лексикалық мағына жоқ, бұл олардың бәріне ортақ, бүкіл көмекші атаулының қайсысы болсын нақтылы лексикалық мағына бермейді. Аналитикалық элементтердің осы ерекшелігінің нәтижесінде олар сөз тіркесін жасай алмайтынын, сөйлем құрастырушы элемент бола алмайтынын жоғарыда айттық. Сөз тіркесін, сөйлемді құрастырушы негізгі элементтер тек қана лексикалық мағыналы дербес сөздерден болатыны белгілі. Көмекшілерде лексикалық мағына жоқ, сондықтан олар сөз тіркесін, сөйлем құраушы элементтерге жатпайды.

Көмекшілерде лексикалық мағына болмайтын себебі — олар грамматикалық дамудан өткен. Грамматикализациялану арқылы олар лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық көрсеткішке айналған. Н. К. Дмитриев дербес сөздерден грамматикалық дамуға түсу нәтижесінде көмекші сөздер (служебные слова), шылаулар, қосымшалар қалыптасқанын көрсеткен<sup>2</sup>. Ол тілдің ішкі даму заңдылығы бойынша көмекші элементтердің дербес лексикалық единицалар қатарынан бөлініп шыққанын дәлелдеген, көмекші элементтердің түрлерін олардың грамматикалық дамудың түрлі сатыда тұруына қарай анықтаған, олардың әрқайсысының өзіндік белгі-

---

<sup>2</sup> Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка, 1948, с. 66.

лерін көрсеткен. Сөйтіп, Н. К. Дмитриев көмекші элементтер дербес сөзден грамматикалық даму арқылы бөлініп шыққанын ғана дәлелдеп қоймай, олардың қазір тілдегі екі түрлі қызметін де анықтап берген. Дербес сөздің тілде лексикалық мағына беру үшін қолданылатынын, көмекші элементтердің оған түрлі мағына үстеу қызметін атқаратынын дәлелдеген. Бұл қызметті атқаруға олар дербес сөздің грамматикалық дамуға түсуінің нәтижесінде жеткенін көрсеткен.

Осы жағдай тілдегі көмекші элементтердің лексикалық мағынасы жоғын көрсетеді, өйткені олардың бәрі — грамматикалық дамудың нәтижесі, лексикалық единицалардан алыстағандар, грамматикалық қызметке көшкендер. Тек олардың даму дәрежесі әр түрлі олар абстракцияланудың әр түрлі сатысында, бірақ бәрі де грамматикалық дамуға түскен.

Көмекшілердің бәрінің де түпкі төркіні лексикалық мағыналы сөздер болғаны ғылымда әбден дәлелденген. Ғалымдар көптеген көмекші элементтердің этимологиясын ашып берген. Солардың кейбіріне мысал келтірейік. Ф. Г. Исхаков түркі тілдеріндегі көмекші есімдердің түп төркіні адам мүшесін білдіретін сөздер дейді: «Түркі тілдеріндегі абстракты мекен, мезгіл мағынасын беретін, тарихи тұрғыда үстеу мен көмекші есімдерге негіз болған сөздердің ішінде адам мүшелерінің аты немесе мекенге қатысты бір жақты білдіретін сөздер жиі кездеседі. Бұл есімдердің морфологиялық құрылысы жағынан да ортақ белгілері көп. Мысалға татар тіліндегі зат есім *баш(бас)* тек өз мағынасын ғана емес, басталу дегенді, ал үстеу *башта* істің уақиғаның басында дегенді білдіреді. Олар бірімен бірі омонимдес, шығу тегі жағынан *башта* деген жатыс септіктегі зат есіммен тікелей байланысты, — дейді<sup>3</sup>. Немесе С. С. Майзельдің пікірін алайық. «Түрік тілінде белгісіздік артиклінің қызметін атқаратын бір (бір санын білдіретін) сөзі орыс тіліне *один, какой-то, некий* деген сөздермен аударылады. Түріктің белгісіздік артиклі француз тілінің *un, une*, немістің *ein, eine*, ағылшынның *a, an*, итальянның *uno, una*, испан

---

<sup>3</sup> Исхаков Ф. Г. О происхождении конечных -т и -д в словах *аст, үст* и т. п. — В сб.: Академику Владимиру Александровичу Гордлевскому к его семидесятипятилетию. Изд. АН СССР. М., 1953, с. 127.

тілінің ип, ипа артикльдеріне сай келеді, оның бір сан есімнен шыққаны анық көрініп тұр», — дейді <sup>4</sup>.

Ал А. Ысқақов: «Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтардың табиғатына көз жіберсек, олардың жалпы даму жолы төмендегі бағытта болғанын бағдарлауға болады. Біріншіден, дербес мағыналы атаушы сөздер негізгі мағыналарынан айырылып, сөз бен сөзді, сөз тіркестерін немесе бірыңғай жай сөйлемдердің байланысу жолы мен ара қатынасын білдіретіндей болып десемантикаланады. Мұны аңғару үшін әрі жалғаулығын алайық. Бұл сөз қазіргі тілімізде үстеу сөз екеніне ешкім де шәк келтірмейді. Мысалы: Ақырған соң байғұстар әрі тұрды, Қалтасына қолын салып мойын бұрды (Абай). Бұл сөздің мекендік мағынасы тілдің қажетіне қарай, өзінің негізгі қызметінің үстіне қосымша қызмет жүктеп алып, тағы деген тәрізді мағыналық реңге көшкен де, үстеу сөз ретінде қолданыла берумен қатар, көмекші сөз — жалғаулықтар қатарына да ауысқан.

Екіншіден, кейбір жалғаулықтар белгілі бір түбір сөздерге қосылып қолданылатын әрқилы қосымшалармен үнемі жұмсала-жұмсала келіп, сол формаларда әбден тұрақталып, көнелену арқылы әрі тұлғасы өзгермейтіндей халге жетіп, әрі мағынасы солғындап делексикаланып, бірте-бірте жалғаулықтарға айналған. Мысалы, дегенмен (де-ген-мен), болмаса (бол-ма-са), немесе (не-ме-се), себебі (себеп-і), сондықтан (сон-дық-тан), бірде (бір-де), демек (де-мек) секілді жалғаулықтар бастапқы де, бол, не, себеп, сол, бір, де деген түбірлерде көрсетілген қосымша формалардың дәйім қосылып айтылуы арқылы, яғни сол формаларда тұрақталуы арқылы қалыптасудан пайда болған» <sup>5</sup>, — дейді.

А. Ысқақов сөздердің, морфемалардың бірігуі, кірігуі, сөздің дыбыстық құрамының ықшамдалуы да тілде көмекшілердің қалыптасуына әкелгенін айтады, бірақ ескеретін жайт, соның бәрінде ол алғашқы лексикалық мағынасынан айырылады. Лексикалық мағынасынан айырылып, абстракты грамматикалық мағынаға көшкендіктен ғана, көмекші элемент ретінде танылған.

<sup>4</sup> Майзель С. С. Категория дефинитивности в турецком языке. — Сб.: Академику Владимиру Александровичу Гордлевскому к его семидесятипятилетию. Изд. АН СССР. М., 1953, с. 169—170.

<sup>5</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 385—386-б.

Келтірілген үзінділерден тілдегі көмекші элементтердің дербес сөздерден шыққанын байқауға болады. Ал дербес сөздерден олар лексикалық мағынасынан айрылу арқылы алшақтаған, олар басқа абстракты грамматикалық мағынаға ауысу арқылы көмекшіге айналған. Міне, бұл көмекші элементтердің лексикалық мағынасы жоғын дәлелдейді.

Тілдегі аналитикалық элементтердің бәрінің мағынасы тілдегі категорияларға қатысты. Мысалы, шырай категориясының, септік, көптік, модальдылық категориялардың мағыналарын қосымшалармен бірге көмекші элементтер де білдіреді. Сонымен бірге көмекшілердің бір тобы сөздерді, сөйлемдерді байланыстыру қызметін де атқарады. Ал көмекші етістіктер етістіктің етіс, жақ категорияларынан басқа категориялардың бәріне қатысады. Тілдің грамматикалық құрылысындағы категориялардың мағынасын білдіру — көмекшілердің грамматикалық единицаларға, морфемаларға жататынына анық дәлел.

### 1. КӨМЕКШІЛІ СӨЗ

Осы күнге дейін грамматикада дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесінің аты жоқ. Ал құрамында дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесі жоқ сөйлем бірлі-жарым ғана кездеседі, олардың тіркесі көбіне бір сөйлемнің ішінде бірнешеуден топтанып жүреді. Осыншама жиі кездесетін тіл фактісінің ғылымда белгілі аты болмауы орынсыз-ақ.

Әңгіме әйтеуір ат атап, айдар тағуды ғана мақсат етуде емес, оның тәжірибеде де қажеттігі бар. Мысалға дербес сөз, көмекші сөзді ажырату сөйлемді оны құрастырып тұрған мағыналы бөлшектерді яғни сөзформаларды ажыратуға көмектеседі. Мысалы: Бекіністің дәл түбіне салынған мина жарылғандай табанымыз дүңк етіп қалып, көтеріліңкіреп кетті де, ұшып түстік (Ғ. Мүсірепов). Осы сөйлем мынадай сөзформалардан тұрады: 1) бекіністің дәл түбіне, 2) салынған, 3) мина, 4) жарылғандай, 5) табанымыз, 6) дүңк етіп қалып, 7) көтеріліңкіреп кетті де, 8) ұшып түстік. Басқаша айтқанда, бұлар — осы сөйлемді құрастырып тұрған мағыналы бөлшектер.

Сөйлемнің мағыналы бөлшектерін ажырату үш түрлі жағдайда өте қажет. 1) Қазақ тіл білімінде әзір зерттелмей келе жатқан тіл білімінің саласы текст лингвист-



тикасы. Міне, бұл салада сөйлем құрастырушы мағыналы бөлшектерді ажыратудың ерекше мәні бар.

2) Сөйлем мүшелерін дұрыс, дәл табуда, ажыратуда сөйлемнің мағыналы бөлшектерін білудің мәні зор. Сөйлем мүшелерін дұрыс танымау көбіне күрделі сөздермен, көмекшілермен де байланысты. Күрделі сөздердің компоненттерін, көмекшілерді жеке сөйлем мүшесі деп талдау — тәжірибеде кездесіп жүрген жағдай.

3) Сөз тіркестерін, олардың компоненттерін дәл табу үшін де сөйлемнің мағыналы бөлшектерін жақсы білудің маңызы бар.

Ал сөйлемнің мағыналы бөлшектері көмекшілермен тікелей байланысты, өйткені көмекші сөз өзінше сөйлемнің мағыналы бөлімі де, не өзінше жеке сөзформа да бола алмайды. Ол сөйлемде үнемі дербес сөзге тіркесіп қана, соның құрамында ғана қолданылады және ол өте жиі кездесетін тілдік құбылыс. Міне, сондықтан дербес сөз бен көмекшінің тіркесін белгілеудің ғылымда белгілі мәні бар.

Қазақ тіл білімінің тәжірибесі тұрғысынан келгенде, тілдегі осы құбылыс ешбір елеусіз қалды деуден аулақпыз. Қазақ тіл білімінің балаң кезінде Қ. Жұбанов дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесін қосалқылы сөз деп атап<sup>6</sup>, оны сөз тұлғаларының бір түрі деп санаған. Қ. Жұбанов сөз тұлғасын алтыға бөлген, олар: 1) түбір сөз, 2) қосымшалы сөз, 3) кіріккен сөз, 4) қиюлы сөз, 5) қосар сөз, 6) қосалқылы сөз. Мұндағы кіріккен сөз деген термин қазіргі грамматикалардағы мағынасынан гөрі өзгешерек мәнді білдірген. Ғалым қазіргі біріккен сөз деген терминнің орнына кіріккен сөз деген терминді, кіріккен сөз деген терминнің орнына қиюлы сөз дегенді қолданған. Қиюлы сөздер тобына қысқарған сөздерді де қосқан.

Сөздерді тұлғасына қарай бұлайша топтастыру сөзформалар негізінен шыққан, өйткені мұнда сөздердің сөйлемде қандай формада қолданылуы ескерілген. Оны автордың қосымшалы сөзді, қосалқылы сөзді бөлуінен анық көруге болады, өйткені бұлар сөздің сөйлемде қолданылуында ғана кездеседі. Оның үстіне автордың өзі де оларды сөз тұлғалары деп анық атап отыр.

---

<sup>6</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 163-б.

Қ. Жұбановтың сөз тұлғаларын таптастыру идеясы қазақ тіл білімінде аздаған өзгеріспен қалыптасты. Сол өзгерістің бірі ретінде көмекшілі (қосалқылы) сөздің сөз тұлғалары қатарынан дәлелсіз шығып қалғанын айтуымыз керек.

Бұдан кейін дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесіне М. Балақаев көңіл бөліп, оларды түйдекті тіркестер тобына жатқызды. М. Балақаев түйдекті тіркеске мынадай анықтама берген: «лексика-грамматикалық топ болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркесті түйдекті тіркес дейміз»<sup>7</sup>, — деп, оған 1) күрделі етістіктерді (*көріп отыр, келе бер*), 2) есім мен көмекші етістіктерді (*жұмыс істеу, жақсы көру*), 3) қосарлы есімдерді (*ыдыс-аяқ, бірін-бірі*), 4) күрделі есімдерді (*біраздан кейін, қала үстіне*), 5) тұрақты тіркестерді жатқызған (*қабырғамен кеңес, таяқ жеу, жіпсіз байлау*)<sup>8</sup>.

М. Б. Балақаев түйдекті тіркестерді бөлгенде, олардың қайсысы болмасын бір лексикалық мағынаны білдіруін, сөз тіркесінің бір компоненті болуын негізге алған. Бұл принциптер дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесіне қатысты болғанымен, ол қос сөздерге, күрделі сөздерге, фразеологиялық тіркестерге де сондай дәрежеде қатысты, өйткені түйдекті тіркес деген термин олардың бәрін атау үшін алынған. Ал дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесінің олардан өзіндік үлкен айырмасы бар. Сондықтан ол термин дербес сөз бен көмекші сөз тіркестерінің ғана атауы емес. Ал дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесі тілде өте жиі кездесетіні ақиқат, соған орай оның өзіндік аты болуы заңды деп санаймыз, оны біз көмекшілі сөз деп атадық.

Көмекшілі сөз деген терминді қолданғанда, алдымен, оның құрамына сүйендік. Мұндай сөзформалардың құрамы дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесінен тұрады. Ол екеуінің құрамындағы қосымшалар бұл арада ескерілмейді.

Екіншіден, қазақ тіл білімінің тәжірибесі ескерілді. Қосымшалы сөз деген термин тілде өте ертеден келе жатқаны жоғарыда айтылды. Түбір сөзге қосымша қосы-

---

<sup>7</sup> Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 29—32-б.

<sup>8</sup> Сонда.

лып, оған түрлі мағына қосады, ол сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа сөз жасауы мүмкін немесе сөзге ол грамматикалық мағына қосады. Түбір сөзге жалғанған бұл қосымшалардың қайсысы болмасын түбір сөздің дыбыстық құрамына кіріп, онымен бірге жазылады да, оны қосымшалы сөзге айналдырады.

Көмекшілі сөзде дербес сөзге көмекші тіркесіп, оған жаңа лексикалық мағына қосуы да бар: *жәрдем ет — жәрдемдес, көмек ет — көмектес*. Көбіне көмекші сөз дербес сөзге түрлі грамматикалық мағына үстейді: *келген жоқ, айтқан емес, келіпті-міс*. Көмекші сөздердің қосымшадан бір ерекшелігі: олар өзі тіркескен дербес сөздің дыбыстық құрамына кірмейді, дербес сөздің тіркесіндегі сияқты арадағы алшақтықты сақтайды. Анығырақ айтқанда, дербес сөзге тіркескен, көмекші қосымша сияқты қызмет атқарғанымен, дербес сөздің дыбыстық құрамына енбей, онымен тіркесіп қана қолданылады. Сондықтан оны дербес сөзге қатысты көрсеткіш ретінде танымау жиі кездеседі.

Шындығында, көмекшілердің мағынасы, қызметі олар тіркескен дербес сөзге тікелей қатысты. Сөйлемдегі сөздерді мағыналы бөлшектерге (актуальное членение) бөлуде ол өте анық көрінеді. Мысалы: *Ол үйіне қарай кетіп қалды*. Осы сөйлемді төмендегіше бөлуге болады: *ол /үйіне қарай/ кетіп қалды*. Бұлардың әрқайсысы — сөйлемнің бір мағыналы бөлшегі, олар — сөйлемді құрастырушы негізгі элементтер. Сырттай қарағанда, мұнда 5 сөз бар сияқты, ондай болса, 5 мағыналы бөлшек болар еді. Бірақ сөйлемде 3 қана мағыналы бөлшек бар, мұндағы екі көмекші өзінше мағыналы бөлшек құра алмайды, олар лексикалық мағынадан айрылып, грамматикалық қызметке көшкен, ол екі көмекші екі дербес сөзге (*үйіне, кетіп*) тіркесіп, соның құрамына енген. Сөйтіп, көмекшілер сөйлемде дербес сөздің дыбыстық құрамына кірмегенімен, онымен бірге жазылмағанымен, дербес сөзге өз мағынасын қосып, онымен бір мағыналық тұтастықта тұрады, сондықтан оның құрамында деп санаймыз.

Қ. Жұбанов дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесін қосалқылы сөз (көмекші сөздерді ол қосалқы сөз дегендіктен, қосалқылы сөз деген терминді қолданған) деп атағанда, оларды құрамында грамматикалық көрсеткіш-

тері бар бір сөз деп санағаны сөзсіз. Біз де қазақ тіл біліміндегі бұл тәжірибені ескеріп, оны осы мәнде алып отырмыз.

Көмекшілі сөздің сөйлемдегі өзінше бір сөзформа екенін дәлелдей түсетін тағы бір жағдай бар. Ол — көмекшілі сөздің сөз тіркесінің бір ғана компоненті болуы. Қосымшалы сөз қалай сөз тіркесінің бір компоненті болса, көмекшілі сөз де сөз тіркесінің сондай бір компоненті болады. Мысалы: *үйіне кетіп қалды* деген бір сөз тіркесі, оның бірінші компоненті — *үйіне*, екіншісі — *кетіп қалды*. Осы сөз тіркесінің бір компоненті — қосымшалы сөз, екіншісі — көмекшілі сөз.

Көмекшілі сөздің осы қасиетін негізге ала отырып, М. Балақаев оларды түйдекті тіркес тобына жатқызығанын тағы да еске алуға тура келеді<sup>9</sup>. Көмекшілі сөздің сөз тіркесінің бір компоненті болуы қазір даусыз мәселе, ол ғылымда әбден дәлелденген, сондықтан ол дәлелдеуді керек етпейді. Олай болса, көмекшілі сөздің сөйлемде бір мағыналы бөлшек, бір сөз екені де талас туғызбаса керек. Сөйлемдегі көмекшілі сөз бір сөз деп танылғанда, оның құрамындағы көмекші сөздің грамматикалық көрсеткіш қызметін атқаратынын да тану қажет, себебі ол — бір сөздің құрамындағы грамматикалық элемент. Сөйтіп, көмекші сөз — сөйлемде белгілі бір дербес сөздің құрамындағы морфема, оның сөйлемдегі өмірі дербес сөзге қатысты, дербес сөзсіз ол қолданыла алмайды. Сондықтан ол өзінше жеке сөйлем мүшесі де бола алмайды. Бірақ ол сөйлем мүшесі қызметінен тыс та қалмайды. Көмекшілер дербес сөзге мағына үстеуші грамматикалық элемент болғандықтан, өзі тіркескен дербес сөздің құрамында тұрып, онымен бірге сөйлем мүшесі қызметіне қатысады. Бұл арада қосымшалы сөздің синтаксистік қызмет атқаруын еске алу керек. Қосымшалы сөз сөйлем қызметін атқарғанда, оның құрамындағы қосымша бөлініп тасталмайды. Сол сияқты дербес сөзге тіркескен көмекші де бөлініп қалмайды. Дербес сөздің құрамына жататын элемент болғандықтан, онымен бірге сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: *Билетін алып болған соң, адасып қалмайын деп, бала Қосқарағайға жүретіндердің жанына отырды* (Т. Нұрма-

---

<sup>9</sup> Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 29—32-б.

ғанбетов). Мысалдағы үш сөйлем мүшесінің құрамында көмекшілер бар. Мұндағы *алып болған соң* деген көмекшілі сөз бір сөйлем мүшесі болып тұр, оның құрамындағы *алып* — дербес мағыналы сөз, *болған* — көмекші етістік, *соң* — шылау. Сонда екі көмекші бір дербес сөзге тіркесіп, оның құрамында тұрып, сөйлем мүшесі қызметіне қатысқан. Сол сияқты бір сөйлем мүшесі қызметін *адасып қалмайын деп* деген сөз атқарады. Ондағы дербес сөз — *адасып*, оған екі көмекші етістік тіркескен (*қалмайын деп*). Ал *жүретіндердің жанына* дегенде бір дербес сөз, бір көмекші есім бар. Мұнда көмекші есім дербес сөзге тіркесіп, соның құрамында сөйлем мүшесі қызметіне қатысқан.

Көмекшілердің жеке тұрып сөйлем мүшесі болмауы олардың лексикалық мағынадан айрылуына байланысты. Тілдегі сөздерді дербес және көмекші сөздер деп екі үлкен топқа бөлудің өзі негізінен олардың лексикалық мағынаны білдіру-білдірмеуіне байланысты. Лексикалық мағынасы жоқ көмекшілер — сөйлемде дербес сөзге түрлі мағына қосатын грамматикалық көрсеткіштерге ауысқан элементтер. Сондықтан олар жеке тұрып сөйлем мүшесі болмайды. Көмекшілердің жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмауы, дербес сөзбен бірге сөйлем мүшесі қызметіне қатысуы олардың сөйлемде дербес сөзбен тұтастығын, дербес сөздің құрамындағы элемент екенін білдіреді. Олай болса, көмекшілер дербес сөздің дыбыстық құрамына енбегенімен, бөлек жазылғанымен, дербес сөздің құрамында қаралу керек, себебі көмекшілер — дербес сөзге грамматикалық мағына қосушы элемент.

Дербес сөз бен көмекшілердің мағына тұтастығына байланысты олар бір сөйлем мүшесі болады, сөйлемдегі бір мағыналы бөлшекке жатады. Міне, тағы да дербес сөз бен оған тіркескен, көмекшінің сөйлемдегі бірлігін көріп отырмыз.

Дербес сөз бен көмекшінің сөйлемдегі тіркесі олардың мағына бірлігіне байланысты. Көмекшілердің сөз тіркесінде жеке компонент бола алмауы, жеке тұрып сөйлем мүшесі болмауы оның сөйлемде дербес лексикалық мағына бермеуіне, дербес лексикалық мағыналы сөзге мағына үстеп, онымен мағынасы жымдасып, бір тұтастықта қолданылуына байланысты. Көмекшілердің мағынасы дербес сөзге ғана қосылады, сөйлемде дербес сөз арқылы

көрінеді. Бір сөзге бірнеше қосымша қосылғаны сияқты бірнеше көмекші тіркесе береді. Мысалы: Ол жығылып қала жаздаған еді. Осында *жығыл* деген бір дербес мағыналы етістікке үш көмекші етістік тіркесіп тұр. Олардың бәрі сөйлемде бір мағына береді, оны *жығылмады* дегенмен салыстыруға болады. Жоғарыдағы сөйлемде *жығыл* етістігіне тіркескен көмекшілердің мағынасы жеке түсінілмейді, жығылып қала жаздаған еді сөйлем құрастырушы бір мағыналы бөлшек, тұтас бір мағына береді. Сондықтан көмекшілер дербес сөздің құрамындағы грамматикалық элементке жатады. Бұл тағы да дербес сөз бен көмекші сөздің сөйлемдегі біртұтастығын дәлелдей түседі. Осы жағдайлар ескеріліп, сөйлемдегі дербес сөз бен көмекшінің тіркесін көмекшілі сөз деп алдық. Көмекшілі сөзді тану оның құрамында бір ғана лексикалық единицаның болуына негізделді, өйткені көмекшілерде лексикалық мағына жоқ. Көмекшілердің сөйлемде дербестігі жоқтығы алдымен мағынаға қатысты. Көмекшілердің мағынасына назар аудару қажет.

## 2. КӨМЕКШІЛЕРДІҢ МАҒЫНАСЫ

Көмекшілердің мағынасы тіл білімінде анықталмаған, шешілмеген даулы мәселелерге жатады. Көмекшілер грамматикалық мағына білдіреді деп танушылар бар. Сонымен бірге олардың әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағыналарын да танитын ғалымдар бар. Осы екі пікір талай-талай уақыттардан күні бүгінге дейін тіл білімінен кең орын алып отыр.

Рас, аталған пікірлерден басқа да көзқарас бар, бірақ ол кең таралмаған. Мысалы. А. М. Пешковский көмекшілер мағынасыз форма деп санайды, ал Г. Суит оларды бос сөздер (пустые слова) деп атаған. Философиялық тұрғыдан форма мен мағынаның диалектикалық байланысына сүйенсек, форма бар жерде мағына болмауы мүмкін емес.

Акад. А. А. Шахматов: «Кейбір сөздердің тек қана грамматикалық мағынасы бар, олар — көмекші сөздер... грамматикалық мағына көмекші сөздердің негізгі мағынасы, — дейді<sup>10</sup>. Бұл үзінді ғалымның тілде грамматикалық қызметке көшкен көмекші элементтердің грамма-

<sup>10</sup> Шахматов А. А. Синтаксис русского языка. Л., 1941, с. 432.

тикалық мағынасын танытынын анық көрсетіп тұр. Бұл пікірдегі ғалымдар өте көп, оларды түгел атау мүмкін де емес <sup>11</sup>.

А. В. Исаченко «О грамматическом значении» деген мақаласында грамматикалық мағынаны білдіруші элементтер қатарында көмекшілерді көрсетеді <sup>12</sup>. А. В. Исаченко мұнда көмекшілерді сөздің грамматикалық формасын жасаушы элемент ретінде көрсетіп, оның грамматикалық мағынасын таниды. М. И. Стеблин — Каменский көмекші сөздер грамматикалық мағына берушілер десе <sup>13</sup>, орыс тілі грамматикасында көмекші сөздер деп тек қана грамматикалық мағынасы бар сөздер аталды <sup>14</sup>. Осының өзі көмекшілердің грамматикалық мағынасын танудың соңғы кезде кең тарап отырғанын аңғартады.

Көмекшілер тек грамматикалық мағына білдіреді деген ғалымдар тобында И. Мещаниновты атаған жөн. Ол өз еңбектерінде бұл мәселеге көп көңіл бөлген және оның нақтылы пікірі бар. И. И. Мещанинов көмекшілерді жеке сөз табы санауға қарсы. Ол бұларды лексикалық мағынасы жоқ, грамматикалық қызмет атқаратын элемент ретінде қарайды да, сөз табы қатарына жатқызбайды <sup>15</sup>.

Көмекшілер туралы ғалымдағы екінші пікір бойынша тілдегі көмекші элементтердің грамматикалық мағына-

---

<sup>11</sup> Ломоносов М. В. Российская грамматика. — Полн. собр. соч., М.; Л., 1952, т. 7, с. 417; Фортунатов Ф. Ф. Сравнительное языковедение: Лекции, читанные в 1839—1900 гг. М., 1906, литогр., с. 237; Шахматов А. А. Синтаксис русского языка. М.; Л., 1941, с. 277, 432. Пешковский А. М. Русский синтаксис в научном освещении. М., 1938, с. 37, 67, 83; Щерба Л. В. Избр. работы по русскому языку. М., 1957, с. 67. Мещанинов И. И. Члены предложения и части речи. М.; Л., 1978, с. 356—357, 373, 380—384; Жирмунский В. М. О природе частей речи и их классификации. — В кн.: Вопросы частей речи. М., 1968, с. 40; Стеблин-Каменский М. И. К вопросу о частях речи. — Вестник ЛГУ. Серия общественных наук, 1954, № 6, с. 155; Он же. О предлоге и предложном словосочетании, с. 244; Он же. Грамматика норвежского языка. М.; Л., 1957, с. 150—152.

<sup>12</sup> Исаченко А. В. О грамматическом значении. — Вопросы языкознания, 1961, № 1, с. 28.

<sup>13</sup> Стеблин — Каменский М. И. Аталған еңбек.

<sup>14</sup> Галкина-Федорук Е. М., Горшкова К. В., Шанский Н. М. Современный русский язык. М., 1958, с. 198.

<sup>15</sup> Мещанинов И. И. Члены предложения и части речи. Л., 1978, с. 356—357.

сымен бірге лексикалық та мағынасы бар<sup>16</sup>. Бұл пікірдегі ғалымдар көмекшілер — сөз, сөз болғандықтан, онда лексикалық та, грамматикалық та мағына бар деп біледі. Көмекшілердің мағынасын сипаттауда түркологтар арасында да пікір алалығы бар. Көпшілік түркологтар көмекшілердің грамматикалық мағынасын таниды<sup>17</sup>. Бірақ бұлардың әрі грамматикалық, әрі лексикалық мағынасын тану да жоқ емес<sup>18</sup>. Тек көмекшілердің мұнда лексикалық мағынасы толық деп қаралмайды, көмекшілер лексикалық мағынасын солғындатқан, лексикалық мағынасынан мүлдем айырылып қалмаған деген тұрғыда ғана олардың лексикалық мағынасы танылады. Тағы да ескерте кететін бір жағдай — түркологияда көмекшілердің грамматикалық мағынасын тану кең тараған және ол негізгі орын алады.

Көмекшілердің мағынасын айқындау тіл білімінде даулы мәселелердің бірі екені жоғарыда келтірілген шолудан көрінді. Негізгі талас — көмекшілер білдіретін мағына лексикалық мағынаға жата ма, грамматикалық мағынаға жата ма деген сұрақтардың төңірегінде. Сондықтан қазақ тіліндегі көмекшілердің мағынасы туралы пікір айту үшін алдымен ғылымда лексикалық, грамматикалық мағына деген ұғымға не жататынын айқындау қажет.

Академик А. А. Шахматов лексикалық, грамматикалық мағыналарды олардың объективті шындық өмірге қатысына қарай ажыратқан. Ол сөздің лексикалық мағынасы объективті өмірге сай болады, сөз объективті өмірдегі затты, құбылысты білдіреді, солардың тілдегі таң-

---

<sup>16</sup> *Шишков А. С.* Нечто о предлогах. — Собрание сочинений и переводов. Спб., 1925, ч. 5, с. 267; *Смирницкий А. И.* Синтаксис английского языка. М., 1957, с. 88; *Он же.* Морфология английского языка. М., 1959, с. 365—366; *Ахманова О. С.* О роли служебных слов в словосочетании. — Докл. и сообщ. Ин-та языкозн. АН СССР, 1952, № 2; *Жирмунский В. М.* О границе слова. — Вопросы языкознания, 1961, № 3, с. 40—41; *Черкасова Е. Т.* Переход полнозначных слов в предлоги. М., 1967, с. 11.

<sup>17</sup> *Дмитриев Н. К.* Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948, с. 49—50; *Кононов А. Н.* Грамматика узбекского литературного языка. М.; Л., с. 296—327; *Баскаков Н. А.* Каракалпакский язык. М., 1952, с. 474; *Тенишев Э. Р.* Строй саларского языка. М., 1976, с. 187, 191, 193.

<sup>18</sup> Языки народов СССР, т. II. Тюркские языки. М., 1966, с. 440; *Маманов Ы. Е.* Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 1966, 58-б.; *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. 1974, 381-б.



басы деп қарайды. Ал грамматикалық мағына сөздердің бір-біріне қатысын яғни сөз арасындағы қатысты білдіреді деген пікір айтқан. Сөйтіп, А. А. Шахматовтың пікірі бойынша лексикалық мағына объективті өмірге байланысты да, грамматикалық мағына тілге ғана байланысты <sup>19</sup>.

А. А. Шахматовтың бұл пікірі тіл біліміне үлкен әсер етті, оны жақтаушылар көп, ғылымда бұл пікір кезінде кең тарады.

А. И. Смирницкий сөздің тек лексикалық мағынасы ғана емес, грамматикалық мағынасы да объективті өмірмен байланысты, лексикалық мағына объективті өмірдегі құбылыс, заттарды білдірсе, грамматикалық мағына зат, құбылыстардың арасындағы объективті өмірдегі қатынастарды білдіреді дейді <sup>20</sup>. Проф. А. И. Смирницкий сөздің арасында байланыстың болуы объективті өмірде сондай байланыстың заттардың арасында болуына негізделген және ол сол өмірдегі заттардың, құбылыстардың олардың белгілерінің арасындағы байланысты, қатысты білдіру ғана дейді. Сондықтан проф. А. И. Смирницкийше лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да объективті өмірге қатысты, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның объективті өмірге қатысы бірдей, бұл олардың айырмасын білдіретін белгі бола алмайды деп санайды <sup>21</sup>.

А. И. Смирницкий сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасының арасындағы айырманы өзінше түсіндіреді. Ол сөздің лексикалық мағынасы деп оның сөздіктегі мағынасын таниды. Сөздік құрамның лексикалық единицасына қатысты мағына — лексикалық мағына, әр сөздің басқа сөздің мағынасынан өзгеше өзіндік мағынасын ол лексикалық мағына санайды <sup>22</sup>. Ал грамматикалық мағынаны ол оның берілуіне қарап ажыратады. Грамматикалық мағына объективті өмірдегі құбылыстардың арасындағы қатысты білдіреді, ол сөздің өзі арқылы берілмейді, сөзге қосылған элементтер арқылы

<sup>19</sup> Шахматов А. А. Синтаксис русского языка. Л., 1941, с. 432.

<sup>20</sup> Смирницкий А. И. Лексикология английского языка. М., 1956, с. 22.

<sup>21</sup> Смирницкий А. И. Лексическое и грамматическое в слове. — В кн.: Вопросы грамматического строя. М., 1955, с. 28.

<sup>22</sup> Смирницкий А. И. Лексикология английского языка. М., 1956, с. 28—29.

беріледі. Атап айтқанда, сөздердің түрленуі мен тіркесі арқылы беріледі деп қарайды. Грамматикалық мағына түрлі қарым-қатысты білдіреді, грамматикасыз байланысты ой берілмес еді дейді <sup>23</sup>.

Қазақ тіл білімінде А. Ысқақов лексикалық, грамматикалық мағынаға байланысты теориялық мәселелерге айрықша көңіл біліп, оларды теориялық тұрғыдан айқындауда көп еңбек сіңірді. Ол сөздің лексикалық мағынасына төмендегіше анықтама берген: «Әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатысқа түспей, жеке-дара тұрғандағы (статикалық күйдегі) нақтылы я негізгі мағынасы, әдетте, лексикалық я тура мағына деп аталады» <sup>24</sup>.

А. Ысқақовтың лексикалық мағынаны түсінуі мен А. И. Смирницкийдің осы мәселені түсінуінде, суреттеуінде пікірлестік бары анық байқалып тұр. А. Ысқақов сөздің лексикалық мағынасы оның жеке-дара тұрғандағы негізгі мағынасы десе, А. И. Смирницкий оны сөздіктегі мағынасы деп танығанын жоғарыда айтқанбыз. Бұлардың пікірі үндесіп жатқаны көрініп тұр. Осы екі ғалымның пікір үндестігі грамматикалық мағынаға келгенде, алшақтайды. Проф. А. Ысқақов грамматикалық мағынаға төмендегіше анықтама берген: «Сонымен сөздің нақтылы лексикалық мағынасымен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін я сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасын грамматикалық мағына дейміз» <sup>25</sup>. Үзіндіден проф. А. Ысқақовтың грамматикалық мағына сөздердің бір-біріне қатысын білдіреді деп танитын А. А. Шахматов пікірін қуаттайтынын, соны жалғастыратынын, сонымен пікірлес, үндес екенін көреміз.

Проф. М. Балақаев: «Сөз айналадағы объективтік шындықтың адам басындағы сәулесі (отражение) ретінде жеке-жеке ұғымды (понятие) білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қарым-қатынасын білдіреді», — деп жазған <sup>26</sup>. Мұнда М. Балақаевтың да сөздің лексика-

<sup>23</sup> Сонда.

<sup>24</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 7-б.

<sup>25</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 14-б.

<sup>26</sup> Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1961, 6-б.

лық, грамматикалық мағыналарын түсінуінде үлкен айырма жоғы көрінеді. Проф. М. Балақаев пен проф. А. Ысқақов лексикалық, грамматикалық мағыналар мәселесінде пікірлес деп санаймыз. Өйткені олардың ғылыми еңбектерінде бұл мәселеде пікір алалығы байқалмайды. Проф. А. Ысқақов лексикалық мағына сөздің жеке-дара тұрғандағы негізгі мағынасы десе, проф. М. Балақаев сөз айналадағы объективтік шындықтың адам басындағы сәулесі ретінде жеке ұғымды білдіреді деген. Сөйтіп, бұл екі ғалымның бірі сөз мағынасы нені білдіретінін айтса, екіншісі сол сөз білдірген мағынаның лексикалық мағынаға жататынын дәлелдеген. Сондықтан олардың ойы жалғасып жатыр. Ал грамматикалық мағына жөнінде А. Ысқақов ол сөздердің қарым-қатысын білдіреді десе, М. Балақаев сөздердің грамматикалық қарым-қатысын сөз тіркесі білдіреді деген. Олай болса, бұл мәселеде пікір үйлесімі толық деуге болады.

Егер тіл мен ой байланысты деген марксизм-ленинизм қағидасына сүйенсек, онда тіл де, ой да объективті өмір шындығының адам санасында сәулеленген айнасы деп тану қажет. Олай болса, тілде объективті өмір шындығына қатыссыз, өзінше бір мағынаның болуы мүмкін емес. Тілде білдірілетін мағыналардың бәрі объективті өмірге қатысты. Марксизм-ленинизм қағидасы бойынша тілде тек объективті шындық өмір ғана білдірілетін болса, онда лексикалық мағына қандай шындық өмірге байланысты болса, грамматикалық мағына да шындық өмірге сондай қатысты болуға тиіс. Бұл арада А. И. Смирницкий пікірімен толық келісу керек.

Сөйлемдегі сөз бен сөздің байланысуы объективті өмірдегі баяндалып отырған құбылыстардың, олардың белгілерінің байланысына негізделеді. Мысалы, *Асан келді* деген сөйлемді алсақ, одан объективті өмірде Асан деген адамның барын, оның келу қимылын жасағанын білеміз. Сөйлемдегі ойдың негізі *Асан* және *кел* деген сөздердің лексикалық мағынасы негізіне құрылған. Ол лексикалық мағына объективті өмірмен байланысты, Сонымен бірге осы сөйлемде келу қимылын Асан өткен шақта жасағанын көреміз. Шақтық мағына — өте абстракты грамматикалық мағына. Осы грамматикалық мағына да объективті өмірге қатысты, себебі субъекті қимылды сөйлеуші хабарлаған кезден бұрын жасаған.

Объективті өмірде ол қимылдың жасалуы болған құбылыс және оның жасалуы — сөйлеуші хабарлаған кезге дейін болғаны шындық. Ал осы қимыл — сөйлеушінің де, тыңдаушының да қимылы емес, одан басқа адамның (Асанның) қимылы. Бұл мағына 3-жақ арқылы берілген. Субъектінің 3-жақта болуына сай оның қимылы сөйлемде 3-жақта берілген. Бұл да объективті өмір шындығымен байланысты. Объективті өмірде қимылдың субъектісі жеке адам болғандықтан, ол сөйлемде жекешелік арқылы көрсетілген.

Сөйтіп, бұл сөйлемдегі лексикалық мағыналар қалай шындық өмірге қатысты болса, грамматикалық мағыналар да сондай шындық өмірге қатысты екені байқалды. Бірақ лексикалық мағына шындық өмірдегі зат пен оның қимылын білдірсе, грамматикалық мағына сол зат пен қимылдың арасындағы байланысты, қарым-қатысты білдіріп тұр. Олай болса, лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да объективті шындық өмірге қатысты. Сондықтан лексикалық мағына объективті өмірге қатысты, грамматикалық мағына сөз бен сөздің сөйлемдегі қатысын білдіретін тілдің ішкі мағынасы деп бөлумен келісуге болмайды.

Марксизм-ленинизм классиктерінің тіл өмірдің айнасы деген қағидасы бойынша тілде берілетін мағына атаулының бәрі объективті өмірмен байланысты деп қарау керек. Бұл лексикалық, грамматикалық мағыналарды объективті шындық өмірмен байланыста қарауды жүктейді. Осы екі мағынаны ажыратуда олардың объективті өмірге қатысы айырым белгі бола алмайтынын бұл айтылған дәлелдер анықтап тұр. Сондықтан лексикалық, грамматикалық мағынаны ажырату басқа белгілерге негізделу керек. Ол, әрине, біреу ғана болуы мүмкін емес, оны барлық жағынан қарастыру керек.

Лексикалық, грамматикалық мағыналарды ажыратуға олардың объективті шындық өмірге қатысы негіз болмайды дегенде, олардың айырмасын объективті шындық өмірге қатысынан іздемеу керек деген ұғым шықпайды. Олардың екеуі де объективті шындық өмірге қатысты болғанымен, олардың шындық өмірге қатысында айырма, ерекшелік бар. Лексикалық мағына объективті шындық өмірдегі заттар, құбылыстар, заттардың белгісін білдіріп, сол арқылы объективті өмірге оның қатысы

айқындалса, грамматикалық мағына объективті өмірдегі заттар, құбылыстар, олардың белгілерінің арасындағы қатысты, байланысты білдіру арқылы оның объективті өмірге байланыс-қатысы айқындалады. Сөйтіп, олардың объективті өмірге екеуі де қатысты болғанымен, олардың объективті өмірде білдіретін объектілерінде үлкен айырма бар. Олардың біреуі объективті өмірдегі заттарды, құбылыстарды, олардың белгілерін білдірсе, екіншісі олардың бір-біріне қатысын, байланысын білдіреді. Міне, бұл осы тілдік екі мағынаның негізгі айырмасы ретінде танылу керек.

Енді осы мағыналардың тілде не арқылы берілуіне көңіл бөлейік. Лексикалық мағына — әр сөздің сөз ретінде білдіретін негізгі, жеке мағынасы, сөздіктегі (А. И. Смирницкий) мағынасы, сөздің сөйлемде қарым-қатысқа түспей жеке тұрғандағы (статикалық күйдегі) (А. Ысқақов) мағынасы, сөздің дербес (собственное) мағынасы (А. Х. Востоков, А. С. Шишков), сөздің реальды мағынасы (А. А. Шахматов). Сөздің лексикалық мағынасын ғалымдар түрліше түсіндіргенімен, оларда бұл мәселеде үлкен қайшылық бар деп айта алмаймыз. Сөйтіп, лексикалық мағына деп әр сөздің объективті шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіретін өзіндік дербес мағынасы аталады.

Грамматикалық мағына объективті шындық өмірдегі заттар, құбылыстардың арасындағы қарым-қатысты білдіретіні жоғарыда анықталды. Ал осы қарым-қатынас тілде сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен қарым-қатысы, байланысы ретінде көрінеді. Сондықтан бірсыпыра ғалымдар грамматикалық мағынаның объективті өмірге қатысын ескермей, оны тек қана сөздердің бір-бірімен қарым-қатысы деп таныған. Бұл — тіл біліміне өте кең тараған пікір. Сөздердің сөйлемде бір-бірімен қарым-қатысқа түсуін объективті өмірдегі заттардың, құбылыстардың қарым-қатысы шешетіні есте болу керек. Заттардың, құбылыстардың қарым-қатысы объективті шындық өмірде тығыз байланыста болғандықтан, тілде де олар тығыз байланыста көрінеді. Объективті өмірдегі заттардың, құбылыстардың қарым-қатысы тек сол заттар, құбылыстар арасында болатындықтан, ол қарым-қатыстар өздігінен зат, құбылыстарсыз шындық өмірден жеке орын алмайды. Соған орай тілде де грамматикалық

мағына сөзсіз, лексикалық мағынасыз өздігінен кездеспейді. Бұдан грамматикалық мағынаның дербестігі жоғы анықталды. Егер грамматикалық мағына объективті өмірдегі зат, құбылыстардың арасындағы қарым-қатысты білдірсе, тілде ол сөйлеу кезінде оның байланысын қамтамасыз етеді<sup>27</sup>. Грамматикалық құбылыстар сөз түрленуі мен сөйлемді құраудың элементі ретінде сөзге қатысты, тек олар сөзге қосылатын үстеме, элемент ретінде жұмсалады, сөйлеуде сөзге қосылады, грамматикалық мағына грамматикалық құрылысқа қатысты, грамматикалық құрылысқа түскен сөзге үстелетін қосымша мағына.

Қорыта келгенде, грамматикалық мағынаның мына ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет. Грамматикалық мағына да объективті шындық өмірге қатысты, ол объективті өмірдегі зат, құбылыстардың арасындағы қатысты байланысты білдіреді. Сөйлеу кезінде, тілде ол сөзбен сөздің арасындағы байланысты білдіру ретінде көрінеді. Сөйлеуде объективті өмірдегі зат, құбылыс, оның белгілерін білдіретін дербес сөздер болса, солардың арасындағы объективті өмірдегі байланыс сөйлемдегі сөздерге қосылып, оларды сөз тіркесіне, сөйлемге айналдырып тұрған көмекші тілдік элементтерден көрінеді. Дербес сөзге, сөз тіркесіне сөйлемде қосылатын осы көмекші элементтердің мағынасы грамматикалық мағынаға жатады. Грамматикалық мағына — грамматикалық құрылыстың элементі. Оның өмірі сөз тіркесі мен сөйлемге байланысты және ол — сөздерге сөйлемде қосылатын үстеме мағына, сондықтан оның дербестігі жоқ. Бұл сөз арқылы ғана көрінеді. Сөйтіп, тілдегі лексикалық, грамматикалық мағыналар туралы ғылымдағы негізгі пікірлер қамтылды. Келесі міндет — осы екі мағынаға көмекші сөздердің қатысын көрсету, көмекші сөздердің жалпы мағынасын айқындау.

Тіл білімінде көмекші сөздер дербес сөздердің грамматикалық дамуының нәтижесінде лексикалық мағынадан айрылу арқылы пайда болған деген пікір ертеден айтылып жүр. Көмекші сөздер жалпы мағыналы дербес сөздерден шыққан. Жалпы мағыналы сөздер нақтылы мағыналы дербес сөздермен қолдануға мәжбүр болған, ол нақтылы мағыналы сөз жалпы мағыналы сөздің мағы-

---

<sup>27</sup> Тенишев Э. Р. Строй сары-югурского языка. М., 1976, с. 119.

насына нақтылық мән қосқан. Нақты мағыналы сөздің мағынасы күшті болғандықтан, бара-бара ол ойдың тірегіне айналады да, сөз тіркесінде ол басты элементке айналып, жалпы мағыналы сөз оның мағынасын толықтыратын бағынышты элементке айналады. Осы қызметте ол көптеген сөзбен тіркеседі, бұл оның өз мағынасынан айрылуына әкеледі. Осыдан келіп, ол грамматикалық көрсеткішке айналады.

Сөздің лексикалық мағынасынан айрылуы оның сөз қатарынан шыққанын көрсетеді, өйткені лексикалық мағынасы жоқ сөз болмайды. Оны дәлелдеу үшін, дербес сөздің қандай болатынын көрейік. Н. Қ. Дмитриев дербес сөздің 6 түрлі белгісін көрсеткен, олар: 1) толық семантика, материалды мазмұн, 2) контекссіз қолданылу мүмкіндігі, 3) екпіні болу, 4) тұрақты дыбыстық құрамы, 5) түрлену қабілеті, 6) сөз жасауға негіз болу. Дербес сөздің Н. Қ. Дмитриев көрсеткен белгілерінің ішінде талас туғызатыны жоқ, сондықтан оны толық қабылдауға, негізге алуға болады, ол ғылымда танылған да.

Дербес сөздің ең бірінші белгісі — оның толық семантикасы, оның объективті өмірдегі белгілі затты, құбылысты я олардың белгісін білдіру. Бұл мағынаны білдірмеу оны лексикалық единица, сөз ретінде тануға қайшы. Ал көмекші элементтердің толық семантикасы жоқ, объективті өмірде олар білдіретін нақтылы зат та, құбылыс та, не олардың белгісі де жоқ. Мысалы, көмекші есімдер мекен, мезгіл мағыналарын білдіреді, бірақ олар білдіретін мағына нақтылы бір мекен, не нақтылы бір мезгіл емес. Мысалы:

қаланың	_____	} маңы
мектептің	_____	
үйдің	_____	
таудың	_____	
ауылдың	_____	

Қыстың	_____	} алдында
жаздың	_____	
көктемнің	_____	

Мұнда *маң*, *алд* көмекші есімдерінің мағынасы ол тіркескен сөздердің бәрінде бар. Ал лексикалық мағына — алдымен өмірдегі заттың, белгінің аты, ол нақтылы бір

сөзге тән, сөздің жеке мағынасы. Бұл белгі көмекші есімде жоқ. Көмекші есімдер объективті өмірде нақтылы мекенді білдірмейді. Келтірілген мысалда маң көмекші есімінің мағынасы қала, мектеп, үй, тау, ауыл заттарының бәрінде бар, осы сияқты 100—120 зат есімге оя тіркесе, оның бәрінде сол мағына бар екенін көреміз яғни мекен мағыналы заттың бәріне оның мағынасы қатысты. Міне, бұл оның өзіндік нақты лексикалық мағынасы жоғын көрсетеді. Оның нақтылы толық семантикасы болмағандықтан, ол дербес сөздерге тіркесуге мәжбүр болады, солардың мағынасын нақтылайды. Н. К. Дмитриев оларды сөздің грамматикалық дамуының нәтижесінде тілде пайда болған деп санайды және көмекші сөздер, шылаулар мен аффикстерді бір топқа қосып, оларды грамматикалық сөздер деп дербес сөздерге қарсы қояды.

Сөйтіп, Н. К. Дмитриев көмекші есімдерді, шылауларды қосымша қатарына қойғанда, оның лексикалық мағынасынан айрылуына, делексикалануына сүйенген, сондықтан оны грамматикалық сөздер деп атаған. Н. К. Дмитриев сол арқылы бұлардың лексикалық единица қызметінен грамматикалық қызметке ауысқанын дәлелдеген. Ал олар лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке көшсе, ол дербес сөзге жатпайды, өйткені сөздің негізгі белгісіне оның лексикалық мағынасы жататыны жоғарыда айтылды, ал лексикалық мағынадан көмекшілер айрылған.

Дербес сөздің негізгі белгісінің бірі — оның контекстсіз қолданылу мүмкіндігі бұл белгіге де көмекші элементтер сай келмейді, өйткені көмекші элементтердің лексикалық мағынасы жоқ дербес сөзге тіркесіп, селбесіп, үстеліп сөйлемде ғана қолданылады, сондықтан ол сөйлемде жеке мүше де болмайды.

Сол сияқты көмекші элементтер сөз жасауға негіз болмайды, көмекші элементтерден туынды түбір жасалмайды, өйткені оларда лексикалық мағына жоқ. Лексикалық мағынасы болмағандықтан да, ол сөз жасауға негіз болмайды. Туынды сөз тек лексикалық мағына негізіне сүйеніп қана жасалады. Бұл көмекшілердің лексикалық мағынасы жоғын анық көрсетеді, көмекшілер бұл тұрғыда дербес сөздерден тағы ерекшеленеді.

Көмекшілердің көбіне екпін түспейді. Бұл белгі де көмекшілердің дербес сөзден ерекшелігі.



Дербес сөз белгілерінің ішінен екі белгі ғана біраз көмекшілерде де болуы мүмкін. Ол — тұрақты дыбыстық құрам және түрлену мүмкіндігі. Тұрақты дыбыстық құрам сөздің өте орнықты белгісіне жатады. Осы белгіге кейбір көмекшілер сай келеді. Мысалға көмекші есімдер мен көмекші етістіктердің дыбыстық құрамы тұрақты. Бұған септеулік шылауларды да қосуға болады. Бірақ қосымша сияқты түрлі дыбыстық вариантта қолданылатын шылаулар да бар. Түркі тілдерінде көмекші етістіктердің де жағдайы түрлі. Қазақ тілінде дыбыстық құрамын сақтаған көмекші етістіктер ұйғыр тілінде қосымша дәрежесіне жеткен, өте ықшамдалған. Мысалы: *келередим-келәттим, барар еді — баратти*. Бірақ көмекшілердің кейбіреуі дыбыстық құрамын сақтағанымен, дербес сөздерге қатысты басқа принциптерге сай емес. Келтірілген дәлелдер дыбыстық құрамының сақталуы оның сөз ретінде танылуында шешуші қызмет атқармайтынын көрсетеді.

Дербес сөздердің соңғы белгісі — оның түрленуі, қосымшалар қабылдауы. Бұл тұрғыдан қарағанда, көмекшілер дербес сөзден алыстайды, өйткені олардың көбі түрленбейді. Бірақ көмекшілердің ішінде түрленетіндері де бар. Тереңірек қарағанда, олардың қосымша қабылдауы дербес сөзге қатысты. Көмекші есім мен көмекші етістіктер дербес сөзге тіркесіп, оған жалғануға тиісті қосымшаларды қабылдайды, өйткені ол дербес сөзге тіркесіп, оған басқа қосымшаның сөзге тікелей жалғануына жолды бөгейді де, оны өзіне қабылдайды. Сөйтіп, бұлар қабылдаған қосымша-дербес сөзге жалғануға тиісті қосымшалар. Көмекшілердің мұндағы түрленуі өте шартты түрдегі түрлену екенін ескерген дұрыс, өйткені бір сөзге бірнеше қосымша жалғанғанда, бірінші қосымша ғана түбірге тікелей жалғанады, қалғандары қосымшаға жалғанады. Мысалы: *бала-лар-ымыз-ға*. Осындағы бірінші, екінші қосымшаларды түрленіп тұр деуге болмайды ғой. Өйткені түрленіп тұрған — түбір сөз. Сол сияқты кейбір көмекшілер де түбірге қатысты қосымшаны қабылдайды. Мысалы: *құла-ды, құлап кет-ті*. Бұлай болатын себебі — көмекшілер де сөз құрамындағы грамматикалық элементтердің бірі, ол да келесі көрсеткішті қабылдайды.

Көмекші элементтер сөз тіркесінде де негізгі конст-

руктивті компонент бола алмайды. Олар сөз тіркесінің бір компонентінің құрамындағы элемент ретінде ғана сөз тіркесіне енеді, бірақ оның өзі жеке сөз тіркесінің бір компоненті бола алмайды. Сондықтан сөз тіркесі ішінде дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесін М. Балақаев түйдекті тіркеске жатқызады. Мұнда оның сөз құрамындағы қосымшалардың қатарында, қызметінде қолданылғанын түсіну қиын емес. Қызметі жағынан оның қосымша дәрежесінде қолданылуы Н. К. Дмитриевтің көмекшілер мен қосымшаларды бір топқа заңды қосқанын растайды. Сөйтіп, қазақ тіліндегі көмекшілер — лексикалық мағыналы дербес сөздерден басқа элемент. Ол дербес сөздердің белгілеріне сай келмейді. Көмекшілер дербес сөздердің қатарынан грамматикалық дамудың нәтижесінде бөлініп шыққан. Тілдің грамматикалық көрсеткіштерінің қатарына қосылған.

А. Н. Қононов өзбек тіліндегі сөзді дербес және дербес емес сөздер деп үлкен екі топқа бөледі де, дербес емес (незнаменательные) сөздерге ол да септеулік, жалғаулық, демеуліктерді жатқызады. Ал олар сөз бен сөздің, сөйлемдердің арасындағы қарым-қатысты білдіріп, сөзге, сөйлемге түрлі мағыналық реңк қосады деп көрсеткен<sup>28</sup>. С. Усманов өзінің «Морфологические особенности слова в современном узбекском языке» деген еңбегінде аналитикалық формалар жайында сөз етеді. С. Усманов зерттеуінде аналитикалық формаларды жасаушы элемент ретінде көмекшілерді алған. Бұдан оның көмекшілердің грамматикалық мағынасын танытынын аңғару қиын емес.

Соңғы кезде аналитикалық септік формасы туралы сөз қозғалып жүр. Бұрын кейбір шылаулардың, көмекшілердің тіркесі септік жалғаудың мағынасымен синоним болатынына зерттеушілер назар аударып келгені мәлім, ол қазақ тіл білімінде де бар. Мысалы, *саған — сен үшін, үйде — үйдің ішінде* т. б. Бірсыпыра грамматикаларда әр септіктің қосымшаларын көрсетумен бірге, олардың тіркесетін шылауларын да көрсету тәжірибеде кездесіп жүр. Азербайжан тілінің грамматикасында септік категориясында негізгі ілік, барыс, шығыс формаларымен тіркесетін шылаулар көрсетілген<sup>29</sup>.

<sup>28</sup> Қононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. Л.; М., 1960, с. 296.

<sup>29</sup> Грамматика азербайджанского языка. Баку, 1971, с. 44—47.

Рас, шылаулардың септік мағынасын білдіруіне түркологтар ертеден назар аударғаны бізге мәлім <sup>30</sup>.

В. А. Богородицкий де бұл мәселені аттап өткен жоқ, оның: «септік қосымша және орыс предлогтарына сәйкес шылаулар арқылы беріледі» — деген пікірін еске алсақ, септік жалғауларының қызметінде шылаулардың қолданынынын түркологтардың ерте танығаны анық көрінеді. Бірақ В. А. Богородицкийдің бұл пікіріне тек синтетикалық грамматиканы танушы ғалымдар көңіл бөлмегені анық. Соның нәтижесінде *балән, билен, менән, булан, бла, иле* т. б. дыбыстық вариантта түркі тілдерінің көбінде бар шылаудың біраз тілдерде қосымша дәрежесіне жетіп, септіктің бірі танылып келе жатқанына қарамастан, көптеген түркі тілдерінде оны септіктің аналитикалық формасы деп танымауы тек қана синтетикалық грамматиканы танудың әсері қаншалықты күшті екенін дәлелдейді.

Қазақ, чулым-түркі, шор тілі сияқты тілдерде *балән* шылауы -мен, -была, -ба түрінде қосымшаға айналып, көпшілік түркі тілдерінде ол шылау қалпын сақтағанымен, оларда функциональды-семантикалық жағынан айырма жоқ. Айырма тек олардың сыртқы формальды дыбыстық құрам жағының дамуына ғана қатысты. Сондықтан оның шылау қалпын сақтауына сүйеніп, септік категориясына жатқызбаудың ешбір теориялық негізі бар деуге келмейді. Бұған дәлел аналитикалық тілдерде септік көрсеткіші ретінде предлогтардың танылатынын келтіруге болады. Егерде ағылшын, француз тілдерінде сөз бен сөздің қатысын білдіруді предлогтар атқаратын болса <sup>31</sup>, түркі тілдерінде ол қызметті көмекшілер неге атқармауға тиісті? Біздің тіліміздің таза синтетикалық тіл емес екені анық. Осы кезге дейін В. А. Богородицкий сияқты ірі түркологтарымыз көрсеткен септіктің аналитикалық түрін зерттеу қолға алынған жоқ, ол ғалымдар көмекші есім мен шылауларды септікке дәлелсіз жатқызбаған. Септік категория — тілдегі ең абстракты мағыналы грамматикалық категория. Егер көмекші есім мен септеулік шылау осы грамматикалық категорияның көр-

<sup>30</sup> Мелиоранский П. М. Грамматика казах-киргизского языка, ч. 1, 1894.

<sup>31</sup> Мартъянова Е. П. Французские предлоги и их соответствия в русском языке. Харьков, 1964, с. 8.

сеткіші болса, оның грамматикалық мағынасы туралы дау болуы мүмкін емес. Бұл айтылғандардың бәрі көмекшілердің грамматикалық қызметте, грамматикалық мағынада қолданылатынына дәлел бола алады.

### 3. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІЛЕРДІҢ КАТЕГОРИЯЛАРҒА ҚАТЫСЫ

Қазақ тіліндегі көмекшілердің грамматикалық мағынасын олардың категорияларға қатысы арқылы дәлелдеуге болады. Тілдің грамматикалық құрылысындағы категориялардың мағынасын білдіретін тұрақты көрсеткіштердің бәрі категориялардың формасы болса, оның мағыналары сөзсіз грамматикалық мағынаға жатады. Осы тұрғыда тілдегі көмекшілердің категорияларға қатысын анықтаудың мәні зор. Қазақ тіліндегі есім көмекшілер мына категорияларға қатысты: септік, шырай, модаль категориялары. Зат есімнің септік категориясы заттардың арасындағы қатысты білдіреді. Түркологияда септік категориясына көмекші есімдер қатысты деген пікір ертеде айтылып жүргені жоғарыда келтірілді.

Көмекші есімдер қазақ тіл білімінде соңғы кезде зат есімнің құрамында қаралып жүр. Бұған себеп — көмекші есімдер де көмекші етістік сияқты өзі шыққан сөз табынан байланысын үзбеген. Олардың беретін грамматикалық мағынасы зат есімге қатысты, түрленуі де сол сөз табымен бірдей, зат есіммен тіркеседі. Осының бәрі оларды зат есім құрамында қарауға себеп болған. Көмекші есімдер дербес мағыналы зат есімнен грамматикалық дамудың нәтижесінде абстракцияланып, грамматикалық қызметке ауысқан.

А. Ысқақов: «Көмекші есімдердің түпкі шыққан төркіндері орын-мекен жайларына байланысты, демек, белгілі бір заттың, не нәрсенің, заттық құбылыстың, не уақиғаның алды я арты, асты я үсті, іші я сырты, жаны я қасы, маңы я тұсы, арасы я ортасы, шеті я жағасы, беті я түбі, басы я ұшы тәрізді ұғымдардың атаулары екендігі шүбәсыз», — дейді<sup>32</sup>.

Көмекші есім деген терминнің қалыптасуы Н. К. Дмитриевтің «Служебные имена в турецком языке»


---

<sup>32</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 152-б.

деген мақаласынан басталады<sup>33</sup>. Көмекші есімдердің түркі тілдеріндегі жағдайында оншама үлкен айырма жоқ. Көмекші есімдердің дербес сөзге тіркесу қабілеті өте күшті. Олар зат есімдерге, есімдіктерге, заттанған сөз таптарына тіркесе береді.

Көмекші есім білдіретін мекендік, мезгілдік қатыс нақтылы мекен, мезгіл емес. Қала, үй, ауыл, тау, қыс, жаз, сентябрь, май сияқты заттың нақтылы орны мен мезгілін білдіру лексикалық мағынаға жататыны белгілі. Көмекші есімдер мұндай нақтылы орынды, мекенді, мезгілді білдірмейді. Мысалы: *алд, арт, іш, қас, жан, маң* дегендер объективті өмірдегі нақтылы мекеннің аты емес, ондай нақтылы мекен жоқ. Бұлардың мекен мағынасы септіктерге жақын. Мағынасына қарай түркологияда местный падеж аталған жатыс септік те заттардың арасындағы мекендік қатысты білдіреді. Бірақ жатыс септік нақтылы мекенді білдірмейді, ол да мекен ұғымын абстракты түрде ғана білдіреді. Сол сияқты көмекші есімдер де абстракты мекен мен мезгілді білдіреді. Заттардың арасындағы мекен, мезгіл қатыстары да объективті өмірге тікелей байланысты. Бірақ олар объективті өмірдегі зат пен құбылыстың нақтылы мекенінің өзі емес. Ол объективті өмірдегі зат пен құбылыстың арасындағы мекендік қатысты ғана білдіреді.

Көмекші есімдердің мағынасы абстракты болғандықтан, олар мекен, мезгіл атауының бәріне қатысты. Мысалы: үйдің жаны деген сияқты оны үлкен бір топ зат атауларының бәрімен тіркестіре беруге болады:



Көмекші есімдерге тән мекен мағынасының септікте барын жоғарыда айттық. Көмекші есімдердің осы мағынаны білдіруі, ол мағынаның абстракты мекен мағынасы болуы зерттеушілердің көмекші есімдерді септікке жатқызуына әкелген. Оның үстіне көмекші есімдер септелуге тиісті дербес сөздердің нақтылы формасымен ғана (ілік, септік) тіркеседі. Көмекші есімдер мен дербес сөздің тіркесі тілде белгілі модель бойынша тұрақты системаға

<sup>33</sup> Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. М., 1962, с. 114.

айналған. Көмекші есім септік категориясында түрленуге тиісті сөзге ғана тіркеседі және ол дербес сөз бен септік жалғауының арасында тұрады. Басқаша айтқанда, дербес сөз әуелі көмекші есімдерді, сол арқылы септік жалғауларын қабылдайды, септеледі. Бұл ретте И. И. Мещаниновтың көмекші есімдерді синтаксистік қатысты өткізгіштер (передатчики) деген пікірін еске алған жөн. Дербес сөз бен көмекші есім тіркесінде көмекші есімдер сөзге грамматикалық көрсеткіш ретінде тіркесетін болғандықтан, дербес сөзге қосылуға тиісті келесі қосымша көмекші есімге тіркеседі: *үйдің—жанына, үйдің—сырты-нан*. Сөйтіп, септік мағынасы дербес сөзге көмекші есім арқылы өтеді. Осы ретте И. И. Мещаниновтың көмекші есімдерді өткізгіштер (передатчики) деп атауы өте орынды екені байқалады.

Көмекші есімдер септік категориясымен байлаулы, ол септіксіз ешқашан қолданылмайды. Септік категориясымен мағына жағынан байланысына қоса, оның септік категориясынсыз тілде қолданылмауы көмекші есімдердің септік категориясымен тығыз байланысына дәлел.

Сөздердің қарым-қатысын жалпы көрсету керек болғанда, септіктің синтетикалық түрі қолданылады да, септіктің мекендік мағынасын дәл, нақтылы көрсетуде көмекші есім тіркеседі, септіктің аналитикалық формасы қолданылады.

А. Н. Кононов көмекші есімдер сөздердің арасындағы синтаксистік қатысты көрсетеді деп санайды. Оны төмендегі сөзінен көруге болады: «Зат есім, есімдік, заттанған сөз таптарымен тіркесетін көмекші есімдер олардың басқа сөз таптарына синтаксистік қатысын білдіреді дейді<sup>34</sup>. Сөздердің арасындағы синтаксистік қатысты білдіру — септік категориясының қызметі. А. Н. Кононов көмекші есімдердің қызметін септік жалғауларымен тең қояды. Бұл пікірді дамытушылар да жоқ емес. Көмекшілерді аналитикалық септелудің көрсеткіші деп тану татар ғалымдарының еңбектерінен орын алады. Септік категориясын зерттеуде қазір түркологияда татар ғалымдарының табыстары мол. Септік категориясын зерттеуде мұнда жаңа бағыт, жаңа көзқарас бар. Ф. А. Ганиев септіктің синтетикалық формаларына да бұрынғы

---

<sup>34</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956.

қатып қалған көзқарас шеңберінен шығып, жаңа тұрғыдан қарауды ұсынады. Ол өз мақаласында татар тілінде 10 синтетикалық септік, 8 аналитикалық септік барын дәлелдейді<sup>35</sup>.

Аналитикалық септік деп Ф. А. Ганиев нольдік формадағы есім сөзбен көмекшілердің тіркесін ғана таниды. Мұндай аналитикалық септік деп ол төмендегі 8 септікті таныған:

1. Социатив (орудийно-совместный падеж). Бұл септіктің мағынасы нольдік формадағы зат есімге *белән* шылауының тіркесі арқылы берілетінін келтірген. Бұл септіктің мағынасы деп қимылдың құралын, не бірігіп жасауды санайды. Беркөнне дуслар белән мәжелес қорып утырдық, рәт-рәт булып өй тутырып (М. Гафури). Бұл септік — қазақ тіліндегі көмектес септік сияқты.

2. Дестинатив (причинно-целевой или предназначенный падеж). Септік нольдік формадағы зат есімге *өчен* шылауының тіркесі арқылы жасалады, мағынасы — мақсат, себеп: Батырлығы өчен командование Хайруллинны III дәрежәдәге Дан ордены белән бүләкләде (Ә. Айдар).

3. Уподобительно-сравнительный падеж. Нольдік формадағы зат есімге *кебек, шикелле, кадәр, төслс, хәтле, тикле, чаклы* шылауларының бірі тіркесу арқылы оның мағынасы беріледі. Мағынасы — екінші бір затқа ұқсауды не онымен салыстыруды білдіреді: Хаким белән Талип тезгенсіз жибәреелгән ат шикелле аңардан калыбрак атлыйлар (Ә. Еники).

4. Изъяснительный падеж. Нольдік формадағы зат есімге *турында, хақында* шылауының бірі тіркеседі. Мағынасы — әңгіменің кім, не туралы екенін білдіреді. Бу дуслар хақында сүз күзгаткач, аның қашы жыерылды (Г. Ибраһимов). Менә бүгенге кичке дә сүзләре бала тұрында башланып китте (Г. Минский).

5. Местный падеж. Нольдік формадағы зат есімге *буенча, буйлап, өстендә, остендәге, астында, астындағы* көмекшілерінің бірі тіркеседі. Қимылдың болған орнын, заттың орнын, мекенін білдіреді. Монда жир астында һәр станциядә байлық сизелә (Г. Гали). Тавыншы Идел

---

<sup>35</sup> Ганиев Ф. А. О синтетических и аналитических падежах (в татарском языке). — Вопросы тюркологии. Казань, 1970, с. 79.

дулкыннары өстендә чайкала-чайкала шаулап бара (Г. Бәширов).

6. Исходный падеж. Зат есімге *астыннан, өстеннән* шылаулары тіркеседі. Қимылдың бағытын (*астынан, үстінен*) білдіреді. Болыт астынан айның қырыс күренде (И. Гази).

7. Направительный падеж. Зат есім  $\emptyset + \text{өстенә}$ , *астына* көмекші есімдері. Қимылдың бағытталған затын білдіреді. Кеше янәшә торған вагон астына керде (Г. Гобәй). Жәрәхәт өстенә төз сибәләр (М. Ғафури).

8. Причинный падеж. Зат есім  $+$  *аркасында, сәбәпле*. Мағынасы — себеп: Қорректорның игътибарсызлығы аркасында афишада хата киткән (И. Камал)<sup>36</sup>. Бұл септіктерден басқа *аша, арқылы, саен* шылауларының тіркесі барын айтып, оның мағынасы табыс сияқты деген жорамал айтады.

Біз Ф. А. Ганиев көрсеткен септіктерді әдейі келтіріп отырмыз, бірақ одан оны осы қалыпта қабылдау керек деген пікір шықпау керек. Автордың осы мақаласында байқалатын негізгі пікір — ол синтетикалық септелу және аналитикалық септелу деп оларды екі түрлі жүйе ретінде қарайды. Бұл пікір көңіл бөлуді, ойлануды керек ететіні сөзсіз, өйткені синтетика — аналитикалық, аналитикалық септік формалары туралы автордың пікірі соны, жаңа және пікір таласын да туғызатыны анық. Шындық пікір таласы арқылы туатынын ескеріп, осындай жаңа пікірлерді тағы да еске салып отырмыз. Қалыптасқан қағида төңірегінен шықпаудың ғылымның дамуына зияндылығы дәлелдемесе де, белгілі жағдай, бұл мақала өте күрделі мәселеге көңіл аудару, оны шешуге шақыру ретінде түсінілу керек, мәселенің шешімі үлкен-үлкен арнайы зерттеуді керек етеді.

И. И. Мещанинов көмекші есімдермен бірге септеулік шылауларды да септік категориясына жатқызады. Мұнда ол септеулік шылаулардың есім сөзді меңгеруіне сүйенген. Оны мына сөзінен көруге болады: «Бағыт мағынасын білдіретін шейін шылауы қимылдың тоқтайтын шегін білдіріп, сөздің барыс жалғауда тұруын керек етеді: *қалаға шейін — до города* т. б. Бұл шылаулардың

---

<sup>36</sup> Ганиев Ф. А. Вопросы морфологии татарского языка. Казань, 1980, с. 28—30.



бәрі лексикалық единица мағынасын жоғалтқан»<sup>37</sup>. Септеулік шылаулар белгілі септік формасына байлаулы, әр септік формамен қолданылатын тілде түрлі септеуліктер бар. Септеуліктер өзі тіркесетін сөздің белгілі септікте тұруын қажет етеді. Сондықтан септеуліктер сөз формасын меңгереді деп санайды. Септеулік шылаулар өзі тіркескен сөзге түрлі мағына қосады: олар мезгілдік, мекендік, себептік, мақсаттық өлшем, құрал т. б. осы сияқты қатысты білдіреді. Сол арқылы сөздің сөйлемдегі қызметін белгілейді. Сөйлемде ол дербес сөзбен бірге бір мағына береді, олар бір тұтас элемент қызметін атқарады. Сөйлемнің мағыналы бір бөлшегі ретінде қызмет етеді.

Септеулік шылаулардың белгілі септікті талап етіп, оған мағына үстейтінін төмендегі мысалдардан көруге болады. Мысалы: Әсия осындай ойлардан көпке дейін арыла алмады (Х. Рахимов). Айшаның ағасы Жанәлімен кішкене сөйлесіп, екеуі тысқа шығып, Бименденікіне қарай келді (С. Сейфуллин). Бұл мысалдардың алдыңғысында мезгіл, соңғысында мекен мағынасы *дейін, қарай* шылаулары арқылы берілген.

Қазақ тілінде мезгілдік қатыс *шейін, дейін, қарай, таман, салым* шылаулары арқылы беріледі. Олардың бәрі барыс септік формасындағы дербес сөзге тіркеседі. Мысалы: Енесі кәрі, ерте суалып кетсе, күзге шейін семіреп еді (С. Сейфуллин).

Мекендік қатысты *шейін, дейін, қарай, таман, жуық, әрі, бері* шылаулары білдіреді. Мысалы: Келе жатқан мені көрген соң екеуі арман қарай жылдамдатып жөнелді (С. Сейфуллин). Заттардың ара қатысын *үшін, туралы, жөнінде, жайында* шылаулары береді. Мысалы: Екеуі де іске қарай беріледі, іске қарай қайтып алынады (Ғ. Мұстафин).

Әрине, септеулік шылаулардың заттардың арасындағы алуан түрлі қатысты білдіретіні сөзсіз және олардың септеулік аталуы да белгілі дерекке негізделген. Олардың тіркесетін тұрақты септіктері бар. Басқаша айтқанда, олар белгілі септіктердің мағынасын ғана толықтырады. Осы тұрақтылық тегін емес. Сондықтан қазақ тілінде

---

<sup>37</sup> Мещанинов И. И. Члены предложения и части речи. Л., 1978, с. 362—363.

де аналитикалық септік мәселесі нақтылы арнайы зерттеуді керек етеді.

Сын есімнің шырай категориясы заттың сындық белгісінің дәрежесін көрсететін өте абстракты грамматикалық категорияға жатады. Осы абстракты мағына қазақ тілінде аналитикалық элементтер арқылы беріледі. Мысалы: Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзынша бойы, ашаң, құба жүзі, қоп-қою, қап-қара құндыздай екі қасының арасы қосылған қабағы, тереңдеп мұңайған кер көзі оның кешеден бері қиын, қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін еді (С. Сейфуллин). Аталық тым тұйық, — деп ойлайды Әсия, — мынадай жайдары емес (Х. Рахимов).

Осы сөйлемдердегі *-қоп*, *-қап* күшейткіш буындары қою, қара түстерін өте күшейтіп көрсетіп тұр. Сындық белгісінің жоғарғы дәрежесін білдіріп тұрған күшейткіш буындарды алып тастап, оны қою, қара түрінде алсақ, онда тек түстің негізгі аты ғана бар, күшейту мәні жоқ, өйткені сапаның жоғары сатысын келтірілген мысалдарда күшейту буыны білдіреді. Сол сияқты тым тұйық дегенде де тұйық мәні тым көмекшісі арқылы күшейтіліп, асыра бағаланып тұр. Сөйтіп, сындық белгінің жоғары дәрежесін білдіретін көмекшілер қазақ тілінде тұрақты, әбден қалыптасқан. Мұндай мағыналы көмекшілер түркі тілдерінің бәріне ортақ, олардың мағынасы да түркологияда әбден танылған. Сондықтан бұл көмекшілерді сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы деп тану қажет екені талассыз деп санаймыз.

Шырай категориясын жасайтын көмекшілердің тілдің грамматикалық құрылысында өзіндік орны бар. Сын есімнің асырмалы және күшейтпелі шырайларының көмекшілер мен күшейткіш буындар арқылы жасалатыны грамматикаларда, тіпті мектеп грамматикаларында да көрсетіліп жүр. Бірақ олар ешқашан көмекшілер тобында көрсетілмейді. Тілдегі көмекші элементтерді бір топ етіп жіктеген проф. А. Ысқақовтың еңбегінде де ол күшейткіш көмекші элементтер аталмаған.

Ал күшейткіш үстеуі аталып жүрген өте, аса, тым, ең сияқты тілдік элементтердің мағынасы өте абстракты. Бұл элементтердің объективті өмірде атайтын нақтылы белгісі жоқ. Ол түс те емес, сапа да емес, мекен, мезгіл,

зат, құбылыс, әрекет дегеннен олар мүлдем алыс. Олар — бір белгі мен екінші белгінің арасындағы салыстыру арқылы көрінетін айырмашылықты білдіреді. Бұның өзі зат белгілерінің қарым-қатысына байланысты. Объективті өмірдегі құбылыс, зат, белгі арасындағы қарым-қатыс ғылымда грамматикалық мағынаға жататыны жоғарыда айтылған. Олай болса, бұлардың мағынасы үстеу сияқты жеке сөз табының нақтылы лексикалық мағынасы емес, нағыз грамматикалық мағына. Күшейткіш көмекшілер — грамматикалық категория көрсеткіші, сондықтан оның мағынасы — грамматикалық мағына, ол грамматикалық мағына бермесе, грамматикалық категорияның көрсеткіші болмас еді, ал олар шырай категориясының көрсеткішіне жатады, өте абстракты, грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін көрсеткіштің мағынасы лексикалық мағынаға жатпайды. Мысалы: Суық үйде, суық күндерде ең жылы, ең жұмсақ құшақ осы әжесінің құшағы болатын (Ғ. Мүсірепов). Мысалдағы 1) *ең жылы*, 2) *ең жұмсақ* деген сөздер анықтауыш қызметін атқарады, олардың әрқайсысының құрамындағы *ең* деген элемент жеке лексикалық мағына бермейді, ол *жылы*, *жұмсақ* деген сындық белгіні күшейтіп, оның заттың жоғарғы сапасы екенін білдіріп тұр. Сындық белгіні тіпті асыра көтеріп тұрған бұл күшейткіш көмекші — асырмалы шырайдың көрсеткіші, грамматикалық категорияның осындай көрсеткіштері оқулықтарда үстеуге жатқызылып жүр. Ол шырай көрсеткіші болса, оның лексикалық мағынасы болмауға тиіс, үстеу болса, ол дербес сөз ретінде қаралып, оның лексикалық мағынасы танылу керек. Тілде бір элементке жататын бірақ даму нәтижесінде ол екі элемент дәрежесіне жету, бұрынғы мағынасында да, жаңа мағынада да қолданылу жиі кездеседі. Сондықтан бұлардың да осылай екі қызметті атқару мүмкіндігін жоққа шығармағанның өзінде ол шырай көрсеткіші қызметінде көмекшілікке ауысқаны даусыз.

Бұл күшейткіш элементтер негізінде шырайдың аналитикалық формасын жасайтын көрсеткіш ретінде қаралу керек. Бұл жағдайлар күшейткіш элементтерді көмекшілер тобында қарауға толық мүмкіндік береді.

Күшейткіш шырайдың аналитикалық формасын жасаушы күшейту буыны туралы да осыны айтамыз. Олар контексте сын есімнің алғашқы буынынан жасалады, сол

өзі жасалған сын есіммен ғана тіркеседі, басқа сын есіммен тіркеспейді, дербес қолданылу мүмкіндігі жоқ, өйткені лексикалық мағына бермейді, тек күшейту мағынасын қосады. Бұл айтылған белгілердің бәрі көмекшіге қатысты, сондықтан бұлар да көмекшілер тобына жатады.

Қазақ тілінде сын есімнің шырай категориясының мағынасы қосымша арқылы да, көмекшілер арқылы да беріледі<sup>38</sup>. *Үлкен* деген сөзді шырай арқылы түрлендірейік: *үлкенірек, үлкендеу, үп-үлкен, өте үлкен*. Шырай мағынасы бұл мысалдарда екі түрлі тәсіл арқылы жасалған: *үлкенірек, үлкендеу* дегенде шырай синтетикалық тәсіл арқылы жасалған, олар шырайдың синтетикалық формасында тұр. Онда шырай мағынасын білдіретін қосымша сөз құрамына енген. *Үп-үлкен, өте үлкен* дегенде шырай мағынасын білдіретін көрсеткіш сөздің дыбыстық құрамынан бөлек тұр, олар қосымша емес, дербес сөзге жатпайды, өйткені олардың лексикалық мағынасы жоқ. Егер олардың лексикалық мағынасы болса, *үп-үлкен, өте үлкен* мысалдарында ол бір категорияның парадигмасы бойынша түрленген түрлі сөз формалардың бірі ғана болмас еді. Мұндағы *үлкенірек, үлкендеу, үп-үлкен, өте үлкен* — шырай категориясының парадигмасы бойынша түрленген сөз, олар бір сөздің түрлі формалары, тек олардың алғашқы екеуі синтетикалық формаға жатады да, *үп-үлкен, өте үлкен* дегендер аналитикалық формаға жатады.

Бұл жерде шырайдың аналитикалық формасын жасап тұрған *өте* сөзіне және *үп* — деген күшейту буынына түсінік беру қажет, өйткені бұлар қазақ тілінде танылған көмекші сөздердің ешқайсысында аталмаған дегенбіз. *Өте* сөзі қазақ тілінің грамматикаларында күшейту үстеуінің тобына жатқызылады. Бұны үстеу деп тану оның лексикалық мағынасын тануды талап етеді, оның бірлі-жарым етістіктермен тіркесте қолданылатыны рас: *өте асықты, өте ұрысты, өте кейіді, өте мақтады*. Күшейту үстеулері етістіктерді тандап және олармен өте сирек тіркеседі, бұл үстеудің табиғатына қарсы келеді, ал үстеудің негізгі тіркесетін сөз табы—етістік. Күшейту

---

<sup>38</sup> Мұсабаев Ф. Ф. Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары. Алматы, 1951, 66-б.; Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1960, 1-бөлім, 97, 127, 142—143-б.; Аханов К. Қазақ тілі оқулығы. Алматы, 1971, 113, 165, 194-б.

үстеулерінің етістікпен тіркесінде көңіл бөлерлік бір жағдай бар.

Жоғарыда келтірілген тіркестердің тілде екінші вариантта қолданылуы бар: *өте қатты асықты, өте қатты ұрысты, өте қатты кейіді, өте қатты мақтады*, бұнда *өте* элементі сын есімнің алдынан тіркесіп тұр. Күшейткіш көмекшілердің осы тіркестерде қолданылуы олардың алғаш етістікпен тікелей тіркеспегенін көрсетеді, тілде орын алатын ықшамдау заңдылығы бойынша мұндағы сын есімнің түсіп қалуынан *өте, ең, тым, тіпті сияқты* көмекшілер кейіннен етістікпен тіркесетін болған. Осы жағдайлардың бәрі күшейту үстеуі саналып жүрген сөздердің табиғаты тіл білімінде дәл ашылмағанын көрсетеді, олардың ішіндегі сын есімнің шырайын жасайтындарының үстеу саналуы шындыққа жанаспайды. Оған қоса асырмалы шырайдың жасалу жолы деп ешбір талассыз танылып жүрген *ең, тым, өте, тіпті сияқты* элементтердің шырай категориясының көрсеткіші болуы қазір олардың лексикалық мағынасынан айрылғанын көрсетеді. Грамматикалық категориялардың көрсеткіштерінің лексикалық мағынасы болмайтыны түсінікті, лексикалық мағыналы сөз грамматикалық категорияның көрсеткіші бола алмайтыны да даусыз. Бұл олардың көмекші сөздер екенін көрсетеді. Сөйтіп, асырмалы шырайдың аналитикалық формасы көмекші сөздердің ерекше бір тобы, күшейткіш көмекшілер арқылы жасалады. Олай болса, қазақ тілінде көмекші сөздердің үш түрін ғана (көмекші есім, көмекші етістік, шылау) тану әлі де анықтауды керек етеді, өйткені бұл топқа күшейткіш көмекшілер қосылу керек. Сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы басқа тілдерде де бар, олардан орыс тілін мысалға келтіруге болады, *самый чистый, наиболее чистый* сияқты формаларды В. В. Виноградов, аналитикалық форма деп таниды<sup>39</sup>.

Осы топтағы күшейткіш буындардың да жағдайы осындай, олар да осы категорияның нақтылы көрсеткіштері. Олардың мағыналарының абстрактылық дәрежесі де бірдей. Сондықтан сын есімнің шырай категориясының бұл көрсеткіштері де грамматикалық мағына беретіні сөзсіз. Мысалы: Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Күн қып-қызыл шоқтай болып шығып келеді (Ғ. Мүсіре-

<sup>39</sup> Виноградов В. В. Русский язык. М.; Л., 1947, с. 143—245.

пов). Осы екі сөйлемдегі қара, қызыл түсінің ең жоғарғы сатысын *қал-*, *қыл-* деген күшейткіш буындар білдіріп тұр. Олар — қара, қызыл түстеріне күшейту мағынасын қосушы грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарушылар.

Күшейтпелі шырайдың жасалу жолына жататын күшейту буынды дербес сөз деп тануға болмайды, өйткені ол сөздің тек бір буыны ғана, оның толық лексикалық мағынасы жоқ. Ол буынның құрамындағы *-л* көне қосымша, сөздің алғашқы буыны осы қосымшамен тұтас бір морфемаға айналған, сондықтан бір мағына береді. Ол сөздің алдынан қосарлану арқылы күшейту мағынасын беріп, сын есімнің күшейту шырайын жасайды. Мұндай күшейту буыны сөздің дыбыстық құрамына енбейді, ол тілдегі қайталама қос сөздер тобына жатады. Қос сөздер қосымша арқылы жасалмайды, ол оның жасалу принципіне қайшы. Дербес сөзге де, қосымшаға да жатпайтын, тілде категория көрсеткіші болып қалыптасқан, шырайдың аналитикалық тәсіл арқылы жасалуына жататын күшейту буыны шырай категориясының көрсеткіш қызметін атқаратындықтан, оны күшейтпелі шырайдың аналитикалық формасын жасайды деп санауға болады.

Демеулік шылаулар көмекшілер ішінде өзінше бір топ құрады. Олардың мағыналары субъективтік мәнді грамматикалық мағынаға жатады да, жалпы модаль категориясына қатысты, модаль категориясы тілдегі өте кең, мол, жан-жақты категорияға жатады. Осы категорияның ішкі семантикалық құрылымына демеулік шылаулар қатысты. Мысалға, *оқытушы-мыс*, *сен-ақ*, *ол ғана*, *келген-ді*, *әкем-ау* сияқты мысалдарды алсақ, ондағы лексикалық мағыналы дербес сөзге тіркескен шылаулар *кекету*, *шектеу*, *анықтау*, *таңдану* мағыналарын беріп тұр. Бұл мағыналар сөйлеушінің ішкі пікіріне лайық, соның көзқарасын білдіру үшін қолданылған. Мұндай мағына объективті өмірдегі зат, құбылыс, әрекет, заттың белгісі емес. Онымен сәйкес объективті өмірдегі нақтылы объект жоқ, оның объективті өмірде материалдың негізі жоқ. Мұнда объективті өмірдегі зат я құбылыс, оның белгісі, әрекеті туралы сөйлеушінің пікірі ғана бар, оны дербес сөзге тіркескен демеуліктер білдіріп тұр. Ол — модаль мағына, ол мағына тілдегі күрделі категориялардың біріне жатады. Бұл көмекші сөздің мағынасы дербес

сөздің белгілі тұлғасымен байлаулы емес. Демеулік шылаулардың сөзге тіркесу мүмкіндігі өте күшті. Ол сөз табын, сөз тұлғасын тандамайды. Демеулік шылаулар өте абстракцияланған, оның мағынасы — негізінен модальдық мағына.

Демеулік шылаулардың модаль мағынасы бүкіл сөйлемге әсер етеді, кейде жеке сөзге де қатысты болуы мүмкін. Демеулік шылаулардың мағынасы бүкіл сөйлемге қатысты болу үшін, ол баяндауышқа тіркесу керек. Басқаша айтқанда, сөйлемдегі ойға модальдық реңк беру үшін, демеулік шылаулар баяндауышқа тіркеседі. Мысалы: Ол келген ау, ол оқыпты ғой т. б. Мұндай демеулік шылаулардың сөйлемге түрлі модаль мәнді реңк беруін оның жалпы мәнде қолданылуы деген дұрыс. Ал демеулік шылаулар баяндауыштан басқа сөйлем мүшесіне тіркескенде, оның мағынасы сол сөзге ғана қатысты болады. Мысалы: Сен-ақ шаршамайсың. Мұндайда демеулік шылаулардың мағынасын жалқы мәнді деуге болады. Демеулік шылау қандай тіркесте қолданылса да, ол өзі тіркескен дербес сөзбен біртұтас мағына береді, сондықтан онымен бірге қаралады, сол сөздің құрамына қатысты элемент болып саналады. Дербес сөзсіз демеулік шылау қолданыла алмайды.

Демеуліктер беретін мағыналардан мысалдар келтіріп көрейік. Демеуліктердің мағыналарының түрлеріне қарап-ақ олардың мағына абстрактылығын, субъективтік мәнін аңғаруға әбден болады. Демеуліктер сұрақ мағынасын білдіреді: *ма, ме, ба, бе, па, пе, ше*. Мысалы: Қызық екен мұның, — деді ол, — мен сенен жұмыс сұрадым ба? Алуа ше? Алуаның арғы жағы ше? (С. Мұқанов). Киім-кешек ше? (Х. Рахимов). Әлде оның бар болмысы осы ғана ма, әлде осы бір икемсіз әдеті қыз жанына мәңгі сіңіп қалған ба? (А. Шамкенов). Келтірілген мысалдардың бәрі сұраулы сөйлемге жатады. Бүкіл сөйлемге сұрақ мәнін қосып тұрған сөйлемдегі демеулік шылаулар *ма, ше*, енді осы шылауларды сөйлем құрамынан шығарсақ, сөйлемнің сұрау мәні жойылатыны белгілі.

Шектік мағынаны білдіреді: *қана, ғана; ақ*. Мысалы: Талдырмаш сұлу тұлғасы белін қынай тіккен қалың пальтонның сыртынан-ақ әсем көрініп, онысы әлдебір пішінімен Әсияға ұқсайтын сияқты (Х. Рахимов). — Ауылнай, айтатын сөзінді ғана айтып, жөнге бастасайшы

(С. Сейфуллин). Күні кеше ғана ақылды да, ойлы, білімді де мәдениетті сезілген бұл адамның өзімшіл, өркөкірек, опасыз жан екеніне енді ғана көзім жетті (Х. Рахимов).

Нықтау, бекіту, ойды нығайту, нығыздау мағынасын береді: *да, қой, ғой, ды, ді, ты, ті*. Мысалы: Ақын ғой мынауың, — деді Қоржынбай (С. Сейфуллин). Шыңғыс ол кезде кәрі шал да (С. Мұқанов). Мұның бәрін Дәмеш білетін де (З. Шашкин). Бірақ оған мән бермеген-ді. Аталық поездан түскен бойда көлік іздеп селолық советке келген-ді (Х. Рахимов).

Ойды күшейту мағынасын *ақ, да* береді. Мысалы: Жаздың ортасына жетпей-ақ бұл жерде көп үйлердің іргесі көтеріліп, олардың кейбіреулерінің мұржасынан түтін де түтей бастаған (Х. Рахимов). Олжабек ұйықтап кеткенін сезбей де қалды (Ғ. Мұстафин). Өлісіп те көрмек болып еді (М. Әуезов). Көп өтпей-ақ батальон алдыңғы шепке қайта оралып, жауға жақындай келіп орналасты (Х. Рахимов). Көзілдірігім жүргенімде сүріндіре бергенімен, жақын жерден бадырайтып-ақ көрсететін еді (Бұл да).

Өкінуді, күйінуді білдіреді: *ау, ай*. Мысалы: Бақыт дәл алдыма келіп, құшағына алғандай болыпты, сонымен елемеппін-ау. Сол бақытымнан айрылып қалыппын-ау. Қара ұл-ау жоғары шықсаңшы (Х. Рахимов). Сол күйінде «Әттегене-ай» деп әлденені күткендей шинелінің бір жеңін шеше окопқа қарай ұмтылып еді (Бұл да). Сол ауылды көріп, әлденені есіне түсіргендей болып «әттегене-ай, Әсия, кеттің-ау. Қазір қайда отыр екенсің сен?» — деп, күбір ете қалды жігіт (Х. Рахимов).

Сүйсіну мағынасын береді: *ау, ай, ақ*. Мысалы: Шіркін-ай, дос-ау (Х. Рахимов). Жарасып-ақ тұр (Бұл да).

Таңдану мағынасын береді: *ау, ақ*. Мысалы: Тек «япыр-ау, осы төңіректе тұрамын, — деп еді-ау анада. Ұмытыппын-ау», — деп ойлады ол (Х. Рахимов). — Бетім-ау — шын кісі ғой, — деді келіншек (С. Сейфуллин). — Соған да шынымен нанушы едік-ау, шынында, осы не екен? — ...Керемет-ау... — деді (С. Сейфуллин).

Мақұлдауды білдіреді: *ау, ғой*. (Мысалы: — Солай еді ғой (С. Сейфуллин). Рас-ау, неге барады (З. Шашкин).

Аяу, сұрау, тілеу мағынасын береді: *ай*. Мысалы:



«Аға-ке-ай, енді қалай қыламыз?» — деп еді (С. Сейфуллин). — Алла-ай өздеріңіз кім едіңіздер? Ағатайлар-ай, өздеріңіз жай кісі ме едіңіздер? (Бұл да). «Қарағым-ау, Бәтжан... Бәтжанбысың? Ойпыр-ау Бәтжан... Бәтжан-ау... (Бұл да).

Жоғарыдағы шектік, нықтау, күшейту, өкіну, күйіну, сүйіну, мақұлдау, аяу, тілеу, сұрау мағыналарының бәрі сөйлеушінің, субъектінің пікірін, көзқарасын білдіретіні ғылыми еңбектерде дәлелденіп жүргені белгілі<sup>40</sup>. Сөйлеушінің, субъектінің затқа, уақиғаға, қимыл-әрекетке көз-қарасын білдіру модальдық мағынаға жататыны да — ғылымда белгілі мәселе. Сондықтан демеулік шылаулардың модаль категориясына қатысы күмән туғызбайды.

Модаль категориясына қатысты көмекшілердің тағы бір тобы модаль сөздер, олар: *керек, тиіс, қажет, мүмкін* сияқты модаль мәнді морфемалар. Бұл элементтердің даму дәрежесі, абстракциялануы өте жоғары емес. Бірақ бұлардың етістікке тіркесінде абстракциялануы өте күшті. Мысалы, *оқу керек, келуге тиіс, білуі мүмкін, баруы қажет* т. б. Мұнда модаль сөздер қимыл-әрекет туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіріп, дербес мағыналы етістікке тіркесіп, соның құрамына енеді, сөйлемде онымен бір мағыналы бөлшек құрады, жеке сөзформа жасайды.

Синтаксистік қызметте қолданылып, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы көмекшілер де бар. Ондай көмекшілер бір сөздің аясында қалмайды. Оған жалғаулық шылаулар жатады. Жалғаулық шылаулар ғана бір сөздің аясынан шығып, екі сөзге, екі сөйлемге бірдей мағына қосып, оларды байланыстыру қызметін атқарады. Жалғаулықтар — сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын байланыстырушы көмекшілер. Осы тұрғыда оларды аналитикалық байланыстырушылар деуге болады. Жалғаулықтар тілдегі басқа көмекшілерден ерекше синтаксистік құбылысқа жатады. Бұл жұмыста көмекші сөздердің үлкен бір тобы көмекші етістіктер туралы мағлұмат бермеуді дұрыс көрдік. Көмекші етістіктердің грамматикалық қызметі, олардың тіл категорияларына қатысы, қандай категориялардың мағынасын білдіріп, оның көрсеткіші болатыны туралы

<sup>40</sup> *Амиралиев К.* Семантико-грамматические функции частиц тюркских языков. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1980.

арнайы жазылған ғылыми еңбектер бар<sup>41</sup>. Сондықтан жұмыстың көлемінің аздығына байланысты олар жөнінде сол еңбектерге сілтеуге тура келіп отыр.

#### 4. КӨМЕКШІЛЕРДІҢ ДЕРБЕС СӨЗГЕ ТІРКЕСУ ЕРЕКШЕЛІГІ.

Тілімізде көмекшілердің сөз құрамында алатын белгілі орны бар. Көмекшілер негізінен дербес сөздің соңында тұрады, яғни дербес сөзден кейін тіркеседі. Бұл заңдылық тілдің жалғамалылық ерекшелігіне тікелей байланысты. Жалғамалы тіліміздің ерекшелігі бойынша қосымша түбір сөзге жалғанады, қосымша негізінен сөз соңында тұрады, сондықтан біздің тілімізге сөз соңы қосымшалар тән. Осы заңдылық тек қосымшаларға ғана емес, барлық грамматикалық единицаларға қатысты. Міне, сондықтан тіліміздегі көмекшілер де дербес сөзден соң тұрады яғни дербес сөзге тіркеседі. Мысалы: *үйдің-жаны, сенен-гөрі, ол-туралы, жұмыстан-кейін, келген-сайын, айту-керек, келуі-мүмкін, қазір-ақ, осы-ма, біз-ғана, өмір-бойы* т. б.

Көмекшілердің ішінде осы жалпы заңдылықтан ауытқитын жағдайлар да бар. Сын есімнің күшейтпелі, асырмалы шырайларының көрсеткіштері — күшейткіш көмекшілер жоғарыда айтылған жалпы ереже бойынша емес, дербес сөздің алдынан тіркеседі. Мысалы: *өте жақсы, тіпті үлкен, керемет әдемі, тіптен биік, ал қызыл, қып-қызыл, біп-биік, жап-жақсы, үп-үлкен, әп-әдемі*, т. б.

Күшейткіш көмекшілердің сөз алдынан қолданылуы сын есімнің табиғатына тікелей байланысты. Сын есім заттың белгісін білдіретін сөз табы болғандықтан, ол қашанда зат есімнің алдынан тіркеседі. Заттың сындық белгісін білдіретін бірнеше сөз қатарласа зат есімнің алдынан тіркесу тілдегі заңды құбылыс. Олай болса, заттың белгісін білдіретін бірнеше анықтауыштардың ішінде жалпы мағыналысы грамматикалық қызметке көшкен. Сондықтан олардың сөздің алдында тұруы заңды деп санаймыз. Әрине, күшейткіш буындардың жағдайы өзгешерек, бірақ олардың да сөздің алдынан келуі сын есімнің жалпы орнымен тікелей байланысты.

<sup>41</sup> Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы, 1975; Сол автор. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. Алматы, 1979.

Сөйтіп, күшейткіш көмекшілер ғана сөз алдында қолданылады, қалған көмекшілердің бәрі дербес сөздің соңынан тіркеседі. Бір сөзге бірнеше көмекші тіркескенде де, бірінен соң бірі сатылай дербес сөзге тіркеседі.

Осы ерекшелігіне қарап көмекшілерді сөз соңы көмекшілер және сөз алды көмекшілер деп бөлуге де болады. Сөз соңы көмекшілерге көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер жатады. Ал сөз алды көмекшілерге күшейткіш көмекшілер яғни сын есім шырайларының аналитикалық форманттары жатады.

Қазақ тіліндегі көмекшілердің дербес сөзбен тіркесу мүмкіндігі түрліше. Олардың бәріне ортақ жалпы белгісін ескеріп, екі үлкен топқа бөлуге болады: 1) дербес сөздің формасын талғайтын көмекшілер; 2) дербес сөздің тұлғасын таңдамайтын көмекшілер.

**Дербес сөздің тұлғасын таңдайтын көмекшілер.** Бұл топқа белгілі формалы сөздерге ғана тіркесетін көмекшілер жатады. Мысалы: сен үшін, үйдің жаны, келе бастады т. б. Бұл мысалдардағы көмекшілер тіркескен дербес сөздің формасын өзгертуге болмайды: *сенде (саған) үшін емес, сен үшін, үйге жаны емес, үйдің жаны, келіп бастады емес, келе бастады.* Мұндай сөз формасын талғайтын көмекшілерге: көмекші есімдер, көмекші етістіктер, септеулік шылаулар жатады. Бұлардың қайсысы болсын дербес сөздің белгілі формада тұруын керек етеді. Сондықтан дербес сөздің құрамындағы қосымшаны дербес сөз бен көмекшілердің байланыстырушысы деп қарауға да болады. Мысалға көмекші есімнің дербес сөзге тіркесін алайық. Дербес сөз бен көмекші есімді байланыстыратын белгілі морфемалар бар, олар — ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауының 3-жағы. Ілік септік жалғауы дербес сөзге тіркеседі, ал көмекші есімге тәуелдік жалғауының 3-жағы жалғанады. Бұл екі қосымшасыз дербес сөз бен көмекші есімнің бірімен-бірі байланысуы мүмкін емес, сондықтан олардың тіркесінде бұл екі қосымша міндетті элемент болып саналады. Олай болса ілік септік жалғауы, тәуелдік жалғау дербес сөз бен көмекші есімді байланыстырушы морфемалар ретінде қаралу керек.

Ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауының дербес сөз бен көмекші есімді байланыстыруының логикалық

байланысы да бар. Мысалы: *үйдің жаны, ауылдың жаны, мектептің жаны, театрдың жаны*. Бұл мысалдардан мынаны көреміз: 1) *үй, ауыл, мектеп, театр* дегендер объективті өмірдегі конкретті мекендер, бірақ бұларға қатысты тағы да мекендік мағына бар, оны білдіру үшін ілік септік жалғауы жалғанған, 2) *жаны* деген өз алдына бір мекен емес, ол әр мекендегі белгілі бір орын, 3) сондықтан оның қай мекенге қатыстылығын көрсету үшін, тәуелдік жалғауы жалғанады. Басқаша айтқанда, көмекші есімнің мағынасы объективті өмірдегі мекенге қатысты, байланысты болғандықтан, олардың қатысы, байланысы ілік септік пен тәуелдік жалғауының байланысы арқылы беріледі.

Дербес сөздің формасын таңдап тіркесетін көмекшілердің бірі — септеулік шылаулар. Септеулік шылаулар атау және барыс, шығыс, көмектес септікте тұрған дербес сөздерге тіркеседі. А. Н. Кононов септеулік шылаулар сөйлемде есім мен етістік арасындағы синтаксистік қатысты білдіреді, сондықтан септеулік шылаулар септік системасымен тікелей байланысты, олар септіктердің мағынасын толықтырады, нақтылайды, сонымен бірге септік жалғаулары бере алмайтын синтаксистік қатысты білдіреді деген<sup>42</sup>. Бұдан шығатын қорытынды: септеулік шылаулардың сөз формасын таңдауы, алдымен, шылаулардың мағынасына байланысты, екіншіден, ол мағынаның қай септіктің мағынасына жақындығына байланысты. Басқаша айтқанда, септеулік шылаулардың мағынасы мен белгілі септіктердің мағынасында белгілі байланыс бар. Септеуліктердің әр септікке байлаулы болуы, белгілі септікті керек етуі олардың мағына байланысынан шығады. Атау септікпен: *үшін, сайын, сияқты, сықылды, секілді, тәрізді, туралы, турасында, турасынан, жайында, жайынан, жайлы, жөнінде, жөнінен, арқылы, бойы, бойымен, шамалы, шақты, қаралы, ғұрлы, ғұрлым* шылаулары тіркеседі. Мысалы: *сен үшін, үй сайын, ол сияқты, біз сықылды, өзіміз секілді, Асан тәрізді, ән туралы, жұмыс турасында, сен турасынан*.

А. Н. Кононов атау септікпен тіркесетін септеуліктер құрал, мақсат, себеп, ұқсату мағынасын білдіретінін айтады.

---

<sup>42</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 296.

Қазақ тілінде бұл септеуліктердің мағынасы одан да кеңірек. Осы септеулік шылаулар білдіретін мағыналар көбіне субъектіге немесе затқа қатысты: Ол телефон арқылы сөйлесті дегенде субъектінің қимылды жүзеге асырған құралы, оқу үшін дегенде субъектінің қимылды жасау мақсаты, Асан тәрізді дегенде субъектіге, затқа ұқсату, сен туралы дегенде қимылдың қатысын сияқты мағыналарды білдіреді. Сонымен бірге сандық ұғымға болжал мағынасын да қосады.

Барыс септік формалы сөзге тіркесетін септеулік шылаулар *шейін, дейін, қарай, таман, салым* т. б. осы көмекшілердегі заттардың аралық шегі сияқты мағына барыс септік білдіретін бағыт, мекен мағыналарымен тікелей байланысты: *үйге дейін, қалаға шейін, үйге қарай, көлге таман* дегендердің бәрінде дербес сөздегі мекен мағынасына бағытталған қимылдың шегі айқындалған. Бұл арада да барыс септіктің мағынасы мен оған тіркескен септеулік шылаудың мағынасының байланысы көрініп тұр. Септеулік шылаудың мағынасы барыс септіктің мағынасын толықтырып, айқындап тұр, өйткені ол мағыналар байланысты.

Шығыс септік формасын керек ететін септеуліктер: *зөрі, бері, әрі, кейін, соң, бұрын, бетер* т. б. Шығыс септік қимылдың басталар нүктесін, мекенін білдіреді. Мысалы: *таудан әрі, ауылдан бері, орманнан кейін, ауылдан соң* дегендердің бәрінде септік білдіретін қимыл басталатын мекен, орын мағынасы толықтырылған, нақтыланған. Егер шығыс септіктегі дербес сөз мезгіл мағыналы болса, онда қимылдың, уақиғаның басталар мезгілі айқындалады: *күзден бері, сентябрьден кейін, бір жылдан соң, екі ай бұрын* дегендерде де септеулік көмекшілердің бәрі қимыл-уақиғаның басталар уақытын дәлдеп тұр. Көмектес формалы сөзді қатар, бірге септеуліктері керек етеді. Көмектес септікпен тіркесетін септеуліктер осы септіктердегі зат іс-әрекетпен қосарланған тағы бір зат, іс-әрекеттің барын білдіреді. *Кітаппен қатар газетке жазылды, сенімен бірге ол да келді* т. б. Сөйтіп, септеулік шылаулардың мағынасы белгілі септіктердің мағынасымен өте тығыз байланысты, сондықтан септеулік көмекшілер өзінің мағынасымен байланысты септікпен ғана тіркеседі, соның мағынасын толықтырады. Татар тіл білімі ғалымдарының септеулік көмекшілерді септік

категориясының көрсеткішіне жатқызуы да осы жағдайлармен байланысты.

Сөз тұлғасын таңдап тіркесетін көмекшілердің бірі көмекші етістіктер, олар жөнінде бұл еңбекте тоқталмаймыз дегенбіз. Бірақ олардың сөз формасымен байлаулы болуы мағына байланыстылығына, бірлігіне қатысты екенін еске сала кетуге болады.

Дербес сөздің тұлғасын таңдамайтын көмекшілер. Қазақ тіліндегі көмекшілердің бір тобы түрлі формалы дербес сөзге тіркесе береді. Мысалы: *сен-ақ, келер-ақ, он-ақ, келген-ақ, жігіт-ақ, айтамыз-ақ, өте биік, өте биіктеу, келеді де кетеді, келген де кеткен, келді де кетті, оқыпты-мыс, біледі-міс, жігіт те, көрген де, ұқыпты да, өте жақсы, үп-үлкен, өте үлкен, өте үлкендеу*. Бұл топтағы көмекшілер сөзге ешбір қосымшаның көмегінсіз тіркеседі. Дербес сөздің формасын таңдамайтын көмекшілерге жалғаулық, демеулік шылаулар, күшейткіш көмекшілер жатады. Мысалы: Бір сұрауға лұқсат етесің бе? Оспанның үйіне мен қайын енесі болып, қасқа сиырды жегіп барып отырмақпын ба? — Апыр-ай, Оспанның тырнағына ілігіп қалды ма екен? Әйел басы тәуекелден тайып, болмаса қорқып шыға алмай қалып отыр ма? Шынымен-ақ Оспанның құрығынан құтылып кеттік пе? (Ғ. Мүсірепов). Келтірілген сөйлемдерде бір ғана сұрау шылауы түрлі-түрлі формалы дербес сөзге тіркесіп тұр, оның тіркесетін түрлі формалы сөздерін әрі қарай да жалғастыра беруге болады. Бірақ осы мысалдардан да оның өзі тіркесетін дербес сөздің формасын таңдамайтынын аңғаруға болады.

Ал күшейткіш көмекшілердің сөз формасын таңдамауы олардың сөздің алдынан тіркесуіне байланысты, сын есімге қатысына да байланысты. Бұлардың жағдайы сөз формасын таңдамайтын басқа көмекшілерден гөрі ерекшеленуі.

Сөз формасын таңдамайтын көмекшілердің мағынасы дербес сөздің формасына да, мағынасына да, ол форманың мағынасына да тәуелді емес, сондықтан да ол дербес сөздің формасын таңдамайды. Дербес сөздің формасын таңдайтын көмекшілердің мағынасы белгілі форманың мағынасына байланысты болса, бұл көмекшілерде ондай қасиет жоқ. Осы ретте дербес сөздің тұлғасын таңдамайтын көмекшілердің мағынасында дербестік

басым екенін айту керек. Бұл көмекшілердің мағына дербестігі олардың жалпы мағыналығымен, грамматикализациялану дәрежесінің жоғарылығымен, өздері шыққан сөз табынан алыстауымен де байланысты.

## 5. КӨМЕКШІЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Көмекшілердің абстракциялану дәрежесі қаншалықты түрлі болса, оның құрылысы да соншалықты түрлі. Оны анық көрсету үшін, есім көмекшілердің құрылысына тоқталайық, өйткені етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы жеке зерттелген <sup>43</sup>.

Есім көмекшілерге көмекші есім, сын есім шырайының күшейткіш-морфемалары, шылаулар жатады. Шылаулар есім сөзге де, етістікке де тіркесе береді. Сондықтан оны таза есім аналитикалық единицалар деп айту қиын. Бірақ етістіктің аналитикалық единицаларымен байланысты зерттеуде олар айтылмаған, сондықтан оларды есім көмекшілерге қосып отырмыз. Осы ескертумен оларды есім көмекшілер қатарында алуға болады.

Есім көмекшілердің құрылысын тарихи тұрғыдан алу бұл жұмыстың мақсатына жатпайды. Олардың көбінің құрылысы өзгерген, морфемаларының жігі жойылған, ал бірсыпырасының құрамындағы морфемалар қазір де байқалып тұрады. Бірақ олардың құрамында қанша морфема болса да, тілде қазір бір морфеманың қызметін атқарады. Есім көмекшілердің құрамындағы осы ерекшелікке қарай оларды негізгі және туынды деп топқа бөлуге болады.

Негізгі көмекшілер деп құрамын морфемаға бөлуге келмейтін аналитикалық единицаларды атаймыз. Мысалы: *да, мен, ақ, ғой, мыс, әрі, не, таман, маң, қас, жан, іш, сырт, арт, үст, дейін, шейін, сайын* т. б. Тарихи тұрғыда бұлардың да бірнеше морфемаға бөлуге келетіні түркологияда дәлелденіп жүр. Мысалы: үш < үш (ертеде себеп деген мағынада жұмсалған) -ін <sup>44</sup>, дейін < тег (тию деген мағынада) -ін <sup>45</sup>, сайын < сай (санау деген мағынадағы сөз) -ін <sup>46</sup> т. б. Қазіргі тілдің даму сатысын-

<sup>43</sup> Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. Алматы, 1979.

<sup>44</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М., 1956, 317-б.

<sup>45</sup> Кононов А. Н. Послелогии в современном узбекском языке. Ташкент, 1951, 20-б.

<sup>46</sup> Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1959, 511-б.

да бұлардың құрамындағы морфемалардың жігі сақталмаған, сондықтан оны қазіргі тілдің даму сатысындағы дәрежесіне сай негізгі көмекшілер деп бөлдік.

Негізгі аналитикалық единицаларға көмекші есімдер түгел жатады. Сонымен бірге, бұл топқа шылаудың басым көпшілігі жатады: *сайын, дейін, қарсы, қарай, салым, бері, кейін, соң, қабат, қатар, таман, гөрі, әрі, да, және, мен, ал, бірақ, әлде, не, егер, я, яки, ма, ақ, ғана, тек, түгіл, -ай, ау, ғой, екеш, -мыс.*

Туынды көмекшілердің құрамындағы морфемалардың жігі көрініп тұрады. Мысалы: Сен жөнінде жақсы хабар естідік. Мұнда жөнінде — шылау. Оның құрамындағы тәуелдік, септік жалғауы анық көрініп тұр. Бірақ ол жалғаулар бұл арада өз қызметінде тұрған жоқ, олардың мағынасы сақталмаған, сөйлемдегі сөздермен септік формасы бойынша қарым-қатысқа түспейді. Оның құрамындағы морфемалар өз қызметінен мүлдем айрылған, сондықтан ол тілде қазір біртұтас единица қызметін атқарады, соған лайық ол тұтастықта қаралады. Тілдегі мұндай көмекші сөздер белгілі құрамда ғана ол біртұтас мағына беруге қалыптасқан. Басқаша айтқанда, оның құрамындағы морфемалар түбір болып, тұтасып, көнерген. Мұндай көмекшілерге мыналар жатады: *бойы, бойда, бойынша, жайлы, жайында, жөнінде, тәрізді, сияқты, секілді, айтпегенде, болмаса, себепті* т. б. Есім көмекшілердің, бұл түрлерінің дыбыстық құрамы да біртұтас, олардың морфемаларының арасында алшақтық жоқ. Есім көмекшілердің бәрі осылай дыбыстық құрамы біртұтастықта деуге болмайды. Кейбір көмекшілердің құрамындағы морфемалар біртұтас дыбыстық құрамға жетпеген аралары ашық, тек тіркесе қолданылып бір мағына беретіні де бар: *неге десең, тек қана, егерде, және де, бірақ та, сол себепті* т. б. Осы келтірілген шылаулардың әрқайсысы екі морфемадан тұрады, олар сол бөлек дыбыстық құрамын сақтаған, бірақ бір мағына беріп, бір единица қызметін атқарады. Осындай есім көмекшілердің құрам ерекшелігіне қарай оларды дара және күрделі көмекшілер деп бөлуге болады.

Дара есім көмекшілерге біртұтас дыбыстық құрамдағы көмекші сөздер жатады. Олар: *не, я, яки, мен, де, сайын, дейін, қарсы, қарай, салым, бері, әрі, соң, кейін,*



қабат, қатар, таман, гөрі, құй, да, және, ал, бірақ, әлде, бір, жоқ, егер, ақ, ғана, тек, түгіл, сынды, ай, -ау, ғой, екеш, -мыс, бойы, бойда, бойынша, жайлы, жайында, жөнінде, тәрізді, сияқты, секілді, сықылды, әйтпегенде, болмаса, себебі, алд, арт, қас, жан, маң, өте, аса, тым, тіпті, тіптен, шымқай, нағыз, нақ, ең, ал, орасан, керемет т. б. Мұндай көмекші сөздің құрамында қанша морфема болса да, олар біртұтас дыбыстық құрамға кіреді және ол морфемалар өзінің бұрынғы қызметінен айрылған өз қызметі тұрғысынан олар — өлген морфемалар. Олардың құрамында морфемалары бары да, морфемаларға бөлуге келмейтіндері де тілде бірдей қызметте жұмсалады. Күрделі көмекшілер ең кемі екі морфеманың тіркесінен құралады және ол морфемалардың арасы бөлек тұрады. Мұндай күрделі единицалар мыналар: *не үшін десең, сол үшін, сол себепті, неге десең, өйтсе де, онда да, алай да, ал ендеше, олай болса, алда-жалда, сол себепті, не болмаса, сөйтсе де, сонда да, және де, сонан соң, егер де, бірақ та, тек қана* т. б.

Есім көмекшілердің құрамы, құрылысы түрлі-түрлі. Оларды бір модельге сыйғызу мүмкін емес, сондықтан бұл жасалған топтастыруда олардың жалпы белгілері ескерілді. Мұнда олардың осы ең жалпы белгілеріне сүйеніп жасалған екі түрлі топтастыру олардың ішкі ерекшеліктерін, ұсақ белгілерін қамтымауы да мүмкін. Бірақ алдымен олардың ең жалпы белгілері ескерілу қажет болғандықтан, мұндай топтастырулар жасалды.

## 6. КӨМЕКШІЛЕРДІҢ ДЫБЫСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Көмекшілердің көпшілігі тұрақты дыбыстық құрамда қолданылады. Бұл тұрғыда олар сөзге ұқсайды. Бірақ көмекшілердің грамматикализациялану дәрежесі түрлі болғандықтан, олардың дыбыстық тұрғыдағы сипаты да түрліше. Көмекшілердің ішінде қосымшалар сияқты түрлі дыбыстық вариантта қолданылатындары да бар. Оларда, әрине, тұрақты дыбыстық құрам жоқ.

Мұндай көмекшілер мыналар: *ды, ді, ты, ті, құрлы, ғұрлы, ғұрлым, да, де, та, те, мыс, міс, қой, ғой, ма, ме, ба, бе, па, пе, мен, бен, пен, ғана, қана.*

Осы көмекшілердің әрқайсысы бірнеше морфтан тұрады. Әр морф бірінен-бірі дыбыстық құрамы арқылы

ажыратылады. Бірақ морфтардың мағынасында айырма болмайды. Мысалы: *да, де, та, те* тұтас алғанда, бір морфема, бір шылау, бір көмекші, бірақ ол 4 морфтан тұрады. Әр морф өзіне лайық фонетикалық ортаны керек етеді. Ол фонетикалық орта — морф тіркесетін дербес сөздің дыбыстық құрамы. Дербес сөз бен көмекшінің арасындағы дыбыстық қарым-қатыста дербес сөздің дыбыстық құрамы шешуші қызмет атқарады, сондықтан оны фонетикалық орта деп отырмыз, қай морфтың қолданылуын дербес сөз яғни фонетикалық орта шешеді. Дербес сөздің дыбыстық құрамының ыңғайына қарай оған көмекші морфеманың морфтарының бірі тіркеседі. Көмекші морфеманың морфтарының қайсысының дербес сөзге тіркесуі үндестік заңы, сингармонизмге байланысты. Сөйтіп, көмекшілердің бұл түрін морфты көмекшілер деуге де болады. Морфты көмекшілер тұрақты дыбыстық құрамдағы көмекшілерге қарама-қарсы. Тұрақты дыбыстық құрамы бар көмекшілерде түрлі морфтар болмайды. Морфты көмекшілердің грамматикалық абстракциялану дәрежесі өте жоғары. Дыбыстық құрамы жағынан да бұл көмекшілер өте ықшамдалған. Олардың қосымшалар сияқты дыбыстық вариантта қолданылуы да бұл көмекшілердің грамматикалық дамудың жоғары дәрежесіне жеткеніне айғақ. Морфты көмекшілер өзі шыққан сөз табынан мүлдем қол үзген, байланысын жойған. Мысалы: *қой, ғой* демеулігінің Ф. Кенжебаева *қой* етістігінен шыққанын дәлелдеген<sup>47</sup>. Етістіктің түрленуі онда жоқ, қазір ол түрленбейді. Онда *қой* етістігінің мағынасынан ешбір нышан да байқалмайды. Ал бұл екі морфты көмекші түрлі сөз табына тіркесе береді: *сен ғой, Асан ғой, кеткен ғой, алмас қой, білмейді ғой* т. б.

Сол сияқты *да, де, та, те* шылауының түп негізі тек етістігінен<sup>48</sup>, *мыс, міс* демеулігінің мысқыл<sup>49</sup> сөзінен, *ше* демеулігінің *шақ* сөзінен<sup>50</sup> шыққанын қазір байқау

---

<sup>47</sup> Кенжебаева Ф. Послелогии и частицы в современном казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1964, с. 15.

<sup>48</sup> Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка, М.; Л., 1962, с. 187.

<sup>49</sup> Кенжебаева Ф. Послелогии и частицы в современном казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1964, с. 17.

<sup>50</sup> Сонда, 15-б.

мүлдем мүмкін емес. Сөйтіп, морфты көмекшілер тұлғалық дербестіктен де өте ерте замандарда айрылған. Өте жоғары дәрежеде грамматикализациялану бұл көмекшілердің қосымша дәрежесіне жеткеніне дәлел. Осы жағдайлардың бәрі олардың дербес сөздің фонетикалық ықпалына ыңғайлануға әкелген. Соның нәтижесінде бұл көмекшілерде түрлі морфтар пайда болған. Көмекшілердің бұл тобының фонетикалық құрамындағы осы ерекшелік оларды басқа көмекшілерден айыратын фонетикалық белгіге айналған.

Көмекшілердің бұл түрінің тағы бір ерекшелігі олардың буын санына байланысты. Дыбыстық варианттары бар көмекшілер көбіне бір буыннан тұрады, олардың дыбыс саны екі я үш дыбыстан артпайды: *(ды, ді, ты, ті) да (де, та, те), ма (ме, ба, бе, па, пе), мыс (міс), қой (ғой), мен (бен, пен)*. Бұл көмекшілердің екі буындылары да бар, бірақ олар өте аз: *менен (бенен, пенен), қана (ғана)*. Сөйтіп, морфты көмекшілер дыбыстық құрамы, буын саны жағынан да өте ықшамдалған.

Көмекшілердің басым көпшілігі тұрақты дыбыстық құрамда қолданылады. Мысалы: *алд, арт, және, бірақ, қарай, таман, егер, ақ, түгіл, қатар, шамалы, болмаса, салым* т. б. Бұл көмекшілердің буын саны да түрліше. Олар бір буыннан бастап, төрт буынға дейін жетуі мүмкін. Бір буынды тұрақты дыбыстық құрамы бар көмекшілер: *ақ, не, я, соң, ал, маң, алд, арт, қас, тек, ау, ой, нақ, ең, ал* т. б. Осы топқа күшейткіш шырай жасайтын күшейткіш (буын) көмекшілер де жатады. Екі буынды көмекшілер: *яки, сайын, дейін, таман, қарай, қарсы, салым, бері, әрі, кейін, демек, яғни, қабат, қатар, және, бірақ, әлде, өте, тіпті, тіптен, нағыз, шымқай, тұрсын, тұрмақ, шақты, буын, бетер, екеш, бойда, жайлы, түгіл, шақты* т. б. Үш буынды көмекшілер мыналар: *бойынша, жайында, жөнінде, сондықтан, туралы, жайынан, жөнінен, арқылы, бойымен, қаралы, тәрізді, сияқты, секілді, болмаса, ендеше, себепті, шамалы, өйткені, орасан, керемет* т. б. Төрт буынды көмекшілер өте аз, олар: *әйтпегенде, турасынан, турасында* т. б. Тұрақты дыбыстық құрамы бар көмекшілердің тілдегі жалпы саны бірсыпыра, көбі — көне замандардан бері қарай көмекшілік қызметте қолданылып келе жатқандар, бірақ бұл көмекшілер саны үнемі толығып отырған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйтіп түбірлер мен жұрнақтарды лексика-грамматикалық морфемалар деп қорытамыз. Қазақ тілінің өзге түркі тілдері сияқты, түбір морфемаларының лексика мен грамматика тұтастығында танылуына олардың мына төмендегі қасиеттері дәлел болады:

а) Бір ғана морфема деп танылатын түбірлер, мейлі олар жалпы түркілік, мейлі тек қазақ тіліне тән, сондай-ақ өзге тілдерден, орыс тілінен де ауысып, сіңіскен болсын, жалаң да көп буындылығына қарамай, дербес лексикалық единица яғни сөз болып танылады.

б) Сөз болып танылған соң-ақ ол лексикалық мән-мағынасы бар, контексте өзге де семантикалық өндері ашыла түсетін, еркін тіркес, ретіне қарай тұрақты тіркестерде де қолданылатын нақты сөзформа функциясын атқарады.

в) Сөз дегенде синкретикалық та, метафоралық та т. т. тілдік құбылыстарға ие болатын түбір морфемалар сөзформа функциясында грамматиканың морфологиясы мен синтаксисіне тән сыр-сипаттарының нақты ерекшеліктеріне ие болады: қай сөз табы, соған сәйкес түбірлерінің нольдік морфемалы функциялары нақты көрініс табады.

г) Дербестігі жоқ яғни өлі түбір делінетіндер болса, олар: *ухан-сухан, үйме-жүйме, пәлен-пыстан, пәленше, одырай мен ожырай, бедірей мен безірей, аптық немесе апы кіріп, күпі шығу* т. т. сияқты синтетикалық және аналитикалық сөзжасамдар нәтижесі, сондай-ақ белгілі тіркестер тобында сөзформа сипатына ие болады. Мұндайда олар жалаң емес, күрделі, тізбекті морфемалар жиынтығынан жасалған сөздерге яғни нақты сөзформа-

лар есебінде коммуникативті дербес единицаларға айналады.

д) Лексикалық дербестігі жоқ көмекші сөздер де: *кешке дейін, сен үшін (<сенің үшін), үй алды (<үйдің алды), түк емес* т. т. аналитикалық амалмен сөзформалар жасап, бұлар да лексика-грамматикалық тұтастықта тілдік дайын модельдер жасайды.

е) Лексика-грамматикалық дербес единица делінетін түбір морфемалардың ішінде, мысалы, орыс тілі тұрғысынан күрделі элемент яғни бірнеше морфемалардан тұратын: *неоколониализм, дезинфекция, антиимпериалист, аэроплан, пароход* т. т. қазақ тілінде бір-ақ тұтас морфема болып есептеледі. Бұлар да осы нольдік морфемалы тұлғаларында: *тау, көл, жу* т. т. тәрізді атау тұлғалы сөзформа болып қызмет атқарады.

ж) Бір уақыттарда *СОҚП, ССРО* т. т. түрлерде қазақша сөз тіркестер негізінде қысқарғанмен, қазір бұлар және басқа да қысқарған сөздер: *СССР, КПСС, ВЛКСМ, колхоз, совхоз* т. б. зат есім түбір сөздері яғни атау сөзформалар болып та, түрлі жалғаулармен де синтаксистік қатынасқа түседі.

Жұрнақтар да — лексика-грамматикалық морфемалар. Оны мына жағдайлардан анық байқаймыз:

а) Кез келген жұрнақ кез келген түбірге яғни сөзге қосыла бермейді. Біріншіден, әр сөз табының өзінің жұрнақтары бар. Екіншіден, олардың ішінде де өзге сөз таптарынан конверсиялаушылары да, өз қатарынан ғана деривациялық қызмет атқаратындары да бар. Үшіншіден, өздері қосылатындардың да мән-мағынасын таңдап, талдайды.

б) Бір түрлі мағына беретін яғни зат есімнен етістік жасайтын ең өнімдісі *-ла, -ле* жұрнағы болса да, бұл қызметті атқаратын бірнеше жұрнақ бар. Олардың әрқайсысы қосылатын, оларды қосуға болатын түбірлер, олардың белгілі мәнділері бар. Мысалы: *бай-ла* мен *бай-ы, көп-те* (*көптеген, көптесін*) мен *көп-ір* т. б. алайық. *Бай-ла* дегенде *ба-у-ламен* түбірлес. Ал, *бай бол* дегенге *бай-ы* синоним болады. Осылардың әрқайсысы өз жұрнақтарымен қосылып қолданылады. *Көп-ір* дегенді *көбік-те-н* түрінде де айту мүмкін. Өнімді *-те* жұрнағы *көб-ік* туынды түбіріне ғана қосылады.

в) Түбірлестер тобын құра тұрып, жұрнақтарының

әртүрлі болуының арқасында басқа-басқа лексемалар жасалады. Бұған: *көп-те, көп-ір, көб-ік, көп-шіл, көп-ше* (*көпшеде, жекешеді* т. т.), *көп-тік* (*көптік жалғауы, көптік етпейді*), *көп-сі* (*қамыр көпсіді*), *көп-сін* (*көп деп есептеу*) т. т. мысал болады. Жұрнақтардың лексика-семантикалық дербес сөз жасаудағы мән-мағыналары, әр сөз табына тән грамматикалық нольдік көрсеткішті қызметтері жұрнақтарды да неліктен лексика-грамматикалық морфема деп танып, осы үлкен топқа қосатынымыздың дәлелі бола алады.

г) *Шол-ти* мен *шол-ақ, ұз-ын* мен *ұз-а, қау-қи* мен *қау-ыз, қау-ашақ* т. т. жұрнақтардың арқасында ғана дербес сөз яғни лексикалық единица, сонымен бірге сөз-форма болатындарды ескеріп, есепке алсақ, жұрнақтардың лексика-грамматикалық мән-мағынасы, ролі, атқарып тұрған қызметтері нақтылана түседі.

д) Синтетикалық сөзжасам түбір мен жұрнақтардың қосылу жүйесі болып саналады. Бұл жағынан түбірлер мен жұрнақтар, мысалы, *әкім, әкімшілік; басқар, басқарма; басшы, бастаушы; жолшы, жолшыбай, жолдас, туыс, бауырлас, күрес, күрек, есті, есуас, есірік, есеңгіре* т. т. лексемалардың яғни сөзформалардың қай-қайсысын алсақ та, түбірінен жұрнақтарын айырып қарауға келмейтін құрамды сыңарлардың қосындылары.

е) Функциональды лексика-грамматикалық қызмет атқаратын жұрнақшалар мен әредік жалғаулар да бар. *Айтпақшы, сөйтіп, сонымен, сондықтан, әйткенмен, демек, қарағым, қалқам, айналайын, айтудайын айтып, қысы-жазы, түнімен, күнде, бүрсігүні, ендігәрі, қараптан-қарап, бостан-босқа* т. тағылар. *Аласы, бересі, өлермен* сияқты сөздермен қатар *Ұлмекен, Сатыбалды, Қыздығой, Тұрар, Тоқтамыс* т. б. ономастикалық терминологиялық микрожүйелердің морфемалық құрамдарын атап өтуге болады.

\* \* \*

1. Қосымшалардың сыртқы және ішкі белгілері яғни структуралық және семантикалық ерекшеліктері біз бұл жоғарыда айтып өткендермен де, күні бүгінге дейін қазақ тіл мамандары зерттеп, баяндалғандармен де шектелмейді. Қысқаша баяндалған морфонологиялық сипаттау түбір морфемаларды да қамтып зерттеудің қажеттігін білдіреді. Өйткені жоғарыда түбірлер мен оларға үсте-

летін қосымшалардың кейбір негізгі жүйелері ғана тілге тиек болды.

2. Кемі екі морфемадан, болмаса аналитика-синтетикалық аралас амал түгел келуден жасалатын сөзжасам үлгілері де толып жатыр, олардың да сыртқы және ішкі сыр-сипаттары морфонологиялық, семантикалық, тіл деңгейлерінің жүйелілік амал-тәсілдері негізінде маркстік-лениндік ілімге негізделі алдағы уақытта арнайы зерттелетін объектілер тобына жатады.

3. Тілдің әр деңгейі, фонетикасы, лексикасы, грамматикасының морфонология, морфология, синтаксисі бір-бірімен ауыс-түйіс, өзара байланыстары морфемаларды одан әрі диалектикалық материализмге негізделген форма мен мазмұн тұтастығы тұрғысынан адекватты толық сипатталуды қажет етеді.

4. Морфема, сөз және морфонема терминдерінің сөзформа мен морфтар жүйесін қамтитын жинақталған мән-мағыналары қазақ тілі грамматика, оқулық, программа, терминология саласында да өз адекватты мәнінде қолданыс табатын мезгіл жетті.

5. Морфонологияның аясы фонетиканың «Дыбыстар үндесуі» бөлімінің объектілерімен шектелмейді. Өйткені, біріншіден, ол морфемалардың, түбірлердің де морфтар жүйесін түгел қамтиды. Екіншіден, синтетикалық сөзжасам, сөздерді түрлендіру, сөздерді байланыстыру амалдары ғана емес, аналитикалық амалмен келетін барлық тілдік құбылыстар, аралас келу заңдылықтары, орфоэпиялық нормалардағы, ықшамдалудың тарихи, жүйелі т. б. түрлері, проза мен поэзиялық жанрлар тілдеріндегі морфемалар жүйесі, т. басқалар да осы аяның объектілеріне қосылады.

6. Морфонология акцентология, синтагмаларды да қамтып, қажетіне қарай экспериментті зерттеулермен тиянақтала түссе, ғылыми танымның объектілігі арта түседі.

7. Жұрнақ, жұрнақша, жалғаулар болып сараланып танылатын қосымшаларды лексикалық, грамматикалық деп шекараларын үзіп тастау дәстүрін жаңаша қарап, лексика-грамматикалық дейтін тұтастықты формамен бірге мазмұнмен де тиянақтап, нақтылай түсудің мәні зор болмақ. Грамматикалықтан жұрдай лексикалық ерекшелік жоқ. Ол үшін тілдің төменгі деңгей ерекше-

ліктері жоғарыдағыларда түгелімен сақталады дегенге саятын жүйелілік танымның теориялық тұжырымдарын басшылыққа алу қажет болады.

8. Фонетикалық варианттары деп, біріне-бірін сілтеп тастаумен келе жатқан дәстүрді морфемалар морфонологиясында салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеп барып, праформаларын тиянақтау қажет болады. Соның негізінде ғана *-ла, -ле, -да, -де, -та, -те, сондай-ақ, -ға, -ге, -қа, -ке; -ын, -нда* тәрізділердің жалпы түркіліктері мен қазақ тілі заңдылықтарынан өрбігендері айқындалады.

9. Түбір морфемалардың ішінен тарихи тұрғыдан сөз негіздері деп танылатындар тобына ауысатындары, соған сәйкес морф терминінің қосымшалар ғана емес, түбірлерге де нақтылықпен қолдануға бірден-бір мүмкіндік туады.

10. Қазақ тілі сөзформаларының деривациялық жұрнақты типтерін, олардың ішінен конверсиялықтыларын сандық та сапалық топтап, жүйелі сараландыратын экспериментті, лингвостатистикалық т. б. зерттеулердің нәтижелерімен тиянақтап, ғылыми интерпретациялау да кезек күттірмейтін міндеттерден саналады.

11. Түбір морфемаларға иерархиялық сатылап қосылатын аффикстердің парадигматикалық та, синтагматикалық та жүйелік аффиксациясы морфология мен синтаксистегі орындары, грамматика салаларының тұтастықтары тұрғысынан әр жақты зерттелуге тиіс.

12. Сөз дегеннің нақтылығын білдіретін сөзформа, морфеманың да функционалдық ақиқаты морф, семантикалық единица есепті морфосема, алломорф т. т. қазақ лингвистикалық терминдер жүйесінен, оқулық, программа т. б. іс жүзіндегі қолданыстарын табуы керек.

13. Морфонология фонетика мен фонологиядан жоғарғы деңгей. Оның единицасы — морфемалар тұрғысынан морфонема.

14. Морфонологиялық ерекшеліктер; сыр-сипаты сөзжасам, сөздердің синтаксистік байланысы, синтагмалық бірліктермен әдеби тіл нормаларының динамикалық жетілу процестері т. б. бәрінде де қазақ тілі типологиясының негізіне тиек болады.



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе . . . . .	3
<i>I тарау. МОРФЕМА — МОРФТАР ЖҮЙЕСІ . . . . .</i>	
1. Теориялық негіздері . . . . .	8
2. Орыс тілінің (өзге тілдердің де) морфемаларға әсері . . . . .	10
3. Морфтар — сөзформаның ең кіші құрылымды бөлігі . . . . .	24
<i>II тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МОРФЕМАЛАР . . . . .</i>	
1. Жалпы түсінік . . . . .	31
2. Лексика-грамматикалық дербес морфемалар . . . . .	34
3. Дербестігі жоқ лексика-грамматикалық морфемалар . . . . .	40
4. Сөзформалардың деривациялық морфты типтері . . . . .	51
5. Қыры мен сыры көп туынды түбірлер . . . . .	59
<i>III тарау. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ . . . . .</i>	
1. Аффикстер морфонологиясы . . . . .	64
2. Қосымшалардың семантикасы . . . . .	84
3. Бір және көп функциялы қосымшалар . . . . .	89
<i>IV тарау. НОЛЬДІК МОРФЕМА МЕН НОЛЬДІК ФОРМАЛАР . . . . .</i>	
1. Нольдік морфема және тілдік таңба теориясы . . . . .	101
2. Нольдік морфема және мағыналық оппозиция . . . . .	104
3. Нольдік морфема және синтагма . . . . .	108
4. Парадигмалар жүйесінде нольдік морфема мен нольдік форма . . . . .	110
<i>V тарау. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІЛЕР . . . . .</i>	
1. Көмекшілі сөз . . . . .	142
2. Көмекшілердің мағынасы . . . . .	148
3. Қазақ тіліндегі көмекшілердің категорияларға қатысы . . . . .	162
4. Көмекшілердің дербес сөзге тіркес ерекшелігі . . . . .	176
5. Көмекшілердің құрылысы . . . . .	181
6. Көмекшілердің дыбыстық сипаттамасы . . . . .	183
Қорытынды . . . . .	187

1 р. 60 к.

